






ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2015



ТРАНСФОРМАЦИЯ  
- ӨРКЕНДЕУГЕ БАСТАР ЖОЛ



# МАЗМҰНЫ

<b>Алғысөз</b> .....	2
<b>Жылдық есеп туралы ақпарат</b> .....	3
<b>Компания туралы қысқаша мәлімет</b> .....	5
<b>Қызметтің басты индикаторлары</b> .....	7
<b>Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі</b> .....	9
<b>«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы төрағасының үндеуі</b> .....	10
<b>2015 жылдың оқиғалар күнтізбесі</b> .....	13
<b>Компания бейіні</b> .....	17
Негізгі мәліметтер.....	18
Миссиясы, пайымы, стратегиялық бастамалары мен мақсаттары.....	20
Акционерлік капиталдың құрылымы.....	21
<b>Бизнес-шолу</b> .....	23
Телекоммуникация нарығына шолу.....	24
Саланың реттеуші ортасына шолу.....	26
Компанияның саладағы орны.....	27
Компанияның бизнес-портфелі.....	29
Ұтқыр сегментті дамыту.....	32
<b>Компания активтерінің құрылымы: еншілес ұйымдар</b> .....	35
<b>Операциялық қызмет, өндірістік және қаржылық көрсеткіштер</b> .....	41
Басшылықтың қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есебі.....	42
Қаржылық шолу.....	43
Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту.....	44
Ақпараттық технологиялар.....	45
Инновациялық даму.....	46
<b>Басым даму бағыттары. 2016 жылға бизнес-жоспарлар</b> .....	49
<b>Тәуекелдерді басқару</b> .....	53
<b>Корпоративтік басқару</b> .....	57
Корпоративтік басқару құрылымы.....	58
Қоғамға корпоративтік басқару рейтингін беру туралы ақпарат.....	60
«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі.....	61
2015 жылы Директорлар кеңесі қараған негізгі мәселелер.....	72
Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы туралы есеп.....	77
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы.....	79
Басқарманың 2015 жылғы қызметі туралы есеп.....	86
Басқарма мүшелерін сыйақылау туралы ақпарат.....	86
Компанияның елеулі мәмілелері.....	87
Мүдделер қайшылығын реттеу саясаты туралы ақпарат.....	87
<b>Сапа менеджменті жүйесі</b> .....	88
<b>Сатып алудағы жергілікті қамту үлесі</b> .....	89
<b>Қызметкерлер</b> .....	91
HR-менеджмент.....	92
HR-көрсеткіштер.....	92
Компанияның HR-жобалары.....	92
Қызметкерлерді оқыту/Білімді басқару.....	93
<b>Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік</b> .....	95
Компанияның әлеуметтік жобалары.....	96
Демеушілік және қайырымдылық көмек.....	97
Қызметкерлерді және зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау.....	98
Жастар саясаты.....	99
Қоршаған ортаны қорғау.....	99
<b>Анықтама сөздігі</b> .....	100
<b>Акционерлер үшін анықтамалық ақпарат</b> .....	101
<b>ҚЕХС қаржы есептілігі (қосымша)</b> .....	103



«Асқар шыңдарды бірге бағындырайық!»  
«Вперед к новым высотам!»

## ■ ТРАНСФОРМАЦИЯ – ӨРКЕНДЕУГЕ БАСТАР ЖОЛ

«Қазақтелеком» АҚ 2014 жылы мультисервистік оператордың қайта құрылуына алып келетін Компаниялар тобының акционерлік құнын арттыру стратегиясын қабылдады. Қазақстанның байланыс саласының флагманы өнімдер мен қызметтердің көпбейінді портфеліне ие бола отырып, «Өрлеу» трансформация бағдарламасында қалыптастырылған төрт стратегиялық бастаманы іске асыруға шешім қабылдады. Трансформацияның негізгі міндеті – бизнесті жүргізу моделін жаңарту, бұл «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобына нарықта бәсекелестікте артықшылықтарға ие болуға, көшбасшы орынды сақтауға, үдерістердің тиімділігін ұлғайтуға, инновацияларды енгізу жылдамдығын арттыруға және клиенттердің өз телекоммуникация сервистерінің операторынан күтетін деңгейіне барынша сәйкес болуға мүмкіндік береді.

### ЖАЛПЫ АЛҒАНДА, «ӨРЛЕУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТӨРТ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАҒА БІРІКТІРІЛГЕН 63 ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА. 2015 ЖЫЛЫ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫНША БЕЛСЕНДІ ФАЗАСЫНА ӨТІП, ТӨРТ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМА БОЙЫНША ЖҮЙЕЛІК ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ӨЗГЕРІСТЕР БАСТАЛДЫ.

«Барша отбасы үшін қызметтер супермаркеті» бастамасының шеңберіндегі жобалар түрлі нарық сегменттері үшін қолданыстағы өнімдер мен қызметтерді дамыту және жаңаларын әзірлеу арқылы клиенттердің өспелі қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ сервис және сату арналарын жетілдіруге бағытталған. 2015 жылы компания тарифтік қатарды жаңартты және тіркелген телефония, цифрлық телевидение және интернетке кеңжолақты қатынау қызметтерін қамтитын топтамалық ұсыныстарға толығымен көшті.

Компания қызметтермен қатар, сату және қызмет көрсету арналарын дамытуда – 2015 жылдың мамыр айында абоненттің Жеке кабинеті функционалымен, абоненттерден өтінім қабылдау және онлайн режимде төлем қабылдау мүмкіндігімен жаңартылған портал іске қосылды.

«Ықпалдастырылған оператор» стратегиялық бастамасы аясында тығыз ынтымақтастық пен ықпалдасу есебінен синергиялық әсерге қол жеткізу үшін Қоғамның еншілес компанияларымен бірлескен жұмыс жүргізілуде. Бұл түптеп келгенде Топ қызметінің тиімділігін арттыруға алып келеді. «Бірегей нөмір» конвергентті бірлескен қызметін іске қосу осындай ынтымақтастықтың үлгісі болып табылады, бұл қызметте бір сим-картаға қалалық және ұтқыр нөмір, республиканың барлық аумағында қалалық нөмірлерге және «АЛТЕЛ» желісі ішінде шектеусіз қоңыраулар, сондай-ақ ұтқыр интернет қамтылған.

«Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы» бастамасы өнімдер қатарын кеңейтуге және әртүрлі корпоративтік клиенттер үшін кешенді инфокоммуникациялық шешімдерді ұсынуға, өнімдік тәсілден клиент пен сегментке бағдарланған тәсілге ауысуға, операторлық бизнесті дамытуға бағытталған. 2015 жылы Қазақтелеком М2М технологиясын дамыта отырып, фискалды деректерді өңдеу қызметін іске қосты. Сонымен қатар IT-өнімдер мен қызметтер қатары «Виртуалдық офис», «SaaS бизнес үшін», Harry Drive бұлтты қосымшасы сияқты сервистермен толықты, data-орталықтардың виртуалды қызметтерінің тізбесі айтарлықтай ұлғайтылды.

«Тиімді бизнес-модель» деп жалпы аталған бастамалар «Қазақтелеком» АҚ стратегиясын, құрылымы мен бизнес-үдерістерін жетілдіруге бағытталған. Компания сыртқы өзгерістермен қатар, іштей өзгеруге талпынады. Мысалы, топ-менеджменттің басты тиімділік көрсеткіштері жаңартылды, еншілес ұйымдар мен бөлімшелер арасында өзара іс-қимыл күшейді, филиалдардың белсенді сату орталықтары қызметкерлерін уәждеудің жаңа жүйесі қабылданды.

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ стратегиялық бастамаларды іске асыруды, жаңа қызметтер мен сервистерді әзірлеуді және енгізуді, сондай-ақ ішкі үдерістерді жетілдіруді жалғастырады.

## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Осы «Қазақтелеком» АҚ 2015 жылға арналған жылдық есебі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ жылдық есепті жасауға Қор тобының компанияларына ұсынған ұсынымдарына, листингтік компаниялар үшін KASE қазақстандық қор биржасының жылдық есепті дайындау бойынша қойған талаптарына сәйкес әзірленді және корпоративтік жылдық есептерді дайындаудың алдыңғы қатарлы тәжірибелері талап ететін Компания қызметінің басты көрсеткіштерінен тұрады.

Есепте «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы қызметінің сипаттамасы, бизнес-шолу, корпоративтік басқаруды шолу, басты қаржылық және өндірістік көрсеткіштер, басым даму бағыттары және алдағы кезеңдерге жоспарлар қамтылған. Жылдық есептің жеке бөлімдері тәуекелдерді басқару, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, HR-менеджмент, сапа менеджменті және т.б. мәселелерге арналған.

Осы жылдық есепке қосымшада Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы, көрсетілген күнге ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептер, сондай-ақ есептік саясаттың елеулі аспектілері туралы ақпарат және басқа да түсіндірме ақпарат кіретін «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігі ұсынылған. Осы жылдық есепте компаниялар тобы дегенде «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес компаниялары ұғынылады.

### ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КОМПАНИЯНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕРДІҢ «ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ» БӨЛІМІНДЕ СИПАТТАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОҒЫРЛАНДЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫНА СӘЙКЕС ДАЙЫНДАЛҒАН.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдері жылдық есепті дайындаудың негізгі тілдері болып табылады. Жылдық есеп «Қазақтелеком» АҚ веб-сайтында (<http://www.telecom.kz>) барлық дайындау тілінде орналастырылады.

2015 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы  
кезең есепті кезең болып табылады.

Қызметтің басты индикаторлары 5 жылдық динамикада  
берілген (2011–2015 жылдар).





«Алдын ала болжау – басқару деген сөз»

*Блез Паскаль*



# **КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ**

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

РЕСМИ ТОЛЫҚ АТАУЫ:

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ОРНАЛАСҚАН МЕКЕНЖАЙЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, 010000, АСТАНА ҚАЛАСЫ,  
ЕСІЛ АУДАНЫ, САУРАН К-СІ, 12.

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ – БҮКІЛ ЕЛ  
АУМАҒЫНДА КЕҢ КӨЛЕМДЕ  
ИНФОКОММУНИКАЦИЯ  
ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТЕТІН  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЖЕТЕКШІ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ.

«Қазақтелеком» АҚ (Компания, Қоғам, Қазақтелеком) ұлттық ауқымдағы қуатты, заманауи байланыс желісіне ие және инфокоммуникациялық қызметтерді тұтынушылардың барлық негізгі мақсатты нарықтарын қамтиды. Компания байланыс қызметтерін, оның ішінде ауылда байланыс қызметтеріне ұсынуда көшбасшы болып танылған Қазақстандағы тіркелген телефонияның ірі операторы, сондай-ақ Ұлттық деректер беру желісінің ірі операторларының бірі болып табылады.

Компания Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті берген 2014.09.10 № 14014826 бас лицензия негізінде әрекет етеді.

«Қазақтелеком» АҚ негізгі акционері жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын, Компанияның 51% жай акцияларының ұстаушысы «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

## ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Қаржылық көрсеткіштер (шоғырландырылған)	Өлшеу бірлігі	2015	2014	2013	2012	2011
Қызметтерді сатудан кірістер	млн теңге	189 754*	208 223	190 867	175 669	173 344
Таза пайда	млн теңге	24 388	7 484	19 614	222 130**	50 167
ЕБИТДА	млн теңге	66 745*	61 580	65 829	69 068	66 015
ЕБИТДА margin	%	35,2*	29,6	34,5	39,3	38,1
Күрделі салымдар	млн теңге	38 699	55 154	61 503	63 270	43 641

Тиімділік көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	2015	2014	2013	2012	2011
ROACE	%	9,2*	6,1	7,1	62,5**	16,6
Ұтқыр абонентке ARPU (дауыс)	теңге/ айына	658	602	667	719	788
Ұтқыр абонентке ARPU (дауыс+КЖҚ)	теңге/ айына	1 051	1 088	771	750	820
Қызметкерлер саны	адам	27 452*	29 000	29 847	29 237	29 510
Кірістер, барлығы, 1 қызметкерге	Мың теңге	6 912,2*	7 180,1	6 394,8	6 008,4	5 874,1

Активтер туралы мәліметтер	Өлшеу бірлігі	2015	2014	2013	2012	2011
Активтер, барлығы	млн теңге	436 494*	417 693	416 135	419 259	421 696
Ұзақ мерзімді кредиттер	млн теңге	27 300*	56 426	36 029	63 786	59 680
Меншікті капитал	млн теңге	292 421*	270 309	265 503	276 748	282 902

Техникалық көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	2015	2014	2013	2012	2011
Тіркелген желіжолдар саны	желіжолдар	3 878 584	4 063 258	4 085 811	4 047 566	3 948 625
Жергілікті желіні цифрландыру деңгейі	%	100	99,06	98,2	97,2	96
Тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны	абоненттер	1 502 632	1 543 138	1 467 520	1 203 897	970 912
Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны	абоненттер	2 028 979	851 264	628 521	1 125 991	1 383 653
Ұтқыр КЖҚ абоненттерінің саны (EVDO, LTE, UMTS)	абоненттер	577 954	410 133	112 373	75 966	80 083
Ақылы ТВ абоненттерінің саны	орындар	607 762	530 630	455 378	148 649	83 959

Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	2015	2014	2013	2012	2011
Қазақстан тұрғыны, барлығы	мың адам	17 670,9	17 417,4	17 165,2	16 911,91	16 674,96
ЖІӨ өсуі	%	101,2	104,3	106,0	105,0	107,5
Тұтынушылық баға индексі	%	113,6	107,4	104,8	106,0	107,4
Долларға шаққандағы теңге бағамы, орташа бір жылға	теңге	221,73	179,19	152,13	149,11	146,62

\* Аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес Қоғамның 2015 жылға қаржылық көрсеткіштері. 2015 жылғы 3 қарашада компания «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2) базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын қалыптастыру бойынша Tele2 Group мәмілесін жасау туралы шешімін жариялады. Осылайша, «АЛТЕЛ» АҚ қызметі өз қызметін тоқтатқан ретінде сыныпталды.

\*\* «GSM Қазақстан Қазақтелеком» ААҚ» ЖШС-дағы «Қазақтелеком» АҚ қатысу үлесін сатуды ескере отырып.



## ■ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТИТОРЛАР, КЛИЕНТТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

2015 жыл Компания үшін ауқымды жобаларды іске асыру, нарықтың конъюнктурасын ескере отырып, бизнестегі басты бағыттарды және стратегиялық мақсаттарды қайта қарау, жоспарларға және үдерістерге түзетулер енгізу жылы болды. Жоғары деңгейлі бәсекелестікке және нарықтың толықтығына қарамастан, еліміздің жетекші телекоммуникация операторы ретінде ұстанымды елеулі нығайтып, алға қойылған міндеттерді іске асыруға және компания қызметінің барлық бағыты бойынша белгіленген жоспарларға қол жеткіздік.

Есепті жылы Директорлар қызметінің қызметі «Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнын көтеру стратегиясын одан әрі іске асыруға бағытталды. «АЛТЕЛ» АҚ және Tele2 біріктіру бойынша мәміле, филиалдарды біріктіру және өңірлік телекоммуникация дирекцияларын құру, өңірлік телекоммуникация дирекцияларын нығайту, өңірлік басқару модельдерін оңтайландыру және жаңғырту сынды бірқатар стратегиялық шешімдер қабылданды.

Директорлар кеңесінің және Басқарманың бірлескен жұмысы, өзара тиімді шешімдерді іздестіру және анықтау тұрақты технологиялық дамуға қол жеткізуге және біртұтас мақсаттарға жоспарлы жетуге мүмкіндік берді. Мәселен, ірі және ұзақ мерзімді жобаны іске асыру нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ 2015 жылды жергілікті телефон байланысын цифрландырудың 100% деңгейіне қол жеткізіп аяқтады. Мұнымен қатар телекоммуникацияны дамытуға, CDMA/EVDO стандарты бойынша ауыл байланысын жаңғыртуға және дамытуға, ұтқыр қызметтер секторында көшбасшылық қалыпты нығайтуға, операторлық сегментті дамытуға бағытталған бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жалғасын тапты: магистральдық желінің мүмкіндігі және өткізу мүмкіндігі кеңейтілді, транзиттік телекоммуникациялық арналардың сыйымдылығы ұлғайтылды және жаңа түйіспелер ұйымдастырылды.

Перспективалы бағыттарды дамыту және инновациялық шешімдерді енгізу нарықты және компания клиенттерінің қажеттілігін ұғынғандықты білдіреді. Клиентке бағдарланған сервисті және сапалы қызметтерді ұсыну жаңа шешімдерді енгізу кезінде Компания басшылыққа алатын басым көрсеткіштер болып қала бермек.

Өткен жыл «Қазақтелеком» үшін трансформациялау тәртібінде өтті – 2014 жылы бастау алған «Өрлеу» бағдарламасын іске асыру жалғасын тапты, бірқатар «жылдам жеңістерге» қол жеткізілді, бизнес-үдерістер қайта қарастырылады, ұйымдық құрылымға және қызметкерлерді басқару саясатына өзгерістер енгізілді. Трансформация бағдарламасының бастамаларын енгізу нәтижесінде 2015 жылдың соңында еркін ақша ағынының нәтижесі 16 млрд теңгеге жетті.

Директорлар кеңесі стратегиялық басқару мен бақылауды қамтамасыз ете отырып, Компанияның одан әрі дамуына және құнының өсуіне мүмкіндік беретін мақсаттарды жоспарлауды және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін өз жұмысын да талдап отырады. 2015 жылы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің құрамы толығымен өзгерді және жаңа құрамда өзіміздің мықты тұстарымызды дамытуды, корпоративтік басқарудың жоғарғы деңгейін, қаржылық қызметтің айқындығын, ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік деңгейін көтеру және инновациялық үдерістерді басқару жүйелерін одан әрі дамыту үшін барлық қажетті шараны қабылдауды жалғастыратын боламыз.

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ Компанияның стратегиясын іске асыруға білімі мен біліктілігін арнап, күш-қуатын жұмсай отырып және ұзақ мерзімді перспективада тиімді жұмысты қамтамасыз ете келе, барлық алға қойылған міндеттерді табысты орындайтынына сенімдімін.

Құрметпен,  
«Қазақтелеком» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы

**Н. Т. Байдәулетов**





## «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



### ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ИНВЕСТОРЛАР, КЛИЕНТТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

«Қазақтелеком» АҚ кезекті жылдық есебін назарларыңызға ұсынып отырғаныма дән ризамын. 2015 жыл оңай жыл болмады, бірақ жұмысты талдау Компанияның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, қызметтерді дамыту және еліміздің телекоммуникация нарығында ұстанымдарды нығайту бойынша міндеттерді табысты іске асырғанын көрсетеді. Біз бірлесіп басқарудың негізгі қағидаттарын сапалы қайта құрып, нарықтың реалиялары мен талаптарын қабылдадық, өзгерістерге жылдам әрекет етіп, трансформация бағдарламасының шеңберінде бірқатар «жылдам жеңістерге» жеттік, нәтижесінде Компанияның кірісін көтере алдық. Жүргізілген жұмыстың арқасында Қазақтелеком бет-бейнесі де өзгерді – бүгінгі күні бізді тіркелген телефония операторы немесе интернетке қатынау қызметтерінің провайдері ретінде ғана емес, мультисервистік оператор ретінде қабылдайды.

Инвестициялық және операциялық қызметтің қажетті тиімді өсуін қамтамасыз ету үшін бір жыл бұрын біз Компанияның қызметін терең талдай отырып, трансформация бағдарламасының тұсауын кестік. «Өрлеу» бағдарламасының шеңберінде өзара байланысты өзгерістердің және жаңалықтардың кешенін іске асыру басталды – Компания тиімділігін көтеруге бағытталған бастамалардың 23 блогы және 63 жоба, клиентке бағдарлану қағидаттарын ұстану, инновацияларды енгізу, нарықта көшбасшылық ұстанымдарды нығайту. Компанияның ұйымдық құрылымы да сапалы өзгеріске ұшырауда: Алматы және Алматы облысындағы, Астана және Ақмола облысындағы облыстық телекоммуникация дирекцияларын және қалалық телекоммуникация орталықтарын біріктіру басталды. Сондай-ақ функцияларды қолдайтын Ортақ қызмет көрсету орталығын (ОҚО) құру орталықтандыру нәтижелерінің бірі болды. Ұйымдық деңгейдегі өзгерістер қызметкерлерді басқарудағы қағидаттар мен амал-тәсілдерді қайта қараусыз мүмкін емес. Осыған орай, қызметкерлерді басқарудың жаңа стратегиясы әзірленіп мақұлданды, қызметкерлерді іріктеу, жұмыскерлерді бағалау және уәждеу жүйесіне инновациялық әдістер енгізілді. Трансформация бағдарламасының бастамаларын енгізу нәтижесінде 2015 жылдың соңында еркін ақша ағынының нәтижесі 16 млрд теңге болды.

Бүкіл әлем үшін күрделі кезеңде ірі компаниялар мүдделер саласын кеңейту және клиенттердің жаңа қызметтерге деген еспелі сұранысын қанағаттандыру үшін мүмкіндіктер қарастыруда. Біз өткен жылы бизнестің жаңа перспективалы бағыттарын анықтадық, ең алдымен электрондық коммерция сегментіне көңіл бөлдік, төлемдердің агрегаторы болу және клиенттерге ең үздік шешімді ұсыну үшін дайындық жұмысын жүргіздік. Бірқатар бұқаралық ақпарат құралында Қазақтелекомды отандық «Amazon» деп атап жатқанымен, біз осы бағытта алғашқы қадам ғана жасап отырмыз және технологияны «әр үйге» жеткізу ғана емес, қызметтердің ең үлкен спектрін ұсынуға талпынудамыз. Компанияның 2015 жылдағы жұмысының басты бағыттарын талдай келе, бірінші жоспарға конвергенттік қызметтер, яғни ұялы және тіркелген байланыстың, тиісінше, ұтқыр қызметтердің мейлінше мол артықшылықтары алға шығарылғанын атап өткім келеді. Мәселен, еншілес компания «АЛТЕЛ» АҚ-мен бірлесіп, 2015 жылы жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 4G/3G/2G желісінің абоненттік базасы 2,6 млн адамға артып, бір жылда 300% аса өскенін көрсетті.

Бизнес-үдерістердің цифрлық форматқа көшуі әлемдік басқа экономикалық тренд болып табылады және бұл жерде де Қазақтелеком қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасын қалауға барынша күш салуда. Біз бұлтты технологиялардың енуін көтеру, IT-инфрақұрылымды дамыту және data-орталықтар желісін күшейту бойынша жұмысты белсенді жүргізіп келеміз. Қолданылатын технологиялар коммерциялық арналарды және жарнаманы, төлемдерді жинауды, бухгалтерияны, қорларды және клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқаруды қоса алғанда, бизнесті жүргізуге қажетті операциялық инфрақұрылымды құруға мүмкіндік береді. Бейнебақылау қызметтерінен және қауіпсіздік жүйелерінен бастап «ақылды» өндірістерді құрғанға дейін бизнесті автоматтандыруға және ақпараттандыруға бағытталған M2M-шешімдерге де зор көңіл бөлінді. Осы бағыттағы алғашқы жобалардың бірі нақты уақыт тәртібінде Салық комитетіне бақылау-кассалық машиналардан фискалды деректерді беруді қамтамасыз ететін жоба болды. Мәселен, 2015 жылдың шілде айында жоба іске қосылғаннан бастап чектердің жалпы саны 200 млн бірліктен асты. Осылайша, жобаны енгізу бақылау-кассалық машиналарды қолданудың қолданыстағы жүйесін жаңғыртуға, қолма қол-ақшалай операцияларды мониторингілеуді және талдауды жақсартуға, осы үдерістердің барынша ашық болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

100% цифрландыру деңгейіне қол жеткізу бойынша ұзақ мерзімді жұмысты аяқтау 2015 жылдың басты жетістігі болды. Аналогты стансыларды цифрлық коммутациялық жабдықтау ауыстыру жүргізілді, қала және ауыл тұрғындарынан тұратын абоненттерді жаңа жабдықтау ауыстырып қосу қамтамасыз етілді. Сондай-ақ жаңа абоненттерді телефония қызметтеріне қосу жұмысын одан әрі жалғастырдық. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ желісіндегі тіркелген желіжолдар саны 3 878 584 бірлік, оның ішінде қалалық телекоммуникация желісінде (ҚТЖ) 2 808 439 бірлік, ауылдықта (СТЖ) 1 070 145 бірлік құрады. Тағы бір әсерлі сан – 2015 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы бойынша интернетке қатынау пайдаланушыларының саны 4 337 878 абонент болды. Бұл көрсеткішке қол жеткізу нарықтың осы сегментіндегі жұмыстан табыс табуға болатынын көрсетеді.

CDMA/EVDO ауылдық байланысын жаңғырту және дамыту шеңберінде желіде 805 базалық стансы орнатылды, олар 6 170 ауылдық елді мекенді телекоммуникация қызметтерімен қамтамасыз етеді, оның ішінде қазіргі уақытта EVDO технологиясы бойынша интернетке кеңжолақты қатынауға 3 650 аса ауылдық елді мекен ие.

2015 жылы республиканың транзиттік әлеуетін дамытуға және DWDM технологиясын пайдалану арқылы Компанияның магистральдық желісін жаңғырту, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ желісі арқылы Еуропа – Оңтүстік-Шығыс Азия маршрутын ұйымдастыру және алға шығару бойынша халықаралық операторлар-серіктестермен кооперация есебінен Қазақстан арқылы транзиттік телекоммуникациялық ағындарды арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Мәселен, 2015 жылы сигналды кідірту бойынша ең жақсы көрсеткіштерге ие REAL жобасы іске қосылды. Іске асырылған DREAM жобасының және жүргізілген жұмыстың арқасында «Қазақтелеком» АҚ желісі арқылы ұйымдастырылған транзиттік ағындардың көлемі өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға өсті.

Тұрақты технологиялық дамудан басқа, Компания корпоративтік басқару амал-тәсілдерінің тиімділігін сақтаумен де жұмыс істейді. Мәселен, 2015 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларында корпоративтік басқаруға диагностика жүргізілді. Осының нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару рейтингісі 2014 жылы 82%-дан 2015 жылы 85%-ға дейін өсті.

Компания қызметіне жоғары бағаны рейтинг агенттіктерінің аналитиктері де берді. «Standard & Poor's» халықаралық рейтинг агенттігі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингіні «Тұрақты» болжаммен «BB» деңгейінде растады. Мұнымен қатар рейтинг агенттігі Қоғамның меншікті кредит өтеу қабілетінің рейтингін «bb-» -тен «bb» дейін көтерді.

«Fitch Ratings» халықаралық рейтинг агенттігі екі рет Қоғамның кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжаммен «BB» деңгейінде растады. Болжам «Fitch Ratings» аналитиктерінің ұтқыр байланыс сегментін табысты дамытуға қатысты оң үміттерін көрсетеді, аналитиктердің пікірінше, бұл оның қаржылық икемділігін жақсартып отырып, ақша ағынын анағұрлым күшті өндіруге алып келеді.

Өткен жылы алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алдық және Компанияның кірісін көтердік, акционерлердің сенімін тағы да бір рет ақтадық. Осы орайда Компанияның әр қызметкеріне кәсіби ісі және нәтижеге қол жеткізудегі ынта-жігері мен талпынысы үшін алғыс айтқым келеді. Келесі жыл біздің командадан одан әрі жұмылдыру және өзгерістерге дайын болуды талап етеді. Бұл әрқайсымызға зор жауапкершілікті жүктейді және ұжымдық жұмыстың нәтижесі ғана емес, жоғарғы деңгеймен жұмысқа атсалысу да «Қазақтелеком» беделіне ықпал ететінін ұғыну керек.

Біздің Компания ауыр даму кезеңі – трансформация кезеңінен өтуде. Заманауи реалиялар мен сын-тегеуріндер Компанияның дамуына, өсу жолдарын анықтауға, даму үшін, тиімді бизнес-шешімдерді әзірлеу үшін жаңа ресурстарды іздеуге түрткі болмақ. 2016 жылға даму бағыты анықталды. Біз әдеттегідей алдымызға амбицияға толы мақсаттарды қойдық. Бірлесіп күш салсақ, біліміміз мен дағдыларымызды арнасақ, мақсаттарға қол жеткізетініміз күмән тудырмайды!

Құрметпен,  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының төрағасы

**Қ. Б. Есекеев**





«Қолы бос болмаудан асқан жеңіл  
ешнәрсе жоқ, нәтижеге қол жеткізе  
білуден асқан қиындық жоқ»

*Ален Маккензи*



# **2015 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ**

## 2015 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

ҚАҢТАР	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақтелеком теріс контентті фильтрлеу бойынша сервисті ұсыну арқылы интернетке қауіпсіз қатынауды қамтамасыз ету проблемасын шешуге мүмкіндік беретін «Ата-ана бақылауы» жаңа сервисін іске қосты.</li> </ul>
АҚПАН	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Standard &amp; Poor's» халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақтелеком» АҚ ұзақ мерзімді кредиттік рейтингіні «Тұрақты» болжаммен «BB» деңгейінде растады.</li> <li>• Қоғам филиалдары, өкілдіктері мен еншілес ұйымдары басшыларының қатысуымен «Қазақтелеком» АҚ басшылығының еңбек ұжымы алдында 2014 жылдың жұмыс қорытындылары және алдағы кезеңдерге міндеттер бойынша есеп беру жиналысы.</li> <li>• Қазақтелеком 14 облыстың әкімшілігімен және Астана қаласының әкімшілігімен Жергілікті қамтуды дамыту бойынша меморандумдарға қол қойды.</li> <li>• Қазақтелеком III қысқы спартакиаданы өткізіп, оған Компанияның Орталық аппаратының, Ақмола облыстық телекоммуникация дирекциясының және ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің қызметкерлері қатысты.</li> </ul>
НАУРЫЗ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Қазақтелеком» АҚ филиалы 2014 жылдың қорытындысы бойынша сала көшбасшыларының үштігіне кірді. «Қазақтелеком» АҚ Ақпараттық жүйелер дирекциясы «Ірі кәсіпкерлік субъект» санатында ҚР ұлттық бизнес-рейтингінің үздік кәсіпорындарының ТОП-3-не кірді.</li> <li>• Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 18 наурыздағы шешімімен (№ 2 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Трансформациялау бойынша жол картасы бекітілді.</li> </ul>
СӘУІР	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы. Қоғамның 2014 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін, 2014 жылға арналған жылдық есебін бекіту.</li> <li>• 2015 жылғы 22 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ 2014 жылға дивидендтердің қорытынды мөлшерін жариялады. Қоғамның бір жай акциясына дивиденд 101,73 теңге құрады.</li> </ul>
МАМЫР	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақтелеком штабта ұйымдастыру комитетін, Тәуелсіздік сарайының интернет-кафесін және медиа-ситиін (баспасөз орталығы), қалааралық және халықаралық байланысты, интернет желісіне кеңжолақты қатынауды ұйымдастыра отырып, Астана экономикалық форумына техникалық қолдау көрсетті, сондай-ақ көрсетілген локацияларды барлық қажетті ұйымдастыру ісі техникамен қамтамасыз етті.</li> <li>• «Қазақтелеком» АҚ және «RETN» халықаралық магистральды байланыс операторы «Қазақтелеком» АҚ деректер беру желісін «RETN» компаниясының порттарына қосу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Қосу DWDM технологиясының 40G деңгейінің лямбдін пайдалана отырып, компаниялардың оптика-талшықты бірлескен түйіспесі арқылы ұйымдастырылды.</li> <li>• «Қазақтелеком» АҚ еншілес компаниясы «KT Cloud Lab» ЖШС жылдың ең үздік инновациялық кәсіпорны болып аталды.</li> <li>• Қазақтелеком БӨЫ БӨ басшылары кеңесінің 50-ші бірлескен отырысына және БӨЫ жанындағы ТМД қатысушы мемлекеттерінің Ақпараттандыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің 21-ші отырысына қатысты.</li> <li>• 2015 жылғы 26 мамырда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемі жүргізілді.</li> </ul>
МАУСЫМ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақтелеком IDC Cloud Leadership and Datacenter Transformation Roadshow 2015 халықаралық конференциясына қатысты.</li> <li>• Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 26 маусымдағы (№ 5 хаттама) шешімімен «Қазақтелеком» АҚ күрделі салымдардың толық циклін басқару саясаты бекітілді.</li> <li>• «Өрлеу» трансформация бағдарламасының шеңберінде бірқатар жеңіске қол жетті. Бөлшек сауда және корпоративтік клиенттер үшін жаңа телекоммуникациялық және АТ қызметтері енгізілді.</li> </ul>
ШІЛДЕ	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақтелеком 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында енгізілетін Индустрияландыру картасы жобаларының таныстырылымы бойынша Елбасының қатысуымен Жалпыұлттық телекөпірді ұйымдастыру шеңберінде «Көрме» көрме орталығына дейін оптикалық тасымалдау ортасын дайындады. Телекоммуникация қызметтерін және жабдығын ұсына отырып, «Көрме» КО-да баспасөз орталығының жұмысы ұйымдастырылды. Сондай-ақ Қоғамның байланыс арналары бойынша облыстардың және Астана және Алматы қ.к. әкімдерімен Елбасының бейнеконференцбайланысын ұйымдастыру үшін IPVPN қызметі ұйымдастырылды.</li> <li>• Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Қазақтелеком» АҚ ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша салық қызметінің органдарына жедел тәртіпте ақшалай есеп айырысу туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз ететін заңды тұлға болып анықталды.</li> <li>• «Қазақтелеком» АҚ еншілес компаниясы «АЛТЕЛ» АҚ ALTEL 4G:GSM желісі абоненттерінің саны екі жарым миллион адамға жетті.</li> </ul>

ТАМЫЗ	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Қазақтелеком» АҚ-да Иранның ТСІ ұлттық телекоммуникация операторының делегациясымен кездесу өтті. Иранның делегацияның сапары барысында тараптар компаниялардың одан әрі өзара ынтымақтастығы бойынша маңызды стратегиялық аспектілерді талқылады.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ ТМД қатысушы мемлекеттері басшылары кеңесінің және Еуразиялық жоғары экономикалық кеңесінің отырысын (Ақмола облысы, Бурабай к.) өткізуге техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етті. Іс-шараның жоғары маңыздылығы мен ауқымын ескере отырып, барлық қызмет жоғары деңгейде ұсынылды.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ және «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ заманауи ғарыштық және ақпараттық технологиялар базасында бірлескен жобаларды іске асыруда өзара іс-қимыл жасау мәселесі бойынша ынтымақтастық туралы келісімді жасасты.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ BrandFinance 2015 жыл сайынғы рейтингінде 166-жолдан 138-жолға көтерілді.</li> </ul>
ҚЫРКҮЙЕК	<ul style="list-style-type: none"> <li>«Қазақтелеком» АҚ KAZENERGY X Еуразиялық форумының ресми техникалық серіктесі болды.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ және компанияның филиалы – «Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы инфокоммуникациялық технологияларды дамытуға, IoT тұжырымдамасының перспективалы сегменттеріне, электрондық саудадағы байланыс операторларының рөліне, FinTech, BigData саласында байланыс операторларына ашылатын мүмкіндіктерге арналған IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны өткізді.</li> <li>Қазақтелеком TechGardenFest 2015-те стратегиялық серіктес және технологиялық демеуші болды.</li> </ul>
ҚАЗАН	<ul style="list-style-type: none"> <li>Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингілерін «Оң» болжамы бар «BB» деңгейінде растады.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ «HappyDrive» жаңа қызметін іске қосты. «HappyDrive» қосымшасы клиенттерге Tier-III деңгейінде «Қазақтелеком» АҚ Деректер өңдеу орталығының ресурстарында деректерді сақтауға және алмасуға мүмкіндіктер береді.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ telecom.kz бірыңғай қызметтер порталына Компанияның барлық корпоративтік сайты біріктірілді – www.idnet.kz, www.megaline.kz, www.idhome.kz, www.id-tv.kz, www.almatytelecom.kz.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ және Алматы энергетика және байланыс университеті ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан және ТМД елдерінің ұтқыр қаржылық қызметтер және төлем технологиялары нарығының ахуалына және даму мәселелеріне арналған MobiEvent`15 IV халықаралық конференциясына техникалық қолдау көрсетті.</li> </ul>
ҚАРАША	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан-Британия іскери кеңесінің құрылтай отырысының шеңберінде (2015 жылғы 3 қараша, Лондон қ.) «АЛТЕЛ» АҚ және «Vodafone» компаниясы арасында роумингті коммерциялық іске қосу туралы келісімге қол қойылды.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ еншілес компаниясы – «ALTEL» АҚ «Қазақстанда 2015 жылдың № 1 телекоммуникациялық жаңалығы» номинациясында «Жыл таңдауы» конкурсының жеңімпазы болды.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ және Tele2 Group Қазақстанның ұтқыр байланыс нарығында «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) ұстанымдарын нығайту және бірлескен операторлардың тұтынушыларға ұтқыр қызметтердің жаңа мүмкіндіктерін беруі мақсатында еншілес ұтқыр операторларды біріктіру туралы уағдаласты.</li> <li>Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингін «Оң» болжамы бар «BB» деңгейінде растады (ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша мәміле туралы ақпарат жарияланғаннан кейін).</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ TechConnectAstana іс-шарасына техникалық қолдау көрсетті және іс-шараның шеңберінде өзінің инновациялық жобаларымен таныстырды.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ және ҚР Ұлттық Банкі деректерді сақтау үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету бойынша қызметті ұсыну туралы шартқа қол қойды.</li> </ul>
ЖЕЛТОҚСАН	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚР Парламентінің Мәжілісінде «Нұр Отан» партиясы фракциясының жанындағы Экономикалық саясат кеңесінің бірлескен отырысының аясында «Қазақтелеком» АҚ депутаттарға жоспарлары мен Қазақстан халқына ҚР Президентінің Жолдауын іске асыру шеңберінде Қоғам қызметінің негізгі нәтижелерін ұсынды.</li> <li>Қазақстан-Қытай іскери кеңесінің 3-ші отырысы шеңберінде (2015 жылғы 13-15 желтоқсан, Бейжің қ.): <ul style="list-style-type: none"> <li>ChinaTelecomGlobalLimited және «Қазақтелеком» АҚ арасында стратегиялық серіктестік туралы өзара түсіністік туралы меморандумға;</li> <li>HuaweiTechnologies CO., LTD компаниясымен «Қазақтелеком» АҚ ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.</li> </ul> </li> <li>«Қазақтелеком» АҚ Байланыс қызметкерлері кәсіподақтарының халықаралық бірлестігі кеңесінің наградасымен марапатталды.</li> <li>«Қазақтелеком» АҚ-да «Жаңа цифрлық заманда Қазақтелеком бизнесін дамыту» конференциясы өтті. Конференцияның негізгі тақырыбы – «Өрлеу» трансформация бағдарламасын іске асыру.</li> <li>Қазақтелеком жергілікті телефон желілерін цифрландырудың 100% деңгейіне қол жеткізді. «Қазақтелеком» АҚ республикада телекоммуникация желісін цифрландыру бойынша ауқымды жобаны іске асыруды аяқтады.</li> <li>2015.07.12 акционерлердің кезектен тыс жиналысымен (№ 56 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.</li> <li>2015 жылы диагностикалау нәтижелері бойынша «PricewaterhouseCoopers» ЖШС 85% деңгейінде «Қазақтелеком» АҚ-ға корпоративтік басқару рейтингін берді.</li> </ul>



«Кез келген өзгеріс жаңа  
мүмкіндіктерге жол ашады»

*Джек Уэлч*



**КОМПАНИЯ БЕЙІНІ**

## ■ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес республиканың барлық аумағында байланыс қызметтерінің кең көлемін көрсететін, құрылып отырған ұлттық ауқымдағы акционерлік қоғамның жарғы қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен телекоммуникация ұйымдарының мүлкін беру жолымен құрылды.

Бастапқы мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының әділет органдары 1994 жылғы 1 желтоқсанда жүргізген.

### 1996 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА КӨЛЕМІ 12,1 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАҒАН ЖАРҒЫ ҚОРЫ ШАМАСЫНА АКЦИЯЛАРДЫҢ БАСТАПҚЫ ЭМИССИЯСЫ ТІРКЕЛДІ.

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қазақтелеком» ашық акционерлік қоғамын «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына («Қазақтелеком» АҚ) қайта тіркеу жүргізілді. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы № 6924-1901-АҚ куәлікті Астана қаласының Әділет департаменті 2004 жылғы 1 сәуірде берген.

2012 жылғы 26 қаңтарда Астана қаласы Әділет департаменті Сарыарқа аудандық Әділет басқармасының құрылуына байланысты Қоғамға заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы басқа нөмірмен № 570-1901-01-АҚ жаңа куәлік берілді. «Қазақтелеком» АҚ заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты 2014 жылғы 18 тамызда Астана қаласының Әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді.

«Қазақтелеком» АҚ – заңды тұлға, өзінің құрамында 21 филиалы, сондай-ақ Ресей Федерациясында және Қытай Халық Республикасында өкілдіктері бар. Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ активтерінің құрамына еншілес ұйымдар кіреді.

Компанияның орталық офісі Қазақстанның астанасы – Астана қаласында орналасқан. Компанияда 28 мыңға жуық адам жұмыс істейді. «Қазақтелеком» АҚ еліміздің әрбір облысында өңірлік бөлімшелері бар және оның барлық аумағы бойынша байланыс қызметтерін көрсетуді қамтамасыз етеді.

Компания құрылғалы бергі жиырма жылдық қызметі ішінде еліміздің телекоммуникация нарығының көшбасшысы дәрежесіне дейін өсіп, қызметінің барлық бағыты бойынша өз ұстанымын айтарлықтай нығайтты және техникалық даму деңгейі жоғары, тұрақты және іркіліссіз даму үстіндегі компания беделіне қол жеткізіп отыр.

Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы елдің барлық қалалары мен елді мекендерінде 4 миллионнан аса абонентті интернет желісіне қатынаумен, оның ішінде 1,5 миллионнан астам абонентті кеңжолақты қатынаумен қамтамасыз етті. Компанияның телекоммуникация желісіне Қазақстан Республикасының 120 аса байланыс операторының желілерін қосу жүзеге асырылды. Мұнымен қатар «Қазақтелеком» АҚ алыс және таяу шетелдің 40 аса операторымен тығыз ынтымақтасып, өзара әрекет етеді.



## «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ	
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	
БАСҚАРМА	
ОРТАЛЫҚ АППАРАТ	
ФИЛИАЛДАР	
«Астанателеком» өңірлік телекоммуникация дирекциясы	«Алыспен байланыс» бірлестігі
«Алматытелеком» өңірлік телекоммуникация дирекциясы	Телекоммуникация және инфрақұрылым объектілері құрылысы дирекциясы
Корпоративтік сату дирекциясы	«Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы
Ақпараттық жүйелер дирекциясы	Телекоммуникация желілерін басқару бас орталығы
«Телеком-Жинақтау» дирекциясы	
ОБЛЫСТЫҚ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ДИРЕКЦИЯЛАРЫ	
Ақтөбе облыстық телекоммуникация дирекциясы	Қостанай облыстық телекоммуникация дирекциясы
Атырау облыстық телекоммуникация дирекциясы	Қызылорда облыстық телекоммуникация дирекциясы
Шығыс Қазақстан облыстық телекоммуникация дирекциясы	Маңғыстау облыстық телекоммуникация дирекциясы
Батыс Қазақстан облыстық телекоммуникация дирекциясы	Павлодар облыстық телекоммуникация дирекциясы
Жамбыл облыстық телекоммуникация дирекциясы	Солтүстік Қазақстан облыстық телекоммуникация дирекциясы
Қарағанды облыстық телекоммуникация дирекциясы	Оңтүстік Қазақстан облыстық телекоммуникация дирекциясы
«Қазақтелеком» АҚ Ресей Федерациясындағы өкілдігі (Мәскеу қаласы)	
«Қазақтелеком» АҚ Қытай Халық Республикасындағы өкілдігі	
Еншілес және тәуелді ұйымдар «АЛТЕЛ» АҚ, «НҰРСАТ» АҚ, «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС, «КТ Cloud Lab» ЖШС, «Сигнум» ЖШҚ, «DIGITAL TV» ЖШС, «Info-Net Wireless» ЖШС, «Online.kg» ЖШҚ, «КТ IES» ЖШС	



## МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

### «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫНЫҢ (ТОП) МИССИЯСЫ:

*Өзгере, таңдандыра және үміт еткеннен де асып түсіп, әрбір адамның қайталанбас әрі әдеттегі өмірінің бөлшегі болу!*

Топтың Миссиясындағы түйіндер мына ұғымдар болып табылады:

**ӨЗГЕРЕ** – технологиялар мен нарықтың, сұраныс пен бәсекелестік жағдайдың өзгеруіне уақытында әрі оңтайлы әрекет жасауға бағытталған Компанияның құрылымы мен үдерістері;

**ТАҢДАНДЫРА** – бірегей клиенттік тәжірибеге қол жеткізу;

**ҮМІТ ЕТКЕННЕН ДЕ АСЫП ТҮСІП** – инновациядағы қажеттілікті қалыптастыру және қанағаттандыру, инновацияда көшбасшы болу;

**ӘРБІР АДАМНЫҢ** – барлық сегмент, саралап жағдай жасау;

**ҚАЙТАЛАНБАС** – инновациядағы көшбасшылық, баға, география және қызметтер кешені есебінен нарықтағы бірегей ұсынысты беру арқылы бәсекелесу;

**ӘДЕТТЕГІ** – қолайлылық, қолжетімділік, тұрақтылық;

**ӨМІР БӨЛШЕГІ** – қатынасу ортасын құру, ақпарат алу және онымен алмасу, білімді басқару, көңіл көтеру және әлеуметтілік;

**БОЛУ** – Топтың стратегиясына сәйкес оның трансформациясының негізін қалау.

### ТОПТЫҢ ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ӨСУ БАҒЫТТАРЫ

«Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы – өз акционерлері үшін мынадай жолдар арқылы құн түзетін инфокоммуникация нарығындағы ірі өңірлік ықпалдастырылған оператор:

- ҚР инфокоммуникация нарығының барлық басты сегментінде жетекші ұстанымдарды нығайту және қалыптастыру;
- «барша отбасы үшін қызметтер супермаркеті» ретінде қалыптасу: коммуникация, ақпарат, ойын-сауық үшін №1 таңдау;
- қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасын қалау;
- ықпалдастырылған операторды қалыптастыру;
- бизнес-модельді жаңғырту.

### ТОПТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының стратегиясы тіркелген бизнесте көшбасшылық орынды сақтауға, ықпалдастырылған операторды кезең-кезеңмен қалыптастыра отырып, ұтқыр бизнесті дамытуға, телекоммуникациямен сабақтас салаларда нақты орында даму үшін негізгі бизнеспен синергияны пайдалануға бағытталған. Бұл ретте ұқсас компаниялар үшін бизнестің операциялық тиімділігін ортадан жоғары деңгейде сақтау және күрделі инвестициялар тиімділігін арттыру міндеттері қойылған.

### ТОПТЫҢ МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ

МИССИЯСЫ	ПАЙЫМЫ	СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ	НӘТИЖЕСІ
Өзгере, таңдандыра және үміт еткеннен де асып түсіп, әрбір адамның қайталанбас әрі әдеттегі өмірінің бөлшегі болу!	Инфокоммуникация нарығында қазақстандық ықпалдастырылған көшбасшы оператор. 	 «Барша отбасы үшін қызметтер супермаркеті»: коммуникация, ақпарат, ойын-сауық үшін №1 таңдау.  Ықпалдастырылған оператор.  Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы.  Тиімді бизнес-модель.	Компанияның акционерлік құнын акционерлік құнды ағымдағы бағалаудан 2 еседен асаға дейін ұлғайту стратегияны табысты іске асырудың нәтижесі болады. 

Топтың пайымын қалыптастыратын мынадай стратегиялық бастамалар бойынша жұмыс есебінен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізілетін болады:

#### ◆ «БАРША ОТБАСЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТТЕР СУПЕРМАРКЕТІ» БАСТАМАЛАР ТОБЫ МЫНАЛАРДЫ КӨЗДЕЙДІ:

- үй шаруашылығына телекоммуникациялық және басқа да қызметтердің топтамалық ұсынысының өтімділігін арттыру, ол үй шаруашылығының барлық мүшесінің коммуникацияға, ақпарат пен ойын-сауыққа деген қажеттілігін толықтай қанағаттандырады;
- абоненттердің пайдаланушылық тәжірибесін және айнымас қарым-қатынасын арттыру.

- ◆ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ІРГЕТАСЫ» БАСТАМАЛАР ТОБЫ МЫНАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:
  - өнімдер қатарын кеңейту және әртүрлі корпоративтік клиенттердің инфокоммуникациялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын кешенді шешімдерді ұсыну;
  - корпоративтік сегментпен жұмыс барысында өнімдік тәсілден клиент пен сегментке бағдарланған тәсілге ауысу;
  - операторлық бизнесті дамыту.
- ◆ «ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛҒАН ОПЕРАТОРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» БАСТАМАЛАР ТОБЫ МЫНАЛАРДЫ КӨЗДЕЙДІ:
  - ұтқыр бизнесті Топтың қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай үлес қосуға мүмкіндік беретін ауқымға дейін дамыту;
  - ұтқыр және тіркелген бизнес сегменттерін біртіндеп ықпалдастыру есебінен синергиялық әсер алу.
- ◆ «БИЗНЕС-МОДЕЛЬДІ ЖАҢҒЫРТУ» Топтың алға қойған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қаржылық көрсеткіштерге тікелей ықпал етуімен қатар, бұған дейін белгіленген маңызды стратегиялық бастамаларды іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету тұрғысында тиісті шарт болып табылады. Бизнес-модельді жаңғырту еңбекті ұйымдастыру мен өнімділік тиімділігін арттыру, Топтың үдерістері мен корпоративтік мәдениетін жетілдіру бойынша бастамалар кешенін көздейді.

## СТРАТЕГИЯНЫҢ 2015 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

Стратегияны іске асыру 2015 жылы мынадай мақсатты көрсеткіштермен көрініс табады (алдын ала қаржылық есептілік бойынша):

- «Барша отбасы үшін қызметтер супермаркеті» бастамасының шеңберінде жаппай сегментте (B2C) «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының тіркелген байланыс нарығының үлесі 89% құрап, мақсатты 2%-ға артығынан орындауды қамтамасыз етті. 2015 жылы ақылы ТВ нарығының үлесі 37% дейін өсті, ал бұл жоспарланған көрсеткішті 9%-ға артық орындауға мүмкіндік берді.
- «Ықпалдастырылған оператор» бастамасының шеңберінде ұтқыр нарық үлесі 8,3% құрады, бұл мақсатты 1,7%-ға артық орындауды қамтамасыз етті. Бірақ абоненттерде нарық үлесі бойынша мақсат 11% құрап, жоспарлы көрсеткіштен 3%-ға жоғары болды.
- «Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы» бастамасының шеңберінде B2B сегментінің тіркелген байланыс нарығының үлесі 60% құрап, жоспарланған көрсеткішті 7%-ға артық орындауды қамтамасыз етті.
- «Тиімді бизнес-модель» бастамасының шеңберінде EBITDA маржасы бойынша мақсат 3%-ға артық орындалды, бұл ретте түсімге күрделі шығындар 17% құрап, жоспарланғаннан 4% төмен болды.

## ■ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қоғамның жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңге құрайды, 10 922 876 жай акциядан және 1 213 653 артықшылықты акциядан тұрады. Бір акцияның атаулы құны – 1 000 теңге. «Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларының үлесі айналысқа шығарылған акциялар жалпы санының 10% құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ жай және артықшылықты акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап «А» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) ресми тізіміне қосылған, 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Биржаның ресми тізімінің бірінші санатына ауыстырылды. 2009 жылғы 30 қазаннан бастап «Қазақтелеком» АҚ облигациялары «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары» санаты бойынша Биржаның ресми тізіміне қосылды.

2014 жылғы 26 желтоқсанда 90 000 000 000 теңгеге облигациялық бағдарламаның бірінші шығарылымы және бірінші облигациялық бағдарламаның шегінде 21 000 000 000 теңгеге облигациялардың бірінші шығарылымы «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары» санаты бойынша Биржаның ресми тізіміне қосылды.

2006 жылғы 28 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстанның бірқатар ірі компанияларының мемлекеттік үлестерін тиімді басқару үшін ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 қаулысымен құрылған «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-на берілді.

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) АҚ, Қор) «Қазына» тұрақты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық қоры» акционерлік қоғамдарының бірігуі жолымен құрылды. Бүгінгі күні Қор Қоғамның ең ірі акционері болып табылады.

2015.31.12 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ жай акцияларының меншік иелері

Акционерлер	Акциялар саны	Үлесі (%)
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	5 570 668	51,0
BODAM B.V.	1 842 725	16,87
Deran Services B.V.	829 867	7,60
BNY Mellon (атаулы ұстаушы)	1 071 860	9,81
5% кем үлесі бар басқа да акционерлер	1 607 756	14,72
<b>Барлық жарияланған жай акция</b>	<b>10 922 876</b>	<b>100</b>

2016.01.01 жағдай бойынша Қоғамның Басқарма және Директорлар кеңесінің мүшелері «Қазақтелеком» АҚ жай акцияларының меншік иелері болып табылмайды, акцияларды тоғыспалы иелену жоқ.



«Табыстың бірден-бір кілті – басқалар  
аңғармағанды көре білу»

*Роберт Тору Кийосаки*



**БИЗНЕС-ШОЛУ**

## ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ НАРЫҒЫНА ШОЛУ


(«Just smart solutions» ЖШС жүргізген маркетингтік зерттеулердің деректері бойынша берілген)

Бүгінгі күні телекоммуникация қызметтерінің нарығы экономиканың көптеген саласы үшін аса маңызды секторлардың бірі болып табылады.

«Just smart solutions» ЖШС бағалауы бойынша 2015 жылы инфокоммуникациялық қызметтерді сатудан ҚР нарығының көлемі 619,39 млрд теңге құрады. 2015 жылы 20 жылда алғаш рет нарықтың өсу қарқыны 2014 жылмен салыстырғанда ақшалай түрде 2% дейін қысқарды.

Телекоммуникация нарығының өсу қарқынының қысқаруы ішкі факторлармен қатар, макроэкономикалық факторлардың ықпал етуімен негізделген. Есепті жылы әлемдік экономикадағы дағдарысты есепке алғанда, Қазақстанның ЖІӨ өсуі бәсеңдей түсті. Бұл бәсеңдеу экономиканың барлық саласында, оның ішінде қызметтер көрсету саласында көрініс тапты. 2015 жылы халықтың нақты кірістерінің өсу қарқынының төмендеуі және тиісінше тұтынушылық сұраныс пен тұтынудың төмендеуі байқалып, бұл байланыс қызметтерін тұтынуда да орын алды. Мәселен, статистика деректері бойынша байланыс қызметтеріне үй шаруашылығы шығыстарының үлесі 2014 жылы 9 мың теңгеден 2015 жылы 7,1 мың теңгеге дейін қысқарды.

Қызмет түрлері бойынша ҚР телекоммуникация нарығының кірістер құрылымы, 2015



Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС

Қызмет түрлері бойынша кірістер құрылымында ұтқыр интернетпен бірге ұтқыр байланыс негізгі үлеске ие (ұтқыр интерконнекті есепке алмағанда) – 47% (288,7 млрд теңге), 12,6% – тіркелген телефония үлесі (77,8 млрд теңге), 14% – тіркелген интернет үлесі (85,14 млрд теңге). Операторлық сегмент – 8,8% (54,7 млрд теңге), ұтқыр интерконнект 8,1% (50,28 млрд теңге) құрады. Ақылы телевидение нарығы 4,2%-ға жетті (25,8 млрд теңге), деректер беру нарығы да 4%-ға өсті (шамамен 24,96 млрд теңге), ИКТ қызметтері нарығының үлесі – 2% (12,5 млрд теңге). Осылайша, байланыс нарығының шағын сегменттері негізінен оң дамуға ие болды: ақылы ТВ, деректер беру, ИКТ қызметтері.


Басқа қалған нарық сегменттері өсу қарқынының төмендеуін көрсетті, бұл ретте ұтқыр дауыс байланысы мен тіркелген телефония сегментінде ең үлкен жоғалу болды.

## Сегменттер тұрғысынан телекоммуникация нарығындағы жағдай

**Тіркелген телефония.** «Just smart solutions» ЖШС бағалауына сәйкес 2015 жылы тіркелген телефония нарығының сыйымдылығы 2014 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 4,5%-ға қысқарып, 77,81 млрд теңге құрады. Бұл ретте заттай түрде қалааралық және халықаралық телефонияның шығыс қоңыраулары бойынша дауыс байланысының трафигі төмендеді (2 430 млн минут). Ақшалай түрде нарық көлемінің төмендеуі тұрғындар арасында тіркелген байланыс абоненттерінің 197 мың абонентке елеулі қысқаруымен ғана және жергілікті байланыс кірістерінің қысқаруымен байланысты. 2013–2015 жылдары тұрғындар арасында жиынтық абоненттік база 288 мыңға қысқарды.

**Ұтқыр байланыс.** 2015 жылы абоненттер үшін қызметтер бойынша ұтқыр байланыс нарығының көлемі бағалай келгенде 289 млрд теңге құрады және өткен жылмен салыстырғанда 5%-ға төмендеді.


1998-2015 жылдары Қазақстанда ұтқыр байланыс нарығының өсу қарқыны (интерконнекті есепке алмағанда), млрд теңге



Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС

2015 жылдың қараша айына ұтқыр байланыс абоненттерінің жалпы саны 27 960 мың абонент құрады.

2015 жылдың 1 қарашасына абоненттік база бойынша ұялы операторлар нарығының үлесі



Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС

Абоненттер саны бойынша Kcell (38%) және Beeline (35%) көшбасшы, Tele2 ұялы байланыстың барлық абонентінің 16% қызмет көрсетеді, Қазақтелеком еншілес компаниясы «АЛТЕЛ» АҚ абоненттік база көлемі бойынша нарықтың 11% қол жеткізді.

Ұтқыр интернет және дәстүрлі дауыс байланысын толық алмастыруға мүмкіндік беретін WhatsApp, Viber сынды ұтқыр контент қызметтерінің күрт артуынан ұтқыр дауыс байланысы қызметтерінің кірістері жылына 15%-20%-ға тұрақты төмендеу үрдісіне ие. Абоненттік желіде смартфондар үлесі 15%-ға артты және ұтқыр байланыс операторлары өткізетін акцияларға байланысты белсенді арта түсуде. Ұтқыр нарықтың негізгі драйвері ұтқыр интернет болады, оның үлесі 2022 жылға қарай ұтқыр байланыс нарығының 80% жетуі мүмкін.

### Интернет желісіне тіркелген қатынау нарығы.

Интернет желісіне тіркелген кеңжолақты қатынау нарығының жалпы сыйымдылығы 85,14 млрд теңге құрады. Тіркелген интернет абоненттерінің базасы 2015 жылы бар болғаны 0,62%-ға өсті, ал ақшалай түрде нарық көлемі 6%-ға өсті.

Қазақстандағы интернетке тіркелген қатынау нарығының сыйымдылығы және өсу қарқыны, млрд теңге, 1998-2015 жылдар




Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС (2014 жыл бойынша нақтыланған деректерді ескеріп)

Қазақстанда интернетке тіркелген қатынаудың ену тереңдігі орташа алғанда қала тұрғындары арасында 100 үй шаруашылығына шаққанда 42 және ауылдық жерде 100 үй шаруашылығына шаққанда 13 құрайды. Провайдерлердің деректері бойынша интернетке тіркелген қатынау абоненттерінің жалпы саны 2016 жылдың 1 қаңтарына 2 107,6 мың абонент құрайды.

**Ақылы телевидение.** Ақылы телевидение нарығы анағұрлым белсенді дамуда. Бірақ әзірге сыйымдылығының шағын болуынан барша нарықтың дамуына елеулі үлес қосып отырған жоқ.

2015 жылы ақылы телевидение қызметтерінің кірістері 25,8 млрд теңге құрады. Цифрлық жерсеріктік және кәбілдік телевидение абоненттерінің жалпы саны 2 466 мың абонентке, оның ішінде ақылы телевидение 1 322 мың абонентке жетті.

2015 жылы қызметтердің кірістері бойынша ақылы ТВ нарығының үлесі «Қазақтелеком» АҚ ҚТ



Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС

2015 жылы Қазақстандағы ақылы ТВ абоненттік базасының барлық өсімі 159 000 абонент құрады. Өткізетін акцияларының және анағұрлым тартымды бағасының, сондай-ақ Alma TV мен ICON TV инфрақұрылымын біріктірудің арқасында үлкен қосылу саны Alma TV қазақстандық кәбілдік телевидение операторы және интернет провайдерінде – 53% (84 000 жаңа абонент). Барлық жаңа ақылы абоненттерінің шамамен 11% «ОТАУ TV» ұлттық жерсеріктік операторын таңдады (18 000 абонент), басқа ойыншыларға 13%-дан келді немесе 20 000 қосылу болды.


**ИКТ қызметтерінің нарығы.** Телекоммуникациялық лицензияланған компаниялар ұсынатын ИКТ қызметтерінің нарығында да data-орталықтар қызметтерін ұсыну, аппараттық жасақтама инжинирингімен қатар, түрлі АТ аутсорсинг қызметтерін көрсетуде қатаң бәсекелестік орын алды.

ИКТ қызметтерінің нарығы телекоммуникация нарығында басты емес, қосалқы болып табылады және бар-жоғы 12,57 млрд теңге құрайды. Байланыс операторлары ұсынатын ИКТ қызметтеріне хостинг, collocation, деректер сақтау, бөлектелген байланыс арналары (IP адресстерді жалға беру), виртуалды хостинг, бұлтты БЖ жалға беру, қашықтан жүйелі әкімшілендіру, бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және сервис қызметтері кіреді.

### Телекоммуникация қызметтерінің операторлық нарығы.

2015 жылдың 10 айында нарық қатысушыларының операторлық сегментінде кірістер көлемі шамамен 95,3 млрд теңге құрады. 2015 жыл бағалауы операторлық сегмент сыйымдылығын 114,4 млрд теңге көлемінде болжады, 2014 жылмен салыстырғанда өсу 24% құрады. Бұл 4 нарық ойыншысының (TNS-Plus «КаР-Тел» ЖШС, «АСТЕЛ» АҚ, «Транстелеком» АҚ және «KazTransCom» АҚ) үлестік қатысуы және тиісінше осы арналар бойынша деректер беру трафигінің ұлғаюы арқылы жаңа телефон және кәбілдік кәріз учаскелерін, ТОВЖ магистральдық арналарын пайдалануға енгізумен байланысты.

2015 жылдағы операторлық сегмент құрылымы



Енді нарықтағы негізгі өзгерістер жаңа, салмақты нарықтық салалардың пайда болғанынан сату көлемінің өсуінен емес, көп жағдайда нарық сегменттерін ішкі жіктеу есебінен болуда. Қызметтердің балама түрлерінің кең таңдауы және лицензияланған ойыншылардың саны бойынша нарықты ырықтандыру тарифтік бәсекелестікті нығайтуға және тұрғындар мен бизнес үшін байланыс қызметтерін арзандатуға алып келді. Бұдан әрі нарықтың дамуы нарық сегменттері арасында кірістер мен абоненттердің өтуімен, сондай-ақ қалыптасқан ірі телекоммуникация холдингтері арасында нарықты шоғырландыру бағытында жүретін болады.



## САЛАНЫҢ РЕТТЕУШІ ОРТАСЫНА ШОЛУ

Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» Заңы телекоммуникация саласындағы қарым-қатынастарды реттеуші негізгі нормативтік құқықтық акті болып табылады, ол Қазақстан Республикасы аумағында байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін қалыптастырады, осы қызметті реттеу бойынша мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін, байланыс қызметтерін көрсететін немесе оларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (бұдан әрі – ҚР ИДМ БААК) телекоммуникация саласындағы уәкілетті орган болып табылады, ол инфокоммуникациялық кешенді дамыту мақсаттарында өз өкілеттігі шегінде байланыс, ақпараттандыру және ақпарат саласында тиімді мемлекеттік саясатты құруды және өткізуді жүзеге асырады.

ҚР ИДМ БААК өз өкілеттігі шегінде байланыс, ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласында қызметті мемлекеттік реттеуді, табиғи монополиялар салаларында және телекоммуникация саласындағы реттелетін нарықтарда мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеу мен бақылауды және т.б. жүзеге асырады.

2015 жылы байланыс саласында қызметтер ұсынумен байланысты, сондай-ақ Қоғам үшін реттеуші мәні бар мәселелер бойынша заңнамалық ортада елеулі өзгерістер болды.

2015 жылы қабылданған мынадай заңнамалық актілер анағұрлым елеулі актілер болып табылады:

1. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік кодексі және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы № 376-V ҚРЗ Заңы.
2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ Заңы, ол кәсіпкерлік субъектілерге мемлекеттік-жекешелік әріптестік бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік береді.
3. ҚР «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ Заңы және ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 419-V ҚРЗ Заңы.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен телекоммуникация саласы үшін негізгі «Байланыс туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді. Нормативті құқықтық актілерді бекіту бөлігінде, оның ішінде табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда реттеу және бақылау саласында уәкілетті органның құзыреті кеңейтілді. Телекоммуникация желілерінің өзара әрекеттесу тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. «Байланыс туралы» ҚР Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес енді ғимараттар мен құрылыстардың меншік иелері көрсетілетін байланыс қызметтерін ұсыну мақсатында телекоммуникациялық жабдықтарды орналастыру үшін байланыс операторларына шарт негізінде алаңдарды тең жағдайларда беруге міндетті.

Сондай-ақ «Байланыс туралы» ҚР Заңы ұялы байланыс желілерінде абоненттік нөмірді ауыстыру туралы баппен толықтырылды. Осы бапқа сәйкес абонент үшін абоненттік нөмірді ауыстыру тегін жүзеге асырылады. Абонент басқа ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы жаңа шартты жасаған кезде ол абоненттік нөмірді сақтауға және пайдалануға құқылы.

Телекоммуникация саласында мемлекеттік реттеу мынадай қызмет түрлеріне таралады:

### Табиғи монополиялар саласының қызметтері

«Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) тізбесін бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 бұйрығына сәйкес телекоммуникация саласындағы табиғи монополия қызметтеріне телефон кәрізін пайдалануға беру қызметі жатады.

### Басымды және монополиялық жағдайға ие Нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген қызметтер

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес уәкілетті орган Қоғамды реттелетін нарықтарда басымды немесе монополиялық жағдайға ие Нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне кіретін мынадай қызметтер бойынша да реттейді:

1. Жергілікті телефон байланысы қызметтерінің абоненттерін ұялы байланыс абоненттерімен қосуды ұсыну қызметтері.
2. Жергілікті телефон байланысы қызметтері.
3. Түпкілікті тұтынушылар үшін интернет желісіне қатынау қызметтері.
4. Жергілікті телефон байланысы арқылы қалааралық (аймақшілік) телефон байланысын ұсыну қызметтері.
5. Жергілікті телефон байланысы арқылы халықаралық телефон байланысын ұсыну қызметтері.
6. Тікелей желіжолдарды (желіжолдарды) жалға беру қызметтері.
7. Байланыс операторларының телекоммуникация желілерін қалааралық және халықаралық деңгейлерде қосу қызметтері.
8. Ұялы байланыс операторларының телекоммуникация желілерінен кіріс телефон трафигін өткізу қызметтері.
9. Жергілікті, қалааралық және халықаралық деңгейлерде қосылған тіркелген байланыс операторларының телекоммуникация желілерінен кіріс қалааралық, халықаралық телефон трафигін өткізу қызметтері.
10. Жергілікті және (немесе) қалааралық деңгейлерде (транзит) қосылған байланыс операторларының телекоммуникация желілерінен (-не) телекоммуникация желілері («Қазақтелеком» АҚ) арқылы қалааралық, халықаралық және ұялы телефон трафигін өткізу қызметтері.
11. Интернет желісіне бастапқы қатынау қызметтері (байланыс операторлары үшін).
12. Хабар тарату құралдарына пайдалану-техникалық күтім жасау қызметтері.
13. Телеграф байланысы қызметтері (жеке тұлғалар).
14. Телеграф байланысы қызметтері (заңды тұлғалар).
15. Қосатын байланыс операторларының IP-телефония (интернет-телефония) операторларының жабдығынан (-на) (қатынау тораптары) телефон трафигін өткізу қызметтері.
16. Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісіне қалааралық деңгейде IP-телефония (интернет-телефония) операторларының жабдығын (қатынау тораптарын) қосу қызметтері.

## Телекоммуникацияның әмбебап қызметтері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы № 451 қаулысымен бекітілген Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесіне мынадай қызмет түрлері қосылған:

1. Жергілікті телефон байланысы қызметтері.
2. Қосылу жылдамдығы кемінде 1 024 Кбит/с (2015.01.01 бастап кемінде 1 536 Кбит/с) интернетке жеке сымсыз қатынау қызметтері.
3. Қосылу жылдамдығы кемінде 1 024 Кбит/с интернет желісіне ұжымдық қатынау қызметтері.

## Күш құрылымдарына көрсетілетін қызметтер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 514 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кәбіл кәріздеріндегі арналар мен алаңдарды беру қызметтеріне бағаларды

(тарифтерді) реттеу ережесіне сәйкес уәкілетті орган бағалары реттелуге жататын Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кәбіл кәріздеріндегі арналар мен алаңдарды беру қызметтерінің тізбесіне енген мынадай қызметтердің түрлерін реттеуді жүзеге асырады:

1. Техникалық құралдарды орналастыруға қажетті алаңдарды пайдалануға беру.
2. Кәбіл кәрізі арнасында кәбіл-орынды пайдалануға беру.
3. Антенна-діңгекті құрылыстар мен тіректерде орындарды жалға беру.
4. Жерүсті аналогты және цифрлы қалааралық және аймақшілік арналарды жалға беру.
5. Жалғау желіжолдарын жалға беру.
6. Тікелей сымды жалға беру.


## КОМПАНИЯНЫҢ САЛАДАҒЫ ОРНЫ

### Қазақстанның телекоммуникация нарығындағы бәсекелестік жағдай

«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік қоғамы болып құрылғаннан бастап «Қазақтелеком» АҚ 1994 жылғы 17 маусымнан бастап телекоммуникация саласында өз қызметін жүзеге асырып келеді.

2015 жылы операторлар арасындағы нарықты бөлу мынадай болды:

Жиынтық кіріс бойынша 2015 жылы байланыс қызметтерінің ортақ нарығындағы операторлардың нарықтық үлесі



Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС

2015 жылы нарықта басым ұстанымға «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы (35,3%), «Kcell» АҚ (26,4%) және «Beeline» КТ (19,8%) ие. 9 басты топпен нарықтың шоғырлануы 98,2%-ға жетті (нарықтың шағын ойыншыларының үлесіне байланыс қызметтері кірістерінің 1,8% келеді).

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы LTE стандартында GSM ұялы байланыс және ұтқыр КЖҚ қызметтерін ұсынатын өзінің ұтқыр активі – «АЛТЕЛ» АҚ белсенді дамуы есебінен 2014 жылы 33,4%-дан бастап (нақтыланған деректер бойынша) 2015 жылы 35,3%-ға дейін нарық үлесін арттырып, өзінің көшбасшылық ұстанымын нығайтты.

Бүгінгі күні «Қазақтелеком» АҚ – тіркелген байланыс қызметтерінің нарығында сөзсіз көшбасшы және

республиканың кез келген жерінде телекоммуникация қызметтерін ұсынуға мүмкіндігі бар әрі ол басты артықшылығы болып табылатын ірі әмбебап оператор. Компания барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен ұйымдар үшін телекоммуникация қызметтерінің нарығында көшбасшылық ұстанымға ие.

Негізгі телекоммуникация қызметтері бойынша «Қазақтелеком» АҚ КТ нарығының үлесі (абоненттер), 2015

Қызметтер	«Қазақтелеком» АҚ КТ үлесі
Тіркелген телефония	93,3%
Ұялы байланыс	11% <sup>1</sup>
Тіркелген КЖҚ	72,7%
Ақылы ТВ	24,6%

<sup>1</sup> «Қазақтелеком» АҚ еншілес компаниясы – «АЛТЕЛ» АҚ нарығының үлесі

Тіркелген байланыс түрлері нарығында «Қазақтелеком» АҚ көшбасшы болып қалды. Осы нарықта көшбасшылық ұстанымды сақтау үшін Қоғам клиенттердің заманауи телекоммуникация өнімдеріне деген қажеттілігін барынша қанағаттандыратын коммерциялық ұсыныстарды іске асыруға, тарифтік қатарды оңтайландыруға, сондай-ақ байланыс қызметтерінің сапасын және қызмет көрсету тиімділігін одан әрі көтеруге бағытталған шараларды қабылдады.


2015 жылы тіркелген телефон байланысы абоненттерінің арасында «Қазақтелеком» АҚ абоненттерінің үлесі 3 878 584 желіжол немесе телефонияның барлық абоненттік базасының 93,3% құрайды.

**ИНТЕРНЕТКЕ ТІРКЕЛГЕН КЖҚ СЕГМЕНТІНДЕ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ 75% КІРІСТЕР БОЙЫНША НАРЫҚ ҮЛЕСІМЕН КӨШБАСШЫЛЫҚ ҰСТАНЫМДЫ САҚТАЙДЫ.**



«Қазақтелеком» АҚ интернетке тіркелген КЖҚ абоненттерінің үлесі 1 502 632 абонент немесе Қазақстандағы барлық белсенді абоненттік базаның 72,7% құрайды.

2015 жылғы тіркелген КЖҚ нарығының үлесі ақшалай түрде




Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС

2015 жылы байланыс арналары бойынша деректер беру нарығы 26,6 млрд теңге құрады. Нарықта 74% үлеспен «Қазақтелеком» АҚ көшбасшы, екінші орында «KazTransCom» АҚ – 20%, «Транстелеком» АҚ үлесіне 6%-дан келеді.

Нарықтың операторлық сегментінде де «Қазақтелеком» АҚ КТ 59% нарық үлесімен (интерконнектіні есепке алмағанда) көшбасшылық орында. Есепті жылы кірістер бойынша бұл сегмент аздап өсуді көрсетті – 4,9%. Операторлық сегментте «Қазақтелеком» АҚ кірістер өсімі Қорғас бағыты бойынша ТӨБЖ пайдалану кірістеріне ірі бәсекелестердің қол жеткізуінің басталуына байланысты операторлық сегмент нарығының жалпы өсімінен қалыс болды.

2015 жылы байланыс операторларына ұсынылатын қызметтер нарығының көлемі (интерконнектіні есепке алмағанда) 54,70 млрд теңге құрады, яғни 2014 жылдың көрсеткішінен 20% жоғары.

2015 жылы операторлық қызметтер нарығындағы (интерконнектіні есепке алмағанда) қатысушылар арасындағы үлес



Дереккөзі: «Just smart solutions» ЖШС

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ тобының ең тез дамып келе жатқан бизнес түрі ұтқыр байланыс болды – 2014 жылмен салыстырғанда кірістер 77,8%. Жалпы абоненттік базада Топ үлесі 2014 жылы 4,58%-дан 2015 жылы 10,7%-ға дейін өсті.

Ұтқыр байланыс нарығындағы белсенді дамуға LTE қызметінің икемді тарифтік саясатының, 4G насихаттау акцияларының арқасында қол жеткізілді, бұл факторлар Топтың еншілес компаниясы – «АЛТЕЛ» АҚ абоненттерінің тез өсуіне мүмкіндік берді.

## Компания қызметіне мемлекеттің ықпалы

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметінде ең алдымен Қазақстан Республикасының мынадай негізгі заңнамалық актілерін басшылыққа алады:

1. «Байланыс туралы» Заң.
2. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заң.
3. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң.
4. Кәсіпкерлік кодекс.

Бұл ретте Қоғам байланыс қызметтерін көрсету, тарифтер бекіту, байланыс операторының, қызметтер тұтынушыларының және мемлекеттің құқықтары мен міндеттемелерін, сондай-ақ телекоммуникация саласындағы өзге де мәселелерді реттейтін бірқатар заң аясындағы нормативті құқықтық актілердің реттеуіне түседі.

Қоғамның қызметі мемлекет тарапынан реттеледі және уәкілетті орган ҚР ИДМ БААК бақылауында болады. Сондай-ақ ҚР ИДМ БААК телекоммуникация саласында да табиғи монополиялар бойынша уәкілетті орган болып табылады. Бұл ретте Қоғамды табиғи монополия субъектісі ретінде оның қызметін бақылауды және реттеуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қоғамға қатысты бәсекелестікті қорғау жағынан өз өкілеттіктерін жүзеге асырады.

«Қазақтелеком» АҚ Табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тізілімінің республикалық бөліміне, реттелетін нарықтарда басымды немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне кіреді, сондай-ақ «әмбебап қызметтердің» операторы болып табылады. Табиғи монополия субъектілері қызметтерінің, басымды немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тізіліміне қосылған реттелетін телекоммуникация қызметтерінің, телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің және күш құрылымдарына көрсетілетін қызметтердің тарифтері міндетті мемлекеттік реттеуге жатады және оларды байланыс саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Телекоммуникация нарығындағы өзгерістер және жаңа байланыс операторларының пайда болуы ҚР салалық заңнамасында өзгерістер болуға түрткі болады. Атап айтқанда, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №186 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтер тізбесіне өзгерістер енгізу нәтижесінде табиғи монополия саласында Қоғам ұсынатын реттелетін қызметтер түрінің саны 2015 жылы үш түрден бір түрге қысқарды: телефон кәрізін пайдалануға беру.

Сондай-ақ 2015 жылы ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы №171 бұйрығымен телефон байланысы қызметтерін, ұялы байланыс қызметтерін, сондай-ақ интернет желісіне қатынау қызметтерін ұсыну тәртібін анықтайтын «Байланыс қызметтерін көрсету қағидалары» бекітілді.

Байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды пайдалану жағынан да Қоғам қызметін мемлекеттік басқару органдары реттейді.

Сонымен қатар жаңа қызметтер енгізу, компанияның телекоммуникация желісін әрі қарай жаңғырту аясында жұмыстар жүргізу барысында компанияға мемлекеттік органдармен радиожилілік спектрін, нөмірлеме ресурсын пайдалануға рұқсаттармен байланысты мәселелерді

келісу талап етіледі. Осы мақсатта Қоғам ҚР радиожилік спектрін пайдалану бойынша рұқсаттама құжаттарын ресімдеу, сондай-ақ нөмірлеме ресурстарын пайдалануға уәкілетті органның рұқсатын алу үшін жұмыстар жүргізеді **elicense.kz** мемлекеттік порталында Қоғам тиісті өтінім жасайды. Өтінімді уәкілетті орган 30 күнтізбелік күн ішінде қарайды және ол аяқталған бойда тиісті шешім шығарылады (ҚР ИДМ БААК бұйрығы).

## Телекоммуникация саласындағы мемлекеттік кепілдіктер мен субсидиялар

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында телекоммуникацияның шығыны көп әмбебап қызметтерін субсидиялау құрылымы қарастырылған. Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» Заңына сәйкес әмбебап телекоммуникация қызметтері – уәкілетті орган әзірлейтін және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін телекоммуникация қызметтерінің ең аз тізбесі, оларды кез келген елді мекенде байланыс қызметтерінің кез келген пайдаланушысына көзделген мерзімде белгіленген

сапада және осы қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін баға деңгейінде көрсету әмбебап қызмет көрсету операторлары үшін міндетті болып табылады.

Жыл сайын байланыс саласындағы уәкілетті орган конкурстық негізде әмбебап қызмет көрсету операторын белгілейді. Ауылдық жерде телекоммуникация қызметтерін дамыту экономикалық жағынан тартымды болмауын және әмбебап қызмет көрсетуші операторды анықтау конкурсына басқа операторлардың қатыспайтындығын назарға ала отырып, бұл міндеттемелер басымды байланыс операторы ретінде Қоғамға жүктеледі.

Телекоммуникацияның шығыны көп әмбебап қызметтерін субсидиялаудың қолданыстағы құрылымы шеңберінде Қоғам жыл сайын ҚР республикалық бюджетінде осы мақсатқа көзделген қаражаттан субсидия алады.

2015 жылдың республикалық бюджетінде осы мақсатқа көзделген 7,01 млрд теңге сомасындағы субсидияны Қоғам толық көлемде игерді.

## КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-ПОРТФЕЛІ

*«Әлемде бір ғана шынайы нәрсе бар,  
ол – өсу құштарлығы»*

*Пьер Тейяр де Шарден*

«Қазақтелеком» АҚ телекоммуникация нарығындағы өсуіне конвергентті тіркелген және ұтқыр қатынасу, сондай-ақ контент және қосымшалар арқылы заманауи қызметтер үлесін ұлғаю жағына қарай өзгерту негіз болып табылады.

Қоғам дәстүрлі қызметтер негізінде қызметтердің жаңа түрлері мен топтамаларын белсенді түрде әзірлеп енгізуде. Қызметтерді топтамалау абонент үшін қажетті қызметтердің кең көлемін пайдалану қолайлылығы есебінен олардың тартымдылығын арттырады. 2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру аясында халыққа және кәсіпорындарға үй және кеңсеге арналған инновациялық жоғары технологиялы телекоммуникация шешімдерін ұсыну жұмысы жалғасын тапты.

«Қазақтелеком» АҚ бизнес-портфелі еліміздің барлық өңірінде және одан тыс жерлерде ұсынылатын телекоммуникация қызметтерінің толық шоғырынан тұрады.

### Жаңа қызметтер

Байланыс арқылы адамдардың қарым-қатынасын ынталандыра отырып, заманауи телекоммуникация құралдары Қазақстанның әлеуметтік ынтымақтастығын, мәдени және экономикалық дамуы үшін қажетті шарт болып табылады. Көрсетілетін қызметтер тізбесі үнемі кеңейтіліп, ал олардың сапасы арттырылып отырады.

«Қазақтелеком» АҚ абоненттердің ARPU және кірісін ұлғайту мақсатында жаңа қызмет түрлерін әзірлеу және қолданыстағыларын жаңғырту бойынша үлкен жұмыс жүргізіледі.

Енгізілген жаңа қызметтер тізімін Қауіпсіз интернет (Ата-ана бақылауы), DDoS-шабуылдардан қорғау, Виртуалды Firewall, Кейінге қалдырылған төлем, БКМ (ФДО), FMS топтамалары, Megogo фильмдер бейнежинағымен iD TV Online топтамалары секілді қызметтер толықтырды.

Жалпы алғанда, «Қазақтелеком» АҚ конвергентті өнімдер, Бұлтты қызметтер, Ақылы ТВ қызметтері, M2M секілді бағыттарда жаңа қызметтерді дамытады.

## КЖҚ базасында енгізілетін жаңа қызметтер мынадай 7 негізгі бағыттан тұрады:

### КОНВЕРГЕНТТІ ӨНІМДЕР

- FMS өнімдері
- iD Net Wireless
- Ұтқыр офис
- FMC

### МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ

#### БҰЛТТЫ ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ IT-АУТСОРСИНГ

- Microsoft өнімдері
- Деректерді сақтау жүйесі
- Жекеменшік бұлтты орта
- Баспа сервисі
- Бұлтты вебинар
- IP KVM switch серверіне қашықтан қатынау
- Dynamic cloud server
- ДӨО қорғау жүйесі

### АҚЫЛЫ ТВ ҚЫЗМЕТТЕРІ

- iD TV Online
- HD
- Smart TV
- Фильмдер бейнежинағы

### M2M

- Фискалды деректер операторы (ФДО)
- Авария және апат кезінде шұғыл шақыру (ААШШ)
- GPS-мониторинг
- Бейнебақылау (Қауіпсіз аула)
- Ақылды үй

### LLT – ТРАНЗИТ ҚЫЗМЕТІ

#### КЖҚ ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕРІ

- Қауіпсіз интернет (Ата-ана бақылауы)
- DDoS-шабуылдардан қорғау
- Виртуалды Firewall
- Кейінге қалдырылған төлем

## Топтамалық шешімдер

Телекоммуникация нарығының даму үрдісіне және байланыс қызметтерін пайдаланушылардың қалауларының өзгеруіне орай «Қазақтелеком» АҚ топтамалық шешімдерді дамытуға басты назар аударып отыр. Осы мақсатта Қоғам нарыққа топтамалық шешімдер шығарып, тіркелген және ұтқыр байланыс абоненттеріне қызметтердің конвергентті топтамаларын ұсынауда.

«Қазақтелеком» АҚ конвергентті топтамаларының қазақстандық нарықта баламасы жоқ және «Megaline»/«iD Net» және «ALTEL 4G» брендiмен ұтқыр және тіркелген телефония, интернет желісіне кеңжолақты қатынау (бұдан әрі – КЖҚ) – телекоммуникация қызметтерінің толық шоғырынан тұрады.


**FMS өнімдері** – «Қазақтелеком» АҚ қызметтері (тіркелген телефония, SIP-платформасы базасындағы қызметтер, КЖҚ, «Азия Селл» ЖШС кәбiлді телевидение қызметтері, «Alacast» ЖШС цифрлы телевидение қызметтері) және Әріптестің ұтқыр байланыс қызметтері (ұтқыр телефония, ұтқыр КЖҚ, қосымша қызметтер) кіретін қызметтер топтамасы.

2015 жылғы қазандағы «Отбасылық шешім» тіркелген және ұтқыр байланыс топтамаларының іске қосылуы «Қазақтелеком» АҚ конвергентті өнімдерінің әрі қарай даму нәтижесі болып табылады. Осылайша қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ FMS өнімдерінің екі қатары – «Әмбебап нөмір» және «Отбасылық шешім» қызметтері топтамалары әзірленіп, іске асырылуда. Бұл топтамалардың абоненттер үшін тартымдылығы оның үнемділігі мен пайдаланудағы қолайлылығында болып отыр.

Қоғам «Double» және «Triple Play» тұжырымдамалары бойынша топтамалардың өтімділігін белсенді түрде арттырып келеді. «Double Play» топтамалық ұсыныстары КЖҚ мен телефония не КЖҚ мен ақылы телевидение қызметтерін қамтиды. Топтамалар нарықта «Megaline» және «iD Net» брендтерімен ұсынылған. «Triple Play» топтамалық ұсыныстары «iD Home» брендiмен КЖҚ, ақылы ТВ және телефония базасындағы қызметтерді қамтиды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша қызметтер топтамасына қосылған, соның ішінде КЖҚ мен дәстүрлі телефония базасында, абоненттердің клиенттік базасы 1 288,6 мың бірлікті құрады.

2013–2015 жылдары топтамалық ұсыныстарға қосылған абоненттер санының динамикасы



## Компанияның негізгі қызметтері


**Интернет желісіне қатынау және деректер беру қызметтері**

**iD Net, Megaline – интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтері**

«Қазақтелеком» АҚ алғаш рет 2005 жылы жеке тұлғалардың жаппай нарығына «Megaline» брендiмен интернетке кеңжолақты қатынау қызметін шығарды. 2010 жылға қарай Қазақстанның барлық облыстық қалалары мен ірі қалаларында «iD Net» брендiмен FTTx жаңа жоғары жылдамдықты технология бойынша интернетке қатынау қызметі іске қосылды, қызметті жеке және заңды тұлғалар пайдаланады.

10 жыл ішінде КЖҚ клиенттік базасы 6 мың абоненттен 1 502,6 мың абонентке дейін 250 еседен аса өсті. Бүгінгі күнде «iD Net» брендiмен интернетке қатынау қызметі ҚР облыс орталықтары мен ірі қалаларында ұсынылады.

2013–2015 жылдардағы тіркелген КЖҚ абоненттерінің болуы, мың порт



«Қазақтелеком» АҚ өз абоненттеріне сымсыз шешімдер базасында мынадай қызметтер ұсынады:

- WLL CDMA EVDO
- қоғамдық жерлерде Wi-Fi бойынша интернетке қатынау

«Megaline EVDO» брендiмен WLL CDMA/EVDO базасындағы КЖҚ қызметі тіркелген КЖҚ ұсыну мүмкіндігі жоқ ауыл тұрғындарына интернет ресурстарын пайдалану мүмкіндігін ұсыну мақсатында шығарылды.

Ірі корпоративтік клиенттер үшін Қоғам цифрлы және дауыс трафигін, мультимедиа деректерін (бейнетрансляция және бейнеконференция), сондай-ақ барлық қолданылатын деректер берудің желілік протоколдарын қолдауды қоса алғанда, байланыс қызметтерінің толық топтамасын ұсынады.

2015 жылдың қорытындысы бойынша ҚР бойынша және одан тыс жерде «Қазақтелеком» АҚ IP VPN қызметі арқылы 20 мыңнан аса орын корпоративтік желілерге қосылған.

## Инфокоммуникациялық қызметтер

«Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы **инфо-коммуникациялық қызметтерді** енгізуді және дамытуды жалғастыруда.

Қоғам ТМД ең ірі Деректерді өңдеу орталығы қызметін қамтамасыз етеді. Республикада «Қазақтелеком» АҚ 14 объекіден тұратын data-орталықтар желісі бар, оның базасында виртуалды хостинг, VPS, Colocation, Dedicated, бейнеконференцбайланыс жүйесі, Microsoft Hosted Exchange және Microsoft Hosted SharePoint қызметтері ұсынылады.

## Ақылы телевидение

2015 жылы Қоғам тапсырыспен және жазылым бойынша бейне, **караоке**, **HD – телеарналар топтамасы мен Онлайн-қатынау (iD TV Online)** қоса алғанда, **iD TV** цифрлы телевидение қызметтерін дамытып, өтімділігін арттыру жұмыстарын жалғастырды.

**HD-хабар тарату** Full HD форматында жоғары кескін сапасындағы телеарналардың топтамасы болып табылады. Телеарналардың HD-топтамалары құрылымы пайдаланушыларға олардың жеке таңдаулары мен қажеттіліктеріне қарай телеарналардың стандартты немесе премиалды жинағын таңдауға мүмкіндік береді. «Базалық HD» топтамасы HD сападағы 10 арнаға қатынауды ұсынады. «Viasat Premium HD» топтамасы 5 арнаға қатынауды ұсынады.


**«iD TV» (iD TV Online) қызметіне онлайн-қатынау** – Set Top Box жабдығын пайдаланбай, «Қазақтелеком» АҚ деректер беру кеңжамақты желісіне қосылған (соның ішінде Wi-Fi сымсыз технологиясы арқылы) түрлі мультимедиялық құрылғыларда (ДК, планшет, смартфон, media box, smart TV) телевизия арналары мен бейне-контентті қарауға мүмкіндік беретін қосымша сервис. Қызметтегі арналар саны 72 арна, сонымен қатар пайдаланушыларға Megogo (6 000-нан аса) және Amedia (танымал сериалдар) компанияларының фильмдері жинағына қатынау ұсынылады.

**Тапсырыспен және жазылым бойынша бейне** – бұл тұрақты түрде жаңартылып отыратын қызметтер бейнекаталогынан кез келген фильм немесе бағдарламаға тапсырыс беру және көрудің бірегей мүмкіндігі. Пайдаланушы қарау үшін қажетті эпизодты таңдап алып, қажетінше көруді тоқтатып және сатып алған сәттен бастап 24-72 сағат ішінде өзіне қолайлы уақытта көруін жалғастыра алады. Жазылу бойынша бейне көру **Amediateka** (50-ден астам сериалдан тұратын рейтингті болып табылатын HBO, Netflix, FOX және да басқалар), **Қазақстандық** (танымал қазақстандық шоулар, фильмдер мен сериалдар) сияқты топтамалармен ұсынылған.

**«Караоке» қызметі** – «iD TV» қосымша сервисі, 3 000 әннен тұратын жинаққа қатынауды ұсынады.

«Батыс», «Шығыс», «Оңтүстік», «Солтүстік» **өңірлік топтамалары** – абоненттерге қолайлы болу үшін өңірлік арналар дербес топтамаларға енгізілді.


2013–2015 жылдар аралығындағы ақылы телевидение орындарының болуы



## Дәстүрлі қызметтер

**Жергілікті телефон байланысы.** «Қазақтелеком» АҚ 20 жылдан бері жергілікті телекоммуникация желісі қызметтерін ұсынып келеді. 2009 жылы біздің Компания нарыққа «iD Phone» брендімен виртуалды офистік телефония қызметін шығарды. Компания CDMA технологиясы базасында шалғайдағы өңірлерде телефония қызметін ұсынады.

2013–2015 жылдар кезеңінде тіркелген байланыс абоненттерінің болуы, мың



**Қалааралық және халықаралық телефон байланысы.** «Қазақтелеком» АҚ өз абоненттеріне қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерін ұсынады. Әр абонент Қазақстанда, сондай-ақ ТМД мен алыс шетелдерде түрлі бағыттарда осы байланыс түрін пайдалана алады.

«Қазақтелеком» АҚ абоненттердің географиялық орнына қарамастан, туыс-жақындарымен, әріптестерімен және серіктестерімен байланысу мүмкіндіктерін арттыру мақсатында тарифтерді төмендету және биллинг жүйесін жетілдіру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдап келеді.

«Қазақтелеком» АҚ **зияткерлік қызметтері** – заңды тұлғалар үшін әмбебап шешім, ол телефон арқылы автоматты немесе жартылай автоматты режимде кез келген ақпаратты жинауға немесе ұсынуға, сондай-ақ өз клиенттерін тегін шақыру, ақылы ақпараттық қызмет, теледауыс беру сияқты қосымша сервистермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Байланыс операторларына көрсетілетін қызметтер.** «Қазақтелеком» АҚ операторлық сегментте қызметтерді ҚР қолданыстағы заңнама нормалары мен өзара тиімді серіктестік қағидаттарын қатаң сақтай отырып ұсынады. Компания бәсекелестік артықшылықтары факторларын – операторлардың желілерін қосуға және трафиктің барлық түрлерін өткізуге қажетті ресурстардың болуын, операторлар мен олардың абоненттеріне сапалы әрі сенімді сервисті қамтамасыз ететін өткізу мүмкіндігі жоғары ең жаңа цифрлы жабдықта салынған тарамдалған телекоммуникация желісін сақтауға және дамытуға ұмтылады.

**Аталған сегменттегі қызметтердің негізгі санаттары:**

- ҚР ISP-провайдерлеріне интернет желісіне қатынауды ұйымдастыру;
- тұтынушыларға қалааралық және халықаралық цифрлы байланыс арналарын жалға беру.

Соңғы жылдар ішінде «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы жыл сайын тарифтерді төмендету және сенімділік пен сапаны жетілдіре отырып, ҚР ISP-провайдерлері үшін интернет желісіне қатынау және магистральдық байланыс арналарын жалға беру қызметтерінің бәсекеге қабілетін қамтамасыз ету бойынша үнемі қадамдар қабылдауда.



## 2015 жылдың жаңалықтары

Қазақстандағы телекоммуникация қызметтері нарығында қатаң бәсекелестік, ұтқыр байланыстың жоғары дәрежеде енгізілуі, сондай-ақ клиенттердің көрсетілетін қызметтерге талабының артуы жағдайында «Қазақтелеком» АҚ алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі клиенттердің кетуінің алдын алу болып табылады.

Кетуді төмендету мақсатында филиалдарда 2015 жылы абоненттердің кетуімен жұмыс жөнінде мамандар бірліктері енгізілді. Реактивті кетуді басқару тәртіптемесі әзірленіп, тарифтердің Save Desk бақылау жүйесі, сондай-ақ абоненттердің кетуімен жұмыс мамандарын уәждемелеу жүйесі (CPOA 1 – еңбек төлемінің кесімді нысаны; CPOA 2 – кесімді-сыйақылық) енгізілді.

2016 жылы бұл бағытта жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Телекоммуникацияның жаңа қызметтері түрлерін енгізумен қатар, «Қазақтелеком» АҚ дамудың негізгі қозғаушы күші көрсетілетін телекоммуникация қызметтерінің сапасын арттыру болып табылады.

2015 жылғы шілдеде филиалдарда клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру аясында клиенттерге қызмет көрсету сапасын бағалауға, «жалған» баға қоюды бақылау, сондай-ақ клиенттердің «Қазақтелеком» АҚ қызметтеріне ниеттестігін бағалауға мүмкіндік беретін CRM Sensor клиенттерді бағалау жүйесі енгізілді (жүйені іске қосудың басталған сәтімен салыстырғанда есепті жыл аяғына NPS 68,6-ден 89,4% өсіп, қызмет көрсету сапасы 4,8-ден 5 балға дейін артты).

Корпоративтік сайтта клиенттер адалдығын бағалау мүмкіндігі енгізіліп, «NPS тұтынушы адалдығы индексі» интегралды көрсеткішін есептеу әдістемесі әзірленді.

## ■ ҰТҚЫР СЕГМЕНТТІ ДАМУ

*30 жылға жетпейтін уақыт ішінде ұтқыр сегменттің технологияларында таң қаларлық серпіліс жасалды, абонент енді географиялық орналасқан жеріне тәуелді емес және қай жерде орналасқанына қарамастан, жоғары сапалы телекоммуникация қызметтерін пайдалана алады.*

Республиканың барлық басты инфокоммуникациялық нарықтарында, оның ішінде ұтқыр байланыс нарығында көшбасшы позицияларын нығайту «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы дамуының маңызды бағыты болып табылады.

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ 100% еншілес компаниясы «АЛТЕЛ» АҚ-мен (бұдан әрі – Компания) бірге «ALTEL 4G:GSM» белгісімен Қазақстан Республикасы аумағын төртінші буын LTE стандартындағы ұтқыр байланыс желісімен қамтамасыз ету жобасын іске асыруды жалғастырды.

**2015 ЖЫЛ «АЛТЕЛ» АҚ ҮШІН ӨНІМДІ ЖЫЛ БОЛДЫ, КОМПАНИЯ БЕЛСЕНДІ АБОНЕНТТЕР САНЫ МЕН КІРІСТІ ЕКІ ЕСЕГЕ АРТТЫРДЫ. НАРЫҚҚА КӨЛЕМІ МЕН МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БІРЕГЕЙ ҚЫЗМЕТТЕР ТОПТАМАЛАРЫ ШЫҒАРЫЛДЫ ЖӘНЕ ОЛАР LTE/GSM/UMTS МУЛЬТИТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕЛІСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ БАРЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫН ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ СЕЗІНУГЕ МҮМКІНДІК БЕРДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР 2016 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП MNP ҚЫЗМЕТІН ІСКЕ ҚОСУ ҮШІН ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ.**

## LTE/GSM /UMTS ЖЕЛІСІМЕН ҚАМТУ

### 2012 – 2013 жылдар

- **Астана, Алматы қалалары және 6 облыс орталығы:** Алматы, Астана және қала маңдары, сондай-ақ Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Өскемен, Шымкент;
- **8 облыс орталығы:** пилоттық-коммерциялық аймақтар тарамдалды.

### 2014 жыл

- **8 облыс орталығы:** Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Талдықорған, Тараз, Орал және осы қалалардың маңы;
- **Тұрғындар саны 50 мыңнан асатын 12 елді мекен:** Балқаш, Жаңаөзен, Жезқазған, Кентау, Құлсары, Риддер, Рудный, Сәтпаев, Семей, Теміртау, Түркістан, Екібастұз және олардың маңдары.

### 2015 жыл

- **81 аудан орталығы** LTE/GSM/UMTS желісімен қосымша 464 елді мекен қамтылды.

### 2015 жылдың соңындағы LTE/GSM/UMTS желісі:

- 4G+3G+2G алғашқы мультитехнологиялық конвергентті желісі;
- Қазақстан аумағында 664 елді мекен желімен қамтылды;
- LTE/GSM/UMTS желісіне 3 119 базалық стансы кіреді;
- тұрғындарды LTE/GSM/UMTS желісімен қамту 65,5% құрады;
- Астана, Алматы қалалары, 14 облыс орталығы мен қала маңдары, сондай-ақ 81 аудан орталығы LTE/GSM/UMTS желісімен қамтылды;
- белсенді абоненттер саны 2,6 млн артық.

2016–2017 жылдары 80 аудан орталығында LTE/GSM/UMTS желісін одан әрі кеңейту және салу жоспарлануда.

«АЛТЕЛ» АҚ желісі мен «Қазақтелеком» АҚ желілерін конвергентті дамыту жүргізілуде және бірлескен қызметтер көрсетілуде (iD Net Wireless, бірлескен топтамалар).


### «Қазақтелеком» АҚ FTTH жобасы мен LTE желісін салу жобасының синергиясы:

- FTTH желісінің жоғары өткізу мүмкіндігі LTE желісінде жоғары жылдамдықты қамтамасыз етуге жол ашты;
- FTTH желісінің кең тарамдалуы өңірлерде LTE желісін тез арада дамытуға мүмкіндік берді;
- ҚР-да ең көп тарамдалған «Қазақтелеком» АҚ оптикалық тасымалдау желісінің базасында құрылған LTE желісінің бірегей өткізу мүмкіндігіне қол жеткізілді.

«АЛТЕЛ» 4G/LTE – жылдамдық, байланыс сапасы, ыңғайлы қарым-қатынас деген инновациялық ұғымдарға ие бірегей технология, бұл технологияны республиканың он мыңдаған тұрғыны қолданады.

### «АЛТЕЛ» АҚ 2015 жылы Қазақстанның телекоммуникация нарығындағы позициясы


2015 жылы белсенді жүргізілген маркетингтік іс-шаралар LTE/GSM/UMTS желісіне абоненттерді тартуға және абоненттік база бойынша жоспарды орындауға бағытталды.



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің жедел деректері бойынша 2015 жылы Қазақстанның ұтқыр байланыс нарығындағы абоненттердің өсімі 2014 жылмен салыстырғанда 12% құраса, «АЛТЕЛ» АҚ өсімі 107% болды, осылайша Компанияның айқын маркетингтік саясат жүргізу негізінде нарық әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік туып, абоненттік база 2 есе артты.

Абоненттік базаның сенімді өсуі қатаң баға бәсекелестігі мен нарықтың толығы жағдайларында жүргеніне назар аудару қажет, 2015 жылдың қорытындылары бойынша кірігу деңгейі 180% құрады.

### ҚР ұялы байланыстың кірігуі





«Жаңа нәрселерге ұмтылысың артқан сайын, алар асуың да биіктейді»

*Сергей Брин*




**КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНІҢ**  
**ҚҰРЫЛЫМЫ:**  
еншілес ұйымдар



## КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ: ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ НАРЫҒЫНЫҢ БАСТЫ СЕГМЕНТТЕРІНЕ ҚАТЫСА ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРА КЕЛЕ, «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ОТЫР.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ: 31.12.2015 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР



«Қазақтелеком» АҚ трансформациясының 4 стратегиялық бастамасының біреуін іске асыру шеңберінде – «Қазақтелеком» АҚ тиімді бизнес-моделін құру – 2015 жылы еншілес ұйымдарды қайта құрылымдау бойынша жұмыс жалғасын тапты:

- «НҰРСАТ» АҚ ықпалдасу жоспарына сәйкес «НҰРСАТ» АҚ желілері мен қызметтерін оңтайландыру бойынша іс-шаралар өткізілді, «НҰРСАТ» АҚ еншілес компаниясы – «Info-Net Wireless» ЖШС 100% қатысу үлесін сатып алу, сондай-ақ мемлекеттен 20% акция сатып алу жүзеге асырылды;
- «АЛТЕЛ» АҚ еншілес компаниясы – «MaxCom» ЖШС 100% қатысу үлесін сатып алу жүзеге асырылды;
- Бизнес-модельді жаңғырту бағдарламасы шеңберінде «KT Cloud Lab» ЖШС базасында АТ саласындағы қолдаушы функцияларды орталықтандыру жүзеге асырылды, қызметтерді көрсетумен «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының АТ қызмет көрсетудің жалпы орталығы айналысады;
- «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС «АЛТЕЛ» АҚ LTE/GSM/UMTS мультисервистік желісінің жабдығына және құрылғыларына техникалық қызмет көрсету бойынша «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлескен жұмыстың шеңберінде «АЛТЕЛ» АҚ телекоммуникация құрылғыларына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыра отырып, сервистік функциялар саласын кеңейтті.

**«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ  
ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
БАСТАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ  
ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ ҰТҚЫР СЕГМЕНТТЕ  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ЖОБАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ БАСТЫ НАЗАРҒА  
АЛЫНДЫ – ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛҒАН  
ОПЕРАТОРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.**

2015 жылдың қараша айында «Қазақтелеком» АҚ және Tele2 Group арасында «АЛТЕЛ» АҚ («ALTEL 4G» бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС («Tele2» бренді) бизнестерінің негізінде ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру туралы мәміле жасалды. Ұтқыр байланыс сегментіндегі «Қазақтелеком» АҚ және Tele2 Group арасындағы серіктестік тараптардың қазақстандық нарықта үшінші мықты ойыншыны құруға деген стратегиялық мүдделеріне сәйкес келеді. Бұл Қазақстанның ұтқыр байланыс нарығында екі компанияның ұстанымын нығайтады және желімен қамтуды кеңейту, 4G/LTE сынды алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану және көрсетілетін қызметтердің спектрін ұлғайту есебінен ұтқыр қызметтердің тұтынушыларына жаңа мүмкіндіктер береді. Мәмілені жасау кезінде жаңа оператордың тіркелген абоненттік базасы (мәміленің соңғы шарттарын орындағаннан кейін) 7 млн абоненттен асады, яғни кемінде 20% жоғары нарық үлесіне сәйкес келеді.



## ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУ (GSM, LTE, CDMA, EVDO)

«АЛТЕЛ» АҚ – «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ  
КОМПАНИЯЛАРЫ ТОБЫНЫҢ ҰТҚЫР  
БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ.

«ALTEL 4G:GSM» МАРКАСЫМЕН  
«2012-2021 Ж.Ж. ҚР АУМАҒЫНДА  
LTE/GSM/UMTS ЖЕЛІЛЕРІН ЕНГІЗУ»  
ІРІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН  
«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ-МЕН БІРЛЕСІП  
ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ БІР УАҚЫТТА  
4G/3G/2G ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН  
ҚОЛДАЙТЫН КОНВЕРГЕНТТІ  
МУЛЬТИТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖЕЛІНІ ЕНГІЗЕДІ.


2015 жылдың қорытындылары:

- жылдың соңында GSM қызметі бойынша «АЛТЕЛ» АҚ белсенді абоненттік базасы 2014 жылмен салыстырғанда 3,8 есеге өсті;
- 2015 жылдың қорытындысы бойынша 42,2 млрд теңге көлемінде кіріс алынды, 2014 жылмен салыстырғанда кірістер өсімі 113% құрады.


2016 жылға қойылатын міндеттер:

- «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен бірлескен кәсіпорынның шеңберінде қызметті жүзеге асыру;
- аудан орталықтарын қамти отырып, LTE/GSM/UMTS желісін одан әрі кеңейту және салу;
- абоненттік базаны өсіру;
- «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлескен қызметтерді дамыту.

«АЛТЕЛ» АҚ абоненттері (мың бірл.)



«АЛТЕЛ» АҚ кірістері (млрд теңге)



## КОРПОРАТИВТІК ИНФОКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

### «KT Cloud Lab» ЖШС негізгі қызмет бағыттары:

- «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының республикалық байланысу орталығы;
- «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА-да деректерді өңдеу орталығы;
- «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының ортақ ИТ-қызмет көрсету орталығы.

Компания коммерциялық қызмет көрсетуге арналған технологиялық базаға ие:

1. Алматы қаласында ИТП АЭА TIER II класындағы инфокоммуникациялық орталық. Инфокоммуникациялық орталық базасында жабдықты орналастыру, виртуалдық серверлерді жалдау, электрондық құжат айналымының бұлтты жүйесі және т.б.
2. «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының бірыңғай республикалық байланысу орталығы (РБО), Астана, Алматы және Қарағанды қалаларында 3 өңірлік алаңы бар. Алаңдардың географиялық бөлінісі олардың толық резервтелуін, жүктеменің динамикалық бөлінуін және сенімділігін қамтамасыз етеді. Республикалық байланысу орталығы базасында «Қазақтелеком» АҚ абоненттері мен ұялы операторлар үшін ақпараттық-анықтамалық қызметтер, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, «Каспий банк» АҚ, «АЛТЕЛ» АҚ, «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ және басқа клиенттер үшін электрондық сатып алу порталы үшін аутсорсингтік байланысу орталығы қызметтері көрсетіледі.


### 2015 жылдың қорытындылары:

- 2015 жылдың қорытындылары бойынша 2 451 242 мың теңге көлемінде кіріс алынды, 2014 жылмен салыстырғанда кірістің өсімі 13% құрады;
- компания ИТП АЭА «Үздік инновациялық кәсіпорын» атағына ие болды;
- «Өрлеу» трансформация бағдарламасы аясында «KT Cloud Lab» ЖШС базасында «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының ортақ ИТ қызмет көрсету орталығы құрылды: Ортақ орталықтың ресурстарын топтастыру жүзеге асырылды, Қазақстанның барлық аумағында жұмыс ұйымдастырылды, Қоғам үшін қызмет көрсету басталды (20-дан аса қала).

### 2016 жылға қойылатын міндеттер:

- ИТП АЭА Деректерді өңдеу орталығының қызметтерін сатуды жалғастыру;
- аутсорсингтік байланысу орталықтарының жаңа жобаларын іске асыру;
- жаңа өнімдерді, қызметтер мен бұлтты сервистерді дамыту және енгізу;
- ИТ қызметтердің Ортақ орталығының құзыреттілігін арттыру.

«KT CL» ЖШС қызметтерін сатудан түсетін кіріс (млрд теңге)



# ВОСТОКТЕЛЕКОМ

## CDMA-450 СТАНДАРТЫ НЕГІЗІНДЕ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ТЕЛЕФОНДАНДЫРУ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ

Компанияның қызметі «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлескен жоба аясында базалық стансыларды салу және іске қосу арқылы CDMA/EVDO-450 радиоқатынау желісі негізінде ауылдық байланыстың телекоммуникация желісін жаңғырту және дамытуға бағытталған.

2015 жылдың қорытындылары:

- CDMA/ EVDO-450 стандарты желісінің операторы ретінде «Востоктелеком» ЖШС техникалық базасы 805 базалық стансыға ұлғайтылды, олар EVDO платаларымен жабдықталған, ҚР барлық облыстарын қамтиды, бұл «Қазақтелеком» АҚ ауылдық елді мекендерінің 579 600-ге жуық абонентін телефония қызметімен және 72 450-ге жуық абонентін КЖҚ қызметімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді;

- «АЛТЕЛ» АҚ LTE/GSM/UMTS мультисервистік желісі жабдығы мен құрылыстарына техникалық күтім жасау бойынша топшілік жоба аясында «Востоктелеком» ЖШС «АЛТЕЛ» АҚ АФҚ мен АМҚ техникалық күтім жасауды жүзеге асырды.

2016 жылға қойылатын міндеттер:

- «Қазақтелеком» АҚ ауылдық жерде телефония және КЖҚ қызметтерін көрсетуін технологиялық қамтамасыз ету үшін қолданыстағы CDMA-450 сымсыз қатынауды сапалы техникалық пайдалану және күтім жасау;
- телекоммуникация жабдығы мен құрылыстарына техникалық күтім жасау бойынша топшілік сервис саласын кеңейту.

## «СИГНУМ» ЖШҚ

### РФ АУМАҒЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТОРАП (МӘСКЕУ Қ.)

Компанияның қызметі IPLC және IP VPN арналары бойынша «Қазақтелеком» АҚ клиенттерін қосу және қызмет көрсету үшін РФ аумағында «Қазақтелеком» АҚ байланыс торабының жұмысын қамтамасыз етуге, Мәскеу қ. «Телепрезенс» жоғары сапалы бейнеконференцбайланыс жүйесі студиясының жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

2015 жылдың қорытындылары:

- ҚХТС № 9 деректер беру желісі мен телематикалық қызметтер торабының іркіліссіз және авариясыз жұмысы қамтамасыз етілді, торап жабдығына корпоративтік клиенттерді қосу жұмыстары жүргізілді;
- жаңғырту арқасында ҚХТС № 9 порттардың жалпы өткізу мүмкіндігі 604 Гбит/с дейін өсті;
- «Телепрезенс» жүйесі бойынша өткізілетін бейнеконференцияларға техникалық демеу қамтамасыз етілді.

2016 жылға қойылатын міндеттер:

- «Қазақтелеком» АҚ клиенттік қосылыстары мен коммерциялық трафикті қамтамасыз ету үшін байланыс торабының жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету.





«Компанияның миссиясын ойластыру, оны дәл әрі көрнекті айқындау, бекіту тиімді көшбасшылықты жасауды білдіреді. Көшбасшы мақсатты айқындайды, басымдылықтарды белгілейді, стандартты анықтайды және қолдайды»

*Питер Друкер*



**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ,  
ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕР**



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

## БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБИ

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникация саласында жетекші позициясын сақтап қалды. Жаппай сегментте абоненттерді ұстап қалу және КЖҚ мен ақылы телевидение қызметтері нарығында клиенттік базаны арттыруға үлкен күш жұмсалды. 2015 жылдың басынан бастап мынадай қызметтер енгізілді: «Ата-ана бақылауы», «Статикалық IPv4», «Қабылдау 24», «iD TV Online Plus», «iD TV Online үшін SVoD», «Фискалды деректер операторының қызметі», «Бейне онлайн», заңды тұлғалар үшін «Қауіпсіз интернет», «FMS», «Кейінге қалдырылған төлем».

### 2016 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНА МЫНАДАЙ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ:

Тіркелген желіжолдар саны –  
**3,88 млн бірлік;**

Тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны –  
**1,5 млн порт;**

Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны (дауыс) –  
**2,029 млн абонент;**

Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны (КЖҚ) –  
**578 мың абонентке жуық.**

Сонымен қатар «Қазақтелеком» АҚ меншікті байланыс желісін жетілдіруді жалғастырды, оның әлеуетін дамыта отырып, Компания заманауи және сапалы телекоммуникация қызметтеріне деген артып отырған сұранысты қамтамасыз етудің негізін жасап, пайдаланушыларға еліміздің барлық облыстарында қызметтерге қатынау мүмкіндігін ұсынады.

Магистраль мен транзиттік трафикті желідегі кешігуді айтарлықтай қысқартуға және ұзақ мерзімді перспективаны қамтуға мүмкіндік беретін 100-гигабиттік DWDM желісіне аудару жүргізілді.

Алматы, Астана ққ., қала маңдарын қоса алғанда, облыс орталықтары, сондай-ақ тұрғын саны 50 мыңнан асатын қалаларға қосымша LTE/GSM/UMTS желісімен географиялық қамту аумағы кеңейтіліп, тұрғындарды қамтуы 65,5% құрады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы бойынша «Қазақтелеком» АҚ 15 data-орталығы жұмыс істейді, олардың базасында 2015 жылы дәстүрлі базалық қызметтермен қатар (Collocation, Dedicated, Rent a rack), бұлтты қызметтер (VPS, Виртуалды хостинг, Деректерді сақтау жүйесі, Dynamic Cloud Server, Virtual Data Center және т.с.с.) ұсынылды.

«Қазақтелеком» АҚ бойынша қызметтерді сатудан түсетін шоғырландырылған кіріс 189 754 млн теңгені<sup>2</sup> құрады немесе өткен жылға қатысты 91%.

Шоғырландырылған таза пайда 24 388 млн теңге, бұл жоспардың 145,3%.

Салық салғанға дейін, кредит үшін пайыз пен амортизациялық шегерімдер алынғанға дейінгі пайда – EBITDA – 66 745 млн теңгені<sup>2</sup> құрады немесе өткен жылға қатысты 105,3%.

EBITDA маржасы деңгейі 35,2%<sup>2</sup> құрады немесе өткен жылға қатысты 106,3%, бұл операциялық қызметтің тиімділігін

арттыруға және шығындарды оңтайландыруға бағытталған стратегияны іске асыру арқасында мүмкін болды.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының негізгі қызметінен түсетін шоғырландырылған кіріс есепті кезеңде 159 952 млн теңгені құрады.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы бойынша күрделі салым көлемі 38 699 млн теңгені немесе өткен жылғы фактіге 70% құрады. Компания бірқатар жыл бойы тұрақты жоғары деңгейде дамуға инвестиция салып отырды.

ARPU (бір абонентке шаққандағы орташа кіріс) 3 582 теңге, жоспардың 101%. ARLB (бір портқа шаққандағы КЖҚ орташа кіріс) 4 404 теңгені құрады, бұл жоспарлық міндеттемелердің 102% құрады.

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ шетел валютасындағы қарыздарды өтеу үшін ақша қаражатын шоғырландыру бойынша шаралар қабылдады, бұл еркін валюта бағамына көшудің теріс салдарын болдырмауға мүмкіндік берді. 2015 жылдың соңына Қоғамның кредиттік портфелінде АҚШ доллары бағамының өзгеруіне индекстелген жалғыз қарыз қалды. Қоғам алдағы уақытта да жалпы қарыздағы валюта қарыздары үлесін қысқартуға ниетті.

2015 жылы Қоғамның кредиттік рейтингілерін сақтап қалу іс-шаралары жүргізілді, олардың нәтижесінде Қоғамның кредиттік рейтингілері бұрынғы деңгейде сақталды.

«Standard & Poor's» халықаралық рейтинг агенттігі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингіні «Тұрақты» болжаммен «BB» деңгейінде растады. Мұнымен бірге рейтинг агенттігі Қоғамның меншікті кредит қабілеттілігін «bb-»-тен «bb» көтерді. Бұл көрсеткіш операциялық тиімділікті, менеджментті және Компанияның нарықтағы бәсекелестік ұстанымын қолдайтын, қаржылық тәуекелдерді басқару саласында басымдылықты қамтамасыз ететін корпоративтік басқаруды, сондай-ақ корпоративтік басқару құрылымының сенімділігін қамтамасыз етеді.

«Fitch Ratings» халықаралық рейтинг агенттігі Қоғамның кредиттік рейтингісін екі рет «BB» деңгейінде «Позитивті» болжаммен растады.

2015 жылдың қазан айында аналитиктер Қоғамның қаржылық тұрақтылығының нығайғанын, сондай-ақ валюталық позицияны жақсарту бойынша қабылданған шаралар еркін айналымдағы айырбас бағамына көшудің теріс ықпалын азайтуға мүмкіндік бергенін атап өтті.

2015 жылдың қараша айында Fitch аналитиктері «Қазақтелеком» АҚ және Теле2 ұтқыр бизнесін біріктіру арқылы бірлескен кәсіпорын құру ұтқыр қызметтерді ұсыну сегментінде «Қазақтелеком» АҚ ұстанымын нығайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сонымен қатар аналитиктер дәстүрлі телефония және тіркелген кеңжақты байланыс қызметтер сегментінде басым нарықтық үлестері бар «Қазақтелеком» АҚ мықты ұстанымдарына ерекше тоқталды. Компания қолайлы реттеу ортасында қызметін жүргізіп отыр. «Қазақтелеком» АҚ 2014 жылы төрт компонентті қызметтер жинағын ұсыну мүмкіндігі бар LTE/GSM іске қоса отырып, қайтадан ұтқыр байланыстың бұқаралық нарығына шықты.


<sup>2</sup> «Алтел» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша Tele2 Group-пен мәміле жасау туралы шешім ескерілген. Осылайша, аудиттелген есептілік бойынша «Алтел» АҚ қызметі тоқтатылған қызмет деп жіктелді.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

«Қазақтелеком» АҚ қызметтерін сатудан түскен шоғырландырылған кіріс 189 754<sup>3</sup> млн теңгені құрады.

<sup>3</sup> «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша Tele2 Group-пен мәміле жасау туралы шешім ескерілген. Осылайша, аудиттелген есептілік бойынша «АЛТЕЛ» АҚ қызметі тоқтатылған қызмет деп жіктелді.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы кірісінің құрылымы




- 48,4 % Деректер беру желісі қызметтері
- 1,9 % Корпоративтік инфокоммуникациялық қызметтер
- 5,1 % Басқа қызметтер
- 5,3 % Қалааралық, халықаралық телефон байланысы
- 3,7 % Бөгде операторлар абоненттерімен сөйлесулерден түскен кіріс, ұялы байланыс операторларын қоса алғанда
- 5,1 % Халықаралық операторлармен келісімдер бойынша кіріс
- 3,7 % Тасымалдау желісі арналарын жалға беруден түсетін кіріс
- 3,4 % Байланыс операторының деректер беру желісі қызметтерін ұсыну кезіндегі кіріс
- 23,4 % Жергілікті телефон байланысы

2015 жылы мейлінше үлкен үлес салмағына ие болған кірістер:

- деректер беру желісі қызметтері, «Қазақтелеком» АҚ жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 48,4% құрады;
- жергілікті телефон байланысы қызметтерін ұсыну, жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 23,4% құрады;
- қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсыну, жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 5,3% құрады.

5 жыл ішіндегі кірістің мейлінше елеулі баптарының динамикасы, млн теңгемен



Соңғы бірнеше жыл бойы әлемде орын алып отырғандай, тіркелген телефония қосылыстары көлемінің төмендеуі байқалады, ол мыналардың салдарынан абоненттік сегмент бойынша ҚХТБ қызметтері кірісінің өсу қарқынының төмендеуіне алып келеді:

- ұтқыр байланыстың кірігу деңгейінің жоғарылығы, ұтқыр операторлардың төмен тарифтері және ұтқыр байланыс операторларының желісіне трафиктің көшуі;

– қоңырау шалудың баламалы түрлерінің және орнын алмастыратын қызметтердің танымалдығының артуы (VoIP, Skype және т.б.). Интернет желісіне КЖҚ қызметтерінің кірігуі және IT-технологиялардың артуына қарай қызметтерді тұтыну стилі өзгерді. Тұтынушылар сөйлесудің интернет қосымшалары арқылы (Skype, агенттер, мессенджерлер) VoIP технологиясын пайдалана отырып, дауыс қызметін тұтынуға көшуі артуда, бұл дәстүрлі телефония қызметтерін тұтынуға әсер етті.

Жалпы кірістердегі мейлінше үлкен үлес деректер беру мен жергілікті телефон байланысы қызметтері бойынша сақталуда.

2014 жылмен салыстырғандағы 2015 жылдың кіріс құрылымындағы өзгерістер, млн теңге




Жалпы нарықтың, оның ішінде «Қазақтелеком» АҚ дамуына кедергі болатын негізгі факторлар – экономиканың жалпы стагнациясы мен сыртқы факторлардың әсері болып отыр. Сондай-ақ тіркелген КЖҚ көлемі өсімінің қарқыны да баяулағаны байқалады, бұл нарықтың қызметтерімен, оның ішінде ұтқыр КЖҚ дамуы есебінен толығымен байланысты.

«Жетілген» қызметтерден түсетін кірістердің төмендеуіне өтем жасау және теңгерімделген Өнім каталогын жасау мақсатында «Қазақтелеком» АҚ белсенді даму стратегиясын және экстенсивті даму әлі мүмкін болатын нарық сегменттерінде, атап айтқанда ақылы ТВ мен ұтқыр КЖҚ қызметтері бойынша нарықтағы үлесін арттыру бағытын ұстануда.

Компания қосымша ресурстарды уақтылы енгізуде, олар дәстүрлі қызметтер нарығының «жетілуі» жағдайында да ARPU ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл ең алдымен конвергенттелген қызметтер, ДӨО, жүйелік ықпалдастыру, «Бүлтты есептеулер» қызметтері (SaaS, PaaS және т.б.), пайдаланушылар үшін контент-сервистер (тақырыптық web-порталдар, ұтқыр коммерция, ұтқыр маркетинг, мультимедиялық контент және т.б.).

1 қызметкерге шаққандағы кіріс, мың теңге



\* «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша Tele2 Group-пен мәміле жасау туралы шешім ескерілген. Осылайша, аудиттелген есептілік бойынша «АЛТЕЛ» АҚ қызметі тоқтатылған қызмет деп жіктелді.

Тіркелген телефонияны қосу көлемінің төмендеуі және дауыс трафиінің азаюы салдарынан бір қызметкерге шаққандағы кірістің төмендеуі байқалады. Мұның салдарынан абоненттік сегмент бойынша ҚХТБ қызметтерінен түсетін кіріс өсімінің қарқыны төмендейді.

## ■ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

### ИНФОКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, АЛ БАЙЛАНЫС ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНА САЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР КЕЗ КЕЛГЕН ЕЛДІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН НЫҒАЙТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ магистральдық желінің транзиттік әлеуетін дамытуды жүзеге асыруда. 2013 жылдан бастап 2014 жылдар аралығындағы кезеңде қолданыстағы Ұлттық ақпараттық супермагистральдың (ҰАСМ) өткізу мүмкіндігін кеңейту жобалары аясында жиынтық сыйымдылығы 2,97 Тбит/с және оны 4,8 Тбит/с дейін арттыру мүмкіндігімен, DWDM жаңа магистральдық желісін салу аяқталды, сондай-ақ «Достық–Алашанькоу», Адаевка к. «кіріс–шығыс» (12км), «Алматы–Шығанақ», «Жаркент–Қытай (China Unicom)», «Жаркент–Қытай (China Telecom)», «Ақкөл–Журавлевка» учаскелерінде жалпы ұзындығы 552 км магистральдық талшықты-оптикалық желіжолдары салынды.

2015 жылы транзиттік әлеуетті одан әрі дамыту аясында Қоғамның ішкі қажеттіліктері үшін DWDM магистральдық желісінің өткізу мүмкіндігін 100 (10\*10) Гбит/с бойынша 20 лямбдаға және 10 Гбит/с бойынша 4 лямбдаға ұлғайту жұмыстары орындалды; Интернеттің сыртқы арналарға жиынтық қуаты 1,42 есе ұлғайтылды; «Өзбектелеком» АҚ-мен «Абай–Пахта» және «Бейнеу–Қарақалпақстан» учаскелерінде DWDM деңгейінде шекаралық өтпелер кеңейтілді.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ҮДЕМЕЛІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАНЫ ОРЫНДАУ ҮШІН 2015 ЖЫЛЫ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ЖЕЛІЛЕРІН 100 ПАЙЫЗ ЦИФРЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯҚТАЛДЫ.

«Қазақтелеком» АҚ 2015 жылы мынадай жиынтық сыйымдылықтағы қуатты енгізуді қамтамасыз етті:

- POTS – 32 032 порт;
- ADSL – 11 840 порт;
- FTTx – 89 978 порт.

Шығыс Қазақстан, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 691,1 км аймақтық және ауылдық ТОВЖ салынды. Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қ. 39 елді мекенді цифрландыру аяқталды.

2016.01.01 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ жергілікті телекоммуникация желісінде 6 031 коммутация орны болды.

Жергілікті телекоммуникация желісінің жалпы құрастырылған сыйымдылығы 2014 жылмен салыстырғанда 264 534 нөмірге өсті және 5 392 227 нөмірді құрады.

ҚТС құрастырылған сыйымдылығы – 3 997 434 нөмір.

СТС құрастырылған сыйымдылығы – 1 394 793 нөмір.

2016.01.01 жағдай бойынша тіркелген желіжолдар саны 3 878 584 бірлікті құрады, оның ішінде ҚТС – 2 808 439 бірлік, СТС – 1 070 145 бірлік.

2016 жылғы 01 қаңтарға 100 тұрғынға шаққандағы телефон тығыздығы 22,29 нөмірді құрады, о.і. ҚТС – 29,21 нөмір, СТС – 13,74 нөмір.

«Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында 2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ «АЛТЕЛ» АҚ-мен бірлесіп, «4G LTE стандартындағы ұтқыр байланыс желісін енгізу және салу» жобасын іске асыруды жалғастырды, оның мақсаты тұрғындарды заманауи деректер беру қызметтерімен қамтамасыз ету болып табылады.

2015 жылдың соңына Астана мен Алматы қалаларын, барлық облыс орталықтары мен облыстық маңыздағы қалалар – Кентау, Түркістан, Балқаш, Сәтпаев, Жезқазған, Теміртау, Жаңаөзен, Риддер, Екібастұз, Семей қалаларын қоса алғанда, 212 елді мекенде LTE желісі тарамдалды.

2015 жылы облыс орталықтарында, Астана, Алматы қалаларында және қала маңдарында, сондай-ақ аудан орталықтары мен тұрғын саны 50 мыңнан артық елді мекендерде желіні одан әрі тарамдау жалғастырылды.

2014 жылы LTE желісі базасында 4G/3G/2G ұтқыр технологияның үш сегментін ықпалдастыру бойынша жұмыстар орындалды, бұл икемді конвергентті желіні құруға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта бір мезгілде үш 4G/3G/2G технологияны бір мезгілде қолдайтын конвергентті желімен 550-ден аса ҚР елді мекені қамтылды. Желіде барлығы 3 119 базалық стансы (БС) орнатылды, оның ішінде 1 474 БС ТОВЖ бойынша қосылды.

2015 жылы 311 базалық стансы үшін ТОВЖ құрылысы аяқталды. 2016.01.01 жағдай бойынша GSM/UMTS белсенді абоненттік базасы 2 010 436 абонентті, LTE – 577 422 абонентті құрады.

2015 жылы қосымша базалық стансыларды орнату және CDMA/EVDO-450 базалық стансыларына дейін тасымалдау ортасы ұйымдастырылды, бұл қосымша ауылдық елді мекендерді телефония және интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтерімен қамтуға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта CDMA/EVDO-450 желісінде 805 базалық стансы орнатылды, белсенді абоненттік база саны – 346 843 абонент.

Ресеймен шекарада «ММТС» ЖШҚ және «РетнНет» АҚ компанияларымен түйіспелер ұйымдастырылып, коммерциялық пайдалануға берілді.

## ■ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОМПАНИЯНЫҢ DIGITAL – ЖЫЛДАМ ДАМУЫП ОТЫРҒАН ИНФОКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС ПЕН ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕР БАҒЫТЫНДА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ІШКІ ЦИФРЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР МЕН БИЗНЕС-АНАЛИТИКАНЫ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.

### «Қазақтелеком» АҚ инфокоммуникациялық бизнесін дамыту

#### Data-орталықтар желісін дамыту

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы бойынша «Қазақтелеком» АҚ 15 data-орталығы жұмыс істейді, жалпы ауданы 11 310 м<sup>2</sup>, 22 732 бірлік жабдығын орналастыруға мүмкіндік береді (unit).

#### Data-орталықтар базасындағы қызметтер

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ data-орталықтарында 11 102 бірлік жабдық орнатылды, data-орталықтар қызметтерін 10 500-ге жуық клиент пайдаланды (жылдық өсім 6%), қызметтерді өткізу көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 35% өсті.

#### 2015 жылғы data-орталықтар базасындағы жобалар:

- «ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі» ММ үшін резервтегі data-орталық;
- «Қазатомпром ҰАК» АҚ корпоративтік ақпараттық жүйелерін «Қазақтелеком» АҚ «бұлтына» көшіру;
- Павлодар қ. ДОО базасында «АЛТЕЛ» АҚ деректерін сақтау үшін алаң ұйымдастыру;
- G-Core Labs S.A. компаниясы үшін «Танки» жобасына есептеу қуаты қамтамасыз етілді;
- SDP жобасы аясында «Бейне онлайн» қызметін іске қосылды;
- «HappyDrive» бұлтты деректер сақтау қызметін іске қосу;
- Parallels хостинг алаңы жаңартылды және жаңа Linux Shared Web Hosting Next Generation модулі іске қосылды.

### Корпоративтік ақпараттық жүйелер

2015 жылы Genesys байланысу орталығын орталықтандыру жүзеге асырылды, ұтқыр қызметкерлерді басқару жүйесі және телекоммуникация желісінде өзгерістерді басқару жүйесі енгізілді. Қоғамның Корпоративтік ақпараттық жүйесі периметрін қорғау жүйесін және Астана қ. инфра-құрылымын жаңғырту жүргізілді.

Белсенді сату орталығын, делдалдармен өзара іс-қимыл жұмыстарын, шағым өтініштерімен жұмысты, шегерімдерді алып тастау үдерістерін, «**Ата-ана бақылауы**» қызметін ұсынуды, «**FMS**» қызметін ұсынуды автоматтандыру бойынша жұмыстар орындалды, сондай-ақ контент-провайдерлермен өзара іс-қимыл үдерісі автоматтандырылды.

#### «Өрлеу» жобасын іске асыру аясында 2015 жылы:

- Павлодар қ. Деректер беру орталығында виртуалдандыру платформасы тарамдалды;
- Филиалдардың (Астанателеком ҚТО, Ақмола ОТД, Қарағанды ОТД, Қостанай ОТД, Павлодар ОТД, Солтүстік Қазақстан ОТД) ақпараттық жүйелерін виртуалдандыру платформасына ауыстыру орындалды.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

«Көшбасшыны қатардағыдан  
даралайтын – инновация»

Стив Джобс

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ – МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР, БҰЛТТЫ ҚЫЗМЕТТЕР, ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДЕ ТАНЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨШБАСШЫ. СОҒҒЫ УАҚЫТТА КОМПАНИЯ ЖАҢА ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОПТИКА-ТАЛШЫҚТЫ БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕРНЕТКЕ ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН ҚАТЫНАУ, ТЕЛЕВИДЕНИЕ ЖӘНЕ Т.Б. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӘЗІРЛЕУДІ ЖӘНЕ ӨТІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының инновация-технологиялық стратегиясына сәйкес Компаниядағы инновациялық және өнертабыстық қызмет барынша мол нәтижеге қол жеткізу мақсатында жүйелендірілген. Инновациялық дамудың негізгі бағыттары инновациялық жобаларды іске асыру, жаңа қызметтерді енгізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтиды.

### 2015 жылы Қоғам мынадай инновациялық жобаларды енгізу бойынша жұмысты жүргізді:

- «2012–2022 жылдары ҚР аумағында LTE/GSM/UMTS желілерін салу»;
- «OTT/WebTV енгізу»;
- «КЖҚ қызметінің пайдаланушылары үшін «Қауіпсіз интернет» қызметтерінің кешенін ұйымдастыру»;
- «Желілік қауіпсіздік жүйесін жаңғырту».

Бүгінгі күні телекоммуникация нарығында ең заманауи инновациялық шешімдер қолжетімді. Сондықтан сапалы және осы заманғы байланыс қызметтеріне деген өскелең қажеттілік жағдайында Компания ие болып отырған технологиялық артықшылықты сақтау және өсіру өте маңызды.

2015 жыл ішінде «Ата-ана бақылауы», «Статикалық IPv4», «Қабылдау 24», «iD TV Online Plus», «iD TV Online үшін SVoD», «Фискалды деректер операторының қызметі», «Бейне онлайн», заңды тұлғалар үшін «Қауіпсіз интернет», «FMS» және FMS қызметінің негізінде «Отбасылық шешім», «Кейінге қалдырылған төлем» сынды өткен жылы әзірленген инновациялық қызметтердің функционалын кеңейту бойынша белсенді жұмыс жалғасын тапты.

### B2C сегментіндегі қызметтер



iD Net | Megaline үшін  
ата-ана бақылауы  
9 айда 90 мың қосылу



iD Net | Megaline үшін  
кейінге қалдырылған төлем



Статикалық IP адрес

### B2B сегментіндегі қызметтер



Көлемі 40 Гбит/с дейін  
DDoS-дан қорғау



Фискалды деректерді  
жинау бойынша оператор



ШОБ үшін қауіпсіз  
интернет



Ашық алаңда өзара біліммен алмасу үшін «Қазақтелеком» АҚ инфокоммуникациялық технологияларды дамытуға, IoT тұжырымдамасының перспективалы сегменттеріне, электрондық саудадағы байланыс операторларының рөлдеріне, FinTech, BigData саласында байланыс операторларына ашылатын мүмкіндіктерге арналған IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

«Идеялар қоры» арнайы порталы арқылы түсетін инновациялық және өнертабыстық ұсыныстарды қарайтын Инновациялық комитет тұрақты негізде жұмыс істейді.

«Қазақтелеком» АҚ-да үш жыл бойы қызметкерлердің инновациялық және өнертабыстық ұсыныстарын жинау бойынша краудсорсинг жобасы іске асырылуда. «Идеялар қоры» порталында идеяларды тиімді жинау және жедел талқылау үшін дерекқор құрылып, онда Компания қызметкерлерінен тұратын 14 мыңнан аса пайдаланушы тіркелді. Жобаның іске асырылуы кезінде 540 ұсыныс пен жоба түсті, олардың көбі іске асырылды.

Компанияның әрбір қызметкері серпінді жобаның қандай болуы керектігі туралы өзінің көзқарасын білдіріп, бизнес-үдерістерді жақсарту немесе оңтайландыру бойынша ұсыныстар бере алады. Жұмыстары мақұлданып, енгізуге ұсыным алған авторлар өзгерістер жаршысы және Компанияны дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Оларға инновациялық идеяларды енгізу барысында жер-жерде әдістемелік және практикалық қолдау көрсетілетін болады. Жобалардың авторлары үшін дербес даму жоспарлары, оқу бағдарламалары орналастырылатын «Идеялар қоры» порталы жаңашылдар арасында қарым-қатынасты қолдап, компанияның бизнес-үдерістерін жетілдіру және жаңалықтар әзірлеуге бағытталған бірлескен ұсыныстар ойлап табуға мүмкіндік береді.

### «ИДЕЯЛАР ҚОРЫ» ЖҰМЫСЫНЫҢ 3 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕСІ

- жүйе пайдаланушыларының саны – 14 298
- 540 ұсыныс
- 40 идея іске асыруға бағытталды
- авторлардың барлығы ақшалай сыйақы және құнды сыйлықтарға ие болды
- конкурс жеңімпазы Силикон жазығында (АҚШ) тағылымдамадан өтті

Сәуір   2013 >>>	Наурыз   2014 >>>	Қараша   2014 >>>	Қыркүйек   2015 >>>
 <b>Пилоттық пайдалануға қосу</b>	 <b>Алғашқы инновациялық комитет</b>	 <b>«Біз - үздікпіз!» конкурсы</b>	 <b>«Сату саласындағы инновациялар» конкурсы</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• жүйенің пайдаланушылары 13 775;</li> <li>• 39 сарапшы;</li> <li>• Қоғамның барлық филиалдарына тарату.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 84 өтінім тіркелді;</li> <li>• 3 идея іске асыруға жолданды;</li> <li>• 100 мың теңге көлемінде сыйлықақы төлеу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 222 өтінім тіркелді;</li> <li>• «iD TV Karaoke» идеясы енгізілді (авторы Тапалова Әсем, Қостанай ОТД), қызмет 2015 Өнім каталогында қолжетімді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 71 өтінім тіркелді;</li> <li>• 29 идея Инновациялық комитетке жолданды.</li> </ul>





«Табыс дегеніміз қол жеткізуге болатын  
меже емес, жүйелі іс-қимыл»

*Энтони Роббинс*



**БАСЫМ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**  
2016 ЖЫЛҒА БИЗНЕС-ЖОСПАРЛАР

# БАСЫМ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ. 2016 ЖЫЛҒА БИЗНЕС-ЖОСПАРЛАР

«Қазақтелеком» АҚ жетекші байланыс операторы ретінде саланың барлық мейлінше динамикалық сегменттерінде қазіргі бар өсу әлеуетін пайдалануға ұмтылады. Біз алдағы уақытта да акционерлер үшін қосымша құн жасай отырып және жоғары кірістілік деңгейін қамтамасыз ете отырып, өнімдер мен қызметтерге инвестициялар есебінен нарыққа қатысу үлесімізді ұлғайтуға ниеттіміз.

2016 жылы төрт стратегиялық бағыт бойынша «Өрлеу» трансформация бағдарламасын іске асыру жалғастырылады:

1. «Барша отбасы үшін қызметтер супермаркеті».
2. «Ықпалдастырылған оператор».
3. «Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы».
4. «Тиімді бизнес-модель».

<b>БАРША ОТБАСЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТТЕР СУПЕРМАРКЕТІ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Quadra-play (FMS-пен бірыңғай топтамалар)</li> <li>• KT App (iOS&amp;Android)</li> <li>• Контентті қызметтерді одан әрі дамыту</li> <li>• Қашықтан қызмет көрсету арналарын дымыту</li> </ul>
<b>ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛҒАН ОПЕРАТОР</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• FMS-те жаңа сервистерді қосу: геолокация, ата-ана бақылауы</li> </ul>
<b>ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ АҚПАРАТТЫҚ ІРГЕТАСЫ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• M2M үшін жаңа индустрияға шығу</li> <li>• Data-орталықтар мен бұлтты қызметтерді дамыту</li> <li>• Офистерді одан әрі виртуалдандыру</li> </ul>
<b>ТИІМДІ БИЗНЕС-МОДЕЛЬ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ОА ұйымдық құрылымын енгізу</li> <li>• БҚО және Аутсорсинг дамыту</li> <li>• Колл-орталықтарды орталықтандыру</li> <li>• ТЖББО енгізу, ұтқыр қызметкерлердің тиімділігін арттыру</li> <li>• HR: сыйақылар және жеңілдіктер, нәтижелілікті басқару жүйесі, корпоративтік мәдениетті дамыту</li> <li>• Есептілікті басқаруды оңтайландыру</li> <li>• Еншілес ұйымдарды оңтайландыру</li> </ul>

2016 жылға арналған әрбір стратегиялық бағыт бойынша қызметтер мен өнімдерді дамыту, сондай-ақ бизнестің тиімділігін арттыру бойынша нақты шаралар анықталған. Бұл ретте бизнестің операциялық тиімділігін ұқсас компаниялар үшін орташадан жоғары деңгейде сақтау және күрделі инвестициялар тиімділігін арттыру қажет.

«Қазақтелеком» АҚ озық инновацияларды енгізуге бағытталған ауқымды инвестициялық бағдарламаларды іске асыруды жалғастырады. Инвестициялар – біздің өсу мен тұрақтылық стратегиямыздың негізі. Компанияда өз класында үздік тіркелген және ұтқыр желіні дамытуға, технологиялық инновацияларды енгізуге және клиенттік сервисті жақсартуға басымдық берілген инвестициялық бағдарлама қабылданды.

Қоғам LTE желілерін белсенді салу, тіркелген GPON/FTTB желілерімен конвергенция және КЖҚ, IPTV кірігуін ұлғайту үшін өз желісін пайдалану арқасында қазақстандық телекоммуникация нарығындағы өз көшбасшылығын күшейтуге ниетті. Қоғам абоненттерге өз ресурстарын пайдаланудың үздік клиенттік тәжірибесін ұсынуға тырысады.

КЖҚ ДАМУ	• КЖҚ дамыту бойынша жобаның кезекті кезеңін іске асыру жоспарланған, облыс орталықтары мен қалалардағы көппәтерлі үйлер мен коттеждерде қосымша FTTH оптикалық порттарын пайдалануға енгізу жоспарлануда (GPON технологиясы бойынша).
	• Сымсыз кластерде LTE сымсыз қатынау технологиясы бойынша тіркелген КЖҚ қызметтерін ұсыну үшін 12 718 терминалды сатып алу жоспарланды.
IPTV	• 2016 жылдың соңына дейін IPTV абоненттік базасын 450 мың пайдаланушыға дейін ұлғайту жоспарланды, оның 50 мыңы OTT технологиясы арқылы қосылады. SmartTV – LG/Samsung теледидарларында «iD TV Online» қызметтерін іске қосу көзделген. OTT-торап қуатын кеңейту мен Multiscreen функционалын енгізу жоспарлануда, ол абоненттерге «iD TV» және «iD TV Online» қызметтері бойынша біріктірілген шешімдер алуына мүмкіндік береді.
B2B, B2G, B2C	• SIP жобасының кезекті кезеңін іске асыру аясында B2B, B2G, B2C сегменттерінде тіркелген байланыс қызметтерін көрсету үшін SIP платформаға 18 000 абоненттік лицензия және клиенттік SIP терминалдар сатып алу жоспарлануда.
	• Ұтқыр операторлар мен басқа да ірі операторларды қосу үшін желі ресурстарын кеңейту жобасының 2-кезеңін іске асыру жоспарланды.
	• Техникалық инфрақұрылымды оңтайландыруға, атап айтқанда күрделі учаскелерде магистральдық тасымалдау желісінің сенімділігін арттыру және синхрондау жабдығын жаңғыртуға бағытталған жобалар, B2B/B2G сегменті үшін телефон желісін оңтайландыру жоспарланды.
	• 75 000 бақылау-кассалық машина үшін қызметтерді енгізу жобасының кезекті кезеңін іске асыру жоспарлануда.
БИЗНЕСТІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ	• Операциялық шығындарды оңтайландыруға, кіріс деңгейін арттыруға және бизнес-үдерістерді жақсартуға бағытталған бизнесті трансформациялау бойынша жобаларды іске асыру жоспарланды.
	• Байланыс орталықтарын орталықтандыру және ұтқыр қызметкерлерді басқару, виртуалды ортада ақпараттық жүйелерді орналастыру, желілерді басқару үдерістерін орталықтандыру, көлік құралдарының мотор майы ретінде газды пайдалануға көшу, HR-үдерістерге қызмет көрсетудің бірыңғай орталығын құру бойынша бастамаларды іске асыру жоспарлануда. Корпоративтік клиенттердің 2 754 жаңа орны үшін оптикалық қатынау желілерін ұйымдастыру жоспарланды.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАМУ

Жалғасып отырған әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында «Қазақтелеком» АҚ FTTH, IPTV секілді қалыптасып қалған бағыттарды ғана емес, сонымен қатар «Заттар интернеті», медиасервистер, iD TV Online және тағы да басқа көптеген қосымша жоғары технологиялы кіріс көздерін дамытуды жоспарлап отыр.

Бизнесті трансформациялау міндеттерін іске асыру аясында Компания күнделікті өмірде инновациялық цифрлы технологияларды пайдалануды насихаттауға бағытталған бірегей өнімдер мен қызметтерді дамытуға ниетті.

Қауіпсіздік	Заңды тұлғалар үшін «Қауіпсіз интернет» қызметін коммерциялық пайдалануға енгізу «Бұлтты» бейнебақылау тұғырнамасын іске асыру
Отбасы	«Отбасылық шешім» қызметіне арналған қосымша сервистерді коммерциялық пайдалануға енгізу: шақыруларды басқару, ақ-қара тізім, ұтқыр интернетке арналған ата-ана бақылауы
Стартаптар	FinTech-стартапы базасында ұтқыр төлем жүйесін іске асыру
Электронды коммерция	C2C, B2C, B2B электронды коммерция тұғырнамасын іске асыру
IoT	Түрлі индустрияға арналған шешімдерімен өндірістік интернет, M2M, «Заттар интернеті» тұғырнамасын іске асыру

## СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРҒА ШЫҒУ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ

Магистральдық желілерді дамыту – клиенттердің артып отырған қажеттіліктерін қанағаттандыруға және елдің транзиттік әлеуетін арттыруға деген Компанияның кешенді әдіс-тәсілінің ажырамас бөлігі. Трафик бойынша болжамдарды және осы салада біздің басты артықшылықтарымыз болып қалатын операциялық қатысуды күшейтуді ескере отырып, желі сыйымдылығын ұлғайту.

Транзиттік әлеует	Халықаралық оператор ұсынатын транзит қызметтері көлемін 20% ұлғайту
Ғаламдық интернет желісімен байланысты жақсарту	Интернеттің сыртқы арналарын 1,12 есе кеңейту

## 2016 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Орын алып отырған күрделі экономикалық жағдайды ескере отырып, алдағы кезеңге 2016–2020 жылдарға арналған даму жоспарында бекітілген қаржы-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу және Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойылып отыр.

2016 жылы инвестициялық жобаларды іске асыруға 15 млрд теңге сомасында күрделі салым жоспарланып отыр.

Әкімшілік кірістерді қоса алғанда, операциялық кірістерді қысқарту бойынша әрі қарайғы жұмыс жоспарлануда. «Қазақтелеком» АҚ валюталық тәуекелді әртараптандыру және валюталық ұстанымды жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізуді жалғастыруға ниеттеніп отыр. Қоғам тұрақты негізде Қоғамның кредиттік рейтингін қолдау бойынша рейтингтік агенттіктермен жұмысты жалғастыруда.



«Бүкіл өмір тәуекелдерді жоюдан емес,  
оларды басқарудан тұрады»

*Уолтер Ристон*



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

## «Тәуекелсіз ұлы жетістікке жету мүмкін емес»

Нейл Армстронг

Тәуекелдерді басқару үдерісі кез келген ұйымда мақсаттарға қол жеткізуге кепілдемені, бизнестің іркіліссіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізі болып табылады. Трансформациялық үдерістер кезеңінде «Қазақтелеком» АҚ-да тәуекелдерді басқаруда проактивті ықпал ету барынша артып келеді және Қоғамның корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі әрі амбициялық стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің пәрменді құралы болып табылады.

Технологиялардың дамуы мен ғаламдық нарық қарқынды өзгерістер үшін үнемі жаңа факторларды алға тартады. Сыртқы жағдай компаниялардың ішкі ортасына қарағанда жылдамырақ өзгеріп отырған қазіргі кезеңде бизнестің тұрақтылығы мен үздіксіздігін қолдайтын құрал ретінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін тұрақты түрде жетілдірудің өзектілігі айрықша әрі осының арқасында тез дамиды кірісі жоғары жаңа бағыттарды икемді қалыптастыруға жол ашылады.

«Қазақтелеком» АҚ-да тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйелерін (ТБКЖ) және ішкі бақылауды жетілдіру мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- Қоғамда проактивті тәуекел-мәдениетті қалыптастыру;
- филиалдар мен еншілес компанияларда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ықпалдастыруды жалғастыру;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің үздік тәжірибелері мен стандарттарын одан әрі енгізу.

## Проактивті тәуекел-мәдениетті қалыптастыру

ТБКЖ және ІБЖ дамытудың алдыңғы кезеңдерінде халықаралық стандарттарына сәйкес әдіснамалық және нормативтік құжаттар әзірленіп, Компанияның топ-менеджментінен бастап әрбір қызметкеріне дейінгі барлық деңгейлерде корпоративтік басқару мәдениетін құруға мүмкіндік берді.

Өткен кезеңде бейіндеу бағдарламасы аясында жаңа қызметкерлер үшін, сондай-ақ Компанияда бұрыннан жұмыс істеп жатқан қызметкерлер үшін де тәуекел-менеджментке кіріспе оқытудың оқу материалдары дайындалды. Қазіргі уақытта тәуекелдерді басқару бойынша филиалдар мен еншілес компаниялардың барлық бөлімшелерінің тәуекел-үйлестірушілері оқытылды, ал кейінгі кезеңдерде Топтың барлық қызметкерлері онлайн режимде оқытылатын болады. Бұл тәуекел-мәдениетті нығайтуға және мақсатқа қол жеткізу жолында туындайтын проблемалар мен тәуекелдерге превентивті қарым-қатынастың қажеттілігін ұғынуды күшейтуге мүмкіндік береді және мұның трансформациялық үдерістерде маңыздылығы аса жоғары, себебі бизнес-үдерістерді жаңартуда оң өзгерістер алып келумен қатар, қызметкерлердің санасын өзгертеді, Компания мүддесі үшін проактивті әрекетке деген корпоративтік әдепті қалыптастыру жағдайларын жақсартады.

## Филиалдар мен еншілес ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ықпалдастыруды жалғастыру

Топта қолданылатын тәуекел-менеджмент тәжірибесінің тиімділігін арттыру тәуекелдерді басқару үдерісі субъектілерінің өзара іс-қимылы мен жұмысын жақсартуды білдіреді. 2015 жылы филиалдар мен еншілес ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылауды басқару бойынша функционал енгізілді, бірінші басшылар, бағыттардың басшылары мен қызметкерлер, субъектіде тәуекелдерді басқару үдерісін ұйымдастыруға жауаптылар оқытылды.

Ықтимал тәуекелдер бойынша филиалдар мен еншілес ұйымдар деңгейінде жинақталған және өзекті етілген ақпарат жергілікті деңгеймен қатар, бүкіл Топ деңгейінде де әсер ететін факторларды қамтып, бағалауға мүмкіндік береді. Мұның арқасында жергілікті деңгейде тәуекелдерді реттеу бойынша алдын алу шараларын табысты жүргізуге және барлық субъектілерден келіп түсетін біріктірілген деректерге негізделген кешенді шешімдер қабылдауға болады.

Филиалдар мен еншілес ұйымдар тәуекелдердің карталары мен тізілімдерін жасады және олар мерзімінде қайта бағаланып, өзектендіріледі. Жергілікті көрсеткіштермен қатар, корпоративтік деңгейде әсер ететін және төмендету үшін қаржылық салымды қажет ететін елеулі тәуекелдер бойынша филиалдар шараларды келесі жылы іске асыруға бағытталған жобалар дайындап, қорғады.

## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің үздік әлемдік тәжірибелері мен стандарттарын одан әрі енгізу

Экономиканың нақты секторының компаниялары үшін тәуекелдерді басқарудың үздік әлемдік стандарттарындағы өзекті өзгерістерге мониторинг жүргізеді. Есепті кезеңде компанияның инвестициялық жобаларының тәуекелдерін бағалау бағыттары жетілдірілді. Тәртіптемелерлі әзірлеу әлі жалғасып жатқанына қарамастан, қазіргі уақыттың өзінде жекелеген жобалармен қатар, толықтай инвестициялық портфельдің тәуекелдерін басқару саласының түрлі бағыттарында инвестициялық жобалар әзірлейтін бөлімшелердің хабардарлығы мен біліктілігін арттыру нәтижелері іс жүзінде көрінуде.

ТБКЖ және ІБЖ негізгі үдерістері бөлігінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ, себебі бұған дейін жүйелер стандарттар мен үздік тәжірибелерге негізделіп жасалған. Қоғамның барлық тәуекел өрісі мынадай бағыттарға жіктеледі:

- стратегиялық;
- қаржылық;
- операциялық;
- құқықтық/комплаенс.

## Стратегиялық тәуекелдер

Қоғамның стратегиялық тәуекелдері мынадай факторлармен байланысты:

- Қазақстан нарығында бәсекелестіктің айтарлықтай артуы;
- байланыс операторларының Қоғамның қызметтерін тұтынуының төмендеуі;
- мемлекеттік реттеудегі өзгерістер;
- индустриядағы үнемі өзгеріп отыратын технологиялар.

## Қаржылық тәуекелдер

Қоғамның қаржылық тәуекелдері мынадай факторлармен байланысты:

- Қоғамның сыртқы қарыздары бойынша кредиттік шарттар үшін базистік болып табылатын өзгермелі пайыз мөлшерлемелерінің тербелісі;
- Қоғамның валюталық ұстанымдары ашылатын шетел валюталары бағамдарының теңгеге қатысты тербелістері.

## Операциялық тәуекелдер

Қоғамның операциялық тәуекелдері мынадай факторлармен байланысты:

- Топтың басты инвестициялық жобаларының жоспарлық көрсеткіштерінің күтілмеген орындалмауы;
- ұзақ мерзімге қызмет тоқтап қалатын технологиялық авариялар;
- нарықтағы өзгерістерге жедел әрекет етуді қамтамасыз ету және бизнес-үдерістерді уақтылы өзекті ету;
- Қоғамның бизнес-үдерістеріне сыртқы активтердің әсері.

## Құқықтық тәуекелдер

Қоғамның құқықтық тәуекелдері мынадай факторлармен байланысты:

- заңнамадағы өзгерістер;
- жиіліктерді лицензиялау;
- реттеушінің талаптары.

Тәуекелдерді басқару үдерісі аясында Қоғамда Корпоративтік тәуекелдер тіркелімі жүргізіледі. Онда Директорлар кеңесі бекіткен Даму жоспарының басты қызмет көрсеткіштеріне және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға әсер етуі мүмкін тәуекелдер көрсетіледі.

Корпоративтік тәуекелдер тіркелімі жыл сайын өзекті етіледі. 2015 жылы өзекті ету филиалдар мен еншілес ұйымдардың тәуекелдері туралы ақпаратты ескере отырып жүргізілді. Тоқсан сайын тәуекелдерді басқару іс-шаралары жаңартылады және корпоративтік деңгеймен бірге Топ субъектілерінде сапалық және сандық параметрлер бойынша тәуекелдерді бағалау қайта қаралады.

Қауіптілік аймақтары бойынша тәуекелдердің көші-қон динамикасы Тәуекелдер картасында бақыланып отырады. Тәуекелді «қатерлі» аймақта уақытылы сәйкестендіру тәуекелдердің көші-қоны үшін привентивті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Қоғамның Ішкі бақылау жүйесі өзара байланысты бес құрамдастан тұрады:

- бақылау ортасы;
- тәуекелді басқару;
- бақылау іс-жосықтары;
- ақпарат және коммуникациялар;
- мониторинг.

Барлық бес құрамдас болуы және жұмыс жасауы тиіс және COSO IC стандартына сәйкес олармен байланысты он жеті дәлелдеуші норма өзара әрекеттесуі қажет.

Қоғамда енгізген Ішкі бақылау жүйесі ішкі үдерістерді бақылаулар жүйелерімен ықпалдастыруды қамтамасыз етеді, бұл қызметтің тиімділігі мен айқындылығын арттыруға, төмендегі санаттар бойынша мақсаттарға қол жеткізуде сенімділік деңгейін арттыру үшін өндірістік және басқарушылық үдерістерді тез арада қайта құра отырып, қауіп пен мүмкіндіктерге уақытылы амал жасауға мүмкіндік береді:

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі мен өнімділігі мәселелеріне, сондай-ақ активтердің құндылығын сақтауды қамтамасыз етуге, алаяқтық әрекеттер/операциялар мен қателердің алдын алу және анықтауға қатысты операциялық мақсаттар;
2. Қоғам қызметінің заңнамалық талаптарға және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкестігі саласындағы мақсаттар;
3. дұрыс қаржылық және қаржылық емес есептілікті уақтылы дайындау, дұрыс есептілікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар.

Жоспарланған көрсеткіштерден ауытқуларды бақылау және тәуекелдер деңгейінде мониторингтеу операциялық қызметтегі бизнес үдерістерді өзектендіру мен бақылаулар бойынша негізгі фактор болып табылады.

Қолданыстағы Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Директорлар кеңесі Қоғамның ТБКЖ бойынша есебін тұрақты қарайды, ішкі аудитпен қатар, сыртқы аудит жүргізетін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша корпоративтік жүйелердің тиімділігін жыл сайын бағалау туралы хабардар етіледі. Атап айтқанда, 2015 жылы жүргізілген ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бақылау жүйенің өзара әрекеттесетін құрамдастарының бар екені және жұмыс жасайтыны расталды, бұл алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда қорытынды балды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді.



«Басқарушылардың табыс құпиясын  
ашуда шешімге емес, оған әкелген  
әдіске мән берген дұрыс»

*Джастин Менкес*



# **КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ЖАЛПЫ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАҒИДАТТАР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҰСТАНУ ДӘСТҮРІ, ЕҢ АЛДЫМЕН, КОМПАНИЯНЫҢ ТАБЫСТЫ ДАМУЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.

### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығын, сондай-ақ Басқарма, Директорлар кеңесі, акционерлер және мүдделі тараптар арасындағы қарым-қатынас жүйесін білдіреді. Органдардың өкілеттіктері мен шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Жарғысында анық айқындалған және бекітілген.

### ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

**АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ** – Қоғамның жоғарғы органы, ол арқылы акционерлер Қоғамды басқаруда өз құқығын іске асырады. Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер барлық акционерлер және Қоғам үшін міндетті болып табылады

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ** – Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асыратын, оның стратегиясын әзірлеуге жауап беретін және Басқарма қызметін бақылайтын басқару органы

**БАСҚАРМА** – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын атқарушы орган

**ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ** – Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында, корпоративтік басқаруға қатысты құжаттардың орындалуын бағалауды, сондай-ақ Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган

Оперциялық тиімділікті арттыру, есептілік сапасын арттыру, корпоративтік мәдениет пен этика стандарттарын жақсарту, ауқымды ашықтық пен айқындылық, тәуекелдерді төмендету, тиісті деңгейдегі ішкі бақылау жүйесі «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобында тиімді басқарудың нәтижесі болуы тиіс.

«Қазақтелеком» АҚ өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнын арттыруға ұмтылады және мүдделі тараптардың мүдделері балансын сақтайды.

Акционерлердің құқықтарын сақтау «Қазақтелеком» АҚ-ға инвестицияларды тартудың басты шарты болып табылады. Қоғам акционерлердің құқықтарын іске асыруды және әрқайсысына әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі мен Басқарма ынтымақтастық пен

Қоғам мүддесінде әрекет ету мақсатында қарым-қатынас жасайды.

Қоғамда тиімді жұмыс жасап жатқан тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі құрылды, ол Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуде саналы сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрған операциялық саясаттардың, іс-жосықтардың, тәртіп пен іс-әрекеттер нормаларының, басқару әдістері мен механизмдерінің жиынтығы болып табылады.

Директорлар кеңесі қызметін және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыру үшін Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындайды.

**Корпоративтік хатшы** Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Жарғының және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес Қоғам мен акционерлер, сондай-ақ Қоғамның органдары арасында айқын әрі тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы тарапынан уақтылы әрі сапалы корпоративтік шешімдер қабылдауға көмектесу, барлық қызмет мәселелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелеріне кеңес берушінің рөлін орындау, Корпоративтік басқару кодексі ережелерін қолдану мен оны іске асырудың мониторингі, сондай-ақ корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу кіреді.

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік хатшысы Б. Қ. Әбдіқалықовтың мемлекеттік наградалары, «Үздік байланысшы» салалық атағы бар. Өткен жылдардың үздік корпоративтік хатшысы деп танылған, корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының тұрақты мүшесі болып табылады.

## Компанияның Корпоративтік басқару кодексін сақтауы туралы мәліметтер

2015 жылдың 15 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 239 қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) жаңа редакцияда бекітілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 22/15 шешімімен Кодекс дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғаларға қатысты корпоративтік стандартты міндетті қолдану үшін бекітілді.

Корпоративтік басқару кодексі «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2015.07.12 № 56 шешімімен бекітілді.

«Қазақтелеком» АҚ Кодексінің 7-тармағына сәйкес бекітілген Кодекс қағидаларының сақталмауы туралы фактілер мен себептері туралы ақпаратты Қоғамның жылдық есебінде міндетті ашу туралы талабы 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылады.

Бұған дейін АҚЖЖ 2008 жылғы 11 наурыздағы шешімімен (№ 35 хаттама – жаңа Кодекстің бекітілуіне байланысты жоюға қойылған) бекітілген «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару кодексі қағидаларын сақтау туралы есептер Қоғамның ресми сайтында ашылып келді. Қазіргі уақытта сайтта 2014 жылдың есебі жарияланған, оған сәйкес Қоғамда Кодекстің барлық қағидалары сақталады.

## Директорлар кеңесі жұмысын бағалау саясаты

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 5 тамыздағы шешімімен (№ 7 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қағидалары әзірленіп бекітілді.

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері сауалнама әдісімен «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің жұмысына бағалау жүргізді, осы бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелері жоғары балл алды.

## Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) Қоғамдағы ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қоғамның органы болып табылады. ІАҚ қызметіне Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жетекшілік етеді.

ІАҚ миссиясы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу міндеттерін орындауға қажетті көмек көрсету болып табылады. ІАҚ қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, органдарының шешімдерін, Компанияның ішкі құжаттарын және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын басшылыққа алады.

ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдемелер мен консультациялар беру болып табылады.

ІАҚ қызметі «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, «Қазақтелеком» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру саясатына негізделген. Аудиторлық тексерулер Аудит комитеті мақұлдаған және Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2015 жылы Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 20 жоспарлы аудиторлық тексеру жүргізілді. Аудиторлық тексерудің негізгі бағыттары тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару үдерістерінің тиімділігін бағалау салаларына қатысты болды. Аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданған және бекітілген 280 ұсыным берілді. Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындау бойынша іс-шаралар аясында Қоғам орындау мерзімі 2015 жылға белгіленген 216 ұсынымды толық көлемде орындады.

ІАҚ тұрақты негізде Директорлар кеңесіне алдын ала Аудит комитеті қараған Қызметтің жұмысы туралы есептерді (тоқсандық, жылдық) ұсынады.

ІАҚ Ішкі аудит анықтамасына, Этика кодексіне, Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкестік туралы тәуелсіз консультанттардың («Эрнст энд Янг» ЖШС – консультациялық қызметтер) жоғары бағасын иеленді, сәйкестік деңгейі – «жалпы сәйкес келеді» (ең жоғары ықтимал деңгей).

Бұл баға компания қызметінің ашықтығын және Ішкі аудит қызметі тиімділігінің, сондай-ақ Директорлар кеңесімен және Қоғамның Басқармасымен тығыз іс-қимыл мен бірлескен жұмыстың айқын көрінісі.



## Дивидендтік саясат

«Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясат туралы ережесі 2013.18.01 өткен кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілді, №49 хаттама.

«Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясатының мақсаты Компанияның және Акционерлердің мүдделерінің теңгерімін, дивидендтер көлемін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін анықтау барысында тәсілдердің ашықтығын және нақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Төленетін дивидендтер көлемі қаржылық тұрақтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде анықталатын «Қазақтелеком» АҚ қаржы-экономикалық жағдайына байланысты. Дивидендтер төлеу тәртібі және төленбеген дивидендтер бойынша акционерлермен есеп айырысу тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережемен реттеледі.

Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің негізінде (АЖЖ 2015.22.04 № 54 хаттама) 2015 жылдың мамыр айында 2014 жылдың қорытындылары бойынша бір жай акцияға 101,73 теңге көлемінде дивидендтер бөлінді. Дивидендтер 2015.27.04 бастап 2015.26.05 аралығында төленді. Дивиденд алуға құқығы бар акционерлер тізімі 2015 жылдың 26 сәуірінің 00 сағат 00 минутындағы жағдайы бойынша жасалды.

2015 жылдың желтоқсан айында 2015 жылға 1 артықшылықты акцияға 300 теңгеден кепілді дивидендтер төленді.

«Қазақтелеком» АҚ Компания акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін сақтайды және дивиденд алуға құқылы тұлғаларға дивидендтерді аудару бойынша өз міндеттемелерін толық орындайды.

## Ақпараттық саясат

«Қазақтелеком» АҚ ақпаратын ашу үдерістерінің тиімділігін және қызметтің айқындылығын арттыру мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен (2009 жылғы 26 қазандағы № 45 хаттама) Қоғамның Ақпараттық саясаты бекітілді, өзгерістерімен (2012 жылы 29 желтоқсандағы № 15 хаттама).

Ақпараттық саясат Қоғамның акционерлеріне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, Қоғамның қызметіне мүдделі тұлғаларға, инвесторларға және басқа тұлғаларға Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуға, сондай-ақ Қоғамның заңмен қорғалатын қызметтік, коммерциялық және өзге құпияларын құрайтын ақпаратты қорғауға қойылатын жалпы талаптарды және негізгі қағидаттарды айқындайды.

Саясат Қоғамның қызметі туралы Қазақстанмен қатар, одан шет жерлерде қоғамның ақпараттану деңгейін арттыруға бағытталған, бұл Қоғам туралы оң имиджді қалыптастыруға және инвесторлар мен қоғамның тарапынан сенімді нығайтуға ықпал етеді.

## Ақпараттық саясаттың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- тұрақтылық, уақытылы және өзекті болуы;
- ашықтық және қолжетімділік;
- дұрыстық және толықтық;
- шұғылдылық;
- құпиялық тәртібінің сақталуы;
- теңгерімділік;
- ақпаратты алушылар құқықтарының теңдігі;
- ақпараттың әсер ету тиімділігі.

2015 жылы мақсатты аудиториямен тұрақты және нысаналы түрде жұмыс жүргізілді: 129 PR-іс-шара өткізілді, БАҚ-та 5 310, оның ішінде 1 681 – өңірлік материал БАҚ-та жария етілді; оның ішінде: 1 596 – оң, 3 699 – ақпараттық-бейтарап, 15 – жағымсыз. 129 жаңалық дайындалды, сұхбат/түсініктеме беру – 32, БАҚ сұрауларына дайындалған жауап – 55.

2015 жылдың соңына әлеуметтік желілерде Қазақтелеком оқырмандары мен жазылушылары шамамен 118 000 адам болды. Әлеуметтік желілердің ресми алаңдарындағы барлық контент қазақ тілінде қоса беріледі. YouTube бейне-хостингінде Қоғамның арнасы жаңартылды – 2015 жыл бойы компанияның тарихы, филиалдардың қызметі туралы фильмдер, корпоратившілік іс-шаралардағы қызметкерлердің конкурстық жұмыстары, жаңалықтар мен профильді хабарламалар сюжеттері жинақталған (111 бейнефайл).

## ■ ҚОҒАМҒА КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІН БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2015 жылы «PricewaterhouseCoopers» ЖШС компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобында Корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқару жүйесіне диагностика жасады.

2014 жыл мен 2015 жылдың 1-жартыжылдығының оқиғалары мен материалдары зерттелді, Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелерімен, Қоғам басшылығымен сұхбат жүргізілді.

Диагностика нәтижелері бойынша «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару деңгейі **85%** құрады, бұл 2022 жылға жоспарланған болжалды көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Алдағы уақытта «Қазақтелеком» АҚ алдында «PricewaterhouseCoopers» компаниясының корпоративтік басқару диагностикасы барысында берген ұсынымдарын орындау міндеті тұр, осы мақсатта 2016 жылға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің іс-жоспары бекітілетін болады.

## ■ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

**Директорлар кеңесі** – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асыратын, сондай-ақ Қоғам Басқармасы қызметін бақылайтын басқару органы.

Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен сайланады.

**Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына тағайындау үшін кандидатуралар келесі тұлғалардан ұсынылады:**

1. акционерлер – жеке тұлғалар;
2. Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде тағайындауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;
3. Қоғамның акционері болып табылмайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде тағайындауға ұсыныс берілмеген (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МҮШЕЛІККЕ КАНДИДАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨЗ МІНДЕТТЕМELEPІН ОРЫНДАУЛАРЫ ҮШІН ТИІСТІ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ, БІЛІМІ, БІЛІКТІЛІГІ, ОҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ БОЛУЫ ТИІС ӘРІ АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМ МҮДДЕСІНЕ САЙ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТОЛЫҚТАЙ АЛҒАНДАҒЫ ТИІМДІ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА, ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ОРТАДА МІНСІЗ БЕДЕЛГЕ ИЕ БОЛУЛАРЫ ҚАЖЕТ.

Директорлар кеңесінің құрамына қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етуге жеткілікті санды тәуелсіз директорлар кіруі тиіс.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2015 жылдың 30 маусымына дейін Компанияның Директорлар кеңесі «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2012.08.05 (№47 хаттама) шешімімен сайланған құрамда қызмет етті.

2015 жылдың 25 ақпанында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Н. Е. Аментьеваның (тәуелсіз директор) өкілеттігі тоқтатылды.

2015 жылғы 30 маусымдағы (№ 55 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мынадай жаңа құрамы сайланды:

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ  
(2015.31.12 жағдай бойынша):

1. БАЙДӘУЛЕТОВ НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ
2. ЕСЕКЕЕВ ҚУАНЫШБЕК БАҚЫТБЕКҰЛЫ
3. НҰРИЕВА АЙГҰЛ МАРАТҚЫЗЫ
4. СӘРСЕНОВ ӘДІЛБЕК ҒАЗИЗҰЛЫ
5. САУДАБАЕВ СЕРІК БОЛАТҰЛЫ
6. БУЯНОВ АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ
7. ГАРРЕТТ МАРТИН ДЖОНСТОН
8. ЗАЙКА ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ
9. ҚҰДАБАЕВ ЕРМЕК ӘСКЕРБЕКҰЛЫ

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 16 шілдедегі шешімімен (№ 6 хаттама) Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

## БАЙДӘУЛЕТОВ НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ

Туған күні:	1960 жылы 1 қыркүйек
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2012 жылы 8 мамыр
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Директорлар кеңесінің төрағасы «Самұрық-Қазына» АҚ акционерлерінің өкілі (5 570 668 жай дауыс беруші акция)
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді

### Білімі:

09.1977 – 06.1986	Мәскеу теміржол көлігі институты Мамандығы: теміржол көлігінде тасымалдау үдерісін басқару
-------------------	---

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

02.06.2014 – 31.12.2015 жағдай бойынша	<b>«Самұрық-Қазына» АҚ</b> Активтерді басқару жөніндегі бас директор
01.04.2014 – 31.12.2015 жағдай бойынша	<b>«Қазпочта» АҚ</b> Директорлар кеңесінің төрағасы
24.01.2012 – 31.12.2015 жағдай бойынша	<b>«ҚТЖ» ҰК» АҚ</b> Директорлар кеңесінің төрағасы
26.12.2008 – қазіргі уақытта	<b>«Air Astana» АҚ</b> Директорлар кеңесінің төрағасы
27.11.2008 – 01.06.2014	<b>«Самұрық-Қазына» АҚ</b> Басқарушы директор

## ЕСЕКЕЕВ ҚУАНЫШБЕК БАҚЫТБЕКҰЛЫ

Туған күні:	1975 жылы 10 маусым
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2006 жылы 16 желтоқсан
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Директорлар кеңесінің мүшесі «Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді

### Білімі:

1991 – 1995	Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Мамандығы: қолданбалы математика Математика ғылымдарының кандидаты
2001 – 2002	Қазақ мемлекеттік басқару академиясы Мамандығы: менеджмент

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.03.2010 – қазіргі уақытта	<b>«Қазақтелеком» АҚ</b> Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі
23.02.2007 – 15.03.2010	<b>Қазақстан Республикасының</b> <b>Ақпараттандыру және байланыс агенттігі</b> Төраға

## НҰРИЕВА АЙГҰЛ МАРАТҚЫЗЫ

Туған күні:	1974 жылы 13 тамыз
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2006 жылы 14 сәуір
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Директорлар кеңесінің мүшесі Акционер – Vodam B.V. компаниясының өкілі (1 842 725 жай дауыс беруші акция)
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді

### Білімі:

1991 – 1995	Қазақ мемлекеттік басқару академиясы Мамандығы: қаржы және несие «Болашақ» президенттік стипендиясының стипендиаты
1994 – 1995	Indiana University, Bloomington, IN, USA, School of Business, Courses in economics, investments, accounting
1995 – 1997	Michigan State University, East Lansing, MI, USA, The Eli Broad Graduate School of Management, MBA, Finance and Management Information Systems

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

25.02.2009 – 31.12.2015 жағдай бойынша	<b>«Alnair Capital (Альнаир Капитал)» ЖШС</b> Басқарушы директор
11.07.2008 – 31.12.2015 жағдай бойынша	<b>«Alnair Capital Holding (Альнаир Капитал Холдинг)» АҚ</b> Директорлар кеңесінің мүшесі
26.05.2008 – 31.12.2015 жағдай бойынша	<b>«Alnair Capital Holding (Альнаир Капитал Холдинг)» АҚ</b> Басқарушы директор
10.06.2005 – 02.09.2012	<b>Vodam B.V.</b> Директор

## СӘРСЕНОВ ӘДІЛБЕК ҒАЗИЗҰЛЫ

Туған күні:	1973 жылы 28 тамыз
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2007 жылы 24 желтоқсан
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Директорлар кеңесінің мүшесі Акционер – Vodam B.V. компаниясының өкілі (1 842 725 жай дауыс беруші акция)
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді

### Білімі:

1991 – 1996	Алматы энергетикалық институты Мамандығы: радиотехника (үздік диплом)
2005 – 2006	«Болашақ» бағдарламасы бойынша International Business School (Кембридж, АҚШ), MBA (Іскери әкімшілендіру магистрі) Мамандануы: халықаралық компаниялардағы жалпы менеджмент

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

10.12.2010 – 10.12.2013	<b>«ЭРА телекомпаниясы» ЖШС</b> Байқаушы кеңес мүшесі
01.08.2010 – қазіргі уақытта	<b>«Amun Capital Advisors KZ» ЖШС</b> Телекоммуникациялық активтерді басқару жөніндегі директор
09.12.2008 – 06.09.2010	<b>«Казсатнет» ұлттық компаниясы» АҚ</b> Директорлар кеңесінің төрағасы
06.11.2008 – 06.09.2010	<b>«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ</b> Директорлар кеңесінің мүшесі
06.11.2008 – 02.08.2010 06.11.2008 – 21.02.2011	<b>«Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» АҚ</b> Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі
19.10.2007 – 30.07.2010	<b>«Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ</b> Телекоммуникациялық активтерді басқару тобының директоры



## САУДАБАЕВ СЕРІК БОЛАТҰЛЫ

Туған күні:	1977 жылы 8 желтоқсан
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2010 жылы 12 шілде
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Директорлар кеңесінің мүшесі Акционер «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі (5 570 668 жай дауыс беруші акциялар)
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді

### Білімі:

1995 – 1999	Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті Біліктілігі: заңгер
2004 – 2006	Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті Біліктілігі: экономика бакалавры

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

11.05.2014 – қазіргі уақытта	<b>«Самұрық-Қазына» АҚ</b> Активтерді басқару жөніндегі бас директордың орынбасары
17.06.2010 – 10.05.2014	<b>«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ</b> Коммуникациялық активтерді басқару жөніндегі директор
13.08.2010 – 31.03.2014	<b>«Қазпочта» АҚ</b> Директорлар кеңесінің мүшесі
14.08.2007 – 16.04.2008 17.04.2008 – 18.05.2010	<b>«Қазақтелеком» АҚ</b> Заң департаменті директорының орынбасары Корпоративтік хатшы

## БУЯНОВ АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ

Туған күні:	1969 жылы 15 тамыз
Азаматтығы:	Ресей Федерациясы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Тәуелсіз директор
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді
Тәуелсіздік критерийі:	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

### Білімі:

1986 – 1992	Мәскеу инженер-физика институты (МЭИ) Мамандығы: қолданбалы математика және физика Біліктілігі: инженер-физик
-------------	---

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

30.06.2014 – қазіргі уақытта	<b>Redline Capital Management S.A.</b> <b>(В.П. Евтушенковтың инвестициялық қоры)</b> Басқарушы директор
------------------------------	--

## ГАРРЕТТ МАРТИН ДЖОНСТОН

Туған күні:	1968 жылы 22 шілде
Азаматтығы:	Ирландия, Ресей Федерациясы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Тәуелсіз директор
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді
Тәуелсіздік критерийі:	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

### Білімі:

1985 – 1990	Дублин университеті Мамандығы: экономика
1990 – 1991	Тринити колледж, Дублин, Ирландия Мамандығы: Халықаралық сауда, ТМІ дәрежесі (Postgraduate Diploma International Commerce)

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.06.2015 – қазіргі уақытта	<b>Macroscope consulting</b> Owner and CEO
01.10.2014 – қазіргі уақытта	<b>Appselekt.com</b> Chief Marketing Officer
15.01.2014 – 30.09.2014	<b>Digicel Caribbean and Central America</b> CEO Enterprise Solutions
27.12.2011 – 11.01. 2014	<b>Rosnano MedInvest (RMI Partners)</b> Маркетинг және стратегия жөніндегі вице-президент
30.03.2011 – 22.12.2011	<b>Tuř Group</b> Президент және стратегия және қайта құрылымдау иесі кеңесшісі
20.06.2010 – 28.03.2011	<b>X5 Retail Group</b> Президенттің стратегиялық маркетинг жөніндегі кеңесшісі
03.09.2007 – 11.06. 2010	<b>МТС</b> Стратегиялық маркетинг жөніндегі топ директоры
01.02.2006 – 02.09.2007	<b>МТС, Ресей</b> Маркетинг жөніндегі директор

## ЗАИКА ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ

Туған күні:	1975 жылы 27 сәуір
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Тәуелсіз директор
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді
Тәуелсіздік критерийі:	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

### Білімі:

1992 – 1998	Алматы энергетика және байланыс институты Мамандығы: радиотехника Біліктілігі: радиоинженер
2003 – 2005	Қазақ мемлекеттік экономика университеті Мамандығы: «Қаржы менеджменті» Біліктілігі: экономист (үздік диплом)

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

20.04.2012 – қазіргі уақытта	«АЛТЕЛ» АҚ Тәуелсіз директор
29.08.2011 – қазіргі уақытта	«Химфарм» АҚ Тәуелсіз директор

## ҚҰДАБАЕВ ЕРМЕК ӘСКЕРБЕКҰЛЫ

Туған күні:	1970 жылы 7 сәуір
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:	2015 жылы 30 маусым
Мәртебесі:	Тәуелсіз директор
Акцияларға иелік етуі:	Иелік етпейді
Тәуелсіздік критерийі:	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді

### Білімі:

1987 – 1993	Мәскеу болат және қорытпа институты (МБҚИ) Факультеті: Metallургиядағы экономика және басқару Біліктілігі: инженер-экономист
1994 – 1996	Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ) Біліктілігі: Іскери әкімшілендіру шебері
1998 – 2004	Сертифицикатталған және Дипломдалған Бухгалтерлер Қауымдастығы АССА (АТС), Лондон, Ұлыбритания Факультеті: қаржы және бухгалтерия, АССА дәрежесі (халықаралық қаржыгер-бухгалтер дипломы)

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

25.10.2013 – қазіргі уақытта	<b>«KazPetroDrilling» АҚ</b> Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор
01.07.2013 – 01.11.2013	<b>«Меридиан Петролеум» ЖШС</b> Жаңа жобалар менеджері
01.11.2010 – 15.04.2013	<b>Chagala Group Limited</b> CFO (қаржы директоры)
12.11.2012 – қазіргі уақытта	<b>«АЛТЕЛ» АҚ</b> Тәуелсіз директор

## ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 1-бабы 20) тармақшасына сәйкес **тәуелсіз директор** –

- аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және оның Директорлар кеңесіне сайланудан бұрын үш жыл ішінде сондай тұлға болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);
- аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасына қатысты аффилиирленген тұлға болып табылмайды;
- аталған акционерлік қоғамның немесе аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларының немесе ұйымдарының лауазымды тұлғаларымен бағыныштылық байланысы жоқ және оның Директорлар кеңесіне сайланудан бұрын үш жыл ішінде аталған тұлғалармен бағыныштылық байланысы болмаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- аталған акционерлік қоғам органдарының отырыстарында өкіл болып табылмайды және оның Директорлар кеңесіне сайлануынан бұрын үш жыл ішінде ондай өкіл болмаған;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс жасайтын аудитор ретінде аталған акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайды және оның Директорлар кеңесіне сайлануынан бұрын үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

2015 жылы Директорлар кеңесінің құрамында 4 тәуелсіз директор жұмыс істеді және олар Қазақстан Республикасы заңнамасының «тәуелсіз директор» деген ұғымға қоятын талаптарына толық сәйкес келді:

- **Наталья Евгеньевна Акентьева,**
- **Виталий Николаевич Кучура,**
- **Дмитрий Владимирович Ларионов,**
- **Ермек Қабиұлы Оқаев.**

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің 2015 жылғы 30 маусымдағы кезектен тыс жалпы жиналысында (№ 55-хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, сондай-ақ келесі құрамда «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің жаңа құрамы сайланды.

*Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлар:*

- **Буянов Алексей Николаевич,**
- **Гарретт Мартин Джонстон,**
- **Заика Дмитрий Александрович,**
- **Құдабаев Ермек Әскербекұлы.**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 5-тармағына сәйкес, тәуелсіз директорлар Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын құрауы тиіс. Бұл ретте «Қазақтелеком» АҚ-да бұл талап сақталып қана қоймайды, ол ең төменгі шектен асып түседі және 44% құрайды.



## 2015 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі отырыстарын жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай өткізеді. Директорлар кеңесі 2015 жылы 12 отырыс өткізді, оның ішінде 8-і – қатысу тәртібімен және 4-еуі – сырттай дауыс беру түрінде өткізілген.

Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына 2015 жылы 98 мәселе шығарылды, оның ішінде қабылданған шешімдерден мынадай маңыздыларын атап өтуге болады:

- «Қазақтелеком» АҚ даму жоспарын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының 2022 жылға дейінгі инновациялық-технологиялық стратегиясына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының құрылымын оңтайландыру туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ трансформация жөніндегі жол картасын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ күрделі салымдардың толық циклын басқару жөніндегі саясатын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшыларды тарту және біліктілікті арттыру саясатын бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қағидасын бекіту туралы;
- Жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ 2014 жылғы қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына 2014 жылға «Қазақтелеком» АҚ таза кірісін бөлу тәртібі және 2014 жылға жай акцияға шаққанда дивидендтер көлемі туралы ұсыныстар енгізу туралы;
- Тұрақты негізде (тоқсан сайын) «Қазақтелеком» АҚ Басқармасының «Қазақтелеком» АҚ ірі инвестициялық жобаларын іске асыру туралы, Даму жоспарын іске асыру туралы, тәуекелдер туралы, «Қазақтелеком» АҚ ашықтығы туралы және ақпаратты ашу үдерістерінің тиімділігін бағалау туралы, жасалуына мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есептер қаралып тұрады, олар бойынша шешімдерді «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы, Ішкі аудит қызметі қабылдаған.

## Директорлар кеңесі мүшелерінің 2015 жылы Директорлар кеңесінің қатысу тәртібіндегі отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1 16.02	№2 18.03	№3 20.04 сырт.	№4 18.05	№5 26.06 сырт.	№6 16.07	№7 05.08 сырт.	№8 04.09	№9 19.10 сырт.	№10 03.11	№11 16.11	№12 25.12	Қатысу %
Байдәулетов Н. Т.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Акентьева Н. Е.	-	25.02.2015 жылы өз ықтиярымен өкілеттігін тоқтатты											0
Есекеев Қ. Б.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Кучура В. Н.	+	+	+	+	+	Акционерлердің 30.06.2015 жылғы жалпы жиылысының шешімімен (№ 55-хаттама) өкілеттіктері тоқтатылды						100	
Ларионов Д. В.	+	+	+	+	+	Акционерлердің 30.06.2015 жылғы жалпы жиылысының шешімімен (№ 55-хаттама) өкілеттіктері тоқтатылды						100	
Нұриева А. М.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Оқаев Е. Қ.	+	-	+	+	+	Акционерлердің 30.06.2015 жылғы жалпы жиылысының шешімімен (№ 55-хаттама) өкілеттіктері тоқтатылды						80	
Сәрсенов А. Г.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Саудабаев С. Б.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Буянов А. Н.	Акционерлердің 30.06.2015 жылғы жалпы жиылысының шешімімен (№ 55-хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кіргізілді					+	+	+	+	+	+	+	100
Гарретт Мартин Джонстон	Акционерлердің 30.06.2015 жылғы жалпы жиылысының шешімімен (№ 55-хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кіргізілді					+	+	+	+	+	+	+	100
Заика Д. А.	Акционерлердің 30.06.2015 жылғы жалпы жиылысының шешімімен (№ 55-хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кіргізілді					+	+	+	+	+	+	+	100
Құдабаев Е. Ә.	Акционерлердің 30.06.2015 жылғы жалпы жиылысының шешімімен (№ 55-хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына кіргізілді					+	+	+	+	+	+	+	100

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Анағұрлым маңызды мәселелерді алдын ала қарастыру, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыру мақсатында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрылған және белсенді жұмыс істейтін комитеттері:

1. Аудит комитеті.
2. Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті.
3. Стратегиялық жоспарлау комитеті.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 18.03.2015 ж. шешімімен Тағайындау және сыйақылау комитетін және Әлеуметтік мәселелер комитетін қысқарту және олардың негізінде Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетін құру шешімі қабылданды.

Директорлар кеңесінің әрбір комитеті жоғары біліктілікке ие және тиісті комитет бейіні бойынша айтарлықтай тәжірибесі бар кем дегенде 4 мүшеден тұрады.

Мәселелерді өз өкілеттігі шегінде қарастыра отырып, Комитеттер ұсынылатын бастамаларды егжей-тегжейлі талдайды және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындауды жүзеге асырады, осылайша Компанияның қабылдайтын шешімдерінің сапасы артады.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің **Стратегиялық жоспарлау комитеті** Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды (2010.19.11 № 14 хаттама). Комитет «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес беруші органы болып табылады және өз қызметін Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2015.01.01 бастап 2015.30.06 аралығында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті Қоғам акционерлерінің өкілдерінен және тәуелсіз директорларынан құралып, «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2012.18.05 (№ 7) шешімімен сайланған құрамда әрекет етті:

*Комитет төрағасы:*

Сәрсенов Әділбек Ғазизұлы – акционер – Vodam B.V. компаниясының өкілі.

*Комитет мүшелері:*

Кучура Виталий Николаевич – тәуелсіз директор;

Ларионов Дмитрий Владимирович – тәуелсіз директор;

Саудабаев Серік Болатұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015.16.07 шешімімен (№ 6 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті жаңа құрамда сайланды.

*Комитет төрағасы:*

Буянов Алексей Николаевич – тәуелсіз директор.

*Комитет мүшелері:*

Заика Дмитрий Александрович – тәуелсіз директор;

Сәрсенов Әділбек Ғазизұлы – акционер – Vodam B.V. компаниясының өкілі;

Саудабаев Серік Болатұлы – «Самұрық-Қазына» АҚ акционерінің өкілі.

2015 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 12 отырыс өткізді, оның 11-і қатысу тәртібінде және 1-уі сырттай өтті, 30 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Олар: бизнес жоспарлау, Қоғам Стратегиясын іске асыру, консультациялық қызметтерді тарту, Қоғамның Даму жоспары, стратегиялық құжаттар қабылдау, еншілес ұйымдарды оңтайландыру және Қоғам қызметінің басқа да маңызды мәселелері.

## 2015 жылы Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырыстарына қатысу туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1 09.02	№2 18.03	№3 15.05	№4 28.05	№5 16.06	№6 25.06	№7 03.09	№8 23.10	№9 26.10	№10 03.11	№11 16.11	№12 30.11 сырт.	Қатысу %
Сәрсенов Ә. Ғ.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Кучура В. Н.	+	+	+	+	+	+	+	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты					100
Ларионов Д. В.	+	+	+	+	+	+	+	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты					100
Саудабаев С. Б.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Буянов А. Н.	Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына Директорлар кеңесінің 2015.16.07 №6 хаттамасымен енгізілген						+	+	+	+	+	+	100
Заика Д. А.	Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына Директорлар кеңесінің 2015.16.07 №6 хаттамасымен енгізілген						+	+	+	+	+	+	100

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің жұмысына баға бере отырып, аталған Комитет өз міндеттерін орындау кезінде Қоғам мүддесіне сай адал әрі саналы қызмет еткенін атап өту қажет.

Комитет Қоғам қызметінің басымды бағыттарын анықтау және оның даму стратегиясы, ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеуді қоса алғандағы мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдарды анықтау және беру бойынша міндеттерді толық көлемде шешеді.

Осылайша, 2015 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеде, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Директорлар кеңесінің тапсырмаларында, сондай-ақ Комитеттің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарында белгіленген мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді орындады.

## Аудит комитеті

2015.01.01 бастап 2015.30.06 аралығында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2012.18.05 (№7) шешімімен сайланған құрамда әрекет етті.

*Комитет төрағасы:*

Ларионов Дмитрий Владимирович – тәуелсіз директор.

*Комитет мүшелері:*

Акентьева Наталья Евгеньевна – тәуелсіз директор;

Оқаев Ермек Қабиұлы – тәуелсіз директор.

2015.25.02 «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Н.Е.Акентьеваның өз бастамасы бойынша өкілеттіктері тоқтатылды.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015.18.03 № 2 хаттама шешіміне сәйкес тәуелсіз директор Кучура Виталий Николаевич Аудит комитетінің құрамына енгізілді.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015.16.07 шешімімен (№ 6 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жаңа құрамда сайланды:

*Комитет төрағасы:*

Құдабаев Ермек Әскербекұлы – тәуелсіз директор.

*Комитет мүшелері:*

Буянов Алексей Николаевич – тәуелсіз директор;

Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;

Заика Дмитрий Александрович – тәуелсіз директор.

2015 жылы Аудит комитеті 9 отырыс өткізді, оның 7-уі қатысу тәртібінде және 2-уі сырттай өткізілді. Отырыстарда 21 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді, оның ішінде мына мәселелер: инвестициялық жобалардың постмониторингі, тәуекелдерді басқару сенімділігі мен жұмысының тиімділігін, сыртқы аудиторлардың ұсынымдарының орындалуын, бизнес-инвестициялауды қамтамасыз етуді бақылау, ішкі аудит қызметінің жұмысы және Қоғамның басқа да маңызды мәселелері.

## 2015 жылы Комитеттің отырыстарына қатысу туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1 13.01	№2 27.01	№3 11.02	№4 12.03	№5 28.04	№6 31.07 сырт.	№7 20.08	№8 13.10	№9 20.11 сырт.	Қатыспау себебі	Қатысу %
Ларионов Д. В.	+	+	+	+	+	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты					100
Акентьева Н. Е.	+	+	2015.25.02 өз бастамасы бойынша өкілеттігін тоқтатты								100
Кучура В. Н.	Аудит комитетінің құрамына ДК 2015.18.03 №2 хаттамасы шешімімен енгізілді			+	+	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты					100
Оқаев Е. К.	+	-	+	+	-	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты				2 – іссапар	60
Құдабаев Е. А.	Аудит комитетінің құрамына Директорлар кеңесінің 2015.16.07 № 6 хаттамасы шешімімен енгізілді					+	+	+	+		100
Буянов А. Н.	Аудит комитетінің құрамына Директорлар кеңесінің 2015.16.07 № 6 хаттамасы шешімімен енгізілді					+	-	+	+	1 – іссапар	75
Гарретт Мартин Джонстон	Аудит комитетінің құрамына Директорлар кеңесінің 2015.16.07 № 6 хаттамасы шешімімен енгізілді					+	+	+	+		100
Заика Д. А.	Аудит комитетінің құрамына Директорлар кеңесінің 2015.16.07 № 6 хаттамасы шешімімен енгізілді					+	+	+	+		100

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің жұмысына баға бере отырып, аталған Комитет өз міндеттерін орындау кезінде Қоғам мүддесіне сай адал әрі саналы қызмет еткенін атап өту қажет.

Комитет аудиторлық үдеріске мұқият қадағалау жүргізеді, ішкі аудит қызметімен тұрақты өзара әрекет етеді және сыртқы аудитормен, сондай-ақ аудиторлық және консультациялық қызметтер көрсететін компаниялардың

өкілдерімен кездесулер өткізеді. 2015 жылы Аудит комитеті Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде, Аудит комитеті туралы ережеде, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Директорлар кеңесінің тапсырмаларында, сондай-ақ Комитеттің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарында қойылған мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді орындады.

## Тағайындау және сыйақылау комитеті

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2007.06.02 №3 хаттамасы шешімімен құрылды.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2015.18.03 № 2 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылау комитетін және Әлеуметтік мәселелер комитетін тарату, сондай-ақ Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетін құру туралы шешім қабылданды.

Комитет өз қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне толықтай есеп береді және өз қызметін Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2015.01.01 бастап 2015.30.06 аралығында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2012.18.05 (№ 7 хаттама), 2015.18.03 (№ 2 хаттама) шешімімен сайланған құрамда әрекет етті.

*Комитет төрағасы:*

Оқаев Ермек Қабиұлы – тәуелсіз директор.

*Комитет мүшелері:*

Акентьева Наталья Евгеньевна – тәуелсіз директор;

Кучура Виталий Николаевич – тәуелсіз директор;

Ларионов Дмитрий Владимирович – тәуелсіз директор.

2015.25.02 өз қалауы бойынша «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Н.Е. Акентьева өкілеттігін тоқтатты.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015.16.07 (№ 6 хаттама) шешімімен Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті жаңа құрамда сайланды:

*Комитет төрағасы:*

Заика Дмитрий Александрович – тәуелсіз директор.

*Комитет мүшелері:*

Буянов Алексей Николаевич – тәуелсіз директор;

Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;

Құдабаев Ермек Әскербекұлы – тәуелсіз директор.

2015 жылы Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті 11 қатысу тәртібінде отырыс өткізіп, онда 25 мәселе қаралды, олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Атап айтқанда: Қоғам басқармасының құрамына қызметкерлерді сайлау, еншілес ұйымдардың бірінші басшыларын лауазымға тағайындау, басшы қызметкерлерге БҚК бекіту, еңбекке ақы төлеу, қызметкерлерді басқару және басқа мәселелер.

## 2015 жылы Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің отырыстарына қатысу туралы ақпарат

Директорлар кеңесінің мүшелері	№1 15.01	№2 11.02	№3 17.02	№4 12.03	№5 15.05	№6 29.05	№7 29.06	№8 20.08	№9 03.09	№10 23.10	№11 25.12	Қатыспау себебі	Қатысу %
Оқаев Е. К.	+	+	+	+	+	+	+	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты					100
Акентьева Н. Е.	+	+	-	2015.25.02 өз бастамасы бойынша өкілеттігін тоқтатты								1 – науқастануына байланысты	66
Кучура В. Н.	+	+	+	+	+	+	+	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты					100
Ларионов Д. В.	+	+	+	+	+	+	+	2015.30.06 өкілеттігін тоқтатты					100
Заика Д. А.	Директорлар кеңесінің 2015.16.07 № 6 хаттама шешімімен Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамына енгізілді							+	+	+	+		100
Буянов А. Н.	Директорлар кеңесінің 2015.16.07 № 6 хаттама шешімімен Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамына енгізілді							-	+	+	-	2 – иссапар	50
Гарретт Мартин Джонстон	Директорлар кеңесінің 2015.16.07 № 6 хаттама шешімімен Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамына енгізілді							+	+	+	+		100

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің жұмысына баға бере отырып, аталған Комитет өз міндеттерін орындау кезінде Қоғам мүддесіне сай адал әрі саналы қызмет еткенін атап өту қажет.

Осылайша, Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде, Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті

туралы ережеде, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Директорлар кеңесінің тапсырмаларында, сондай-ақ Комитеттің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарында қойылған мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді орындады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері сыйақы алмайды. Тәуелсіз директорлар бола отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері жылдық белгіленген сыйақы және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі комитетінің отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына келуіне байланысты, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына, сондай-ақ акционерлердің және Қоғамның бастамасымен шақырылатын және тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін отырыстарға қатысқаны үшін шығыстары өтеледі (жол жүру, тұру, тәуелсіз шығыстар, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы, сканерлеу, ксерокөшіру, факс, құжаттарды басып шығару, теру қызметтері, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау, курьер және пошта қызметінің қызметтері).

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің 2006 жылғы 16 желтоқсандағы кезектен тыс жалпы жиналысында №31 хаттамамен «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын атқарғаны үшін сыйақылар Қоғамның Директорлар кеңесінде сайланған тәуелсіз директорларға ғана төленетіні анықталды.

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес, 2009 жылғы 4 қыркүйектегі №39 хаттама және 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №46 хаттама, жылдық белгіленген сыйақының және Директорлар кеңесі комитетінің әрбір қатысу тәртібімен өткізілетін отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақының мынадай мөлшерлері анықталды:

1. «Қазақтелеком» АҚ әрбір тәуелсіз директоры үшін жылдық белгіленген сыйақының мөлшері белгіленді:
  - Қазақстан Республикасының бейрезиденті – 45 000 АҚШ доллары;
  - Қазақстан Республикасының резиденті – 6 660 000 теңге.
2. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір тәуелсіз директоры үшін Директорлар кеңесі комитетінің әрбір қатысу тәртібімен өткізілетін, сондай-ақ телебейнеконференцбайланыс арқылы өткізілетін отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы мөлшері белгіленген:
  - Комитеттің мүшесі ретіндегі Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне 500 АҚШ доллары сомасында;
  - Комитеттің мүшесі ретіндегі Қазақстан Республикасының резиденттеріне 75 000 теңге сомасында.

### 2015 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы тәуелсіз директорлардың төлемдері

№	ДК мүшелері	Валюта	Жылдық белгіленген сыйақы сомасы	2015 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы сыйақы сомасы	Комитеттер отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы сомасы	2015 жылдың 1-ші жартыжылдығы қорытындысы
1	Акентьева Н. Е.	теңге	6 660 000	1 044 306,12	525 000	<b>1 569 306,12</b>
2	Кучура В. Н.	АҚШ доллары	45 000	22 500	8 500	<b>31 000</b>
3	Ларионов Д. В.	теңге	6 660 000	3 330 000	1 575 000	<b>4 905 000</b>
4	Оқаев Е. Қ.	теңге	6 660 000	3 330 000	975 000	<b>4 305 000</b>

### 2015 жылдың 2-ші жартыжылдығындағы тәуелсіз директорлардың төлемдері

№	ДК мүшелері	Валюта	Жылдық белгіленген сыйақы сомасы	2015 жылдың 2-ші жартыжылдығындағы сыйақы сомасы	Комитеттер отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы сомасы	2015 жылдың 2-ші жартыжылдығы қорытындысы
1	Буянов А. Н.	АҚШ доллары	45 000	22 500	4 000	<b>26 500</b>
2	Гарретт Мартин Джонстон	АҚШ доллары	45 000	22 500	3 000	<b>25 500</b>
3	Заика Д. А.	теңге	6 660 000	3 330 000	825 000	<b>4 155 000</b>
4	Құдабаев Е. А.	теңге	6 660 000	3 330 000	450 000	<b>3 780 000</b>

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес барлық мүдделі тұлғалар үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметті ашып көрсетеді.







## ■ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ БАСҚАРМАСЫ

Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күн сайынғы қызметіне басшылық жасайды, Директорлар кеңесі және акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған стратегияны, даму жоспарлары мен шешімдерді іске асыруға жауапты.

Басқарма Қоғамның міндеттері мен стратегиясын орындау мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметке басшылық жасауды жүзеге асыратын алқалы атқару органы болып табылады.

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін мейлінше сақтау қағидатына құрылады және Акционерлердің жалпы жиналысына және Директорлар кеңесіне толықтай есеп береді.

Басқарма 7 мүшеден – Басқарма төрағасынан және Директорлар кеңесі сайлаған басқа да тұлғалардан тұрады.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ (31.12.2015 ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)

## ЕСЕКЕЕВ ҚУАНЫШБЕК БАҚЫТБЕКҰЛЫ

Туылған күні: 1975 жылы 10 маусым

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні: 2010 жылы 15 наурыз

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні: 2013 жылы 14 наурыз

Мәртебесі: «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы

Білімі: жоғары. Математика ғылымдарының кандидаты

1991 – 1995	Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Мамандығы: қолданбалы математика, Математика ғылымдарының кандидаты
2001 – 2002	Қазақ мемлекеттік басқару академиясы Мамандығы: менеджмент

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

15.03.2010 – қазіргі уақытта	«Қазақтелеком» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі
------------------------------	--

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:

«АЛТЕЛ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі: иелік етпейді



## ӘБДІЛДӘБЕКОВ МАРАТ МҰХТАРҰЛЫ

Туылған күні: 1967 жылы 13 қазан

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні: 08.06.2007

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні: 03.06.2015

Мәртебесі: «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры

Білімі: жоғары

1984 – 1991

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті  
Мамандығы: механика және қолданбалы математика

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

05.2007 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ, Вице-президент – Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директор, «Қазақтелеком» АҚ Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:

«КТ Cloud Lab» ЖШС Байқау кеңесінің төрағасы

Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес Компаниялар акцияларына иелік етпейді



## АБЫХАНОВ РАФАЭЛЬ ЕЛАМАНҰЛЫ

Туылған күні: 1971 жылы 07 маусым  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні: 09.09.2013  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні: 09.09.2015  
Мәртебесі: «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас коммерциялық директоры

### Білімі: жоғары

---

1990 – 1996	Қазақ ұлттық техникалық университеті Мамандығы: радиотехника
-------------	---

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

---

07.05.2009 – 08.09.2013	«Қазақтелеком» АҚ, Операторлармен жұмыс жөніндегі басқарушы директор
09.09.2013 – қазіргі уақытта	«Қазақтелеком» АҚ, Бас коммерциялық директор

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі: жоқ  
Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі: иелік етпейді





## ЛЕЗГОВКО АЛЕКСАНДР ВЛАДИМИРОВИЧ

Туылған күні: 1961 жылы 15 қыркүйек  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні: 26.03.2007  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні: 02.04.2013  
Мәртебесі: «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Бас техникалық директоры

Білімі: жоғары

1978 – 1983

Алматы энергетика институты  
Мамандығы: автоматты электр байланысы

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

03.2007 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ, Вице-президент – Бас техникалық директор, «Қазақтелеком» АҚ  
Бас техникалық директоры

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі: жоқ  
Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі:  
«Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларына ие



## МАХАНБЕТӘЖИЕВ БАТЫР ӘПЕНҰЛЫ

Туылған күні: 1972 жылы 12 наурыз

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні: 07.06.2010

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні: 03.06.2015

Мәртебесі: «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры

Білімі: жоғары

1989 – 1994

М. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университеті

Мамандығы: экономикалық кибернетика, экономист-математик

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

04.2010 – қазіргі уақытта

«Қазақтелеком» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ Бас әкімшілік директоры,  
«Қазақтелеком» АҚ Стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі: жоқ

Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі: иелік етпейді





## НҰРКЕЕВА АЛУА НҰРЛАНҚЫЗЫ

Туылған күні: 1980 жылы 29 қараша  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні: 02.03.2015  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні: 02.03.2015  
Мәртебесі: «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры

Білімі: жоғары

---

1997 – 2002                      Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті  
Мамандығы: экономика және менеджмент

2004 – 2006                      Texas Christian University, M.J. Neeley School of Business  
Мамандығы: инвестициялар  
Дәрежесі: Chartered Financial Analyst

---

Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

2010 – 2014                      Инвестициялар саласында бірқатар басшылық лауазымдарды атқарды,  
«Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесі Аудит комитетінің мүшесі болды

2012 – 2014                      «Казкоммерцбанк» АҚ екі еншілес компаниясының Директорлар кеңесінің  
мүшесі болды: «Грантум» ҰЗҚ АҚ және «Казкоммерц – Life» АҚ

11.2014 – 03.2015              «Қазақтелеком» АҚ, Басқарушы директор – Бас қаржы директорының орынбасары

03.2015 – қазіргі уақытта      «Қазақтелеком» АҚ, Бас қаржы директоры

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі: жоқ  
Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес Компаниялар акцияларына иелік етуі: иелік етпейді



## ТҰЯҚОВ ДАРЫН ШЫЛБЫҰЛЫ

Туылған жылы: 1969 жылы 25 мамыр  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні: 24.07.2009  
«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні: 21.07.2015  
Мәртебесі: «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас директоры – Аппарат басшысы

### Білімі: жоғары

1986 – 1990	Ю.В.Андропов атындағы Ленинград жоғары әскери-саяси ӨҚҚ училищесі Мамандығы: әскери-саяси ӨҚҚ (тарих және философия мұғалімі)
1991 – 1997	Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті Мамандығы: құқықтану (құқықтанушы-заңгер)
2005 – 2007	Халықаралық бизнес академиясы Дәрежесі: Іскери әкімшілендіру магистрі
2011 – 2014	РФ Президенті жанындағы халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы КБЖМ Дәрежесі: Іскери әкімшілендіру докторы

### Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:

05.2009 – 01.2012	«Қазақтелеком» АҚ, Мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі басқарушы директор
01.2012 – қазіргі уақытта	«Қазақтелеком» АҚ, Бас директор – Аппарат басшысы

Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі: жоқ  
Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес Компаниялар акцияларына иелік етуі: иелік етпейді

## БАСҚАРМАНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы қатысу тәртібімен 46 отырыс өткізді. Онда Басқарманың 237 шешімі қабылданды. Басқарманың 19 шешімі сырттай дауыс беру жолымен қабылданды.

Отырыстардың күн тәртібі мен материалдары Басқарманың мүшелеріне дер кезінде ұсынылып отырылды.

**Қоғамның Басқармасы 2015 жылы қабылдаған мейлінше маңызды шешімдері мыналар:**

- «Қазақтелеком» АҚ еншілес компанияларын корпоративтік басқару саясаты;
- «Қазақтелеком» АҚ алаяқтыққа қарсы тұру саясаты;
- 2014 жылға «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасы іс-шараларын орындау есебі;
- «Қазақтелеком» АҚ филиалдарын операциялық қызметі үшін ағымдағы ынталандыру және еңбек төлеміне шығындарды қаржыландыру туралы ереже;
- «Қазақтелеком» АҚ филиалы – ОТД ұйымдық басқарудың үлгі құрылымы оған енгізілген өзгерістерімен;
- «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару кодексі қағидаттарын сақтау туралы есеп;
- «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлеріне мақсатты қарыздар ұсыну қағидалары;
- «Қазақтелеком» АҚ Орталық аппаратында дербес үстемеақылау төлеу қағидалары.

**Қоғамның Басқармасы мақұлдаған және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген құжаттар мыналар:**

- «Қазақтелеком» АҚ күрделі салымдарының толық циклін басқару саясаты;
- «Қазақтелеком» АҚ миссиясының жобасы;
- Ішінара еншілес компанияларды корпоративтік басқару кодекстері;
- «Қазақтелеком» АҚ 2014 жылға арналған жылдық есебі;
- «Қазақтелеком» АҚ еншілес ұйымдарының 2014 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы «Қазақтелеком» АҚ 2014 жылға арналған есебі;
- 2015 жылғы «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерді басқару есептері және 2016 жылғы «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдер тіркелімі және картасы;
- «Қазақтелеком» АҚ ішкі бақылау және үдерістік басқару саясаты;
- 2016 жылға «Қазақтелеком» АҚ инвестициялық қызметінің параметрлері;
- «Қазақтелеком» АҚ Орталық аппараты қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ереже жобасы;
- «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласындағы өкілдігі туралы ереже жобасы;
- «Info – Net Wireless» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ сұрақтары.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН СЫЙАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының мүшелерін сыйақылау шарттары мен тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы туралы ережемен, «Қазақтелеком» АҚ Орталық аппараты қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережемен, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ басшы қызметкерлердің еңбегін бағалау және сыйақылау саласындағы саясатына сәйкес әзірленген «Қазақтелеком» АҚ басшы қызметкерлеріне және Ішкі аудит қызметінің басшысына бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу қағидаларымен анықталған.

Директорлар кеңесі жоғарыда көрсетілген құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің жанындағы тиісті комитеттің ұсынымы бойынша Басқарма төрағасының және мүшелерінің лауазымдық айлықтарының мөлшерін, еңбекке ақы және сыйлықақы төлеу шарттарын анықтайды. Сыйақы төлеудің негізгі шарты есепті жыл үшін шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы болып табылады.

2014 жылы Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының стратегиясы өзекті етіліп, онда бизнесті жақсарту саласы анықталды, Компаниялар тобының бизнес-моделі құрылды, сондай-ақ бизнестің жаңа бағыттарында әдістер әзірленді. Бұл жұмыс инфокоммуникация нарығының айтарлықтай өзгеруі кезеңінде Топтың даму қарқынын сақтауға негіз салуға мүмкіндік берді.

2014 жылғы мамырда бекітілген «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасы Стратегияны іске асыру іс-шаралары жоспары болып отыр. Бұл Бағдарлама 4 стратегиялық бастама және 18 жобалар блогынан тұрады, олар Топтың акционерлік құнының 2022 жылға дейін 2 еседен аса өсуіне жағдай жасайды.

2014 жылғы ақпанда болған ұлттық валютаның девальвациясы компанияның шығыстарының айтарлықтай бөлігінің ұлғаюына алып келді. Жеткізу төлемі, сервистік келісімшарттар, халықаралық трафикті өткізу, арналар жалдау, ЖЖМ қымбаттауы және басқаларына шығыстардың артуынан болған жалпы теріс әсер 8 млрд теңге жуық соманы құрады.

Операциялық кірістің әрі қарай өсуіне жол бермеу үшін Басқарма жедел түрде бірқатар іс-шаралар жүргізді, соның ішінде:

- бағаны төмендету бойынша жеткізушілермен жұмыс;
- бөгде ұйымдардың материалдарды және қызметтерді тұтыну көлемін оңтайландыру;
- теңгемен және бағаны бекіте отырып, ұзақ мерзімді шарттар жасау;
- өндірістік емес шығыстарды жою және қысқарту.

Теңгенің жүргізілген девальвациясына, телекоммуникация қызметтері нарығының құрылымдық өзгерістеріне, күшейіп отырған бәсекеге қарамастан, Қоғам өзінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жақсартта алды.

Есепті жылы «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының телекоммуникация нарығындағы үлесі 1,6% өсіп, 33,9% құрады. Осылайша, Топ осы нарықта кірістердегі көрсеткіші бойынша алдыңғы ұстанымға ие болды.

Белгіленген корпоративтік БНК мақсатты мәндерін асыра орындау Басқарманың әрбір мүшесінің дербес үлесі болып табылады. Уәждемелеуші БНК нәтижелілігі 116,9% құрады.



Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес Ішкі аудит қызметі аудиторлық тексеру жүргізді – «Топ-менеджментке сыйақы есептеу дұрыстығы».

2014 жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшері «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 8 шешімімен бекітілген. Басқарма мүшелері сыйақысының шекті мөлшерлері қызметкердің лауазымдық айлықақысының 3 еселік жылдық сомасынан аспайды. Сыйақы төлеу «Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіткеннен кейін жүзеге асырылды. 2014 жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшелерінің сыйақысының жалпы мөлшері 325 671 мың теңге құрады.

## ■ КОМПАНИЯНЫҢ ЕЛЕУЛІ МӘМІЛЕЛЕРІ

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 33-бабы 1-тармағының 33) тармақшасына сәйкес, жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау Қоғамның Жарғысында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады.

Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 73-бабының 1-тармағына және «Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 42-бабының 5-тармағына сәйкес жасалуына Қоғам мүдделі өзге де мәмілелерді жасасу туралы шешімді оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі шешімдерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

### «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 2015 жылы қабылдаған мүдделі мәмілелер:

- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар «НҰРСАТ» АҚ мәмілелер жасау туралы;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы (Кредит желісін ашу туралы келісім аясында берілген кредитті қайтару бойынша «НҰРСАТ» АҚ міндеттемелері бойынша «Қазкоммерцбанк» АҚ пайдасына кепілдеме шарт, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ алдындағы «НҰРСАТ» АҚ міндеттемелерін орындау туралы келісім);
- «Қазақтелеком» АҚ ірі мәмілені жасауы туралы (Ұтқыр сегменттегі бірлескен кәсіпорынның кейбір мәселелері туралы);
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы («MaxCom» ЖШС жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шарты, қарызды талап ету және өзара есеп құқығын қайта табыстау туралы келісім);
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар мәміле жасау туралы («Қазақтелеком» АҚ және «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС арасында Антенна-матча құрылыстарына және антенна-фидерлі құрылғыларға техникалық күтім жасау шарты);
- «Info-Net Wireless» ЖШС-мен жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар мәміле жасау туралы.

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 42-бабының 4-тармағына сәйкес жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді Қоғамның жасасуы туралы шешімді Қоғамның Басқармасы байланыс қызметтерін, сондай-ақ стандартты нарықтық шарттарға сәйкес ақпараттық технологиялар саласындағы қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша қабылдайды.

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуға қатысты Басқарманың мынадай шешімдерін қабылдады:

- «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар мәміле – «Қазақтелеком» АҚ және «АЛТЕЛ» АҚ арасында жасалған қалаарлық цифрлы байланыс арналарын жалдауға шартқа қосымша келісімді жасасу туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар мәмілені «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-мен жасасу және операциялық шығыстарды мақұлдау туралы;
- «Қазақтелеком» АҚ мүдделілігі бар мәмілені «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-мен жасасу туралы.

## ■ МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер жанжалын реттеу саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қоғам мүдделерінің басымдылығы, жеке жауапкершілік пен үлгі, қызметтік мәдениетті қалыптастыру, мүдделер жанжалына төзбеушілік қағидаттарына негізделген.

Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді және мүдделер жанжалы ұғымын, мүдделер жанжалының алдын алу, анықтау және реттеу тәртібін, мүдделер жанжалы туындағанда немесе туындау қаупі болған жағдайда Қоғам органдары және/немесе тұлғаларының өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру іс-жосығын айқындайды.

Қоғамға жұмысқа қабылданатын кезде әрбір қызметкер «Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер жанжалын реттеу іс-жосығымен танысу парағына және Саясаттың талаптарын орындау және оны өз кәсіби қызметінде басшылыққа алу міндеттемесіне қол қояды.

Қоғамның барлық қызметкерлері өзіне қатысты да (немесе өзімен байланысты тұлғаларға қатысты), өзгелерге қатысты да мүдделер жанжалының пайда болу қаупі бар жағдайларға жол бермеуі тиіс.

## ■ САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### *Сапа менеджменті жүйесі басқару жүйесін жетілдірудің сенімді құралы ретінде.*

Сапа саласындағы «Қазақтелеком» АҚ стратегиялық міндеттері ISO 9001:2008 халықаралық стандартының негізінде сапа менеджментіне қойылатын жүйелі амал-тәсіл арқылы Қоғамның басқару тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуіне бағытталған. Жүйелі амал-тәсіл сапаны басқару философиясының маңызды элементі бола тұрып, тұрақты, жоғары сапа деңгейімен нәтижелі бизнес-үдерістер құруға және сапаға әсер ететін барлық факторларды білікті және дәйекті басқаруға кепілдік береді.

«Қазақтелеком» АҚ-да 2005 жылдан ИСО 9001:2008 (ISO 9001:2008) халықаралық стандартының талаптарына сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) табысты әзірленді және қолдауда.

Қоғамда СМЖ дамыту компанияның миссиясынан, мақсаттары мен стратегиясынан шығатын қағидаттар мен құндылықтардың көрінісі болып табылатын сапа саласындағы «Қазақтелеком» АҚ саясатында анықталған мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылып келеді.

СМЖ нәтижелілігі үдерістерді өлшеу, талдау және түзету арқылы жүйенің жұмыс істеуін тұрақты мониторингілеумен қамтамасыз етіледі.

2014 жылғы қарашада Қоғам ISO 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке BureauVeritas уәкілетті ұйымы тарапынан қайта сертификаттау аудитінен өтті. Аудит нәтижелері бойынша қолданыс мерзімі 3 жыл тіркеу сертификаты қайта басылып шықты, ол ұйымды көрсетілген стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесін қолдауды ұйымдастыруға міндеттейді. Сертификатты Bureau Veritas Certification халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестікке жұмыстар жүргізу құқығына аккредитациядан өткен

сертификаттау жөніндегі әлемде көшбасшы органдардың бірі жүргізді.

Сертификат қолданысы Қоғамның толықтай алғандағы телекоммуникация қызметтерін ұйымдастыру және ұсыну; тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың логистикалық тізбегін, транзиттік қоймаларға дейін жабдықтарды және ТМҚ (импортты қоса алғанда) орталықтандырылған және орталықсыздандырылған жеткізуді операциялық басқару; жүктерді сақтау және оларды соңғы тұтынушыларға дейін жеткізудің бөлінісін жүргізу; жабдыққа техникалық күтім жасауға қатысты сапа менеджменті жүйесіне таралады.

**СЕРТИФИКАТТАУ АЯСЫНДА  
«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ОРТАЛЫҚ  
АППАРАТЫ ЖӘНЕ 21 ФИЛИАЛЫ  
ҚЫЗМЕТІН ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША  
ТОЛЫҚТАЙ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ  
ҚЫЗМЕТТЕРІ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ  
ЕТУ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛДІ.  
АЛЫНҒАН СЕРТИФИКАТ ҚОҒАМ  
ҚЫЗМЕТІ ӘЛЕМДІК САПА  
СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІНІН  
РАСТАП ОТЫР.**

2008 жылғы нұсқасымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістерді көздейтін ISO 9001:2015 МС стандартының жаңа нұсқасының шығуына байланысты, 2016 жылы Қоғамда жаңа стандартқа көшу бойынша бірқатар іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр.

## САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ

Қоғамның жергілікті қамту мәселелері бойынша қызметі 2013 жылдың қаңтарында Қоғамның Басқармасы бекіткен Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтуды ұлғайту бойынша «Қазақтелеком» АҚ 2013–2015 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың 2015 жылға арналған жоспары Қазақстанның нарығына жаңа алдыңғы қатарлы технологияларды ұсынуға және қолданыстағы телекоммуникация желілерін жаңғыртуға бағытталған «Қазақтелеком» АҚ инвестициялық саясатының барлық негізгі стратегиялық бағыттарын қамтиды.

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы электронды сатып алудың ақпараттық жүйесінде ашық тендер және сауда-саттықты қолдана отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алуды жүзеге асырды. Бұл ретте электронды сатып алу порталында ([www.tender.sk.kz](http://www.tender.sk.kz)) және Қоғамның корпоративтік порталында алдағы кезеңге сатып алу жоспары және ұзақ мерзімді сатып алу жоспары, сондай-ақ өткізілетін сатып алу және олардың нәтижелері туралы ақпарат орналастырылады.

Қоғамда «Электронды сатып алу жоспары және автоматтандырылған есептік құру жүйесі» ақпараттық жүйесі арқылы тұрақты түрде сатып алудағы жергілікті қамту көрсеткіштеріне мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері көрнекі түрде Жергілікті қамтудың мониторинг картасында көрсетіледі ([www.kmks.kz](http://www.kmks.kz)).

2015 жылы ҚР Ұлттық Банкінің ұлттық валюта бағамының валюталық дәлізінен нарық сұранысына тәуелді еркін бағамға көшуін, сондай-ақ шетелдік компаниялардан заманауи телекоммуникация жабдықтарын сатып алудың өндірістік қажеттілігін ескере отырып, импорт телекоммуникация жабдығын сатып алу көлеміне тиісті түзету жүргізілді.

2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы жалпы алғанда 85,866 млрд теңгеге 17 147 шарт жасасты, бұл ретте жергілікті қамту үлесі 56% құрады (44,342 млрд теңге сомаға (ЖҚ үлесі – 28%) – тауарларды жеткізуге), жұмыстарға – 13,529 млрд теңгеге (ЖҚ үлесі – 83%), қызметтерге 27,995 млрд теңгеге (ЖҚ үлесі – 95%) шарттар жасалды.


Бұл ретте компаниялар тобының жалпы сатып алуындағы тауарлардың үлесі – 51,64%, жұмыстардың үлесі – 15,76%, қызметтердің үлесі – 32,60%.

### ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАҚСАТЫНДА ҚОҒАМ ХОЛДИНГШІЛІК КООПЕРАЦИЯНЫ ДАМУ, САТЫП АЛУДЫ ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРУ, ОЛАРМЕН ШЫҒАРЫЛАТЫН ӨНІМГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ШАРТТАР ЖАСАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДЕ.

2015 жылы Қоғам жалпы сомасы 12,755 млрд теңге болатын 30 ұзақ мерзімді шарт жасады, бұл ретте ұзақ мерзімді шарттардағы жергілікті қамтудың орташа деңгейі 73% құрады.

Ұзақ мерзімді шарттар жасаудың мақсаты Қазақстанда өндірілген тауарлар сатып алу бөлігінде отандық өндірушілермен өзара қарым-қатынасты дамыту, жаңа импорт алмастырушы тауарлар, жұмыстар және қызметтер игеруге ықпал көрсету, сондай-ақ Қазақстанның ӘСҰ кіруі жағдайында отандық тауар өндірушілерді қолдау болып табылады.

2015 жылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту





«Адамдарға бағытталған жұмыста табыс  
көзі біреу-ақ, ол – сенім»

*Плутарх*





**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР**

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

ҚОҒАМ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУДЫ БӘСЕКЕЛІК АРТЫҚШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАДЫ. АДАМИ КАПИТАЛ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ РЕСУРСЫ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ТРАНСФОРМАЦИЯ ІРГЕТАСЫ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ.


### ■ HR-МЕНЕДЖМЕНТ

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобын 2020 жылға дейін дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясында адами капитал секілді стратегиялық ресурсқа жеке көңіл бөлінген. 2014 жылы іске қосылған «Өрлеу» трансформация бағдарламасы да стратегиялық бастамалар жиыны ғана емес, ол барлық деңгейдегі қызметкерлердің ойлауы мен мінез-құлқын өзгертуге бағытталған. Трансформация барлық қызметкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, қызметкерде өзгеріп отырған мақсаттарға сәйкес жаңа дағдылар дамытуға ықпал ететін болады.

Осы орайда 2015 жылы «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерді дамыту стратегиясы жаңартылды. Алдағы жылдарға HR-менеджменттің негізгі құрамдастары болып мыналар анықталды: ұйымдық даму, тиімділікті арттыру және корпоративтік мәдениетті өзгерту.

**Компания қызметкерлерінің құрылымы.** 2015 жылға Қоғам қызметкерлерінің нақты саны 26 725 адамды құрады (7,1% – әкімшілік қызметкерлер және 92,9% – өндірістік қызметкерлер). Әкімшілік қызметкерлер үлесінің төмендеу беталысы сақталуда.

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерінің нақты санының өзгеру қарқыны (2010 – 2015)




2015 жылы Трансформация бағдарламасын іске асыру аясында жекелеген филиалдарды – «Алматытелеком» ҚТО мен Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясын және «Астанателеком» ҚТО мен Ақмола облыстық телекоммуникация дирекциясын біріктіру және олардың негізінде «Астанателеком» және «Алматытелеком» өңірлік телекоммуникация дирекцияларын құру туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ көлік цехын оңтайландыру, басқару деңгейлерін оңтайландыру, әкімшілік және қолдау функцияларын оңтайландыру бастамалары іске асырылды. Көрсетілген шаралар аясында 1 834 штаттық бірлік оңтайландырылды.

### ■ HR-КӨРСЕТКІШТЕР


Компанияның негізгі HR-көрсеткіштері тұрақты деңгейде. Қоғам бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2015 жылы 7,5% деңгейінде болды, бұл ретте әкімшілік қызметкерлердің тұрақтамауы 6,8% деңгейінде және өндірістік қызметкерлердікі – 7,6%.

Мамандардың кетуі, % (2011–2015)



Соңғы 2 жыл ішінде кету коэффициенті 7,5% деңгейінде қалып отыр, бұл жоспарлы мәндер шегінде.

Кәсіпорындағы жұмыс өтілі бойынша, % (2015)



40% астам қызметкердің «Қазақтелеком» АҚ жұмыс өтілі 10 жылдан асады, бұл мамандардың тұрақтылығы жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

### ■ КОМПАНИЯНЫҢ HR-ЖОБАЛАРЫ

**Қызметкерлерді тарту.** Жобаның негізгі мақсаты Қоғам алдында тұрған міндеттерді сапалы, жедел шешуге қабілетті, кәсіби деңгейі жоғары, тиімді жұмыс істейтін команда құру болып табылады. Жұмыс істегісі келетін және істей алатын, қажетті біліктілігі бар, компания құндылықтарын түсіне алатын, жоғары білікті қызметкерлерді іріктеу.

Бұл жоба аясында қызметкерлерді таңдау рәсімі көзделген және қызметкерлерді жалдау барысында конкурстық іріктеудің ашық жүйесі енгізілген.

**Ұйымдық даму. Әкімшілік және қолдау функцияларын орталықтандыру.** Компанияны ұйымдық дамыту аясында әкімшілік және қолдау функцияларын орталықтандыру, басқару деңгейлерін оңтайландыру, өңірлік басқару моделін өзгерту, ұйымдық құрылымды жаңарту секілді бастамалар іске асырылуда.

Ішкі үдерістердің тиімділігін арттыру – «Өрлеу» трансформация бағдарламасы аясында орындалатын стратегиялық міндеттердің бірі. Осындай қадамдардың бірі жалпы қызмет көрсету орталықтары моделі болды. Бұл әрбір филиалда орындалатын қосалқы бизнес-үдерістерді бірыңғай сервис орталыққа беру.

Есепті жылы Қызметкерлерді басқару жөніндегі ортақ қызмет көрсету орталығын (HR ОҚО) құру бойынша пилоттық жоба аяқталып, оның аясында 46 кадрлық әкімшілендіру үдерісі бірегейлендірілді, 30 астам құжат типтелді. ОҚО компанияның барлық филиалдарына 2016 жыл аяғына дейін қызмет көрсететін болады.

**Таланттарды басқару.** «Қазақтелеком» АҚ трансформация бағдарламасы HR-бастамаларын іске асыру, сондай-ақ Қоғамда сабақтастықты жоспарлау аясында басты басшылық лауазымдарды алмастыруға үміткерлер іріктеу іс-шаралары кешені іске асырылуда. Таланттарды бөлу картасын пайдалана отырып, үміткерлерді кезеңмен іріктеу жүргізілді, нәтижелілігі жоғары және көшбасшылық әлеуетке ие ОА және филиалдар қызметкерлері тобынан тұратын Қоғамның кадр пулын қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Кадрлық пул Top-25/оперативті пулдан тұрады – бұл қазіргі сәтте басшылық лауазымды жедел атқаруға дайын, жоғары көшбасшылық әлеуеті бар қызметкерлер және тиісті оқу мен дайындықтан өте отырып, орта мерзімді перспективада (2-3 жыл ішінде) басшылық лауазымдарды атқаруға қабілетті қызметкерлерден тұратын стратегиялық кадрлық пул.

Кадрлық пул негізінде Қоғамның басшылық лауазымдарын алмастыру матрицасы, сондай-ақ Көшбасшылықты дамыту бағдарламасы әзірленетін болады.

**Қызметкерлер тиімділігін арттыру.** Қызметкерлер тиімділігін арттырудың маңызды элементтерінің бірі өнімділікті басқару жүйесі болып табылады. Оның мәні қызметкер алдында басты нәтижелік көрсеткіштері (БНК) түрінде алдағы кезеңге нақты, көлемді мақсаттар мен міндеттер қою болып табылады. Қызметкер сыйақысы оны орындауына қарай болады. Сонымен қатар, әрбір қызметкерге өз білімі мен дағдыларын дамыту мен жеке тиімділігі және нәтижелілігін арттыруға ден қоюға мүмкіндік беретін дербес даму жоспары (ДДЖ) жүйесі енгізілді.


2015 жылы Қазақтелеком Орталық аппаратта пилотты тәртіпте жобаны сынақтан өткізді, 2016 жылы жүйе бүкіл компанияға таралатын болады.

Тиімділікті арттыру жүйесінің тағы бір маңызды элементі – лауазымдарды бағалау немесе «грейдирлеу», яғни лауазымдарды біліктілік деңгейі, орындалатын жұмыс күрделілігі, лауазымның жауапкершілік дәрежесі, шешім қабылдаудағы дербестік, стратегиялық мақсаттар мен компанияның бизнес нәтижелеріне ықпалы және т.б. критерийлер бойынша лауазымдарды ранжирлеу. Еңбек төлемі барысында грейд жүйесін пайдалану бірқатар артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, оның ішінде: бір деңгейдегі лауазымдарда жалақы деңгейі бірдей болғанда, ішкі әділетке қол жеткізу, лауазымдық жалақысының мөлшері нәтижелілігіне қарай болатын көтермелеу есебінен қызметкер нәтижелілігін арттыру.

## ■ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚИТУ/ БІЛІМДІ БАСҚАРУ

Қызметкерлері оқыту және дамыту стратегиялық жағынан маңызды бағыттардың бірі болып табылады. 2015 жылы корпоратившілік оқытумен қамтылған қызметкерлер саны 28 004 тыңдаушыны құрады, оның ішінде күндізгі оқу нысанында – 25 385, қашықтан оқыту курстарында – 2 619.

Оқыту түрлері бойынша тыңдаушылар саны, % (2015)



2015 жылы «Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы базасында құрылған еншілес Корпоративтік университетпен өзара іс-қимыл үлгісі құрылды. Оның қызметі әлемдік тәжірибенің үздік үлгілері және стандарттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, біз «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетімен бірлесіп, бірыңғай ИТ-платформа құрамыз, оның арқасында Қазақтелеком қызметкерлері дербес даму жоспарына сәйкес онлайн тәртіпте оқу курсына таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Пилоттық тәртіпте техникалық бағыттағы лауазымдардың кәсіби құзыретін әзірлеу және енгізу жобасын, міндетті оқыту бағдарламаларын, сондай-ақ қызметкерлердің карьералық даму карталарын іске асыру басталды. Жоба нақты лауазымдар аясында кәсіби құзыретке талаптарды жүйелеуге, қызметкерлерді оқыту және дамыту аймақтарын анықтауға, карьераны жоспарлау ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Компания ішінде қызметкерлерді дамыту және алға жылжытуға бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ босатылатын қызметкерлердің жұмыспен айналысуына ықпал ету бағдарламасын іске асыру аясында босатылған қызметкерлерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігі үшін Компанияға қажетті мамандықтарға оқыту/қайта даярлау бағдарламасы әзірленді.

Қоғамның практикалық білім және дағдыны дамыту, оқу үдерісі мен өндірісті біріктіру арқылы өндірістік қызметке жас мамандарды бейімдеу үдерісін жылдамдату, жұмысқа тарту үшін талантты студенттер пулын құруға ден қоя отырып, Қоғамның Трансформация бағдарламасы HR-бастамаларын іске асыру аясында Қоғамда «Қазақтелеком» АҚ тағылымдамадан өту бағдарламасын іске асыру басталды.

Кәсіби білім және мамандар даярлау саласында ынтымақтастық туралы 3 Кәсіпкерлердің Өңірлік Палатасымен меморандумдарға қол қойылды.



«Табысты ұйым құру үшін билікті  
жауапкершілікпен алмастыру қажет»

*Питер Друкер*



# **КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК**

# КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫН БИЗНЕСТІ ДАМУ ТРАТЕГИЯСЫНА БІРІКТІРУ – ТАБЫСТЫ КОМПАНИЯЛАРҒА ТӘН СИПАТ.

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ БИЗНЕСІ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, СЕБЕБИ ҚОҒАМНЫҢ ӘРБІР МҮШЕСІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛГЕ ИЕ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРҒА, МЕМЛЕКЕТТІК ОРҒАНДАРҒА, БИЗНЕС-ҚҰРЫЛЫМДАРҒА ЗАМАНАУИ ИНФОКОММУНИКАЦИЯ РЕСУРСТАРЫНА ҚАТЫНАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

«Қазақтелеком» АҚ компания бизнесі ауқымының көлемін назарға ала отырып, өзінің қоғамды жағынан маңызды рөлін ұғынады.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы 2012–2020 жылдарға арналған стратегияны (КӘЖ стратегиясы) басшылыққа алады және әлеуметтік жауапты бизнес, оның қағидаттарын іскери тәжірибеге енгізу және бәсеке қабілеттілігін нығайту үшін жаһандық қозғалыстың қатысушысы болып табылады. Қоғам жыл сайынғы негізде Есептілік бойынша жаһандық бастаманы тұрақты дамыту саласындағы есептілік нұсқамасының (GRI) ұсынымдарын ұстана отырып, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша дербес есебін жариялап отырады.

### Қоғам КӘЖ стратегиясын іске асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1

сыртқы және ішкі ықпалды басқару саласында Қоғамның мақсаттары мен көрсеткіштерін белгілеу;

2

сыртқы және ішкі ықпалды басқару бойынша міндеттемелер мен жоспарларды өзіне қабылдау, оның ішінде Қоғамның жыл сайынғы әлеуметтік есептерінде оларды орындау нәтижелерін сипаттау;

3

корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша басқару тиімділігін көтеру үшін мүдделі тараптармен диалог жүргізу.

## КОМПАНИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ

Қоғамның тұрақты дамуына үлес қосуға ұмтыла отырып, «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы ауылдық байланысты дамыту, білім, «цифрлы теңсіздікті» жою бағдарламаларын қолдау, сондай-ақ телекоммуникация қызметтерінің қолжетімділігін арттыра отырып, халықтың өмір сапасын жақсарту әлеуметтік маңызды міндеттерді жоспарлы шешуге бағытталған жобаларды іске асыруға қатысады.

**2014 ЖЫЛДАН БАСТАП КОМПАНИЯДА «АЯУЛЫ АЛАҚАН» ЕРІКТИЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚҰРЫЛЫП**, белсенді түрде дамуда, оның мүшелері балалар үйлерінің жоғарғы сыныптағы тәрбиеленушілерін әлеуметтік икемдеуге белсенді қатысады, оларжы мәдени, адамгершілік және физикалық тәрбие беруге көмек көрсетіп, зейнеткерлерге, қарт адамдарға және жәрдемге зәру Қоғам қызметкерлеріне қол ұшын береді. Түрлі қайырымдылық іс-шараларға қатысу жаңа дағдылар мен білімді дамытып, әлеуметтік байланысты кеңейтеді. Корпоративтік еріктілік бағдарламасы бизнестің әлеуметтік қағидаттарын іске асырады, корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, әлеуметтік белсенділік пен әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтарға көмек көрсету бастамаларын дамытып, бекітеді.

Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында білім мекемелерінің үздік білім ресурстарына және технологияларға қатынауын қамтамасыз ету мақсатында Қоғам кеңжолақты қатынау (КЖҚ) технологиясын пайдалана отырып, интернет желісіне білім мекемелерін қосу іс-шараларын жүргізуде. Айталық, 01.01.2016 жылы КЖҚ бойынша (қатынау жылдамдығы 256 Кбит/с бастап) 6 164 мемлекеттік мектеп немесе 85,36% қосылды, оның 4 538 немесе 81,77% ауылдық мектеп.

«e-learning» электронды оқыту жүйесі» (ЭОЖ) ҚР Білім және ғылым министрлігі жобасы аясында Қоғам республиканың барлық өңірлерінде 2 959 білім ұйымы үшін 4-тен 10 Мбит/с дейінгі жылдамдықпен интернет желісіне қатынауды ұйымдастырды.

Қоғам қызметтердің қолжетімділігін көтеру шеңберінде икемді тарифтік саясатты жүргізеді және телекоммуникация қызметтерін топтамамен ұсынуды жүзеге асырады. Телекоммуникация қызметтерін жеке-дара ұсынғаннан гөрі, оларды топтамамен ұсыну абонентке арзан түседі.

## 2015 ЖЫЛЫ АБОНЕНТТЕР – ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ТОПТАМАЛАРДЫҢ ЖАҢА ТАРИФТИК ҚАТАРЫ ӘЗІРЛЕНІП БЕКІТІЛДІ, ОЛ АБОНЕНТТЕРДІҢ ЖАҢА ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП, ТИІСТІ БАҒАМЕН КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУҒА ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚОСЫМША САТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

### Атап айтқанда:

- қала абоненттері үшін «Сенің Қазақстанның» дауыс қызметтерінің жаңа топтамасы құны ҚҚС-мен 1 299 теңгені құрайды. Топтама жергілікті телефон байланысы және қалааралық телефон байланысы қызметтерінен тұрады, оған қосымша «АЛТЕЛ» АҚ ұялы байланыс операторына 1 сағат қоңырау кіреді. Мұндай топтама ауыл тұрғындары үшін ҚҚС-мен 999 теңгені құрайды;
- «Минималды» негізгі қызметтер топтамасы құны ҚҚС-мен 2 699 теңге. Топтама төрт қызметтен тұрады: жергілікті телефон байланысы, қалааралық телефон байланысы және интернет желісіне КЖҚ қызметтері, оған қосымша «АЛТЕЛ» АҚ-на 1 сағат қоңырау кіреді. Осы қызметтерді жеке сатып алғанда құны ҚҚС-мен 5 096 болады. Дәл осы топтама ауыл тұрғындары үшін ҚҚС-мен 2 099 теңгені құрайды.

Қосымша Қоғам «АЛТЕЛ» АҚ ұялы байланыс операторымен бірлескен жобалар аясында **«Отбасылық шешім»** (тіркелген және ұтқыр байланыс қызметтері топтамасы) топтамасын әзірледі, ол отбасының ұтқыр байланысқа шығыстарын бақылауға, отбасы мүшелерінің шектеусіз хабарласуына, балалардың интернетке қатынауын бақылауға (Ата-ана бақылауы) мүмкіндік береді. Бұл топтама сонымен қатар, ұтқыр телефоннан үй телефонына және «АЛТЕЛ» АҚ нөмірлеріне лимитсіз қоңырауларды және қосымша артықшылықтарды көздейді.

СОНЫМЕН ҚАТАР, 2015 ЖЫЛЫ ЗАҢДЫ  
ТҰЛҒАЛАР ҮШІН «СЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫҢ»  
ТОПТАМАСЫ ЕНГІЗІЛДІ, ОЛ ТҰТЫНУШЫЛАР  
НИЕТТЕСТІГІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ БІЗДІҢ  
ҚЫЗМЕТТЕРІМІЗДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН  
ҰЛҒАЙТУҒА АРНАЛҒАН.

## ■ ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

Демеушілік көмек көрсетудің қағидаттары мен негізгі бағыттары Директорлар кеңесінің 2011.10.06 № 6 шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету саясатында жазылған. Осы саясаттың қағидаттарына сәйкес компания жыл сайын демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге Қоғамның шоғырландырылған таза пайдасының 1% бөліп отырады.

Мемлекеттік іс-шараларды, әлеуметтік жобаларды, жекелеген спорт түрлерін, халықаралық конференцияларды, форумдарды қолдау, жарыстар, конкурстар, көрмелер, байқауларға қатысу және шығармашылық, ғылыми, ғылыми-техникалық, өнертапқыштық қызметті дамыту, білім және спорттық шеберлікті дамыту демеушілік көмек көрсетудің негізгі бағыттары болып табылады.

Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық қызметін қолдау, Қоғамның есебінде тұрған ардагерлердің, мүгедектердің, балалар үйлері және орталықтарын, зейнеткерлерді және басқа да адамдарды жасалған Ұжымдық шартқа сәйкес қолдау қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі бағыттары болып табылады.

Қоғам жылдық шығыстар жоспарының қаражаты шегінде демеушілік және/немесе қайырымдылық көмекті «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерінің негізінде көрсетеді.

### 2015 жылы компания мыналарға демеушілік көмек көрсетті:

- «Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ студенттерді оқыту үшін саны 2 дана, қалдық құны 42 505,45 (қырық екі мың бес жүз бес) теңге ИКМ-30 ескірген жабдығын беру жолымен;
- Шығыс Қазақстан облыстық әкімшілігінің (Семей қ.) Білім басқармасы «Радиотехника және байланыс колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнына пайдаланудан шығарылған 50 нөмірлік АТСК координатты стансасын Радиотехника және байланыс колледжі техникалық мұражайына экспонат ретінде беру жолымен.

Сонымен қатар, VI «Астана» қоғамдық-инновациялық қоры» қоғамдық қорына «Astana Invest 2015» халықаралық инвестициялық форумын өткізу үшін 5 млн теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетілді.



## ■ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Ұжымдық шартқа сәйкес «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлері мен зейнеткерлерінің әлеуметтік жақтан қорғалуы «Қазақтелеком» АҚ әлеуметтік саясатының міндетті бөлшегі және айнымас дәстүрі болып табылады.

**Қоғам қызметкерлердің мүддесін қорғайтын екі кәсіподақпен өзара іс-қимыл жасайды:**

1. «Телекоммуникация және байланыс қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ;
2. «Ақпараттандыру және байланыс қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ.

Қоғам бұл кәсіподақтармен үшжақты салалық келісім, сондай-ақ ұжымдық шарттар жасасады.

«Қазақтелеком» АҚ ұжымдық шартқа сәйкес қызметкерлердің жұмыспен қамту сипатына қарамастан (тұрақты немесе уақытша), мынадай әлеуметтік қолдау түрлерін көрсетеді:

- некені тіркеу кезіндегі материалдық көмек;
- босануына/жаңа туған баланы асырап алуына байланысты материалдық көмек;
- жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыруға арналған материалдық көмек;
- еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар төлеу;
- бала бір жарым жасқа дейін толғанға дейін оған күтім жасау бойынша қосымша демалысты төлеу және т.б.

Сонымен қатар, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, қызметкерлердің денсаулығын қорғау ісінде Ұжымдық шарт ережелерін іске асыру аясында Қоғам қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыруды жүзеге асырады.

Қоғамның корпоратившілік әлеуметтік жауапкершілігі бағыттарының бірі Қоғамның қызметкерлеріне мақсатты қарыз беру арқылы қызметкерлердің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту болып табылады. Тұрғын үй саясатын іске асыру жұмысы жоспарлы негізде тұрақты жүргізіледі.

## БҮГІНГІ КҮНДЕ ҚОҒАМ 9 МЫҢНАН АСА ЗЕЙНЕТКЕРГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ.

Жыл сайын оларға атаулы қайырымдылық көмек көрсету, байланысшылардың кәсіби мерекесіне және Қарттар күніне түскі ас-кездесулер өткізу көзделген. Мұнымен қатар жыл сайын Жеңіс күніне компанияның есебінде тұрған Ұлы Отан соғысының ардагерлерін және тыл еңбеккерлерін көтермелеу үшін (600-ден аса адам) қаражат бөлінеді. Сондай-ақ Қоғам зейнеткерлер-байланыс ардагерлерін мерейтойларымен де құттықтайды.

Компанияның корпоративтік әлеуметтік бағдарламасының маңызды бөлігі – денсаулықты қорғау және қауіпсіз еңбек жағдайлары. Қоғамда тұрақты негізде қызметкерлер денсаулығын қорғау және қауіпсіз еңбек бойынша іс-шаралар өткізіліп тұрады. Осындай іс-шаралар ішінде: қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және дербес қорғау құралдарымен қамтамасыз ету, жыл сайынғы жұмысшы мамандықтар жұмыскерлерін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға оқыту, табиғи және моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты заманауи, қауіпсізінә ауыстыру. Сонымен қатар, еңбек жағдайларын жақсарту, сондай-ақ қызметкерлерді және қоғамдық инспекторларды белсенді ету және өндірістік жарақаттарды, авариялар және кәсіби аурулар себептерін жоюға кеңінен тарту мақсатында жыл сайын «Қазақтелеком» АҚ филиалдары және олардың құрылымдық бірліктері арасында еңбек қорғау және өндірістік-тұрмыстық жағдайлар байқауы өткізіліп тұрады.

## ■ ЖАСТАР САЯСАТЫ

«Қазақтелеком» АҚ сабақтастық және мамандарды дер кезінде даярлауды жоспарлау мәселелері стратегиялық маңызға ие.

2015 ЖЫЛЫ ЖАС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ МЕЙЛІНШЕ БЕЛСЕНДІ ЕТІЛДІ. 857 КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚИТЫН 20 СТУДЕНТ ҮШІН ӨНДІРИСТЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Компанияда басшылық пен «Жастелеком» жастар кеңесі мүшелерінің жұмыс кездесулері тұрақты негізде өткізіліп тұрады. Төртінші жыл қатарынан жұмыс істеп келе жатқан «Жастелеком» жастар ұйымы мүшелерінің саны бүгінгі таңда 1650 адамды құрайды. «Қазақтелеком» АҚ әр филиалында ұйымның өңірлік топтары құрылған. «Жастелекомның» 2015 жылға бекітілген жұмыс жоспары аясында жастар ұйымы мүшелерінің тікелей қатысуымен бірқатар оқу іс-шаралары өткізілді.

## ■ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Табиғат қорғау қызметі, қолайлы қоршаған ортаны сақтап қалу және ресурсты үнемдеу компания үшін басым бағыт болып табылады.

ЕСКІСІНІҢ ОРНЫНА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЕНГІЗЕ ОТЫРЫП, ҚОҒАМ РЕСУРСТЫ ҮНЕМДЕЙТІН ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ТАҢДАУ ЖАСАЙДЫ.

Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу бойынша жұмыстар стратегиялық санатқа жатады және Қоғам шығындарын қысқарту және оның қызмет тиімділігін арттыру іс-шараларының бөлігі болып табылады. Компанияда энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану және шаруашылық айналымға қалпына келетін энергияны тартуға бағытталған ұйымдық, ғылыми, өндірістік шаралар өткізуді көздейтін бағдарлама іске асырылуда.

Жыл сайын қоршаған ортаны қорғау жоспары бойынша суды тұтыну және оны тиімді пайдалану шығысын қысқарту бойынша іс-шаралар өткізіледі.

Компания филиалдары ішуге жарамды суды ұтымды жұмсауды, сумен жабдықтау жүйелерінде тозығы жеткен жерлерін ауыстыру, құрылыстарды жөндеу жолымен оларда судың сыртқа ағуын тыюға бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

## АНЫҚТАМА СӨЗДІГІ

**ARPU** (Average Revenue Per User) – бір абонентке шаққандағы бір айдағы орташа түсім.

**B2B** (Business to Business) – бизнес үшін бизнес. Заңды тұлға болып табылатын клиенттерге бағытталған қызметті айқындайтын термин.

**B2C** (Business-to-Consumer) – ұйым (Business) мен «түпкілікті» деп аталатын жеке тұтынушы (Consumer) арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.

**B2G** (Business-to-Government) – бизнес пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар.

**CDMA** (Code Division Multiple Access) – кодалы бөлініспен көптік қатынау, цифрлық ұялы байланыс (сымсыз) желісі. CDMA сымсыз байланыс жабдығын халықаралық байланысты стандарттау ұйымы үшінші буын желілерін салуда ең перспективалы деп ұсынған.

**DWDM** (Dense Wave Division Multiplexing) – тығыз толқынды мультиплексирлеу технологиясы – мультисервистік және ұтқыр желілер тірек инфрақұрылымы үшін барынша сенімді технология болып табылады, желінің өткізу мүмкіндігін шұғыл арттыруды қамтамасыз етеді және түбегейлі жаңа қызметтердің кең ауқымды жиынтығын іске асырады.

**EVDO** (Evolution Data Optimized) – CDMA стандартындағы ұялы байланыс желісінде пайдаланылатын жоғары жылдамдықпен деректер беру технологиясы.

**FinTech** (Financial Technology) – қаржылық технологиялар.

**FTTH** (Fiber To The Home) – үйге дейін оптикалық талшық (жеке үй мағынасында).

**FTTx** (Fiber To The X) – байланыс торабынан нақты бір жерге дейін (X орны) талшықты-оптикалық кәбіл жүргізілетін, ал бұдан әрі қарай абонентке дейін мысты кәбіл жүргізілетін кез келген телекоммуникациялық желі үшін ортақ термин (оптика тікелей абоненттік құрылғыға дейін жүргізілетін нұсқа да болуы мүмкін).

**GPON** (Gigabit passive optical network – Гигабитті пассив оптикалық желілер) – Қызметтердің озық сапасын, мультисервистігін, жылдамдығын, экономикалық тиімділігін қамтамасыз ететін технология.

**Hosting** – хостинг – жоғары өткізу жылдамдығымен клиентті байланыс арналарына қосуды қамтамасыз етіп, клиенттің жабдығын провайдердің аумағында орналастыру қызметі (коллокация – colocation).

**IoT** (Internet of Things) – заттар интернеті.

**LTE** (Long Term Evolution) – кемитін арнада 300 Мбит/с дейін (базалық станциядан пайдаланушыға дейін) және өсетін арнада 75 Мбит/с дейін жылдамдықпен деректерді пакетпен беру үшін оңтайландырылған жоғары жылдамдықты ұялы байланыс жүйелерін құру мүмкіндігін қамтамасыз ететін деректер берудің ұтқыр протоколы.

**M2M** (Machine-to-Machine) – машинааралық өзара іс-қимыл (машина-машинааралық өзара іс-қимыл) – машиналарға бір-бірімен ақпарат алмасуға немесе біржақты тәртіпте ақпарат беруге мүмкіндік беретін технологиялардың ортақ атауы. Бұл бергіштерді немесе қандай да бір құрылғылар параметрлерін мониторингілеудің сым арқылы және сымсыз жүйелері болуы мүмкін.

**MSSP** (Managed Security Services Provider) – желілік қауіпсіздікпен басқарылатын қызметтердің провайдері.

**OTT** (Over the Top) – OTT технологиясы интернет арқылы бейнеқызметтер ұсыну саласында кеңінен таралған және IPTV технологиясының бір бөлігі болып табылады. OTT термині басқарылатын операторлық желі арқылы кепілді сапамен ұсынылатын IPTV қызметтерімен салыстырғанда байланыс операторымен тікелей байланыссыз пайдаланушының приставкасына (компьютер, ұтқыр телефон) интернет желісі бойынша бейнесигнал беруді білдіреді.

**SIP** (Session Initiation Protocol – сессия орнату протоколы) – IETF MMUSIC Working Group әзірлеген және бейнені немесе дыбысты, шұғыл хабарламаларды, он-лайн –ойындарды біріктіретін пайдаланушылық сеансты орнату, өзгерту және аяқтау тәсіліне стандарт ұсынатын қолданбалы деңгейдегі протокол.

**SDP** (Service Delivery Platform) – сервис құру, бақылау және протоколдар сияқты сервистерді жеткізу архитектурасын қамтамасыз ететін бірқатар құрамдастар.

**SD-FEC** – аналогты өңдеумен тікелей бағытта қателерді түзету.

**UMTS** (Universal Mobile Telecommunications System – ұтқыр әмбебап телекоммуникация жүйесі) – GSM желілерін жаңғырту үшін әзірленген ұялы байланыс технологиясы.

**VoIP** (Voice over Internet Protocol) немесе IP-телефония – бұл желілерде дыбысты IP протоколы, жеке жағдайларда интернет желісі, сондай-ақ басқа IP-желілер (мысалы, бөлінген цифрлы арналар) арқылы топтамалық коммутация беруді қамтамасыз ететін технология.

**VPN** (Virtual Private Network – виртуалды жеке желі) – бір немесе бірнеше желілік қосылуларды (логикалық желі) басқа желінің үстімен (мысалы, интернет) қамтамасыз ететін технологиялардың жалпы атауы.

**VPS** (Virtual Private Server) – пайдаланушыға виртуалды бөлінген сервер ұсынылатын қызмет.

**WLL** (Wireless Local Loop) – сымсыз абоненттік желіжол/ілгек, шлейф, сымсыз телефонияны білдіретін термин, ол радиотелефон желіжолы мен стационарлық телефоннан құралатын жиынтық. WLL стационарлық телефонды стационарлық жерүсті телефон желілеріне қосу мүмкін емес немесе тым қымбат болған жағдайларда, сондай-ақ, мысалы, аз қоныстанған ауылдық аймақтарда қолданылады.

## АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

ТОЛЫҚ АТАУЫ: «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЫ: «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ

### ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қаласы,  
Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12

тел.: +7 (7172) 587 718  
факс: +7 (7172) 587 724  
E-mail: telecom@telecom.kz  
<http://www.telecom.kz>

### БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысы  
тел.: +7 (7172) 580 651

### Корпоративтік басқару қызметі

тел.: +7 (7172) 591 414  
тел.: +7 (727) 2587 264

### Қоғаммен байланыс қызметі

тел.: +7 (7172) 591 504  
тел.: +7 (727) 2587 511  
факс: +7 (727) 2587 512

### ҚОҒАМНЫҢ АУДИТОРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Ernst&Young компаниясы 2007 жылдан бері «Қазақтелеком» АҚ сыртқы аудиторы болып табылады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және дауыс беру акцияларының (қатысу үлестері) елу пайызынан артық бөлігі меншік және сенімді басқару құқығында «Самұрық-Қазына»-ға тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібіне сәйкес 2013–2015 жылдарға «Қазақтелеком» АҚ тобының жеке және шоғырландырылған қаржылық есебінің аудиті бойынша қызметтер көрсетуге Ernst&Young компаниясымен шарт жасалды.

Ernst&Young жақсы іскери беделге ие, экономиканың түрлі салаларындағы жетекші компанияларға қызмет көрсетуде айтарлықтай тәжірибесі бар. Компания аудит, салық салу және құқық, IPO мәмілелері бойынша бизнес-консультация және консультациялық қызметтер саласындағы халықаралық көшбасшылардың бірі болып табылады.

**Толық атауы:** «Эрнст энд Янг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Лицензия нөмірі:** Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы: сериясы МФЮ–2, № 0000003, 2005 жылғы 15 шілдеде ҚР Қаржы министрлігі берген.

### Пошталық мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,  
050060, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 77/7  
тел.: +7 (727) 2585 960  
факс: +7 (727) 2585 961  
E-mail: almaty@kz.ey.com  
<http://www.ey.com/kz>

### ТІРКЕУШІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**Толық атауы:** «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамы.

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Бірыңғай тіркеуші) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2011.01.12 №1 шешімімен бекітілген және Алматы қ. Әділет департаменті 2012 жылғы 11 қаңтарда тіркеген. Бірыңғай тіркеуші өз қызметі бойынша қызметтерді 2012 жылғы 1 ақпаннан бастап ұсына бастады.

Бірыңғай тіркеушінің негізгі мақсаты бағалы қағаздарды ұстаушылардың тіркелімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес іске асырылатын басқа да қызметті жүзеге асыру болып табылады.

2012 жылғы 20 желтоқсаннан бастап «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ «Қазақтелеком» АҚ жаңа тіркеушісі болып табылады.

### Пошталық мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30А/3  
тел.: +7 (727) 2724 760  
факс: +7 (727) 2724 760, ішкі 230  
E-mail: info@tisr.kz

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ туралы ақпарат «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік веб-сайтында (Инвесторларға >> Бағалы қағаздар >> Тіркеуші туралы мәліметтер) және тіркеушінің сайтында берілген (<http://tisr.kz>).



«Ақпаратты жинап, ұйымдастырып және оны пайдаланғаныңызға қарай жеңетініңіз немесе жеңілетініңіз анықталады»

*Билл Гейтс*



# ҚЕХС ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

(қосымша)



**«Қазақтелеком» АҚ**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
тәуелсіз аудиторлардың есебімен бірге*



## МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

### **Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	5
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	6-7
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	8-61

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

### **«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ**

Біз «Қазақтелеком» АҚ компаниясы және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі – «Топ») 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепті, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепті және көрсетілген күні аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы және басқа түсіндірме ақпаратты қосатын қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

### ***Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі***

Топ басшылығы Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның дұрыс берілуіне, сондай-ақ басшылықтың пікірі бойынша, алаяқтық немесе қателіктер салдарынан өрескел бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз етуге қажетті ішкі бақылау рәсімдеріне жауапты болады.

### ***Аудиторлардың жауапкершілігі***

Біздің міндетіміз – өткізілген аудит негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы ой-пікірімізді білдіру. Аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар этикалық нормаларды сақтауымызды, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілікте өрескел бұрмалаулардың болмауына жеткілікті сенімділік болу үшін аудиторлық тексеруді жоспарлап өткізуімізді талап етеді.

Аудит қаржылық есептілікте берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған іс-жосықтарды орындаудан тұрады. Іс-жосықтарды таңдау алаяқтық немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептілікті өрескел бұрмалау қаупін бағалауды қосқанда, аудитордың пікіріне негізделеді. Осы қауіпті бағалау кезінде аудитор кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажетті аудит іс-жосықтарын анықтау үшін қаржылық есептілікті дайындауға және оның дұрыс берілуіне қатысты ішкі бақылау жүйесінің аспектілерін қарастырады. Сондай-ақ аудит таңдалған есеп саясатының орындылығынан және компания басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың дәлелдігін бағалаудан және шоғырландырылған қаржылық есептілікті тұтас беруді бағалаудан тұрады.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіру үшін тиісті дәрежеде жеткілікті деп есептейміз.

## **Пікір**

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілер бойынша 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес компанияларының қаржылық жағдайын, сондай-ақ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес олардың қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күнге аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысын дәлме-дәл көрсетеді.

*Ernst & Young LLP*

---

*Евгений Жемалетдинов*

---

**Евгений Жемалетдинов**  
Аудитор/«Эрнст энд Янг» ЖШС  
бас директоры

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі 2005 жылғы  
15 шілдеде берген Қазақстан Республикасы  
аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға  
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003

Аудитордың 2003 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 0000553 біліктілік куәлігі

2016 жылғы 25 ақпан

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2015 жыл	2014 жыл
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	7	<b>285.555.708</b>	308.471.725
Материалдық емес активтер	8	<b>19.558.165</b>	24.531.269
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	10	<b>79.256</b>	207.263
Кейінге қалдырылған салық активтері	36	<b>204.814</b>	1.679.830
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	12	<b>10.557.028</b>	11.884.667
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	13	<b>2.514.632</b>	4.916.543
		<b>318.469.603</b>	351.691.297
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Тауарлы-материалдық қорлар	14	<b>3.760.673</b>	5.934.046
Сауда дебиторлық берешек	15	<b>16.385.102</b>	20.764.872
Аванстық төлемдер	16	<b>507.630</b>	992.346
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		<b>64.629</b>	1.054.311
Басқа да қаржы активтері	17	<b>33.949.795</b>	21.362.797
Басқа да қысқа мерзімді активтер	18	<b>3.602.421</b>	6.213.467
Ақша қаражаты мен оның баламалары	19	<b>11.276.891</b>	8.729.297
		<b>69.547.141</b>	65.051.136
Сатуға арналып жіктелген активтер	37	<b>48.477.200</b>	951.019
<b>Барлық актив</b>		<b>436.493.944</b>	417.693.452
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Бас компания меншік иелерінің капиталы</b>			
Шығарылған акциялар	20	<b>12.136.529</b>	12.136.529
Меншікті сатып алынған акциялар	20	<b>(6.464.488)</b>	(6.398.619)
Шетел валютасын қайта есептеу қоры	20	<b>47.662</b>	(69.350)
Басқа да резервтер	20	<b>1.820.479</b>	1.820.479
Бөлінбеген пайда		<b>285.884.903</b>	263.644.674
		<b>293.425.085</b>	271.133.713
<b>Бақыланбайтын қатысу үлестері</b>		<b>(1.003.643)</b>	(824.365)
<b>Барлық капитал</b>		<b>292.421.442</b>	270.309.348

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 8-беттен бастап 61-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2015 жыл	2014 жыл
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	21	<b>27.299.921</b>	56.426.152
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	22	<b>4.435.721</b>	10.629.340
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	36	<b>18.167.340</b>	16.466.369
Қызметкерлерді сыйақылау міндеттемесі	23	<b>7.274.355</b>	5.055.066
Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі	20	<b>874.156</b>	876.845
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	24	<b>2.976.133</b>	7.650.255
		<b>61.027.626</b>	97.104.027
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	21	<b>4.138.393</b>	5.762.823
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі	22	<b>4.707.462</b>	7.519.979
Қызметкерлерге сыйақы беру міндеттемелерінің қысқа мерзімді бөлігі	23	<b>511.689</b>	742.288
Сауда кредиторлық берешек	25	<b>11.893.469</b>	21.401.773
Алынған аванстар		<b>2.529.209</b>	3.733.540
Төлемге ағымдағы табыс салығы		<b>146.920</b>	110.742
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	26	<b>10.630.418</b>	11.008.932
		<b>34.557.560</b>	50.280.077
Сатуға арналған деп жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер	37	<b>48.487.316</b>	–
<b>БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ</b>		<b>144.072.502</b>	147.384.104
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕ</b>		<b>436.493.944</b>	417.693.452

Басқарма төрағасы

Қ. Б. Есекеев



Бас қаржы директоры

А. Н. Нұркеева



Бас бухгалтер

М. А. Жұманова



Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 8-беттен бастап 61-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	<i>Ескерт.</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Жалғасатын қызмет</b>			
Кірістер	27	<b>182.743.603</b>	185.026.554
Ауылдық мекендерде әмбебап қызметтерді көрсету үшін өтемақы	28	<b>7.010.726</b>	6.276.853
		<b>189.754.329</b>	191.303.407
Өзіндік құны	29	<b>(127.254.556)</b>	(133.700.305)
<b>Жалпы пайда</b>			
		<b>62.499.773</b>	57.603.102
Жалпы және әкімшілік шығыстар	30	<b>(22.894.843)</b>	(23.486.084)
Сату бойынша шығыстар	31	<b>(3.149.381)</b>	(4.032.837)
<b>Операциялық пайда</b>			
		<b>36.455.549</b>	30.084.181
Қаржыландыру бойынша шығыстар	33	<b>(6.653.136)</b>	(6.646.461)
Қаржыландырудан түскен кірістер	33	<b>2.679.338</b>	2.571.855
Валюта баптарын артық бағалаудың таза шығысы	34	<b>189.482</b>	(6.936.051)
Негізгі құралдардың істен шығу шығыны		<b>(353.932)</b>	(547.059)
Басқа да кірістер	35	<b>3.979.735</b>	3.759.775
Басқа да шығыстар	35	<b>(1.325.098)</b>	(782.320)
<b>Жалғасатын қызметтен салық салғанға дейінгі пайда</b>			
		<b>34.971.938</b>	21.503.920
Табыс салығы бойынша шығыстар	36	<b>(8.614.784)</b>	(7.969.690)
<b>Жалғасатын қызметтен есепті жылға пайда</b>			
		<b>26.357.154</b>	13.534.230
<b>Тоқтатылған қызмет</b>			
Тоқтатылған қызметтен салық салғаннан кейінгі шығын	37	<b>(2.148.068)</b>	(6.809.880)
<b>Есепті жылдағы пайда</b>			
		<b>24.209.086</b>	6.724.350
<b>Мыналарға келетін пайда:</b>			
Бас компанияның меншік иелеріне		<b>24.388.364</b>	7.483.619
Бақыланбайтын қатысу үлестері		<b>(179.278)</b>	(759.269)

*Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 8-беттен бастап 61-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2015 жыл	2014 жыл
<b>Өзге жиынтық шығын</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жататын өзге жиынтық кіріс/(шығын) (салықтарды шегеріп тастағанда):</i>			
Шетелдік еншілес компаниялардың есептілігін қайта есептеуде бағам айырмашылығы		117.012	(57.142)
<b>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жататын таза өзге жиынтық кіріс/(шығын)</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жатпайтын өзге жиынтық шығын (салықтарды шегеріп тастағанда):</i>			
Табыс салығын шегергендегі белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлы шығындар		(2.025.345)	(1.035.850)
<b>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жатпайтын таза өзге жиынтық шығын</b>			
<b>Табыс салығын шегергендегі есепті жыл үшін өзге жиынтық шығын</b>			
<b>Табыс салығын шегергендегі есепті жыл үшін барлық жиынтық кіріс</b>			
<b>Мыналардың есебіне келетіндері:</b>			
Бас компания меншік иелеріне		22.480.031	6.390.627
Бақыланбайтын қатысу үлестері		(179.278)	(759.269)
<b>22.300.753</b>			
<b>Акцияға пайда</b>			
Бас компания меншік иелеріне келетін есепті кезең үшін пайдаға қатысты базалық және көбейтілгені, теңгемен	20	2.219,75	686,52
<b>Жалғасатын қызметтен акцияға пайда</b>			
Бас компания меншік иелеріне келетін жалғасатын қызметтен жылдағы пайдаға қатысты базалық және көбейтілгені, теңгемен	20	2.414,50	1.303,27

Басқарма төрағасы

Қ. Б. Есекеев



Бас қаржы директоры

А. Н. Нұркеева



Бас бухгалтер

М. А. Жұманова



Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 8-беттен бастап 61-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2015 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Бас компанияның меншік иелеріне түседі						Бақыланбайтын қатысу үлестері	Барлық капитал
	Шығарылған акциялар	Меншікті сатып алынған акциялар	Шетелдік валютаны қайта есептеу қоры	Басқа да резервтер	Бөлінбеген пайда	Барлығы		
Еск.	20	20	20	20				
<b>2014 жылғы 1 қаңтарға</b>	12.136.529	(6.290.144)	(12.208)	1.820.479	257.903.737	265.558.393	(55.058)	265.503.335
Есепті кезеңдегі пайда/(шығын)	-	-	-	-	7.483.619	7.483.619	(759.269)	6.724.350
Басқа да жиынтық шығын	-	-	(57.142)	-	(1.035.850)	(1.092.992)	-	(1.092.992)
<b>Барлық жиынтық (шығын)/кіріс</b>	-	-	(57.142)	-	6.447.769	6.390.627	(759.269)	5.631.358
Меншікті сатып алынған акциялар (20-ескертпе)	-	(108.475)	-	-	-	(108.475)	-	(108.475)
Бас компания үшін қаржы кепілдігі (24-ескертпе)	-	-	-	-	(663.900)	(663.900)	-	(663.900)
Бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу (5-ескертпе)	-	-	-	-	(42.932)	(42.932)	(10.038)	(52.970)
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	12.136.529	(6.398.619)	(69.350)	1.820.479	263.644.674	271.133.713	(824.365)	270.309.348
Есепті кезеңдегі пайда/(шығын)	-	-	-	-	<b>24.388.364</b>	<b>24.388.364</b>	<b>(179.278)</b>	<b>24.209.086</b>
Басқа жиынтық кіріс/ (шығын)	-	-	<b>117.012</b>	-	<b>(2.025.345)</b>	<b>(1.908.333)</b>	-	<b>(1.908.333)</b>
<b>Барлық жиынтық кіріс/ (шығын)</b>	-	-	<b>117.012</b>	-	<b>22.363.019</b>	<b>22.480.031</b>	<b>(179.278)</b>	<b>22.300.753</b>
Меншікті сатып алынған акциялар (20-ескертпе)	-	<b>(65.869)</b>	-	-	-	<b>(65.869)</b>	-	<b>(65.869)</b>
Бас компания үшін шығарылған кепілдікті қайтару (24-ескертпе)	-	-	-	-	<b>964.149</b>	<b>964.149</b>	-	<b>964.149</b>
Дивидендтер (20-ескертпе)	-	-	-	-	<b>(1.086.939)</b>	<b>(1.086.939)</b>	-	<b>(1.086.939)</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>12.136.529</b>	<b>(6.464.488)</b>	<b>47.662</b>	<b>1.820.479</b>	<b>285.884.903</b>	<b>293.425.085</b>	<b>(1.003.643)</b>	<b>292.421.442</b>

Басқарма төрағасы

Қ. Б. Есекеев



Бас қаржы директоры

А. Н. Нұркеева



Бас бухгалтер

М. А. Жұманова



Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 8-беттен бастап 61-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

## 2015 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2015 жыл	2014 жыл
<b>Операциялық қызмет</b>			
Жалғасатын қызметтен салық салғанға дейін түскен пайда		<b>34.971.938</b>	21.503.920
Тоқтатылған қызметтен салық салғанға дейінгі залал		<b>(2.138.852)</b>	(8.261.574)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>		<b>32.833.086</b>	13.242.346
<b>Мыналарға түзетулер:</b>			
Негізгі құралдардың тозуы		<b>31.304.158</b>	34.722.379
Материалдық емес активтердің амортизациясы		<b>3.869.427</b>	3.609.437
Болашақ кезең кірістеріндегі өзгерістер		<b>127.115</b>	115.247
Зейнетақылық міндеттемелердегі өзгерістер		<b>(542.991)</b>	(460.917)
Бағамдағы теріс айырманың іске асырылмаған шығыны		<b>7.651.418</b>	7.328.189
Үмітсіз берешекті жабу шығыстары		<b>1.001.432</b>	601.992
Ескірген тауар-материалдық қорларды өткізудің таза құнына түзету		<b>810.006</b>	1.562.830
Қаржыландыру бойынша есептеу	33, 37	<b>8.095.412</b>	7.315.110
Қаржыландырудан түскен есептеу	33, 37	<b>(2.905.698)</b>	(2.598.605)
НҚ және ТМА құнсыздануынан залал	30	–	2.442.170
НҚ және ТМА кетуінен залал		<b>496.577</b>	574.218
<b>Айналым капиталын түзету:</b>			
Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс		<b>803.274</b>	(5.157.181)
Тауарлы-материалдық қорлардағы өзгеріс		<b>(1.085.763)</b>	(2.939.829)
Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердегі өзгеріс		<b>(1.634.829)</b>	1.699.742
Берілген аванстардағы өзгеріс		<b>146.273</b>	67.410
Кредиторлық берешектегі өзгеріс		<b>1.079.205</b>	2.352.384
Алынған аванстардағы өзгеріс		<b>236.018</b>	(505.031)
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс		<b>(628.286)</b>	2.568.589
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі</b>		<b>81.655.834</b>	66.540.480
Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер	20	<b>(1.170.843)</b>	(28.229.629)
Төленген табыс салығы		<b>(5.319.944)</b>	(4.661.625)
Төленген пайыздар		<b>(6.468.646)</b>	(5.174.788)
Алынған пайыздар		<b>796.716</b>	227.510
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағыны</b>		<b>69.493.117</b>	28.701.948
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу		<b>(38.656.330)</b>	(49.865.160)
Материалдық емес активтерді сатып алу		<b>(1.040.563)</b>	(2.118.941)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		<b>219.319</b>	204.688
Депозиттер орналастыру		<b>(22.277.090)</b>	(19.481.507)
Депозиттер бойынша қаражатты қайтару		<b>20.064.175</b>	6.761.204
Қызметкерлерге ұзақ мерзімді қарыз беру		<b>(2.097.004)</b>	(2.834.680)
Қызметкерлерден қарызды қайтару		<b>255.727</b>	276.105
Банктің қайтарылған кепілдемесін шығару		<b>(208.600)</b>	(193.160)
Банктің қайтарылған кепілдемесі қаражатын қайтару		<b>193.160</b>	4.056.059
Қаржылық көмекті қайтару		<b>4.500</b>	27.500
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза ағыны</b>		<b>(43.542.706)</b>	(63.167.892)

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 8-беттен бастап 61-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2015 жыл	2014 жыл
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Қарыз алу		16.414.597	26.238.065
Қарызды өтеу		(31.570.145)	(18.292.099)
Меншікті акцияларды сатып алу		(70.000)	(110.040)
Қаржылық жалдау міндеттемелерін өтеу		(8.723.116)	(7.160.743)
Еншілес ұйымның бақыланбайтын қатысу үлестерін сатып алу		-	(52.970)
Қаржылық көмекті қайтару		-	(41.943)
<b>Қаржылық қызметтен алынған /(пайдаланылған) таза ақша ағыны</b>		<b>(23.948.664)</b>	580.270
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы бағамдық айырма тиімділігі		9.233.998	262.148
<b>Ақша қаражаты және оның баламаларының таза ұлғаюы/ (азаюы)</b>		<b>2.001.747</b>	(33.885.674)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		8.729.297	42.352.823
<b>31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	19	<b>19.965.042</b>	8.729.297

Ақшалай емес операцияларды ашу 38-ескертеде келтірілген.

Басқарма төрағасы

Қ. Б. Есекеев



Бас қаржы директоры

А. Н. Нұркеева



Бас бухгалтер

М. А. Жұманова



Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 8-беттен бастап 61-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – «Компания» немесе «Қазақтелеком») 1994 жылы маусымда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

Компанияның тіркелген, орналасқан және қызметін жүзеге асыратын орны Қазақстан Республикасы болып табылады. Компанияның заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Сауран көшесі, 12, Қазақстан Республикасы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияны Компания акциясының 51% мөлшеріндегі бақылау пакеті меншігі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» немесе «Бас компания») арқылы бақылайды. Төменде Компания акционерлерінің тізбесі 2015 жылғы 31 желтоқсанға беріліп отыр:

	2015 жылғы 31 желтоқсанға	2014 жылғы 31 желтоқсанға
Самұрық-Қазына	51,0%	51,0%
Bodam B. V.	16,9%	16,9%
АДР (The Bank of New York – депозитор)	9,8%	9,8%
Deran Services Limited	7,6%	7,6%
«Бірыңғай зейнетақы жинақтау қоры» АҚ	3,4%	3,2%
«Қазкоммерцбанк» АҚ	3,1%	3,1%
Deran Investment B.V.	2,0%	2,0%
Басқалары	6,2%	6,4%
	<b>100%</b>	<b>100%</b>

Компания телекоммуникация операторларына көрсетілетін трафикті беру, тәуелсіз телекоммуникация операторларына көрсетілетін ортақ пайдаланылатын телефон желісіне қосу (бұдан әрі – «ОПТЖ»), сондай-ақ ОПТЖ-ға қосылу үшін телекоммуникация операторларына бөлектелген телефон арналарын жалға беру жөніндегі қызметтер бөлігінде табиғи монополия тізіліміне қосылған.

Компания және оның *5-ескертеде* көрсетілген еншілес ұйымдары (бұдан әрі бірлесіп «Топ») жергілікті, қалааралық және халықаралық, оның ішінде таяу және алыс шетелдермен, байланыс қызметін қоса алғанда, бекітілген байланыс нарығының елеулі үлесіне ие; сондай-ақ байланыс арналарын жалға беру, деректер беру, сонымен қатар сымсыз байланыс қызметтерін көрсетеді.

Компания басшылығы 2016 жылғы 25 ақпанда осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басып шығаруды мақұлдады.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (ҚЕХС жөніндегі кеңес) бекіткен редакцияда дайындалды.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде басқаша көрсетілмесе, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатының негізінде дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – «теңге») берілді және барлық мәні, егер басқаша көрсетілмесе, бүтін мыңдықпен жуықталып дөңгелектенді.

## ► 2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

### Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Бас компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептіліктерінен тұрады. Бақылау егер Топ инвестиция объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай кірісті алуға құқылы болса, сондай-ақ инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін іске асыру арқылы кіріске ықпал ете алатын жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ инвестицияларды мынадай шарттар орындалса ғана бақылай алады:

- Топта инвестиция объектісіне қатысты өкілеттіктері болса (яғни инвестиция объектісі маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін күшіндегі құқықтары);
- Топта инвестиция объектісіне қатысудан ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшыраудың немесе осындай кірісті алу құқығының болуы;
- Топта инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы кіріске ықпал ету мүмкіндігінің болуы.

Негізінен, дауыс беру құқығының көп болуы бақылауды қажет етеді. Мұны растау үшін және Топта инвестиция объектісіне қатысты дауыс құқығының басым бөлігі немесе осыған ұқсас құқығы болса, Топ барлық орынды фактілер мен жағдайларды осы инвестиция объектісіне қатысты өкілеттіктерінің барлығын бағалау барысында ескереді:

- инвестиция объектісінде дауыс құқығына ие барлық тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен шарттасқан құқықтар;
- Топқа тиесілі дауыс құқығы және әлеуетті дауыс құқығы.

Топ егер бақылаудың бір немесе бірнеше құрамдасының өзгергені туралы фактілер және жағдайлар көрсетіп тұрса, инвестиция объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайталап талдайды. Еншілес компанияны шоғырландыру Топ еншілес компанияны бақылауға ие болғанда басталады және Топ еншілес компанияны бақылаудан айырылғанда, тоқтатылады. Сатып алуы немесе кетуі жыл ішінде орын алған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері және шығыстары Топ бақылау алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылауды жоғалтқанға дейін көрсетіледі.

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық кірістің (ӨЖК) әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясы меншік иелеріне жатады және егер бұл бақылауда емес қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкелсе де, бақылауда емес қатысу үлестеріне жатады. Қажет жағдайда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі осындай ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестікке келтіру үшін түзетіледі. Топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топшілік активтер және міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағындары шоғырландыру барысында толықтай алынып тасталады.

Бақылауды жоғалтусыз еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту капиталмен операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтса, ол меншікті капиталының тиісті активтерін (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерін, бақылауда емес қатысу үлестерін және басқа құрамдастарын тануды тоқтатады және пайда немесе шығын құрамындағы туындаған пайда немесе шығынды таниды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

#### Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер

Топтың қабылданған есеп саясаты 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген келесі жаңа стандарттар мен түзетулерді қоспағанда алдыңғы қаржы жылында қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді:

- 19 «Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: қызметкерлерге сыйақылар» ҚЕХС (IAS) түзету.
- ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2010-2012 жылдардағы кезең.
- ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2011-2013 жылдардағы кезең.

Топ 2015 жылғы 1 қаңтардан күшіне енген жаңа стандарттар мен қолданыстағы стандарттарға түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, интерпретацияларды немесе түзетулерді қолданған жоқ.

Әрбір жаңа стандарт/түзету сипаты мен ықпалы төменде берілген:

#### 19 «Белгіленген төлемдері бар бағдарламалар: қызметкерлердің жарналары» ҚЕХС (IAS) түзету

19 ҚЕХС (IAS) белгіленген төлемдері бар бағдарламаларды есепке алғанда қызметкерлердің немесе үшінші тұлғалардың жарналарын компанияның назарға алуын талап етеді. Егер жарналар қызметтерге байланысты болса, олар теріс сыйақы ретінде қызметтерді көрсету кезеңдеріне жатқызылады. Бұл түзетулер егер жарна сомалары қызметтерді көрсету жылдарының санына байланысты болмаса, компания мұндай жарналарды қызметтерді көрсету кезеңдеріне жатқызудың орнына, осы қызметтер көрсетілген кезеңде қызмет құнының азаюы ретінде тануға құқылы екенін түсіндіреді. Түзету 2014 жылдың 1 шілдесінен немесе осы күннен кейін басталған жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл түзетулер Топ қызметіне қолданылмайды, себебі Топтың ешбір компаниясы қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар тарапынан белгіленген жарна төлемдері бар бағдарламаларға ие емес.

#### ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2010-2012 жылдардағы кезең

Ұсыну күні 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейінгі, акцияларға негізделген төлемдерге қатысты қолданылатын 2 «Акцияларға негізделген төлемдер» ҚЕХС (IFRS) жататын түзетулерді қоспағанда, барлық қалған түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейінгі басталатын есептік кезеңдер үшін күшіне енеді. Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте алғаш рет мынадай түзетулер қолданды:

#### 2 «Акцияларға негізделген төлем» ҚЕХС (IFRS) түзету

Бұл түзету перспективті қолданылады және нәтижеге қол жеткізу шарттарын анықтауға байланысты түрлі мәселелерді және құқықтар беретін шарттар болып табылатын қызметтерді көрсету кезеңінің шарттарын түсіндіреді. Түсіндірмелер Топтың алдыңғы кезеңдерде құқықтар берілген шарттар болып табылатын нәтижелерге қол жеткізу және қызметтер көрсету кезеңдерін анықтау үшін Топ пайдаланатын әдіске сәйкес келеді. Сондай-ақ Топ 2014 жылдың екінші жартысы кезеңінде ешқандай сыйақылар ұсынған жоқ. Осылайша, бұл түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке немесе Топтың есеп саясатына ықпал еткен жоқ.

#### 3 «Бизнесті біріктіру» ҚЕХС (IFRS) түзету

Түзету перспективті қолданылады және бизнесті біріктіру нәтижесінде туындаған міндеттемелер (немесе активтер) ретінде жіктелген шартты өтеу туралы барлық келісімдер кейіннен 39 ҚЕХС (IAS) қолдану саласына қатысы бары-жоғына қарамастан, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Бұл түзету Топтың ағымдағы саясатына сәйкес келеді және осылайша оған ықпал еткен жоқ.



### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### **Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)**

##### ***ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2010-2012 жылдардағы кезең (жалғасы)***

###### *8 «Операциялық сегменттер» ҚЕХС (IFRS)*

Түзетулер ретроспективті қолданылады және мыналарды түсіндіреді:

- Сегменттердің «аналогтылығын» бағалау барысында қолданылатын агрегирлі операциялық сегменттер және экономикалық сипаттамалардың (мысалы, сату және жалпы маржа) қысқаша сипаттамасын қоса алғанда, 8 ҚЕХС (IFRS) 12-тармағында сипатталған агрегирлеу критерийлерін қолдану барысында басшылық пайдаланған пайымдау туралы ақпаратты ашуы тиіс.
- Активтердің жалпы сомасымен сегмент активтерін, сондай-ақ сегмент бойынша міндеттемелер туралы ақпаратты салыстырып тексеруді егер операциялық шешімдер қабылдайтын басшылыққа салыстырып тексеру ұсынылса ғана ашу талап етіледі.

Топ бір операциялық сегментті білдірмейтіндіктен, Топ 8 ҚЕХС (IFRS) 12-тармағынан агрегирлеу критерийлерін қолданған жоқ (6-ескертпе).

###### *16 «Негізгі құралдар» ҚЕХС (IAS) және 38 «Материалдық емес активтер» ҚЕХС (IAS) түзетулер*

Түзетулер ретроспективті қолданылады және 16 ҚЕХС (IAS) және 38 ҚЕХС (IAS) аясында актив бақыланатын деректер негізінде немесе оның нарықтық құнына дейін жалпы баланстық құнын түзету жолымен қайта бағалануы мүмкін деп түсіндіріледі. Сонымен қатар жинақталған амортизация активтің жалпы және баланстық құны арасындағы айырмашылық болып табылатыны түсіндіріледі. Бұл түзету ағымдағы жыл ішінде Топ көрсеткен қайта бағалау бойынша түзетуге ықпал еткен жоқ.

###### *24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ҚЕХС (IAS) түзету*

Түзету ретроспективті қолданылады және Басқарушы компания (басты басқарушы қызметкерлердің қызметін ұсынатын ұйым) байланысты тарап болып табылатыны түсіндіріледі және оған байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қолданылады. Сонымен қатар Басқарушы компания қызметтерін пайдаланатын компания басқарушы компаниялар қызметтеріне шығыстар туралы ақпаратты ашуы тиіс. Бұл түзету басқарушы компаниялар ұсынатын қызметтерді Топ пайдаланбайтындықтан, Топқа қолданылмайды.

##### ***ҚЕХС жыл сайын жетілдіру, 2011-2013 жылдардағы кезең***

Бұл түзетулер 2014 жылдың 1 шілдесінен немесе осы күннен кейін басталған есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Топ бұл жетілдірулерді осы шоғырландырылған есептілікте алғаш рет қолданды. Ол мыналарды қамтиды:

###### *3 «Бизнесі біріктіру» ҚЕХС (IFRS) түзету*

Түзету перспективті қолданылады және 3 ҚЕХС (IFRS) қолдану саласынан мынадай алып тастауларды түсіндіреді:

- 3 ҚЕХС (IFRS) қолданылу саласына бірлескен кәсіпорындармен қатар, барлық бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімдер жатпайды;
- Бұл қолданылу саласынан алып тастау қаржылық есептілікте бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімге қатысты ғана есепке алынады.

«Қазақтелеком» АҚ тобы бірлескен кәсіпкерлік туралы келісім болып табылмайды, сондықтан бұл түзету Топқа және оның еншілес компанияларына қолданылмайды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)

##### **ҚЕХС жыл сайын жетілдіру, 2011-2013 жылдардағы кезең (жалғасы)**

###### *13 «Әділ құнды бағалау» ҚЕХС (IFRS) түзету*

Түзету перспективті қолданылады және портфель деңгейінде әділ құнды бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ҚЕХС (IFRS) босату қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерге ғана емес, сондай-ақ 39 ҚЕХС (IAS) қолданылу саласына жататын басқа шарттарға қатысты да қолданылуы мүмкін екенін түсіндіреді. Топ портфель деңгейінде әділетті құнды бағалау мүмкіндігін көздейтін 13 ҚЕХС (IFRS) босатуды қолданбайды.

###### *40 «Инвестициялық мүлік» ҚЕХС (IAS) түзету*

40 ҚЕХС (IAS) қосымша қызметтердің сипаттамасы инвестициялық жылжымайтын мүлік пен иесі алып отырған жылжымайтын мүлік (яғни негізгі құралдар) арасындағы айырмашылықты анықтайды. Түзету перспективті қолданылады және 40 ҚЕХС (IAS) қосымша қызметтерінің сипаттамасы емес, 3 ҚЕХС (IFRS) операция актив сатып алу немесе бизнесті біріктіру болып табылатынын анықтау үшін қолданылады. Алдыңғы кезеңдерде операция актив сатып алу немесе бизнесті біріктіру болып табылатынын анықтау барысында Топ 40 ҚЕХС (IAS) емес, 3 ҚЕХС (IFRS) басшылыққа алған болатын. Осылайша, бұл түзету Топтың есеп саясатына ықпал еткен жоқ.

#### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде шығарылған, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі шыққанға дейін күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ бұл стандарттарды олар күшіне енген күннен бастап қолдануды көздеп отыр.

###### *9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС (IFRS)*

2014 жылдың шілде айында ҚЕХС жөніндегі кеңес 9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС (IFRS) ақырғы редакциясын шығарды, ол 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» ҚЕХС (IAS) және 9 ҚЕХС (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын алмастырады. 9 ҚЕХС (IFRS) қаржылық құралдарды есептеу бойынша жобаның үш бөлігін: жіктеме және бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді біріктіреді. 9 ҚЕХС (IFRS) 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе бұл күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін. Хеджирлеуді есептемегенде стандарт ретроспективті қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпаратты ұсыну міндетті емес. Хеджирлеуді ескеру талаптары ең алдымен бірқатар шектеулермен перспективті қолданылады.

Топ жаңа стандартты қолдануды күшіне енудің талап етілген күнінен бастауды жоспарлап отыр. 2015 жылы Топ 9 ҚЕХС (IFRS) барлық үш бөлігінің ықпал етуінің жалпы бағасын жүзеге асырды. Бұл алдын ала бағалау қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделеді және болашақта Топ үшін қолжетімді болатын қосымша негізделген және расталған ақпаратты алу немесе мейлінше толықтай талдау салдарынан өзгеруі мүмкін. Жалпы алғанда Топ 9 ҚЕХС (IFRS) құнсыздануға талаптарды қолдануды қоспағанда, өз бухгалтерлік балансына және меншікті капиталына жаңа талаптардың айтарлықтай ықпалын күтеді.

###### *(a) Жіктеме және бағалау*

Топ 9 ҚЕХС (IFRS) жіктемесіне және бағалауға талаптарды қолдану барысында өзінің бухгалтерлік балансына және меншікті капиталына айтарлықтай ықпалын күтпейді. Топ қазіргі уақытта әділетті құны бойынша бағаланатын барлық қаржылық активтердің әділеті құны бойынша бағалауды жалғастырады.

Қарыздар, өзге де қаржылық активтер, сондай-ақ сауда дебиторлық берешек шартты ақша ағындарын алу үшін қолданылады және олар қарыздың негізгі сомасы және пайыздары есебінде төлем ғана болып табылатын ақша ағындарының туындауына әкеледі. Яғни Топ 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес олар амортизациялық құны бойынша есептеле беретінін күтеді.

Алайда Топ 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес амортизациялық құны бойынша бағалау үшін критерийлерге барлық құралдар жауап беретіні туралы қорытынды шығармас бұрын, осы құралдар бойынша шартты ақша ағындарының сипаттамаларын талдайды.

### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

##### 9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)

###### (б) Құнсыздану

9 ҚЕХС (IFRS) Топ барлық қарыз бағалы қағаздар, қарыздар және сауда дебиторлық берешек бойынша 12 айлық күтілетін кредит залалдары немесе күтілетін кредит залалдарын олардың қолданысының толық мерзіміне көрсетуін талап етеді. Топ жеңілдетілген әдісті қолдануды және күтілетін кредит залалдарын сауда дебиторлық берешек бойынша барлық қолданыс мерзіміне көрсетуді жоспарлайды.

##### 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылық шоттары» ҚЕХС (IFRS)

14 ҚЕХС (IFRS) міндетті емес стандарт болып табылады, ол қызметі тарифтелуге жататын компанияларға ҚЕХС алғашқы рет қолданғаннан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылық шоттары бойынша қалдықтарға қатысты есеп саясатының олар қолданып келген қолданыстағы қағидаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруына рұқсат береді. 14 ҚЕХС (IFRS) қолданатын Компаниялар қаржылық жағдай туралы есепті бөлек жолда кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылық шоттарын, ал мұндай қалдықтар бойынша қозғалысты - жиынтық кірістегі есепте жеке жолда ұсынуы тиіс. Стандарт тарифтік реттеу және онымен байланысты тәуекелдер сипаты туралы, сондай-ақ мұндай реттеудің Топтың қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпаратты ашуды талап етеді. 14 ҚЕХС (IFRS) 2016 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ ҚЕХС бойынша жылдық есептілікті дайындап жатқандықтан, бұл стандарт оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қолданылмайды.

##### 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС (IFRS)

15 ҚЕХС (IFRS) 2014 жылдың мамыр айында шығарылды және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын бес кезеңді қамтитын жаңа модельді көздейді. 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес түсім қайтарымды көрсететін сома бойынша танылады, оған құқықты ұйым сатып алушыларға тауарды немесе қызметтерді беру үшін алуды күтеді.

Түсім бойынша жаңа стандарт түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарды алмастырады. ҚЕХС кеңесі 2017 жылғы 1 қаңтардан және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне ену күнін бір жылға қалдыратын түзетулер бойынша жұмыстарды аяқтағаннан кейін, толықтай ретроспективті қолдану немесе түрленген ретроспективті қолдану талап етілетін болады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топ толықтай ретроспективті қолдануды күшіне енудің талап етілген күнінен бастауды жоспарлап отыр. 2015 жылы Топ 15 ҚЕХС (IFRS) қолданудың салдарын алдын ала бағалауды жүргізді, олардың нәтижелері жалғасатын мейлінше толықтай талдау нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Сонымен қатар, Топ ҚЕХС жөніндегі кеңес 2015 жылғы шілдеде құжаттың алдын ала нұсқасы аясында шығарған түсіндірмелерді назарға алады және болашақта өзгерістерді бақылап отыратын болады.

##### 11 «Бірлескен қызмет» ҚЕХС (IFRS) түзету – «Бірлескен қызметтердегі қатысу үлестерін сатып алуды есепке алу» түзетулер

11 ҚЕХС (IFRS) түзетулер бірлескен операциялардың қатысушысы бизнесті біріктіруді есепке алу үшін 3 ҚЕХС (IFRS) тиісті қағидаттарына сәйкес бизнесін ұсынатын қызметтің бірлескен операцияларына қатысу үлесін сатып алуды ескеруді талап етеді. Түзетулер сондай-ақ бірлескен операциядағы бұрыннан бар қатысу үлестері бірлескен бақылау сақталатын болса, сол бірлескен операцияға қатысудың қосымша үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайды. Сонымен қатар, 11 ҚЕХС (IFRS)-ке қолданылу саласынан алып тастаулар қосылған, оған сәйкес егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) бір бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, бұл түзетулер қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операцияға қатысудың бастапқы үлесін сатып алуға қатысты да, сол бірлескен операциядағы қосымша үлестерді сатып алуға қатысты да қолданылады және 2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

##### *16 ҚЕХС (IAS) және 38 «Амортизацияның рұқсат етілген әдістерін түсіндіру» ҚЕХС (IAS) түзетулер*

Түзетулер 16 ҚЕХС (IAS) және 38 ҚЕХС (IAS) қағидаттарын түсіндіреді, олар түсім активті пайдалану аясында тұтынылатын экономикалық пайданы емес, бизнес (актив оның бір бөлігі болып табылады) қызметінің нәтижесінде өндірілетін экономикалық пайда құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдар амортизациясы үшін қолданылмайды және материалдық емес активтер амортизациясы үшін сирек жағдайларда ғана қолданылады. Түзетулер 2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде, себебі өзінің айналымнан тыс активтерінің амортизациясы үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланған жоқ.

##### *16 ҚЕХС (IAS) және 41 «Ауыл шаруашылығы: жеміс беретін өсімдіктер» ҚЕХС (IAS) түзетулер*

Түзетулер жеміс беретін өсімдіктер анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Түзетулерге сәйкес жеміс беретін өсімдіктер анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтер бұдан әрі 41 ҚЕХС (IAS) қолдану саласына жатпайды. Мұның орнына оларға 16 ҚЕХС (IAS) қолданылады. Бастапқы танудан кейін жеміс беретін өсімдіктер жинақталған нақты шығындар бойынша (пісіп жетілгенге дейін) және нақты шығындар бойынша есепке алу моделі, немесе қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделін пайдаланумен 16 ҚЕХС (IAS) сәйкес қайта бағаланады (пісіп жетілгеннен кейін). Түзетулер сондай-ақ жеміс беретін өсімдіктер өнімі бұрынғыша 41 ҚЕХС (IAS) қолдану саласында қалады және сату шығынын шегергендегі әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Жеміс беретін өсімдіктерге қатысты мемлекеттік субсидияларға қатысты 20 «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» ҚЕХС (IAS) қолданылады. Түзетулер 2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде, себебі Топта жеміс беретін өсімдіктер жоқ.

##### *27 «Жеке қаржылық есептілікке үлестік қатысу әдісі» ҚЕХС (IAS) түзетулер*

Түзетулер ұйымдарға үлестік қатысу әдісін еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және тәуелді ұйымдарға инвестицияларды жеке қаржылық есептілікте есепке алу үшін пайдалануға рұқсат етеді. ҚЕХС пайдаланып жүрген және өзінің жеке қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдайтын компаниялар бұл өзгерісті ретроспективті қолдануы тиіс. ҚЕХС алғаш рет қолданып отырған және үлестік қатысу әдісін жеке қаржылық есептілікте пайдалану туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл әдісті ҚЕХС өту күнінен бастап қолдануы тиіс. Түзетулер 2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

##### *«Инвестор және оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорындар арасында мәмілелерде активтерді сату немесе енгізу» 10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС (IAS) түзетулер*

Түзетулер 10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС (IAS) арасында тәуелді ұйым немесе бірлескен кәсіпорын сататын еншілес компанияға бақылауды жоғалту бөлігінде қайшылықтарды қарастырады немесе оларға енгізіледі. Түзетулер 3 ҚЕХС (IFRS) анықтама бойынша бизнесті білдіретін активтерді сату немесе енгізу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залалды түсіндіреді, инвестор мен оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында толық көлемде танылады. Алайда бизнесті білдірмейтін активтерді сату немесе енгізу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал тәуелді ұйым немесе бірлескен кәсіпорында инвесторлар ұйымдастырғаннан гөрі басқаларда бар қатысу үлестері шегінде ғана танылады. Бұл түзетулер перспективті қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға болады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді деп күтілуде.

### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар** (жалғасы)

##### **ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2012-2014 жылдардағы кезең**

Бұл 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Құжат мынадай түзетулерді қамтиды:

##### *5 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқталыған қызмет» ҚЕХС (IFRS)*

Активтердің кетуі (немесе кететін топтар) әдетте сату немесе меншік иелеріне бөліп беру жолымен жүзеге асырылады. Бір кету әдісінен екіншісіне көшу кету бойынша жаңа жоспарлы емес, бастапқы жоспардың жалғасы деп есептелуі керек екенін түсіндіреді. Осылайша, 5 ҚЕХС (IFRS) талаптарын қолдануда іркіліс болмайды. Бұл түзету перспективті қолданылуы тиіс.

##### *7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» ҚЕХС (IFRS)*

###### *(I) Қызмет көрсету шарттары*

Сыйақы төлеуді көздейтін қызмет көрсетуге шарт қаржылық активте жалғасатын қатысуды білдіруі мүмкін. Ақпаратты ашу қажеттілігін анықтау үшін компания 7 ҚЕХС (IFRS) жалғасатын қатысуға қатысты нұсқамаларға сәйкес сыйақы және келісім сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсетуге шарттардың қайсысының жалғасатын қатысу екенін білдіретінін бағалау ретроспективті жүргізілуі тиіс. Алайда ақпаратты ашу компания осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық кезеңге дейін басталатын кезеңдер үшін талап етілмейді.

###### *(III) Қысқартылған аралық қаржылық есептілікте 7 ҚЕХС (IFRS) түзетулерді қолдану*

Түзету өзара есеп туралы ақпаратты ашуға талаптар соңғы жылдық есепте көрсетілген ақпаратты айтарлықтай жаңартуды білдіретін осындай ақпарат жағдайларын қоспағанда, қысқартылған аралық қаржылық есептілікке қолданылмайтынын түсіндіреді. Бұл түзету перспективті қолданылуы тиіс.

##### *19 «Қызметкерлерге сыйақылар» ҚЕХС (IAS)*

Түзету сапасы жоғары корпоративтік облигациялар нарығының дамуы облигация шығарылған елдің емес, облигация деноминацияланған валютаның негізінде бағаланатынын түсіндіреді. Белгілі бір валютада деноминацияланған сапасы жоғары корпоративтік облигациялар нарығы болмағанда мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерді пайдалану қажет. Бұл түзету перспективті қолданылуы тиіс.

##### *34 «Аралық қаржылық есептілік» ҚЕХС (IAS)*

Түзету аралық кезең үшін ақпарат не болмаса аралық қаржылық есептілікте, я болмаса аралық қаржылық есептің басқа жерінде (айталық, басшылық түсініктемелерінде немесе тәуекелдерді бағалау туралы есепте) аралық қаржылық есептіліктің тиісті тоғыспалы сілтемелерін көрсете отырып ашылатынын түсіндіреді. Шоғырландырылған қаржылық есептегі басқа ақпарат пайдаланушылар үшін шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік сияқты шарттар мен мерзімдерде қолжетімді болуы тиіс. Бұл түзету ретроспективті қолданылуы тиіс.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді деп күтілуде.

##### *1 «Ақпаратты ашу саласындағы бастамалар» ҚЕХС (IAS) түзетпелер*

1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ҚЕХС (IAS) түзетпелер 1 ҚЕХС (IAS) қолданыстағы талаптарды айтарлықтай өзгертпейді, түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ҚЕХС (IAS) маңыздылығына талаптар.
- Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ішінара баптар бөлшектенуі мүмкін.
- Компанияда шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертпелер ұсыну тәртібін таңдау мүмкіндігі бар.
- Үлестік қатысу әдісі бойынша есептелетін еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың өзге де жиынтық кірісі үлесі бір бап аясында агрегацияланып берілуі және нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

##### **ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2012-2014 жылдардағы кезең (жалғасы)**

Сондай-ақ түзетпелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қосымша аралық жиынтық сомалар ұсыну барысында қолданылатын талаптарды түсіндіреді. Бұл түзетпелер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді деп күтілуде.

*«Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан ерекшеліктерді қолдану» 10 ҚЕХС (IFRS), 12 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС (IAS) түзетпелер*

Түзетпелер 10 ҚЕХС (IFRS) сәйкес инвестициялық ұйымдарға қатысты ерекшеліктерді қолдану барысында туындаған мәселелерді қарастырады. 10 ҚЕХС (IFRS) түзетпелер шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы талаптардан ерекшеліктер өзінің еншілес компанияларын әділетті құны бағалайтын инвестициялық ұйымның еншілес компаниясы болып табылатын бас ұйымға да қолданылатынын түсіндіреді.

Сондай-ақ 10 ҚЕХС (IFRS) түзетпелер шоғырландыруға өзі инвестициялық компания болып табылмайтын және инвестициялық ұйымға қосылқы қызметтер көрсететін инвестициялық ұйымның осындай еншілес компаниясы жататынын түсіндіреді. Инвестициялық ұйымның барлық басқа еншілес ұйымдары әділетті құны бойынша бағаланады. 28 ҚЕХС (IAS) түзетпелер үлестік қатысу әдісін қолдану барысында инвесторға оның тәуелсіз ұйымы немесе инвестициялық ұйым болып табылатын бірлескен кәсіпорын еншілес компаниялардағы өз үлесіне қатысты қолданған әділетті құны бойынша бағалауды сақтауға мүмкіндік береді.

Бұл түзетулер перспективті қолданылады және 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға болады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді деп күтілуде.

#### Шетел валютасын қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның негізгі еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды. Теңге негізгі экономикалық айналымның валютасы болып табылады, онымен Компания және оның негізгі еншілес ұйымдары жұмыс істейді. Топқа кіретін әрбір компания өзінің функционалдық валютасын белгілейді, бұл ретте компаниялардың қаржылық есептілігіне енгізілетін баптар осындай функционалдық валютаны пайдалану арқылы есептеледі.

#### Операциялар мен қалдықтар

Шетел валюталарындағы операциялар тану критерийлерін қанағаттандырған күні қолданыстағы спот-бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валюталарымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚҚБ») белгілеген және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жариялаған есепті күні қолданыстағы ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмашылықтар жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Шетел валютасында тарихи құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелерді жасау күнінде қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құнымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнын белгілеу күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі.

Мына кестеде шетел валюталарының теңгеге шаққандағы бағамы берілген:

	2015 жыл 31 желтоқсан	2014 жыл 31 желтоқсан
АҚШ доллары	340,01	182,35
Еуро	371,46	221,97
Ресей рублі	4,61	3,17

«Сигнум» ЖШҚ (Ресей) және «Online.kg» ЖШҚ (Қырғызстан) шетелдегі қызметінің функционалдық валютасы тиісінше ресей рублі және қырғыз сомы болып табылады. Шетелдік бөлімшелердің активтері және міндеттемелері шоғырландыру барысында есеп күнінде қолданыстағы Теңгеге шаққандағы бағам бойынша қайта есептеледі, ал мұндай бөлімшелердің жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің баптары мәміле жасау сәтіндегі қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеуде туындаған бағамдық айырмашылық өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.



### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### **Бизнесті біріктіру және гудвил**

Бизнесті біріктіру сатып алу тәсілін пайдалана отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алынатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесі және сатып алу күніне әділетті құны бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру бойынша әрбір мәміле үшін Топ сатып алатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесін қалай бағалау туралы шешім қабылдайды: не әділетті құны бойынша, не сатып алынатын компаниядағы таза активтерге сәйкесетін бара-бар үлес бойынша. Сатып алумен байланысты шығындар олар келтірілген сәттен бастап әкімшілік шығыстар құрамына қосылады.

Егер Топ бизнес сатып алса, онда ол сатып алынатын қаржылық активтер және шарт талаптары, экономикалық жағдай және сатып алу күніне тиісті жағдайларға қарай қабылданған міндеттемелерді тиісті дәрежеде жіктейді. Бұған өндірістік құралдардың негізгі шарттарына кіргізілген сатып алынатын компанияға бөлу қажеттілігіне талдау жатқызылады.

Сатып алушыға берілетін шартты қайтару сатып алу күніне әділ құны бойынша танылады. Қаржы құралы болып табылатын 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ҚЕХС (IAS) қолдану саласына жататын актив немесе міндеттеме түрінде жіктелетін шартты қайтару әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгерісі бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Гудвил әуелден бастапқы құны бойынша бағаланады, соңғысы берілген сыйақылар мен танылған бақыланбайтын қатысу үлестерінің және ілгеріде сатып алушы тарапқа тиесілі соманың Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер мен оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан артуы ретінде анықталады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген сыйақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталуының, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс сомаларды бағалау кезінде қолданылған іс-жосықтардың дұрыстығын қайтадан талдайды. Егер қайтадан бағалаудан кейін берілген сыйақы таза сатып алынған активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, пайда пайда мен шығын құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан келетін жиналған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді Компания тобы сатып алған күннен бастап оның құнсыздануына қатысты тексеру үшін сатып алынатын компанияның басқа активтері мен міндеттемелері аталған бөлімшелерге жатуына немесе жатпауына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда көретін, ақша ағынын өндіретін Топтың әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша ағынын өндіретін бөлімшенің бір бөлігін құраса және осы бөлімшенің бір бөлігі шығарылатын болса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығуынан түсетін пайда немесе залал анықталған кезде осы қызметтің баланстық құнына қосылады. Бұл жағдайларда шыққан гудвил шығарылған қызмет құны мен ақша ағынын өндіретін бөлімшенің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

#### **Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерге жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімділерге жіктеу негізінде ұсынады.

Актив мынадай жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады:

- оны сату қарастырылса немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған болса;
- ол негізінен сату мақсаттарына арналған;
- оны есепті кезеңнен кейін он екі ай ішінде сату қарастырылуда; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе оларды ауыстыруға шектеулер болу жағдайларын қоспағандағы ақша қаражаты немесе оның баламасы болып табылады.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мынадай жағдайларда қысқа мерзімді болып саналады:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделеді;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталады;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтелуге жатады; немесе
- компанияда есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдыруға шартсыз құқығы жоқ.

Топ басқа өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Әділ құны бойынша бағалау

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржылық құралдар мен қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу *40-ескертпеде* көрсетілген.

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі операциялар аясында активтерді сату немесе міндеттемелерді беру үшін төленген баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция мынадай жағдайларда өтетін қарастырады:

- аталған актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- немесе негізгі нарық болмағанда, аталған актив немесе міндеттеме үшін мейлінше оңтайлы нарықта.

Топқа негізгі немесе мейлінше оңтайлы нарық қолжетімді болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары актив немесе міндеттеме бағасын анықтау кезінде пайдаланылатын рұқсаттарды қоданумен бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің үздік мүдделерінде әрекет етеді.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдалану арқылы немесе аталған активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық тиімділікті өндіру мүмкіндігін ескереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы алғанда әділ құны бойынша бағалау үшін айтарлықтай болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде берілген иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – Ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның нарық котировкалары (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер тікелей немесе жанама түрде нарықта бақыланатын бағалау модельдері;
- 3-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын бағалау модельдері.

Мерзімді түрде қаржылық есепте қайта бағаланып отыратын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әр есепті кезең соңына жіктеуді қайтадан талдай отырып, оларды иерархия көзі деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде).

Топтың тиісті бөлімшесі («Жұмыс тобы») сатуға арналған котировкаланбайтын қаржылық активтер мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны бойынша мерзімді бағалаумен қатар, мысалы, тоқтатылған қызмет құрамында бөлуге арналған активтер сияқты активтердің әділ құны бойынша біржолғы бағалау үшін арналған саясат пен іс-жосықтарды анықтайды. Жұмыс тобының құрамын Компания басшылығы анықтайды.

Сатуға арналған қаржылық активтер мен жылжымайтын мүлік объектілері сияқты маңызды активтерді, сондай-ақ шартты өтеу сияқты маңызды міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешім жыл сайын бұл мәселе Компанияның аудиторлық комитетінде талқыланып, бекітілгеннен кейін Жұмыс тобында қабылданады. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білуі, беделі, тәуелсіздігі және кәсіби стандарттарға сәйкестігі алынады. Бағалау комитеті сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін, әрбір жағдайда қандай бағалау моделі мен бастапқы деректерді қолдану қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

Әр есепті күнге Жұмыс тобы Топтың есеп саясатына сәйкес қайтадан талдауды немесе қайтадан бағалауды қажет ететін активтер мен міндеттемелердің құнын өзгертуді талдайды. Мұндай талдау аясында Жұмыс тобы бағалау кезінде қолданылатын ақпаратты шарттармен және басқа орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалауда қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары да әрбір активтің әділетті құнының және міндеттемелердің өзгеруін өзгерудің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы ақпарат көздерімен салыстырады.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары мерзімді түрде нәтижелерді аудиторлық комитетке және Топтың тәуелсіз аудиторларына ұсынып отырады, бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі кемшін тұстар талқыланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсаттарында Топ активтер мен міндеттемелерді оларға тиесілі сипаттамалары мен тәуекелдерінің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құны көздерінің иерархиясында қолданылатын сипаты негізінде жіктейді.

### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет

Топ ұзақ мерзімді активтерді және шығатын топтарды олардың баланстық құны ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, негізінен оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін ұсталатын деп жіктейді. Сату үшін ұсталатын деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер және шығатын топтар олардың мейлінше аз мәні бойынша – баланстық құны және сату шығындарын шегергендегі әділ құны бойынша бағаланады. Сату ықтималдығы жоғары болып, ал актив немесе шығатын топ өз ағымдағы жағдайында дереу сатылуы мүмкін болғанда ғана сату үшін ұсталатын объектілерді жіктеу критерийі сақталған болып саналады. Басшылықтың жіктеу күнінен кейін бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану критерийіне сәйкестік күтілетін сатылымды жасауға мықты ниеті болуы тиіс.

Жіктеуден кейін сатуға арналған деп анықталған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Активтер және міндеттемелер бөліп тарату үшін ұсталатындар деп жіктеледі және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің қысқа мерзімді баптары ретінде жеке ұсынылады.

Кетуші топ егер ол кеткен немесе сатуға арналған деп жіктелетін компанияның құрамдасы болып табылса, тоқтатылған қызмет ретінде жіктеме критерийлерін қанағаттандырады және:

- қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңір немесе қызметтің белгілі бір негізгі бағытын білдіреді;
- қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірдің немесе қызметтің белгілі бір негізгі бағытының кетуін жүзеге асыру жөніндегі үйлестірілген жоспарға кіргізілген; немесе
- қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес компания болып табылады.

Тоқтатылған қызмет жалғасатын қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен салық салынғанға дейін алынған пайда немесе залал ретінде бөлек баппен ұсынылады.

Қосымша ақпаратты ашу 37-ескертілме берілген. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке барлық өзге де ескертпелер егер басқалай көрсетілмесе жалғасатын қызметке жататын соманы қамтиды.

#### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар болған жағдайда, олар жинақталған амортизацияны және/немесе құнсызданудың жинақталған шығындарын шегергендегі бастапқы құн бойынша есептеледі. Мұндай құн жабдықтардың бір бөлігін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобаларын капиталдандыру критерийлері орындалған жағдайда қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Белгілі уақыт аралығынан кейін негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болғанда, Топ мұндай компоненттерді оларды пайдалы қолдану мен амортизациялаудың жеке мерзімдеріне сәйкес жеке активтер ретінде танитын болады. Негізгі техникалық байқауды өткізу кезінде баламалы түрде оларға байланысты шығындар, егер барлық тану критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықтарды ауыстыру ретінде танылады. Жөндеу мен техникалық күтім жасаудың барлық басқа шығындары шоғырландырылған есепте жатқызылу сәтінде жиынтық есепте танылатын болады. Активті оны қолданудан кейін пайдаланудан шығару бойынша күтілген шығындардың берілген құны, егер бағалау міндеттемелерін тану критерийлері орындалса, оны пайдаланғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына қосылады. Пайдаланудан шығару бойынша танылған бағалау міндеттемесі туралы мейлінше толық ақпарат «Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер» бөлімінде беріледі (24-ескертілме).

Амортизация активтерді пайдалы қолданудың келесі есептік мерзімдері ішінде жүйелік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар	50
Құрылыстар	10-25
Телекоммуникация жабдығы	3-20
Тағы басқалары	3-20

Жер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар объектілерін және негізгі құралдардың кез келген бастапқыда танылған маңызды объекті компонентін тану олар шығарылғаннан кейін немесе олардың шығуы барысында немесе болашақта пайдаланудан экономикалық пайда болмайтын жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтатумен байланысты (істен шығарудан түскен таза түсімдер сомасы мен активтердің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) пайда немесе шығындар активті тануды тоқтату кезіндегі жиынтық кірістің шоғырландырылған есебіне қосылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Негізгі құралдар (жалғасы)

Активтердің жою құны, пайдалы қолдану мерзімдері мен олардың тозуын есептеу әдістері әрбір есепті жылдың аяғында талданып, қажетіне қарай перспективті негізде түзету енгізіледі.

#### Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс қондыру күтіліп отырған машиналар және жабдықтар құрылысы барысында негізгі құралдармен берілген және бастапқы құны бойынша есептеледі. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, жабдықтың өзіндік құны және өзге тікелей шығындар қосылады. Активтерді салу аяқталғаннан кейін немесе жабдықты пайдалануға беру сәтінде құрылыс объектілері тиісті санатқа көшіріледі. Құрылыс объектілері амортизацияға жатпайды.

#### Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік басынан бастап мәміле бойынша шығындарды қоса отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер шығындарды тану критерийлері орындалса, баланстық құнға осындай шығындардың туындау кезіндегі бар инвестициялық жылжымайтын мүліктің бір бөлігін ауыстыру құны қосылады және инвестициялық жылжымайтын мүліктің ағымдағы қызмет көрсету шығындары алынып тасталады. Бастапқы танудан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздануды шегергендегі бастапқы құны бойынша есептелінеді. 50 жылды құрайтын тозу пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіспен есептелінеді.

Қаржылық жағдай туралы есепте инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану мынадай жағдайда тоқтатылады: ол істен шыққанда немесе ол пайдаланудан шығарылса және оны пайдаланудан болашақта ешқандай экономикалық пайда болмаса. Істен шығудың таза түсімдері мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық оны тану тоқтатылған есепті жылдың жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын болады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің санатына немесе оның санатынан ауыстыру жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатының өзгеруі болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі орын алған жылжымайтын мүлік объектісіне ауыстырған кезде кейінгі есепке алудың шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту кезіндегі әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі болса, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаты өзгергенге дейінгі негізгі құралдарды есептеу саясатына сәйкес есепке алады.

#### Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тануда бастапқы құнымен бағаланады. Бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы танудан кейін жинақталған амортизация мен құнсыздану салдарынан жинақталған шығындарды шегергеннен кейінгі сатып алу құнымен көрсетіледі. Өнімді дайындауға капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, компанияның ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыс ол туындаған есепті жылғы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімдері шектеулі.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және осы материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздануға бағаланады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен әдісі ең аз дегенде әр қаржы кезеңінің аяғында қайта қаралады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімін немесе активте жасалған болашақтағы экономикалық пайданың болжалды құрылымын өзгерту қаржылық есепте амортизация мерзімін немесе әдісін, жағдайға байланысты, өзгерту ретінде ескеріледі және есеп бағасының өзгерістері ретінде қарастырылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтатудан пайда немесе табыс активтің шығуынан таза түсім және активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады және осы активті тануды тоқтату сәтіндегі жиынтық кірістің шоғырландырылған есебінде танылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Материалдық емес активтер (жалғасы)

Материалдық емес активтер пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіс бойынша амортизацияланады.

	Жылдар
Лицензиялар және тауар белгілері	3-20
Бағдарламалық жасақтама	1-14
Клиенттік база	8
Басқалары	2-15

#### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын тексереді. Егер осындай белгілер бар болса немесе жыл сайынғы активті құнсыздану мәніне тексеру қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағынын өндіретін бөлімшенің (ақша ағынын өндіретін бөлімше) өтелетін сомасы мынадай мәндердің ең үлкені: сату шығындарын шегергендегі активтің (ақша ағынын өндіретін бөлімше) әділ құны және активті (ақша ағынын өндіретін бөлімше) пайдалану құндылығы. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтердің топтары өндіретініне қарамастан, актив ақша қаражатының ағынын өндірмейтін жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін белгіленеді. Егер активтің немесе ақша ағынын өндіретін бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асса, ондай актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан түскен құндылықты бағалау кезінде ақша қаражатының келешектегі болжанып отырған ағындары осы активке тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Кетуі бойынша шығындарын шегере отырып, активтің әділ құнын белгілеу кезінде бағалаудың жақын мерзімде болған нарықтық операциялары есепке алынады. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер еншілес компаниялар акциялары нарығында еркін айналатын баға белгілеуімен, бағалау коэффициенттерімен немесе өзге де қолжетімді әділ құн көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жатқызылатын әрбір Топтың ақша ағынын өндіретін бөлімше үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сәйкес құнсыздану сомасын анықтайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер негізінен бес жылға жасалады. Одан ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейінгі болашақтағы ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқыны есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар басқа жиынтық кіріс құрамында танылған бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, құнсызданған активтер функциясына сәйкес келетін шығыс санаттарының құрамындағы бірлескен кірістуралы шоғырландырылған есепте танылады. Мұндай жылжымайтын мүлік объектілері жағдайында құнсызданудан залал ілгері уақытта жүргізілген қайта бағалау сомасы шегінде басқа жиынтық кіріс құрамында танылады.

Топ әрбір есепті күнге гудвилді қоспағанда, активтің құнсыздануынан бұдан бұрын танылған шығындардың белгісінің бар-жоғын немесе қысқарғандығын анықтайды. Егер мұндай белгілер орын алса, Топ активтің немесе ақша ағынын өндіретін бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудың бұдан бұрын танылған шығындары құнсызданудан болған шығынды соңғы таныған мерзімнен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған бағада өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтын жолмен шектелген, сондай-ақ алдыңғы жылдары құнсызданудан болған шығын танылмаған жағдайда аталған актив танылатын амортизация шегерілгендегі баланстық құннан аспайды. Мұндай құнды қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелетін жағдайды қоспағанда жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Соңғы жағдайда құнды қалпына келтіру қайта бағалау құнының өсімі ретінде есептеледі.

Мынадай активтердің құнсыздануы болған жағдайда мынадай критерийлер қолданылады:

#### Гудвил

Гудвил жыл сайын 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ оқиғалар мен жағдайлар оның баланстық құны құнсызданатынын білдірсе тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қатысы бар ақша ағынын өндіретін бөлімше (немесе осындай бөлімшелер тобы) өтелетін құнын бағалау жолымен анықталады. Егер ақша ағынын өндіретін бөлімше өтелетін құны оның баланстық құнынан кем болса, онда оның құнсыздану шығыны танылады. Гудвилдің құнсыздану шығыны болашақ кезеңдерде қалпына келтірілуі мүмкін емес.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Қаржылық активтер

##### **Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық активтер бастапқы тануда пайда немесе шығын; берілген қарыздар және дебиторлық берешек; қайтаруға дейін ұсталатын инвестиция; сату үшін қолда бар қаржылық активтер арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер ретінде тиісінше жіктеледі. Қаржылық активтер, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, бастапқы кезде мәміле бойынша оларға қатысты тікелей шығындарға ұлғайтылған әділ құны бойынша танылады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықтағы қағидаларға сәйкес («стандартты талаптарда» сату) белгіленген мерзімдерде жеткізу қажет етілетін активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар мәміле жасау күніне, яғни Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін алған күнге танылады.

##### **Кейінгі бағалау**

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне байланысты болады:

##### **Қарыздар және дебиторлық берешек**

Бұл санат Топ үшін мейлінше маңызды болып табылады. Берілген қарыздар және дебиторлық берешек белсенді нарықта бағасы келісілмеген белгіленген немесе анықталушы төлемдері бар туынды емес қаржылық активтерді білдіреді. Бастапқы танығаннан кейін мұндай қаржылық активтер құнсыздану шығындарын шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы анықталатын амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірістері құрамына қосылады. Құнсыздануға байланысты залалдар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қарыздар жағдайында қаржыландыру шығындары құрамында және дебиторлық берешек жағдайында басқа да операциялық шығыстар құрамында танылатын болады.

Бұл санатқа, ең бастысы, өзге қаржылық активтер және сауда дебиторлық берешек пен басқа да қаржылық активтер жатады. Мейлінше толығырақ ақпарат тиісінше 12, 15 және 17-ескертпелерде берілген.

##### **Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар**

Тіркелген немесе анықталушы төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржылық активтер, егер Топтың оларды өтеу мерзіміне дейін ұстап қалу ниеті мен мүмкіндігі болса, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар бастапқы бағаланғаннан кейін құнсыздану шығындарын шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы анықталатын амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірістері құрамына қосылады. Құнсызданумен ескерілген шығыстар қаржыландыру шығындары құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын болады. Топтың 2015 жылдың 31 желтоқсанында және 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған есепті кезеңдердегі депозиттерді қоспағанда, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялары болған жоқ.

##### **Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен оның баламалары банктердегі және кассадағы ақша қаражатын және бастапқы өтеу мерзімі 3 ай немесе одан кем болатын қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды, олардың құнының өзгеру тәуекелі мейлінше аз.



### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### **Тануды тоқтату**

Қаржылық актив (немесе – қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) мынадай жағдайларда танылуын тоқтатады (яғни, Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен шығарылады):

- Активтен ақша ағынын алу құқығының қолданыс мерзімі аяқталған жағдайда; немесе
- Топ активтен ақша ағындарын алуға өз құқығын берсе не болмаса «транзиттік» келісім бойынша толық көлемде және елеулі кешіктірілген алатын ақша ағындарын үшінші тарапқа төлеу бойынша міндеттемені өзіне алса; немесе (а) Топ активтің барлық дерлік тәуекелдері мен пайдасын берсе не болмаса (б) Топ активтің барлық дерлік тәуекелдері мен пайдасын бермесе не өзіне қалдырмаса, бірақ осы активті бақылауды берсе, баланста есептелуін тоқтатады.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, бұл ретте ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданың сақталғанын бағалайды, егер сақтаса, қандай көлемде сақтағанын бағалайды. Егер Топ активтен барлық тәуекел мен пайданы бермесе және іс жүзінде сақтама, сондай-ақ активтің бақылауын бермесе, Топ берілген активті ондағы өз қатысуын жалғастырған деңгейде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де танытын болады. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең аз шамасымен бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төлемі Топтан талап етілетін өтеудің жоғарғы сомасы.

#### **Қаржылық активтердің құнсыздануы**

Топ әрбір есепті күнге қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобы құнсыздануының объективті белгісінің бар-жоғын бағалайды. Активті бастапқы танығаннан кейін қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарының сенімді бағалауына жоғары ықпал еткен бір немесе одан да көп оқиғаның («шығынға әкелетін оқиғаның» басталуы) нәтижесінде құнсыздану орын алады. Борышкер немесе борышкерлер тобы елеулі қаржылық қиыншылыққа душар болса, өзінің берешегіне қызмет көрсете алмаса немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді дұрыс жүргізбесе, сондай-ақ олардың банкрот іс-жосығын өткізу немесе басқа түрдегі қаржылық қайта құрылу ықтималдығы болса, құнсыздану дәлелі бола алады. Мұнымен бірге мұндай дәлелдерге қаржы құралдары бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарының төмендеуін көрсететін қадағалау деректері де жатады, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемін немесе қарызды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартумен өзара байланысты экономикалық жағдайларды өзгерту.

#### **Амортизацияланған құнымен ескерілетін қаржылық активтер**

Амортизацияланған құнымен ескерілетін қаржылық активтерге қатысты Топ ең алдымен мәнді қаржылық активтердің объективті құнсыздану дәлелдерінің болуын бөлек бағалайды не жекелей алғанда мәнді болып табылмайтын қаржылық активтер бойынша тұтас бағалайды. Егер Топ жеке бағаланатын қаржылық активтің объективті құнсыздану дәлелдері жоқ екенін анықтаса, оның мәніне қарамастан, ол осы активті кредит тәуекелінің баламалы сипаттары бар қаржылық активтер тобына қосады, содан кейін осы активтерді құнсыздануға жиынтық негізде қарастырады. Құнсыздану шығыны танылатын немесе тануы жалғасатын, құнсыздану үшін бөлек бағаланатын активтер құнсыздануға арналған жиынтық бағалауға қосылмайды.

Анықталған құнсызданудан шығын сомасы активтің баланстық құны мен болашақтағы болжалды ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмашылық ретінде (әлі жатқызылмаған болашақтағы болжалды кредиттік шығындарды есептеусіз) бағаланады. Болашақта есептік ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменен дисконтталады.

Активтің баланстық құны бағалау резервінің есебін пайдалану арқылы төмендетіледі, ал шығын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Төмендетілген баланстық құны бойынша пайыздық кірісті есептеу (жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірісі ретінде көрсетілетін) құнсыздану шығынын бағалау мақсатында болашақтағы ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме негізделе отырып жалғасын табады. Қарыздар, егер оларды болашақта өтеудің нақты перспективасы болмай, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылса не Топқа өткізілсе, тиісті бағалау резервімен бірге есептен шығарылады. Егер құнсыздануды танығаннан кейін болған қандай да болмасын жағдайдан келесі жыл ішінде құнсызданудың есептік шығынының сомасы ұлғайса не төмендесе, құнсызданудың бұдан бұрын танылған шығын сомасы бағалау резервінің есебін түзету арқылы ұлғаяды не төмендейді. Егер қаржы құралының бұдан бұрынғы есептен шығарылған құны нәтижесінде қайта қалпына келтірілсе, қайта қалпына келу сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру бойынша шығындардың төмендеуі ретінде танылатын болады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Қаржылық міндеттемелер

##### **Бастапқы тану және бағалау**

Қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, кредит пен қарыздар және кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттеме мәміле бойынша оларға тікелей жататын шығындарды шегере отырып (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында), бастапқы кезде әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, қарыздар мен кредиттерді, қаржылық кепілдік шарттары мен артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін қамтиды.

##### **Кейінгі бағалау**

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне байланысты болады:

##### *Кредиттер және қарыздар*

Бұл санат Топ үшін мейлінше елеулі болып табылады. Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану тоқтатылғанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизация есептелуіне қарай пайда немесе шығын құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептелінеді. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру бойынша шығыстар құрамына қосылады.

Ең бастысы, бұл санатқа пайыздық кредиттер және қарыздар кіреді. Толық ақпарат *21-ескертемеде* берілген.

##### *Қаржылық кепілдік шарттары*

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары белгілі бір борышкердің борыштық құрал талаптарына сәйкес уақытында төлем жүргізе алмау салдарынан осы шарт иесіне келтірілген шығындарды өтеу мақсатында ақы төлеуді талап ететін шарттар болып табылады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктер шығарумен тікелей байланысты мәмілелер бойынша шығындарды ескере келе, әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Нәтижесінде міндеттеме мына шамалардың ең үлкенімен бағаланады: есепті күнге қолданыста бар міндеттемені өтеуге қажетті шығындардың ең үздік бағасы және жиналған амортизацияны шегере отырып, міндеттемелердің танылған сомасы.

##### *Міндеттемелердің құрамында көрсетілетін артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі*

Міндеттемелердің құрамында көрсетілетін және міндеттемелердің сипаттамасын көрсететін артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі мәміле бойынша шығындарды шегере отырып, баланста міндеттемелердің құрамында танылады. Аталған акцияларға кепілдік берілген дивидендтердің тиісті ең аз мөлшері жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздық шығыстар құрамында көрсетіледі. Міндеттемелердің құрамында көрсетілген үлестің әділ құны бастапқы танылу кезінде ұқсас борыштық құрал арқылы нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады. Капитал құрамында көрсетілетін акциялар үлесінің әділ құны бастапқы танылу кезінде міндеттемелер құрамында көрсетілген үлес үшін белгіленген барлық құралдың, әділ құнның бастапқы баланстық құнынан шегергеннен кейінгі қалдық құны ретінде анықталады. Нәтижесінде міндеттемелердің құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кредиттер мен қарыздарға қатысты қолданылатын қағидаттар арқылы есептеледі, ал капиталдың құрамында көрсетілетін акциялар үлесі келесі жылдары қайта бағаланбайды.

### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### **Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)**

##### ***Кейінгі бағалау (жалғасы)***

##### *Сауда және басқа да кредиторлық берешек*

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шот ұсынылғанына қарамастан, алынған тауарлар мен қызметтер үшін болашақта төленуі тиіс әділ құны бойынша есептелінеді.

##### ***Тануды тоқтату***

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе қолданыс мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме айтарлықтай айырмашылықтары бар шарттарда сол кредитор алдында басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің тоқтатылуы және жаңа міндеттемені танудың басы болып ескеріледі, ал олардың баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

#### **Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы**

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сома ағымдағы сәтте танылған сомаларды өзара есепке алуға қамтамсыз етілген заңды қорғау құқығы бар кезде және есептесуді нетто-негізде жүргізуге, активтерді сатуға және онымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниеті болғанда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетуге жатады.

#### **Тауарлы-материалдық қорлар**

Қорлар мына екі шаманың мейлінше кішісімен бағаланады: бастапқы сатып алу құны және таза ықтимал сату бағасы.

Шығындар қорларды межелі орынға жеткізу кезінде келтірілген және оларды тиісті жағдайға келтіру шығыстарынан тұрады. Таза ықтимал сату құны әдеттегі қызмет барысындағы өндірісті аяқтауға есептік шығыстарды және сатудың ықтимал шығындарын шегергендегі есептік сату бағасы ретінде анықталады. Сипаты мен міндеті ұқсас барлық тауарлы-материалдық қорға қатысты бір ғана құнды есептеу формуласы қолданылады. Барлық қор орта есеппен алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

#### **Жалдау**

Келісім жалдау келісімі болып табылатынын не онда жалдау белгілерінің бар-жоғын анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісімнің мазмұнын талдауға негізделген. Егер келісімді орындау нақты белгілі активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса және осы келісім нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан екінші тарапқа өтсе, тіпті бұл келісімде анық көрсетілмесе де, келісім жалдау келісімі болып табылады және жалдау белгілерінен тұрады.

##### *Жалға алушы ретіндегі Топ*

Жалдау қаржылық немесе операциялық ретінде жалдау қатынастарының басталу күніне жіктеледі. Топқа меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел және тиімділік өтетін жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қаржылық жалдау жалға алынатын мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімі басталу күніне немесе егер бұл сома аз болса – ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталға айналдырылады. Жалдау төлемдері қаржыландыру бойынша шығындар мен міндеттеменің негізгі сомасын төмендету арасында міндеттеменің өтелмеген сомасына тұрақты пайыздық мөлшерлеме шығатындай етіп бөлінеді. Қаржыландыру бойынша шығындар тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Жалға алынған актив активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады. Алайда Топқа жалдау мерзімінің соңында активтің меншік құқығы ауысатындығына дәйекті сенімділік болмаса, актив мына кезеңдердің ең қысқа мерзімі ішінде амортизацияланады: активті пайдалы қолданудың есепті мерзімі және жалдау мерзімі.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдау мерзімі бойы тікелей әдіспен жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде танылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### **Жалдау** (жалғасы)

##### *Жалға беруші ретіндегі Топ*

Топ активке қатысты меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел мен пайдаға ие болатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шартын жасау барысында келтірілген бастапқы тура шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдау кірісі секілді сондай негізде жалдау мерзімі ішінде танылады. Шартты жалдау төлемі төлем алынған кезеңдегі түсімдер мен басқа да кірістер құрамында танылады.

#### **Бағалау міндеттемелері**

##### *Жалпы ақпарат*

Егер Топтың өткен жағдайдың нәтижесінен туындаған (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) қолданыстағы міндеттемесі болса, бағалау міндеттемелері танылады; осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың жылыстауы ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Топ бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлық бағалау міндеттемесінің өтелуін көздесе, мәселен, сақтандыру шарты бойынша, мұндай өтеуге қол жеткізу ешқандай күдік тудырмайды деген жағдайда ғана өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі. Бағалау міндеттемесіне жататын шығыс өтеуді шегергенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы айтарлықтай болса, онда бағалау міндеттемелері салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, олар бұл қолданымда болғанда, нақты бір міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, онда уақыт өте келе бағалау міндеттемесі қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде танылады.

##### *Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер*

Орын алып отырған учаскеде пайдаланудан шығару бойынша бағалау міндеттемесі объектілерді жабу және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге (инфрақұрылымды бөлшектеу және жоюды қоса алғанда (басымды жағдайда базалық стансылар және базалық стансалар үшін платформалар, сондай-ақ радиорелелік мұнаралар) қоқыстарды шығару және түртілген учаскелерді қалпына келтіру) көзделген болашақтағы шығындарға қатысты қоршаған ортаны тиісті бұзу орын алатын есепті кезеңде қалыптасады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құны бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

#### **Қызметкерлерге сыйақы беру**

##### *Әлеуметтік салық*

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болуы кезіндегі шығыстарға жатқызылады.

Мұнымен қатар, Топ жинақтаушы зейнетақы қорларға қызметкерлердің жарнасы ретінде төленетін қызметкерлердің жалақысынан 10% ұстайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлер өз зейнетақы төлемдері үшін жауапты болады және Топтың қызметкерлер зейнетке шыққаннан кейін оларға қосымша сыйақы беру бойынша ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемелері жоқ.

### ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Қызметкерлерге сыйақы беру (жалғасы)

##### *Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар*

Компаниямен жасалынатын ұжымдық шарт белгілі қызметкерлер үшін бірқатар ұзақ мерзімді сыйақылар мен жұмыстан босағанда алатын жәрдемақыларды көздейді (бұдан әрі «Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар»).

Ұзақ мерзімді сыйақылар белгілі жыл бойы жұмыс істеген қызметкерлерге төленеді, ал жұмыстан босағанда алатын жәрдемақылар Компанияның ұжымдық шартында көзделген еңбек қызметінің аяқталуына байланысты біржолғы төлемдерді білдіреді. Көрсетілген сыйақылар көлемі қызметкердің орташа жалақысы мен жұмыс өтіліне қарай өзгереді.

Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар беру құны «болжамдалатын шартты бірлік» әдісін пайдаланумен анықталады.

Актuarлы пайда мен залалды қамтитын қайта бағалау нәтижелері, сондай-ақ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда, активтің шекті шамасының ықпалы және бағдарлама активтерінің кірістілігі (белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда) тиісті пайда мен залал туындаған кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс арқылы бөлінбеген пайда құрамына тиісті соманы жатқыза отырып, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте тез арада танылады.

Бұрынғы қызметтер құны мына даталардың мейлінше ертерегіне пайда немесе залал құрамында танылады:

- жоспарды өзгерту немесе секвестрлеу күні; және
- Топ қайта құрылымдауға тиісті шығындарды танитын күн.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемеге немесе таза активке қатысты дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы анықталады. Топ белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттеменің аударылған өзгерістерін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» баптары құрамында таниды.

#### Меншікті сатып алынған акциялар

Компания сатып алған меншікті үлестік құралдар (меншікті сатып алған акциялар) бастапқы құны бойынша танылады және капиталдан алынып тасталады. Пайда немесе залал құрамында Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алуға, сатуға, шығаруға немесе жоюға байланысты пайда немесе залал танылмайды. Меншікті сатып алынған акциялардың баланстық құны мен оларды кейіннен сату кезінде алынған өтеу сомасы арасындағы айырмашылық капиталда танылады.

#### Ақша қаражатымен төленген дивидендтер және бас компания акционеріне ақшалай емес активтерді бөлу

Бөлініс бекітіліп, одан әрі Компанияның қарастыру мәні болып табылмайтын жағдайда Компания бас компания акционерлеріне ақша қаражатын және ақшалай емес активтерді бөлуге қатысты міндеттемені таниды. Заңнамаға сәйкес бөліністі акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу міндеттемесі бөлінуге жататын активтердің әділ құны бойынша бағаланады, ал осы активтердің әділ құнын қайта бағалау тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу сәтінде міндеттеменің баланстық құны мен бөлінген активтердің баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

#### Кірісті тану

Егер экономикалық пайда табуды Топ ықтимал деп бағаласа және ақша түсімі төлемді жүзеге асыру мерзіміне қарамастан, сенімді бағаланса, ақша түсімі танылатын болады. Ақша түсімі шартта анықталған төлем талаптарын ескере отырып және салық пен баждарды шегергендегі алынған немесе алынуы тиіс өтеудің әділ құны бойынша бағаланады. Топ ақша түсімін алуды көздейтін ол жасаған барлық шарт бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді, себебі барлық жағдайда ол шарт бойынша өзіне міндеттеме алған негізгі тарап болып табылады, баға белгілеуге қатысты әрекет еркіндігіне ие және қорлардың құнсыздануы тәуекеліне және кредиттік тәуекелге ұшыраған.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Кірісті тану (жалғасы)

Ақша түсімін тану үшін мынадай критерийлер де орындалуы тиіс:

##### *Қызметтерді ұсыну*

Жергілікті, қалааралық және халықаралық телекоммуникация байланысының қызметтерін көрсету Топ кірісінің негізгі көзі болып табылады. Осы қызметтерден түскен кіріс көлемі телефон қосылысының күніне, тәулік мерзіміне, арақашықтығы мен ұзақтығына байланысты телефон байланысы қызметтерін пайдалану төлемін (i), телефон байланысы қызметтерін пайдаланудың айлық абоненттік төлемін (ii), желілік қосылысты орнату мен активтендіру төлемін (iii), интернет желісіне қатынау және деректерді беру қызметтерін көрсету төлемін (iv) және желіаралық қосылысты орнатуға жергілікті және шетелдік операторлардың төлемін қамтиды (v).

Топ мынадай түрде алынған кезеңдегі қызметтерді көрсетуден түскен кірісті көрсетеді:

- (i) Сым және сымсыз телефон байланысы қызметтерін көрсетуден түскен кіріс осы қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.
- (ii) Байланыс қызметтерін пайдалану үшін айлық абоненттік төлем абоненттерге қызметтер көрсетілетін айда ескеріледі.
- (iii) Бөлек пайда табумен байланысты емес сым және сымсыз желіге қатынауды активациялау қызметтері үшін аванстық төлемдер болашақтағы кезеңдердің кірістер құрамына қосылады және клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрінеді. Клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі алдыңғы қатынастардың тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.
- (iv) Деректер беру қызметтерін көрсетуден түскен кіріс клиенттерге қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.
- (v) Желіаралық қосылысты орнату үшін жергілікті және шетелдік операторлардың төлемі өңделетін трафиктің нақты минутын ескере отырып, қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.

##### *Телефон тұтқалары мен аксессуарларын сатудан түсетін кіріс*

Телефон тұтқалары мен аксессуарларын сату ақша түсімін қалыптастырудың бөлек үдерісі болып табылмай, коммерциялық нәтиже тұтас мәмілемен ғана анықталатындай телекоммуникация қызметтерімен бір топтамада ұсынылса, тиісті кірістер клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңінде танылуы тиіс. Клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі абоненттердің тарихи тұрақтамауына және сала тәжірибесіне негізделеді.

##### *Жалға беру кірісі*

Телекоммуникациялық арналарды операциялық жалға беруден түскен кіріс жалдау мерзімі ішінде тікелей әдіс бойынша ескеріледі және оның операциялық сипатынан ақша түсімі құрамына қосылады.

##### *Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтерді көрсету үшін өтемақы*

Егер төменде көрсетілген өтемақыны алуда және онымен байланысты талаптарды орындауда дәлелді сенімділік болса, әмбебап қызметтерді көрсету өтемақысы әділ құны бойынша танылады. Егер өтемақы шығыстар бабына жатқызылған болса, өтелуіне өтемақы алынған шығындармен мұндай өтемақының жүйелі арақатынасына қажетті кезеңдер ішінде кірістер құрамында көрсетіледі. Егер өтемақы активке жатқызылған болса, онда оның әділ құны кейінге қалдырылған кірістің есепшот кредитіне қосылады және жыл сайын тиісті актив қызметінің болжалды мерзімі ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған тең үлесте есептен шығарылады.

Кірістерге жататын өтемақы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен түскен кіріс ретінде жеке баппен көрсетіледі.

##### *Пайыздық кіріс*

Амортизацияланған құн бойынша және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржылық активтер бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл болашақтағы болжалды төлемдерді немесе қаржы құралын пайдаланудың көзделген мерзімі ішіндегі немесе егер бұл орынды болса, қаржылық активтің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ кезеңнен азырақ мерзім ішіндегі ақша қаражатының түсімін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру кірістері құрамына қосылады.



## ► 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### **Кірісті тану (жалғасы)**

#### *Дивидендтер*

Түсім Топтың төлем алуға құқығы белгіленгенде танылады. Бұл акционерлер дивидендтерді бекіткен кезде жүргізіледі.

### **Шығыстарды тану**

Жатқызылауына қарай шығыстар танылады және олар есептеу қағидатының негізінде жатқызылатын кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрінеді.

### **Қатынауды іске қосу қызметтерін ұсынумен байланысты шығыстар**

Топ клиенттермен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде болашақ кезеңдердің тиісті кірістеріне жататын қатынауды іске қосу қызметтерін көрсетумен байланысты шығыстардың мерзімін ұзартады.

### **Қарыз алу бойынша шығыстар**

Активті сатып алу, салу немесе өндіруге тікелей байланысты және оны Топтың қалауы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін қарыз алу бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. Қарыз алу бойынша барлық өзге шығындар есепті кезеңдегі олар жатқызылған шығыстарға жатады. Қарыз алу бойынша шығындарға қарыз құралдарына қатысты компания тартқан пайыздар мен өзге де шығындарды төлеу кіреді.

### **Табыс салығы**

#### *Ағымдағы табыс салығы*

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге көзделген сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдердегі есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен салық заңнамасы.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын пайданың ағымдағы салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Компания басшылығы тиісті салық заңнамасы әртүрлі қарастырылуы мүмкін салық декларацияларында көрсетілген ұстанымдарды бағалауды уақытылы жүзеге асырып отырады және қажетіне қарай бағалау міндеттемелері құрайды.

#### *Кейінге қалдырылған табыс салығы*

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасындағы есепті күндегі уақытша айырмашылықтарды анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептелінеді.

Кейінге қалдырылған табыс міндеттемелері:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестің бірігуі болып табылмайтын операция барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаған және операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдамен қатар, салық салу пайдасына немесе залалына әсер етпеген;
- егер тарату уақытша айырмашылықтың төмендеуі кезінде бақылауға алынатын болса және уақытша айырмашылық көз жетерлік болашақта төмендейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, еншілес компанияларға, тәуелді ұйымдарға салынар инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесімен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты жағдайдан басқа, барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады.

### ▶ 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Табыс салығы (жалғасы)

##### Кейінге қалдырылған табыс салығы (жалғасы)

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салу пайдасы болады деген айтарлықтай ықтималдылық болатын, орнына шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары ескерілетін деңгейде танылады:

- шегерілетін уақытша айырмашылыққа жатқызылатын кейінге қалдырылған салық активі бизнестің бірігуінен туындаған және операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдамен қатар, салық салу пайдасына немесе залалына әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде туындағанда;
- еншілес компанияларда, тәуелді ұйымдарда салынар инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметтегі қатысу үлестерімен байланысты шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмашылықтар көз жетерлік болашақта пайдаланылады деген және орнына уақытша айырмашылықтар қолданылатын салық салу пайдасы болады деген айтарлықтай ықтималдылық деңгейінде ғана танылатын болады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні қарастырылады және егер кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салу пайдасы жетерліктей орын алады деген ықтималдылық болса, төмендейді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күні қарастырылады және болашақтағы салық салу пайдасы кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген айтарлықтай ықтималдылық болған деңгейде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жағдайына қарай есепті күні қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылады. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не басқа да жиынтық кіріс құрамында, не болмаса тікелей меншікті капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңмен бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар бір салық салынатын компанияға және салық органына қатысты болса, бір-біріне қарсы есептелінеді.

Бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған, бірақ сол күнге жекелей тану критерийлеріне сай келмейтін салық пайдасы фактілер мен жағдайлардың өзгерісі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда соңынан танылады. Егер түзету бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса, ол гудвилді азайту ретінде көрсетіледі (егер оның көлемі гудвилдің мөлшерінен аспаса), басқа жағдайларда ол пайда немесе залалдың құрамында танылады.

### ▶ 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау оның басшылығынан шоғырландырылған есептілікте көрсетілетін түсімдердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомасына, сондай-ақ осы баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін пайымдаулары, бағалау мәндері мен жорамалдарды шығаруды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігін талап етуі мүмкін және оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады.

Топтың тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктер туралы басқа да ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- Қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары – *40-ескертпе*.
- Сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу – *9 және 23-ескертпелер*.

## ► 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

### Бағалау мәндері мен жорамалдар

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу себебі болатын есепті күндегі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде көзделген бастапқы деректерге негізделген. Алайда болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар Топ бақылай алмайтын нарықтық өзгерістерден немесе жағдайлардан өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

### Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімін әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күтілгені ілгерідегі бағалаулардан басқаша болса, өзгерістер «Есеп саясаты, есептік бағалау мен қателер» 8 БЕХС сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бағалаулар негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнына және пайда мен залал құрамында танылған тозу мен амортизация сомасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. 2015 жылдың қаңтар айында жабдықты пайдалану, сондай-ақ технологиялық ескіру бойынша тарихи деректерді талдаудан кейін Топ телекоммуникация жабдығының белгілі топтары бойынша пайдалы қолданудың қалған мерзімін қайта қарады, бұл пайдалы қолданудың қалған мерзімінің орташа есеппен алғанда 3 жылға дейін ұлғаюына алып келді. Пайдаланудың қалдық мерзіміндегі өзгерістер 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін тозу мен амортизациялық аударымдардың 1.491.769 мың теңге сомасына (2014 жыл: 622.349 мың теңге) төмендеуіне алып келді. Топ тозу мен амортизациялық аударымдар жататын болашақтағы есептік кезеңдерде олардың 2015 жылы тозу мен амортизациялық аударымдардың төмендеуіне тең сомаға азаятынын күтіп отыр.

### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны мына шамалардың ең үлкені болып табылатын оның өтейтін құнынан асса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындары мен пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасында ұқсас активтерді сатудың қолданыстағы, міндетті күші бар операциялар бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің істен шығарылуына байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегергендегі қадағаланатын нарықтық бағаларға негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және өткізу үшін ақша ағындарын өндіретін бірліктің құнсыздануына тексерілетін активтер нәтижесін жақсартатын Топтың болашақта әлі де міндеттемелерінің немесе қомақты инвестициясының болмауынан қайта құрылымдау бойынша қызметтен тұрмайды. Қайтарылатын құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілген ақша түсімдеріне және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсім қарқынына мейлінше бейім. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша қаражатын өндіретін түрлі бірліктердің өтелетін сомасын анықтау кезінде пайдаланатын басты жорамалдар туралы толық ақпарат 9-ескертпеде келтіріледі және түсіндіріледі.

### Резервтер

Топ күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтерді құрады. Күмәнді берешекті есептеу үшін мәнді бағалау пайдаланылады. Күмәнді берешекті бағалау кезінде сатып алушы немесе тапсырыс беруші қызметінің тарихи және болжалды көрсеткіштері ескеріледі. Жалпы экономикалық жағдайлардың өзгерістері, саладағы ахуал немесе нақты сатып алушы мен тапсырыс берушінің қызмет нәтижелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген күмәнді дебиторлық берешектің резерв сомасына түзетулер енгізуді талап етуі мүмкін.

2015 жылғы 31 желтоқсанға Топ 2.131.645 мың теңге сомасындағы (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 1.877.453 мың теңге) күмәнді берешекке резерв құрды (13, 15, 16 және 18-ескертпелер).

### Қосылу үшін төлем

Бөлек пайда табумен байланысты емес активация қызметтерінің және сым мен сымсыз байланыс қызметтерінің аванстық төлемдері болашақтағы кезеңдегі кірістер құрамына қосылады және клиентпен өзара қарым-қатынас жасаудың алдағы кезеңі ішінде көрсетіледі. Басшылық пайымдаулары жасаған кезде 18 ҚЕХС-да (IAS) көзделген қосу қызметтерінен түскен кірістерді тану критерийлерін, салалық тәжірибе мен клиенттердің бас тартуы туралы тарихи деректерді ескереді. 2015 жылғы 31 желтоқсанға клиентпен қарым-қатынастың орташа мерзімі тіркелген телефония клиенттері үшін 13 жыл, интернет клиенттері үшін 5 жыл деп бағалануда.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

### Қаржылық жалдау – Жалгер ретіндегі Топ

Топ телекоммуникациялық жабдықтардың жалдау шарттарына ие. Топ жалға берілетін объектінің меншік құқығына байланысты барлық тәуекел мен пайда осы шарттар бойынша берілетінін және тиісінше, жалдаудың өзі қаржылық жалдау ретінде жіктелетінін анықтады.

### Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер

Топ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын және ағымдағы қызметтердің тиісті құнын есептеу үшін актуарлық бағалау әдісін қолданады. Осы әдістің аясында көрсетілген жәрдемақыларды төлеуге болатын жұмыс істеп жатқан және бұрында жұмыс істеген қызметкерлерге қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыс істеп жатқан қызметкерлер арасында және еңбек қызметін аяқтаған қызметкерлер арасында өлім-жітім деңгейі, кадрлар тұрақсыздығы т.с.с.), сондай-ақ қаржылық сипаттағы жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы ең аз жылдық жалақы деңгейі) пайдалану көзделеді. Мұндай міндеттемелер ұзақ мерзімді сипатта болады және тиісінше, белгісіздік деңгейі жоғары.

Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы тиісті валютада жоғары табысты корпоративтік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін есепке алады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестелеріне негізделген. Болашақта жалақы мөлшерлерін ұлғайту және зейнетақы мөлшерлерін ұлғайту инфляцияның күтілетін болашақтағы қарқындылығына негізделеді.

Қолданылған жорамалдар туралы толық ақпарат *23-ескертпеде* ашып көрсетілген.

### Тоқтатылған қызмет

2015 жылғы 3 қарашада Компания «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) базасындағы ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша Tele2 Group-пен мәміле жасау туралы өз шешімін жариялады. Осылайша, «АЛТЕЛ» АҚ қызметі тоқтатылған қызмет ретінде жіктеледі. Басшылық мына себептерді басшылыққа ала отырып, сату үшін ұсталатын активтер тобы ретінде еншілес компания сыныптама критерийлеріне жауап береді деп есептеді:

- 2015 жылғы 3 қарашада «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) базасындағы ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша акционерлер «ТЕЛЕ2 СВЕРЬЕ АБ» және «ХАН ТЕНГРИ ХОЛДИНГ Б.В.» компанияларымен келісімге қол қойды.
- Бірлескен кәсіпорын құруға байланысты іс-шаралар басталды және бұл ретте бірлескен кәсіпорынды құру 2016 жылдың 1-тоқсанында аяқталады деп көзделіп отыр.
- Бірлескен кәсіпорын құрумен қатар Топ «АЛТЕЛ» АҚ бақылауды жоғалтады.

Тоқтатылған қызмет туралы толық ақпарат *37-ескертпеде* беріледі.

### Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салу пайдасы алынады әрі оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі деген ықтималдылық болған деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың стратегиялары негізіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды пайымдауы қажет.

2015 жылдың 31 желтоқсанына болашақ кезеңдерге Топ ауыстырған салық залалдарының сомасы 2.081.767 мың теңге құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 2.483.476 мың теңге). Бұл залалдар өткен кезеңдерде залалдары болған еншілес компанияларға жатады, 10 жылға дейінгі мерзімге ауыстырылады, 2019 жылдан өтіп бастайды және салық салынатын табысқа қарсы есепке алу үшін осындай залал туындаған Топтың еншілес компаниясында ғана қолданылады.

2015 жылғы 31 желтоқсанға танылған салық активтерінің баланстық құны 1.505.221 мың теңгені құрайды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 1.679.830 мың теңге). 2015 жылғы 31 желтоқсанға танылмаған салық активтерінің баланстық құны 276.694 мың теңгені (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 420.468 мың теңге) құрайды. Толық ақпарат *36-ескертпеде* берілген.

## ► 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

### Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректері негізінде анықталынбайтын болса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағалайтын нарықтардан түскен ақпарат қолданылады, алайда бұны іс жүзіне асыру мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнын белгілеу үшін белгілі бір пайымдау үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және волатильділік сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға байланысты жорамалдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат 40-ескертпеде берілген.

## ► 5. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай еншілес компаниялар қосылды:

	Тіркелген елі	Қатысу үлесі	
		2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
«АЛТЕЛ» АҚ	Қазақстан	100,00%	100,00%
«НҰРСАТ» АҚ	Қазақстан	80,00%	80,00%
«Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Сигнум» АБҚ	Ресей	100,00%	100,00%
«КТ Cloud Lab» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Digital TV» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«MaxCom» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%
«Online.kg» АБҚ	Қырғызстан	100,00%	100,00%
«Info-Net Wireless» ЖШС	Қазақстан	100,00%	100,00%

2014 жылғы 31 шілдеде Компания 52.970 мың теңгеге «Telecom 21 LLC» миноритарлық акционерінен «НҰРСАТ» АҚ 2,92% акциясын сатып алды.

## ► 6. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

«Операциялық сегменттер» 8 ҚЕХС (IFRS) талаптары тоқтатылған қызметке жатпайтындықтан, Топ тоқтатылған қызметті сегменттер бойынша ашық ақпаратқа қоспайды.

Компанияның басшылығы GSM және LTE стандартында ұялы байланыс қызметтерін көрсету сегментін құрайтын өз активтерін сату туралы шешімді қабылдағаннан кейін 2015 жылы Топта жергілікті, қалааралық және халықаралық тіркелген байланыс қызметтерін ұсынатын бір ғана операциялық сегментті анықтады.

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2015 және 2014 жылдардағы негізгі құралдардың қозғалысы мынандай түрде берілді:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Жабдық	Басқалары	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
<b>Бастапқы құны</b>						
<b>2014 жылғы 1 қаңтарға</b>	674.698	43.451.770	448.811.589	13.303.846	31.293.991	537.535.894
Түсімдер	10.237	1.050.949	31.966.582	930.045	25.350.909	59.308.722
Аударымдар	–	4.329.285	29.737.037	28.196	(34.094.518)	–
Істен шығу	(4.045)	(231.739)	(5.959.966)	(457.689)	(23.620)	(6.677.059)
Сатуға арналған активтерге ауыстыру (37-ескерпне)	–	(2.238)	(1.029.022)	(1.225)	–	(1.032.485)
Материалдық емес активтерге ауыстыру (8-ескерпне)	–	–	–	–	(809.284)	(809.284)
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	680.890	48.598.027	503.526.220	13.803.173	21.717.478	588.325.788
Түсімдер	<b>1.792</b>	<b>4.942.598</b>	<b>22.112.438</b>	<b>318.366</b>	<b>9.406.583</b>	<b>36.781.777</b>
Аударымдар	–	<b>1.723.280</b>	<b>15.659.989</b>	<b>124.213</b>	<b>(17.507.482)</b>	–
Істен шығу	<b>(1.428)</b>	<b>(192.637)</b>	<b>(16.229.062)</b>	<b>(563.731)</b>	–	<b>(16.986.858)</b>
Материалдық емес активтерге ауыстыру (8-ескерпне)	–	–	–	–	<b>(679.714)</b>	<b>(679.714)</b>
Тоқтатылған қызмет (37-ескерпне)	<b>(123.166)</b>	<b>(7.178.950)</b>	<b>(32.511.942)</b>	<b>(615.682)</b>	<b>(179.518)</b>	<b>(40.609.258)</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>558.088</b>	<b>47.892.318</b>	<b>492.557.643</b>	<b>13.066.339</b>	<b>12.757.347</b>	<b>566.831.735</b>
<b>Жинақталған тозу мен құнсыздану</b>						
<b>2014 жылғы 1 қаңтарға</b>	–	11.643.643	227.184.097	9.473.793	3.922	248.305.455
Есептелген тозу	–	1.746.391	31.955.862	1.083.015	–	34.785.268
Құнсыздану	–	–	919.249	1.111	1.271.900	2.192.260
Істен шығу	–	(113.210)	(4.829.180)	(403.065)	(1.999)	(5.347.454)
Сатуға арналған активтерге ауыстыру (37-ескерпне)	–	–	(81.250)	(216)	–	(81.466)
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	–	13.276.824	255.148.778	10.154.638	1.273.823	279.854.063
Есептелген тозу	–	<b>2.192.805</b>	<b>28.149.789</b>	<b>867.462</b>	–	<b>31.210.056</b>
Істен шығу	–	<b>(108.792)</b>	<b>(15.460.077)</b>	<b>(542.805)</b>	–	<b>(16.111.674)</b>
Тоқтатылған қызмет (37-ескерпне)	–	<b>(514.427)</b>	<b>(12.760.367)</b>	<b>(401.624)</b>	–	<b>(13.676.418)</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	–	<b>14.846.410</b>	<b>255.078.123</b>	<b>10.077.671</b>	<b>1.273.823</b>	<b>281.276.027</b>
<b>Қалдық құны</b>						
<b>2013 жылғы 31 желтоқсанға</b>	674.698	31.808.127	221.627.492	3.830.053	31.290.069	289.230.439
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	680.890	35.321.203	248.377.442	3.648.535	20.443.655	308.471.725
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>558.088</b>	<b>33.045.908</b>	<b>237.479.520</b>	<b>2.988.668</b>	<b>11.483.524</b>	<b>285.555.708</b>

Аяқталмаған құрылыс негізінен орнатуға жататын желі мен телекоммуникациялық жабдықтың құрылысын білдіреді. 2014 жылы құнсызданудан залал 2.192.260 мың теңгені құрады және тіркелген телекоммуникация байланысы сегментінде белгілі бір НҚ объектілерінің қайтарылатын құнына дейін есептен шығаруды білдірді. Залал жалпы және әкімшілік шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нөл теңге көлеміндегі қайтарылатын құн белгілі бір активтер деңгейінде активтерді пайдалану құндылығы есебі негізінде анықталған болатын.

Топтың 2015 жылғы 31 желтоқсанға Топтың қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде салынған негізгі құралдары болмады (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 2.480.212 мың теңге) (21-ескерпне).

Негізгі құралдар құрылысын қаржыландыру мақсатында алынған қарыздар бойынша 41.000 мың теңге көлеміндегі шығындар капиталдандырудың 7% орташа есептелген мөлшерлемесі бойынша 2014 жылдың ішінде капиталға айналдырылды.

2015 жылғы 31 желтоқсанға Топтың қаржылық жалдау шарттары бойынша пайдаланатын және негізгі құралдар құрамына енгізілген жабдықтың қалдық баланстық құны 28.038.190 мың теңге болды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 32.800.554 мың теңге). Жыл ішіндегі түсімдерге қаржылық жалдау шарттары бойынша алынған 186.964 мың теңге (2014 жыл: 7.545.272 мың теңге) көлеміндегі негізгі құралдар кіреді. Жалданған активтер тиісті қаржылық жалдау шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге берілген.

2015 жылғы 31 желтоқсанға бастапқы құны 122.930.240 мың теңге негізгі құралдар толық амортизацияланды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 125.577.873 мың теңге).



## ► 8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2015 және 2014 жылдардағы материалдық емес активтердің қозғалысы мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	Лицензиялар және тауарлық белгілер	Бағдарламалық жасақтама	Гудвил	Басқалары	Барлығы
<b>Бастапқы құны</b>					
<b>2014 жылғы 1 қаңтарға</b>	25.840.367	19.711.696	2.706.335	5.026.158	53.284.556
Түсімдер	422.339	884.581	–	591.207	1.898.127
Аударымдар	77.431	355.359	–	(432.790)	–
Істен шығу	(94.858)	(417.899)	–	(71.754)	(584.511)
Аяқталмаған құрылыстан аударымдар (7-ескертіле)	–	809.284	–	–	809.284
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	26.245.279	21.343.021	2.706.335	5.112.821	55.407.456
Түсімдер	<b>869.140</b>	<b>1.140.325</b>	–	<b>190</b>	<b>2.009.655</b>
Аударымдар	<b>172.440</b>	<b>(172.440)</b>	–	–	–
Істен шығу	<b>(385.933)</b>	<b>(209.074)</b>	–	<b>(1.166)</b>	<b>(596.173)</b>
Аяқталмаған құрылыстан аударымдар (7-ескертіле)	<b>277.951</b>	<b>401.763</b>	–	–	<b>679.714</b>
Тоқтатылған қызмет (37-ескертіле)	<b>(10.902.230)</b>	<b>(1.034.226)</b>	–	<b>(1.037.301)</b>	<b>(12.973.757)</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>16.276.647</b>	<b>21.469.369</b>	<b>2.706.335</b>	<b>4.074.544</b>	<b>44.526.895</b>
<b>Жинақталған амортизация және құнсыздану</b>					
<b>2014 жылғы 1 қаңтарға</b>	12.750.918	12.627.023	–	1.668.863	27.046.804
Амортизациялық аударымдар	1.407.796	1.648.791	–	552.850	3.609.437
Құнсыздану	238.408	10.357	–	1.145	249.910
Істен шығу	–	(29.964)	–	–	(29.964)
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	14.397.122	14.256.207	–	2.222.858	30.876.187
Амортизациялық аударымдар	<b>1.195.328</b>	<b>1.800.926</b>	–	<b>602.184</b>	<b>3.598.438</b>
Істен шығу	<b>(207.560)</b>	<b>(208.487)</b>	–	<b>(1.166)</b>	<b>(417.213)</b>
Тоқтатылған қызмет (37-ескертіле)	<b>(7.376.739)</b>	<b>(708.230)</b>	–	<b>(1.003.713)</b>	<b>(9.088.682)</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>8.008.151</b>	<b>15.140.416</b>	–	<b>1.820.163</b>	<b>24.968.730</b>
<b>Қалдық құны</b>					
<b>2013 жылғы 31 желтоқсанға</b>	13.089.449	7.084.673	2.706.335	3.357.295	26.237.752
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	11.848.157	7.086.814	2.706.335	2.889.963	24.531.269
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>8.268.496</b>	<b>6.328.953</b>	<b>2.706.335</b>	<b>2.254.381</b>	<b>19.558.165</b>

2014 жылы құнсызданудан залал 249.910 мың теңгені құрады және сымсыз спутниктік байланыс сегментінде МЕА белгілі бір объектілерін технологиялық ескіру салдарынан қайтарылатын құнына дейін есептен шығаруды білдірді. Залал жалпы және әкімшілік шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілді. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нөл теңге көлеміндегі қайтарылатын құн белгілі бір активтер деңгейінде активтерді пайдалану құндылығы есебі негізінде анықталды.

Лицензиялар мен тауар белгілері, бағдарламалық жасақтама мен басқалар бизнестің бірігуі нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтерді қамтиды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы құны 8.768.527 мың теңге көлеміндегі материалдық емес активтер (негізінен бағдарламалық жасақтама) толық амортизацияланды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 6.066.237 мың теңге).

## 9. ГУДВИЛДІ ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ

Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған гудвил IP TV-ге – ақша қаражатын өндіретін бірлікке («АҚӨБ») бөлінді. Бұл АҚӨБ сыммен жүргізілетін телекоммуникация сегментінің бір бөлігі болып табылады.

IP TV АҚӨБ-на бөлінген гудвилдің баланстық құны:

	IP TV	
	2015 жыл	2014 жыл
Гудвил	2.706.335	2.706.335

Топ 2015 және 2014 жылдардың желтоқсанында құнсыздануға тест жүргізді.

IP TV АҚӨБ өтелетін құны басшылық бес жыл мерзімге бекіткен қаржы жоспарларына негізделген болжалды ақша ағындарының негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу жолымен анықталған.

Болжалды ақша ағындарына қолданылатын салық салынғаннан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі 20,15% (2014 жыл: 12,85%) құрады, бесжылдық мерзімнен тыс ақша ағындары 0% тең өсу қарқынын есепке ала отырып, экстраполяцияланды (2014 жыл: 0%).

Басшылық осы талдау нәтижесінде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы АҚӨБ құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

### Активтерді пайдалану құндылығын есептеу кезінде қолданылатын басты жорамалдар

IP TV АҚӨБ активтерін пайдалану құндылығын есептеу кезінде мына көрсеткіштер бойынша жасалған жорамалдар айтарлықтай орын алды:

- Болжалды кезең ішіндегі клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс.
- Болжалды кезең шегінен тыс ақша ағындарын экстраполяциялау үшін өсу қарқыны.
- Дисконттау мөлшерлемесі.

#### *Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс*

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс маңызды, себебі Топ басшылығы өз бәсекелестеріне қатысты болжалды кезең ішінде бөлімшенің позициясы қалай өзгертетінін бағалайды. Топ басшылығы болжалды кезең ішінде IP TV клиенттік базасын ұлғайтуды күтеді, Топ «Қазақтелеком» АҚ нарық үлесін ұлғайту үшін «Қазақтелеком» АҚ инфрақұрылымының басымдылығын пайдалануды жоспарлайды. Бәсекелестікті есепке ала отырып, орташа кіріс көрсеткіші болжалды кезең ішінде төмендейді.

#### *Өсу қарқыны*

Өсу қарқыны жарияланған салалық зерттеу материалдары негізінде анықталады.

#### *Дисконттау мөлшерлемесі*

Дисконттау мөлшерлемелері әр АҚӨБ тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағаларын ақшаның уақытша құнын және ақша ағындарын бағалауға енгізілмеген АҚӨБ құрамына кіретін активтер бойынша жеке тәуекелдерді есепке ала отырып көрсетіледі. Дисконттау мөлшерлемесінің есебі Топ қызметіне және оның операциялық сегменттеріне тән нақты талаптарға негізделген және капиталының орташа есептелген құнына жүгіне отырып анықталады. Капиталдың орташа есептелген құны қарыздық, сонымен бірге акционерлік капиталды есепке алады. Акционерлік капиталдың құны Топ акционерлерінің инвестициялары бойынша күтілетін кіріс негізінде анықталады. Қарыздық капиталдың құны Топ қызмет көрсетуге міндетті пайыздық қарыздарға негізделген. Белгілі бір сегменттерге тән тәуекелдер бета жеке коэффициенттерін қолдану арқылы есепке алынады. Бета коэффициенттері ашық қолжетімді нарық ақпараты негізінде жыл сайын қайта бағаланады.

### Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық

Басты жорамалдарда өтелетін сомаға өзгерістердің ықпалы мынадай:

#### *Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс*

Басшылық Топқа тиесілі нарық үлесі болжалды кезең ішінде өседі деп күткенімен, клиенттік базаның немесе абоненттен түсетін орташа кірістің 36,86%-ға азаюы (2014 жыл: 37,20%) IP TV АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады.

## ► 9. ГУДВИЛДІ ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ (жалғасы)

### Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық (жалғасы)

#### Өсу қарқыны

Басшылық технологиялық өзгерістердің жылдамдығы және бір салада жұмыс істейтін жаңа компаниялар пайда болу мүмкіндігі өсу қарқыны туралы қабылданған жорамалдарға айтарлықтай ықпал етуі мүмкін деген фактіні қабылдайды. Ұзақ мерзімді өсу қарқыны жылдық 7,9%-ға төмендеуі (2014 жыл: жылдық 16,30%) IP TV бөлімшесі үшін құнсызданудан залал туындауына әкеліп соқтырады.

#### Дисконттау мөлшерлемесі

Салық салу есебінен соң дисконттау мөлшерлемесінің 25,44% дейін өсуі (2014 жыл: 29,18%) IP TV АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады.

## ► 10. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ҮШІН ТӨЛЕНГЕН АВАНСТАР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар мердігерлерге құрылысқа және негізгі құралдарды (негізінен телекоммуникациялық жабдық) жеткізуге берілді.

## ► 11. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктегі қозғалыс:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Бастапқы құны</b>		
1 қаңтарға	<b>1.264.668</b>	1.264.668
<b>31 желтоқсанға</b>	<b>1.264.668</b>	1.264.668
<b>Құнсызданудан жинақталған тозу мен шығын</b>		
1 қаңтарға	<b>(1.264.668)</b>	(1.264.668)
<b>Жыл соңына</b>	<b>(1.264.668)</b>	(1.264.668)
<b>Баланстық құны</b>		
1 қаңтарға	-	-
<b>31 желтоқсанға</b>	-	-

Инвестициялық жылжымайтын мүлік мемлекеттік мекемелерге жалға беру мақсатында салынған офис ғимараты түрінде берілген.

1.264.668 мың теңге көлеміндегі құнсыздану инвестициялық жылжымайтын мүлік құнын оның өтелетін құнына дейін есептен шығаруды білдірді. Өтелетін құнды бағалау сату шығыстарын шегергендегі пайдалану құнын және әділ құнын талдау негізінде жүргізілді, 2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша нөлге тең болып бағаланды. Өйткені, Топтың оның құрылысына кетер шығынның өтеуін не офистік ғимаратты сату, не жалгерлік төлемдер түрінде алуы екіталай. Бұл бағалаулар болашақта өзгеруі мүмкін. Топ басшылығының пікірі бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4.480.642 мың теңге құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 3.523.069 мың теңге).

## ► 12. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына ұзақ мерзімді қаржы активтері мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	<b>7.662.171</b>	6.935.892
Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша берешек	<b>2.791.134</b>	2.875.800
Ұзақ мерзімді депозиттер	<b>50</b>	2.005.900
Басқалары	<b>103.673</b>	67.075
	<b>10.557.028</b>	11.884.667

## ▸ 12. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (жалғасы)

2015 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді дебиторлық берешек 2010 жылы сатылған бұрынғы еншілес ұйым «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС берешегі болып табылады. Берешек қайта құрылымдау күніне 10% нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталды.

Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша ұзақ мерзімді берешек 1 жылдан 15 жылға дейін берілген пайызсыз қарыздарды білдіреді. Бұл қарыздар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша беру күніне 12,2%-дан 22%-ға дейін дисконтталған (2014 жыл: жылдық 12,2-ден 22% дейін). Ұзақ мерзімді қарыздар қызметкерлердің жалақыларынан ұстап қалу арқылы өтеледі. Қарыздар қызметкерлерге жылжымайтын мүлік түрінде қамтамасыз етуге беріледі.

2015 жылы ұзақ мерзімді депозиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме жылына 4% құрады (2014 жыл: жылдық 4%).

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері мынадай валюталармен берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Теңге	<b>10.557.028</b>	9.878.817
АҚШ доллары	–	2.005.850
	<b>10.557.028</b>	11.884.667

## ▸ 13. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да ұзақ мерзімді активтер мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Алдағы кезең шығыстары	<b>1.865.825</b>	2.275.585
Өтеуге ұзақ мерзімді ҚҚС	<b>457.912</b>	2.442.411
Басқалары	<b>190.895</b>	198.547
	<b>2.514.632</b>	4.916.543
Минус: құнсыздану резерві	–	–
	<b>2.514.632</b>	4.916.543

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да ұзақ мерзімді активтер теңгемен берілді.

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін құнсыздану резервіндегі қозғалыс мынадай түрде берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Жыл басына құнсыздану резерві</b>	–	(3.250)
Бір жылдағы қалпына келтіру	–	3.250
<b>Жыл соңына құнсыздану резерві</b>	–	–

## ▸ 14. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына тауарлы-материалдық қорлар мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Кәбілдік материалдар өзіндік құны бойынша	<b>1.743.796</b>	1.677.575
Қосалқы бөлшектер өзіндік құны бойынша	<b>640.210</b>	1.583.950
Басқа да материалдар мен шикізат өзіндік құны бойынша	<b>621.623</b>	930.781
Отын өзіндік құны бойынша	<b>480.496</b>	519.065
Қайта сатуға арналған тауарлар таза ықтимал сату құны бойынша	<b>274.548</b>	1.222.675
	<b>3.760.673</b>	5.934.046

## ► 15. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешек мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Сауда дебиторлық берешек	<b>18.299.271</b>	22.276.939
	<b>18.299.271</b>	22.276.939
Минус: күдікті берешекке резерв	<b>(1.914.169)</b>	(1.512.067)
	<b>16.385.102</b>	20.764.872

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін күмәнді берешек резервінің қозғалысы мынадай түрде берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Жыл басына күмәнді берешекке резерв</b>	<b>(1.512.067)</b>	(1.885.077)
Бір жылдағы есептелгені	<b>(850.337)</b>	(580.922)
Бір жылдағы есептен шығарылғаны	<b>318.630</b>	942.925
Тоқтатылған қызмет	<b>129.605</b>	11.007
<b>Жыл соңына күмәнді берешекке резерв</b>	<b>(1.914.169)</b>	(1.512.067)

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешектің уақытын талдау мына түрде берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Барлығы	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған				
			30 күннен кем	30 күннен 90 күнге дейін	90 күннен 120 күнге дейін	120 күннен 360 күнге дейін	360 күннен аса
<b>2015 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>16.385.102</b>	<b>13.732.077</b>	<b>1.245.011</b>	<b>715.981</b>	<b>177.278</b>	<b>397.688</b>	<b>117.067</b>
2014 жылғы 31 желтоқсан	20.764.872	18.395.559	1.335.072	694.315	146.414	193.512	–

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың сауда дебиторлық берешегі мынадай валюталармен берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Теңге	<b>14.913.472</b>	19.609.368
АҚШ доллары	<b>1.414.681</b>	1.129.924
Басқа валютамен	<b>56.949</b>	25.580
	<b>16.385.102</b>	20.764.872

## ► 16. АВАНСТЫҚ ТӨЛЕМДЕР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына аванстық төлемдер мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Аванстық төлемдер	<b>538.346</b>	1.023.566
	<b>538.346</b>	1.023.566
Минус: құнсыздану резерві	<b>(30.716)</b>	(31.220)
	<b>507.630</b>	992.346

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсыздану резервінің қозғалысы:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Жыл басына құнсыздану резерві</b>	<b>(31.220)</b>	(33.508)
Бір жылдағы есептелгені	<b>(2.090)</b>	(2.767)
Бір жылдағы есептен шығарылғаны	–	6.400
Тоқтатылған қызмет	<b>2.594</b>	(1.345)
<b>Жыл соңына құнсыздану резерві</b>	<b>(30.716)</b>	(31.220)

## ▶ 17. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да қаржы активтері мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Банк депозиттері	<b>29.278.450</b>	16.464.382
Басқа да дебиторлық берешек	<b>2.376.729</b>	2.177.259
Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша берешек	<b>1.851.394</b>	2.064.200
Алуға арналған сыйақылар	<b>228.817</b>	454.486
Шектеулі пайдалану құқығы бар ақша қаражаты	<b>208.600</b>	193.160
Басқалары	<b>5.805</b>	9.310
	<b>33.949.795</b>	21.362.797

3 айдан аса, бірақ 12 айдан кем емес бастапқы мерзімі бар банк депозиттері жергілікті банктерде ашылды және жылдық 2,3 %-дан 10%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелер бойынша табыс әкелді (2014 жыл: жылдық 1,45 %-дан 6,5%-ға дейін).

Ағымдағы банк шоттарында шектеулі пайдалану құқығы бар пайызсыз ақша қаражаты банк кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін бір жылдан кем мерзімге кепіл ретінде орналастырылды.

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да қаржы активтері мынадай валюталармен берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
АҚШ доллары	<b>29.253.502</b>	16.736.982
Теңге	<b>4.690.488</b>	4.616.505
Басқалары	<b>5.805</b>	9.310
	<b>33.949.795</b>	21.362.797

## ▶ 18. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да қысқа мерзімді активтер мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Өтеуге ҚҚС	<b>1.430.856</b>	1.428.137
Алдағы кезең шығыстары	<b>1.063.665</b>	2.578.354
Корпоративтік табыс салығынан басқа, алдын ала төленген салықтар	<b>177.102</b>	171.609
Қызметкерлердің берешегі	<b>96.470</b>	102.217
Басқалары	<b>1.021.088</b>	2.267.316
	<b>3.789.181</b>	6.547.633
Минус: құнсыздану резерві	<b>(186.760)</b>	(334.166)
	<b>3.602.421</b>	6.213.467

Басқа да қысқа мерзімді активтерге тендерлерге қатысу үшін кепілдік төлемдері мен сақтандыру шарттары бойынша алдын ала төлем кіреді.

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін құнсыздану резервіндегі қозғалыстар мынадай түрде берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Жыл басына құнсыздану резерві</b>	<b>(334.166)</b>	(385.904)
Бір жылдағы есептелгені	<b>(91.038)</b>	(17.383)
Бір жылдағы есептен шығарылғаны	<b>105.493</b>	68.355
Тоқтатылған қызмет	<b>132.951</b>	766
<b>Жыл соңына құнсыздану резерві</b>	<b>(186.760)</b>	(334.166)

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына басқа да қысқа мерзімді активтер көбінесе теңгемен көрсетілген.



## ► 19. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламалары мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	<b>8.179.504</b>	7.349.198
Өтеу мерзімі ашылған күнінен бастап кемінде 90 күн құрайтын депозиттер	<b>3.079.666</b>	1.348.888
Кассадағы ақша қаражаты	<b>17.721</b>	31.211
	<b>11.276.891</b>	8.729.297

Ағымдағы банк шоттарына орналастырылған ақша қаражатына пайыздар жылдық 0,01%-дан 7,55%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелер бойынша есептеледі (2014 жыл: жылдық 0,09%-дан 5,76%-ға дейін). Топтың ақша қаражатына ағымдағы қажеттілігіне қарай бір күннен бастап үш айға дейінгі кезеңде ашылатын қысқа мерзімді банк депозиттеріне пайыздар жылдық 0,1%-дан 32,0%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелер бойынша есептелді (2014 жылы: жылдық 0,01%-дан 10,0%-ға дейін).

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламалары мынадай валюталармен көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Теңге	<b>5.743.047</b>	6.676.058
АҚШ доллары	<b>5.264.926</b>	1.918.333
Ресей рублі	<b>258.593</b>	126.479
Еуро	<b>7.166</b>	6.030
Басқалары	<b>3.159</b>	2.397
	<b>11.276.891</b>	8.729.297

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп үшін 2015 жылғы 31 желтоқсанға және 2014 жылғы 31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары мынаны құрады:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	<b>8.179.504</b>	7.349.198
Өтеу мерзімі ашылған күнінен бастап кемінде 90 күн құрайтын депозиттер	<b>3.079.666</b>	1.348.888
Кассадағы ақша қаражаты	<b>17.721</b>	31.211
Кассадағы, ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты және тоқтатылған қызметке қатысты қысқа мерзімді депозиттер	<b>8.688.151</b>	–
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>19.965.042</b>	8.729.297

## ► 20. КАПИТАЛ

### Жарияланған және шығарылған акциялар

	<b>Акциялар саны</b>		<b>Мың теңгемен</b>		Барлық шығарылған акциялар
	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	
2013 жылғы 31 желтоқсанға	10.922.876	1.213.653	10.922.876	1.213.653	12.136.529
2014 жылғы 31 желтоқсанға	10.922.876	1.213.653	10.922.876	1.213.653	12.136.529
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>10.922.876</b>	<b>1.213.653</b>	<b>12.136.529</b>

## ► 20. КАПИТАЛ (жалғасы)

### Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар

	Акциялар саны		Мың теңгемен		Барлығы
	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	Жай акциялар	Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар	
<b>2013 жылғы 31 желтоқсанға</b>	203.955	886.232	2.842.371	3.447.773	6.290.144
Меншікті акцияларды сатып алу	32.812	14.359	384.368	132.908	517.276
Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату	(26.587)	(8.448)	(317.290)	(91.511)	(408.801)
<b>2014 жылғы 31 желтоқсанға</b>	210.180	892.143	2.909.449	3.489.170	6.398.619
Меншікті акцияларды сатып алу	<b>33.737</b>	<b>12.067</b>	<b>331.654</b>	<b>87.603</b>	<b>419.257</b>
Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату	<b>(28.364)</b>	<b>(11.081)</b>	<b>(274.853)</b>	<b>(78.535)</b>	<b>(353.388)</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>215.553</b>	<b>893.129</b>	<b>2.966.250</b>	<b>3.498.238</b>	<b>6.464.488</b>

### Сатып алынған акцияларды шегергендегі шығарылған акциялар

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алынған акцияларды шегергендегі шығарылған жай және артықшылықты акциялар саны тиісінше 10.707.323 және 320.524 (2014 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 10.712.696 және 321.510 акция).

### Артықшылықты акциялар

Артықшылықты акциялар иелерінің бір акцияға шаққанда 300 теңге көлемінде жыл сайынғы кумулятивті дивидендтерді және жай акциялардың иелеріне төленетін акцияға дивидендтерді алуға құқығы бар. Жыл сайынғы кумулятивті дивидендтердің болашақтағы ақша ағындарының дисконтталған құны 2015 жылғы 31 желтоқсанға сомасы 874.156 мың теңге қаржы міндеттемесін құрайды (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 876.845 мың теңге). Бұл міндеттеме ұзақ мерзімді міндеттемелер құрамындағы артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі ретінде көрсетілген. Егер акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акциялардың иелерінің құқықтарын шектейтін шешімді, сондай-ақ Компанияны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді қабылдау туралы мәселені қарастырса, сонымен бірге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер жарияланған төлем күнінен соң үш ай ішінде төленбеген жағдайда, артықшылықты акциялардың иелері дауыс беру құқығына ие.

### Дивидендтер

Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің міндетті мөлшері Компания Жарғысына сәйкес бір акцияға шаққанда 300 теңгені не жылына 11% құрайды. Тиісінше, артықшылықты акциялар құрамдастырылған қаржы құралдары болып табылады және демек міндеттемелер мен капиталда ескерілетін компоненттер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек жолмен міндеттемелер немесе капитал құрамында көрсетіледі. 2015 жылғы 31 желтоқсанға 95.432 мың теңге сомасындағы белгіленген дивидендтер есептелінді (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 96.542 мың теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздар бойынша шығыс ретінде көрсетіледі (33-ескертіле). Дисконтталмаған болашақтағы ақша ағындарының берілген құны ұзақ мерзімді міндеттемелерде артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін білдіреді.

2015 жылғы 22 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде Компания 2014 жылдың қорытындылары бойынша 1.089.559 мың теңге немесе бір акцияға шаққанда 101,73 теңге көлемінде жай акциялар бойынша дивидендтерді жариялады (2014 жыл: нөл теңге). Жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер 2015 жылдың ішінде төленді.

## ► 20. КАПИТАЛ (жалғасы)

### Дивидендтер (жалғасы)

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін төлеуге дивидендтердегі қозғалыс:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Жыл басына төлеуге дивидендтер</b>	<b>1.588.474</b>	30.268.498
Жай акцияларға жарияланған дивидендтер	<b>1.089.559</b>	–
Міндетті көлемнен тыс артықшылықты акцияларға жарияланған дивидендтер	–	–
Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыс (33-ескертіме)	<b>95.432</b>	96.542
Өткен кезең үшін төлеуге дивидендтердегі өзгеріс	<b>(2.620)</b>	–
Төлем көзінен салық	<b>(17.751)</b>	(546.937)
Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер	<b>(1.170.843)</b>	(28.229.629)
<b>Жыл соңына төлеуге дивидендтер (26-ескертіме)</b>	<b>1.582.251</b>	1.588.474

### Басқа да резервтер

Компания Жарғыға сәйкес жарияланған жарғылық капиталдың 15% мөлшерінде резерв қорын құрды. Бұл резерв қоры бөлінбеген пайдадан құрылған. 2015 және 2014 жылдары резерв қорында қозғалыстар болмады.

### Шетелдік валютаны қайта есептеу қоры

Шетелдік валютаны қайта есептеу қоры қолданыстағы валютасы теңге емес және 3-ескертімеде берілген есеп саясатына сәйкес қаржы есептілігі шоғырландырылған қаржы есептілігіне қосылатын еншілес компаниялардың қаржы есептілігін қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін пайдаланылады.

### Акция пайдасы

Акцияның базалық кірісі жыл бойы айналымда болған жай және артықшылықты акциялардың орта есеппен алғандағы санын бас компанияның (артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің таза сомасын ескере отырып түзетілген) жай акцияларын ұстаушылардың арасында бөлуге жататын бір жылдағы таза пайданы бөлумен есептеледі.

Топта әлеуеті артатын жай акциялар болмағандықтан, акцияның көбейтілетін пайда көлемі акцияның базалық пайда көлеміне тең.

Келесі кесте акцияның базалық және көбейтілетін пайдасын есептеу кезінде пайдаланылатын кірістер және акциялар бойынша деректерді көрсетеді.

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Жалғасатын қызметтен, бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін таза пайда	<b>26.536.432</b>	14.293.499
Тоқтатылған қызметтен, бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін таза залал	<b>(2.148.068)</b>	(6.809.880)
<b>Базалық пайданы есептеу үшін бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін таза пайда</b>	<b>24.388.364</b>	7.483.619
Айырбастылатын артықшылықты акциялар бойынша пайыздар	<b>95.432</b>	96.542
<b>Бас компанияның жай және артықшылықты акцияларының иелеріне түсетін, көбею нәтижесін ескере отырып түзетілген таза пайда</b>	<b>24.483.796</b>	7.580.161
Акцияның базалық және көбейтілген пайдасын есептеу үшін жай және артықшылықты акциялардың орта есеппен алынған саны	<b>11.029.991</b>	11.041.472
Акцияның базалық және көбейтілген пайдасы, теңге	<b>2.219,75</b>	686,52

Есепті күн мен осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті құру күнінің арасында жай акциялармен немесе әлеуетті жай акциялармен ешқандай басқа операция жүргізілмеді.

Қазақстандық қор биржасының талаптарына сәйкес Топ жыл соңындағы шығарылған жай акциялар санына бөлінген барлық материалдық емес активті, барлық міндеттеме мен артықшылықты дауыс бермейтін акцияны (капиталдағы) шегергендегі барлық активті ашу керек. 2015 жылғы 31 желтоқсанға бұл көрсеткіш 25.454 теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 22.913 теңге) құрады. Сондай-ақ Топ артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың, артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың (капиталдағы) және шығарылған артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың санына бөлінген артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың борыштық құрамдас бөлігінің ұстаушыларына дивидендтер бойынша берешек сомасын ашуы керек. 2015 жылғы 31 желтоқсанға бұл көрсеткіш 8.662 теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 8.668 теңге) құрады.

## ▸ 21. ҚАРЫЗДАР

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздар мыналардан тұрды:

Мың теңгемен	Орташа есептелген пайыздық мөлшерлеме	2015 жыл	Орташа есептелген пайыздық мөлшерлеме	2014 жыл
Жылдық мөлшерлемесі 7,5%-дан 12,5%-ға дейінгі тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар	9,45%	31.438.314	6,45%	31.049.735
Жылдық мөлшерлемесі 2,49%-дан 9,33%-ға дейінгі өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар	–	–	6,87%	31.139.240
		<b>31.438.314</b>		62.188.975

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздар мынадай валюталарда көрсетілді:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Теңгемен, теңге және АҚШ доллары арасындағы айырбастау бағамына индекстелген төлемдері бар	28.425.355	19.263.249
Теңгемен	3.012.959	22.973.450
АҚШ долларымен	–	18.371.112
Вонамен	–	1.581.164
	<b>31.438.314</b>	62.188.975

Қарыздарды өтеу мерзімдері мынадай түрде берілді:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Қарыздардың ағымдағы бөлігі</b>	<b>4.138.393</b>	5.762.823
1 жылдан 2 жылға дейінгі өтеу мерзімімен	–	7.414.892
2 жылдан 5 жылға дейінгі өтеу мерзімімен	27.299.921	33.973.070
5 жылдан аса өтеу мерзімімен	–	15.038.190
<b>Қарыздардың барлық ұзақ мерзімді бөлігі</b>	<b>27.299.921</b>	56.426.152
<b>Барлық қарыз</b>	<b>31.438.314</b>	62.188.975

Топ 2015 жылғы 31 желтоқсанға Топтың алған қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде салынған активтері болмады (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 2.480.212 мың теңге сомаға негізгі құралдар) (7-ескертіне).

2015 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілгер болған Топтың қарыздары болмады (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 1.581.164 мың теңге) (39-ескертіне).

2015 жылғы 31 желтоқсанға Топ тоқтатылған қызметке жататын ретінде «АЛТЕЛ» АҚ еншілес компаниясының 33.836.564 мың теңге көлеміндегі қарызын жіктеді (37-ескертіне).

## ▸ 22. ЖАЛДАУ

### Қаржылық жалдау

Топ телекоммуникациялық жабдыққа басымдылық бере отырып, бірқатар негізгі құралдар объектілері бойынша қаржылық жалдау шарттарын жасасты. Шарттар талаптарына сәйкес жалға алынатын активтер жалдау мерзімі аяқталған бойда Топтың жеке меншігіне өтеді. Болашақтағы ең төменгі жалдау төлемінің сомалары және олардың дисконтталған құны мынадай болып берілген:

Мың теңгемен	2015 жыл		2014 жыл	
	Ең төменгі жалдау төлемдері	Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны	Ең төменгі жалдау төлемдері	Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны
Бір жыл ішінде	<b>5.579.589</b>	<b>4.707.462</b>	9.397.558	7.519.979
Бір жылдан бес жылға дейін	<b>4.847.737</b>	<b>4.435.721</b>	12.192.561	10.629.340
Минус: қаржы шығындарын көрсететін сома	<b>(1.284.143)</b>	–	(3.440.800)	–
<b>Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны</b>	<b>9.143.183</b>	<b>9.143.183</b>	18.149.319	18.149.319
Минус: 12 ай ішінде өтеуге жататын сома		<b>(4.707.462)</b>		(7.519.979)
<b>Кем дегенде 12 айдан кейін өтеуге жататын сома</b>		<b>4.435.721</b>		10.629.340

Пайыз сомасын есептеу пайыздың жылдық 12,5% бастап 14% дейін өзгеретін тиімді мөлшерлемеге негізделеді.

### Операциялық жалдау

Топ ғимараттар және үй-жайларға басымдық бере отырып, бірқатар негізгі құралдар объектілеріне операциялық жалдаудың коммерциялық шарттарын жасасты. Бұл шарттар орташа есеппен 1 жыл қолданыс мерзіміне ие және ұзарту туралы талаптан тұрады. Онда осындай шарттар жасаған жалға алушылар үшін шектеулер көзделмеген. Операциялық жалдау шарттары бойынша міндеттемелер туралы ақпарат 41-ескертпеде айтылған.

## ▸ 23. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық және жалақыны есептеу олардың туындауына қарай шығыстарда көрсетіледі.

Сондай-ақ Топ қызметкерлердің жалақысынан жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің жарнасы ретінде төленетін 10 % ұстап қалады. Мұндай шығыстар орын алған кезеңі бойынша көрсетіледі.

### Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар

Бұл жоспар Компания мен қызметкерлер арасында жасалған еңбек шартына сәйкес мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауды көздейді.

Топ мұндай міндеттемелермен қор құрған жоқ.

2015 жылғы 31 желтоқсанға және 2014 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша жалпы міндеттемелері мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспарлар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құны	<b>7.786.044</b>	5.797.354

## ▸ 23. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(жалғасы)

### Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар (жалғасы)

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсанға және 2014 жылғы 31 желтоқсанға бөлек төлемдері бар белгіленген төлемдермен зейнеткерлік жоспарлар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын салыстыру берілген:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Жыл басына барлық міндеттемелер</b>	<b>5.797.354</b>	4.963.458
Ағымдағы қызметтердің құны	116.272	312.579
Пайыздар шығыны	540.313	449.515
Кезең ішінде төленген сыйақы	(1.440.320)	(1.223.011)
Басқа жиынтық кіріс құрамындағы кезең ішінде танылған актуарлы залал	2.531.681	1.294.813
Шығыстар құрамында кезең ішінде танылған актуарлы залал	240.744	–
<b>Жыл соңына барлық міндеттемелер</b>	<b>7.786.044</b>	5.797.354
Жыл бойына өтелетін міндеттемелер	511.689	742.288
<b>Бір жылдан аса мерзімде өтелетін міндеттемелер</b>	<b>7.274.355</b>	5.055.066

2015 жылға танылған актуарлық залал көбінесе дисконттау мөлшерлемесіне қатысты болжамдарды және болашақтағы ең төменгі жалақыны ұлғайтудың көзделген нормасын өзгерту нәтижесінде туындады.

Ағымдағы қызметтердің құны, пайыз шығындары мен қызметкерлерге басқа сыйақылар бойынша жалпы сомасы 897.329 мың теңгеге актуарлы шығындар өзіндік құны бойынша шығыстар мен қызметкерлерге шығындар құрамында жалпы әкімшілік шығыстарда көрсетілді (2014 жыл: 762.094 мың теңге) (32-ескерпне).

Топтың танылмаған актуарлық залал немесе өткен қызметтерден танылмаған құны болмады.

Міндеттемелерді есептеуде Компания қызметкерлерінің өлім деңгейіне қатысты жарияланған статистикалық деректер мен қызметкерлердің саны, жасы, жынысы мен еңбек өтіліне қатысты Компанияның нақты деректері пайдаланылды. Компанияның зейнеткерлік жоспарлары бойынша зейнеткерлік міндеттемелерді анықтау кезінде пайдаланылған басқа да негізгі болжамдар мына кестеде көрсетілген:

	2015 жыл	2014 жыл
Дисконттау мөлшерлемесі	9,50%	9,32%
Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы	7,00%	7,00%

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі жорамалдар үшін сезімталдықтың сандық талдауы берілген:

Сезімталдық деңгейі	Дисконттау мөлшерлемесі		Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы	
	0,5%-ға өсу	0,5%-ға төмендеу	1%-ға өсу	1%-ға төмендеу
Мың теңгеде белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелерге ықпал	(224.112)	337.018	570.387	(505.416)

Жоғарыда көрсетілген сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемеге негізгі жорамалдардың дәйекті өзгерістері ықпал ететін әдістің негізінде жүргізілді, есепті кезең соңындағы жағдай бойынша олардың мәндері экстраполяциялау арқылы анықталады. Сезімталдық талдауы басқа жорамалдар өзгермейтін жағдайда елеулі жорамалдардың өзгерісіне негізделеді. Сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарламасы бойынша міндеттеменің нақты өзгерісін көрсетпей мүмкін, себебі жорамалдардың өзгерістері бір біріне қатыссыз өтетіндіктен оның орын алу мүмкіндігі аз.



## ► 24. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2015 жылғы 31 желтоқсанға және 2014 жылғы 31 желтоқсанға басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер мынадай баптармен берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Алдағы кезеңдердің кірістері	<b>2.205.014</b>	2.890.794
Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер	<b>66.614</b>	1.944.996
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	–	1.020.730
Берілген кепілдіктер	–	709.303
Басқалары	<b>704.505</b>	1.084.432
	<b>2.976.133</b>	7.650.255

### Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер

Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер резерві ақша ағындарын бағалау пайдаланыла отырып, учаскелер мен объектілерді бастапқы жағдайына қалпына келтіруге болжалды шығынның дисконтталған құнымен көрсетілді және нақты актив құнының бір бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Ол ақша ағындарын пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсетеді.

2015 жылғы 31 желтоқсанға активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелер резервінің қозғалысы:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>1 қаңтарға активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелердің резерві</b>	<b>1.944.996</b>	1.065.771
Қосымша құрылған резерв	<b>(363)</b>	661.586
Жалғасатын қызмет бойынша дисконт амортизациясы (33-ескертуге)	<b>6.970</b>	13.129
Тоқтатылған қызмет	<b>(1.884.989)</b>	204.510
<b>31 желтоқсанға активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелердің резерві</b>	<b>66.614</b>	1.944.996

### Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек

Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек LTE жабдығы және құрылыс-құрастыру жұмыстары үшін «ZTE Қазақстан» ЖШС алдындағы берешекпен берілген. Жеткізу шартының талаптарына сәйкес берешек үш жыл ішінде тең жартыжылдық төлемдермен өтеуге жатады. 2014 жылдың 31 желтоқсанына берешек сомасының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бөлігі, тисінше, 631.365 мың теңге және 1.020.730 мың теңге құрады.

2015 жылдың 31 желтоқсанына аталған кредиторлық берешектің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді бөліктері, тиісінше, 562.450 мың теңге және 375.274 мың теңге құрады, тікелей сатуға арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер құрамында көрсетілді.

### Берілген кепілдемелер

2009 жылы 14 қарашада Топ Қазақмыс ПЛС-мен бірге Қытай мемлекеттік даму банкімен (бұдан әрі – «ҚМДБ») өтеу мерзімі 12 жылдан 15 жылға дейін Бас компанияның міндеттемелері бойынша кепілдік келісімге қол қойды, онда Топ пен Қазақмыс ПЛС ҚМДБ-ға кепілдік берді. Топтың бұл кепілдік бойынша міндеттемелері негізгі қарыз бойынша 300 миллион АҚШ долларымен, оған қоса Топтың кепілдік міндеттемелерін орындау қажет болғанда төлеуге жататын басқа да төлем сомалары мен пайыздарының 15%-мен шектеледі. Бұл ретте Бас компания Топтың шығыстарын өтеу туралы шартқа қол қойды, онда Бас компания Топтың талабы бойынша осы кепілдік бойынша төленген барлық ақша сомасын төлеп беруге міндеттенеді.

Топ капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған ееп құрамында берілген кепілдемені ескерді. Бас компанияның 2015 жылы өтеген күніне дейін аталған кепілдеменің амортизациясы 69.395 мың теңге құрады (2014 жыл: 78.811 мың теңге) (33-ескертуге).

2015 жылы Бас компанияның ҚМДБ алдындағы міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты Топ шығарылған кепілдемені тануды тоқтатты. 964.149 мың теңге сомасындағы тануды тоқтату капитал құрамында көрсетілді.

## ▸ 24. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Басқалары

2014 жылы «Хуавей Алматы» ЖШС мен Топ арасында LTE жабдығын жеткізу және орнату үшін кредиторлық берешекті төлеу тәртібіне өзгеріс енгізіліп, оған сәйкес LTE жабдығын жеткізу және орнатуды қаржыландыру бойынша шығынды өтеу үш жыл ішінде жүзеге асырылады. Осы қарызға қатысты шығындар капиталдандыру критерийлеріне сәйкес келеді және негізгі құралдарды пайдалануға енгізуге қарай олардың құнын ұлғайтады.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 565.737 мың теңге және 1.076.359 мың теңге сомасындағы осы шартқа қатысты басқада ағымдағы активтер мен басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер сәйкесінше сатуға арналған деп жіктелген активтер құрамында және сатуға арналған деп жіктелген активтерге тікелей қатысты міндеттемелер құрамында көрсетілді.

## ▸ 25. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2015 жылдың 31 желтоқсаны және 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мынадай баптармен көрсетілді:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Көрсетілген қызмет үшін сауда кредиторлық берешек	<b>6.364.079</b>	6.957.368
Негізгі құралдарды жеткізу үшін сауда кредиторлық берешек	<b>5.331.902</b>	10.090.634
Алынған ТМҚ үшін сауда кредиторлық берешек	<b>197.488</b>	4.353.771
	<b>11.893.469</b>	21.401.773

2015 жылдың 31 желтоқсаны және 2014 жылдың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешекке пайыз есептелген жоқ.

2015 жылдың 31 желтоқсаны және 2014 жылдың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешек мынадай валюталарда берілді:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Теңге	<b>7.088.852</b>	18.417.792
АҚШ доллары	<b>4.704.858</b>	2.907.277
Еуро	<b>1.909</b>	4.535
Басқалары	<b>97.850</b>	72.169
	<b>11.893.469</b>	21.401.773

## ▸ 26. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2015 жылдың 31 желтоқсаны және 2014 жылдың 31 желтоқсанына басқа қысқа мерзімді міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Қызметкерлермен есептесу	<b>3.734.606</b>	3.956.719
Пайда салығынан басқа, төлеуге арналған салық	<b>2.428.493</b>	1.643.273
Төлеуге арналған дивидендтер (20-ескертпе)	<b>1.582.251</b>	1.588.474
Болашақтағы кезеңдер кірістері	<b>811.719</b>	2.115.340
Зейнетақы қорларымен есеп айырысу	<b>746.694</b>	740.301
Басқалары	<b>1.326.655</b>	964.825
	<b>10.630.418</b>	11.008.932

2015 жылғы 31 желтоқсанға және 2014 жылғы 31 желтоқсанға басқа да қысқа мерзімді міндеттемелерге пайыздар есептелінбеді, баланстар көбінесе теңгемен көрсетілді.

## ▶ 27. КІРІСТЕР

31 желтоқсанға аяқталған жылдары қызметтерді көрсетуден түскен кірістер мынадай баптармен берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Деректер беру бойынша қызметтер	<b>96.635.654</b>	91.858.111
Сым арқылы және сымсыз телефон байланысы қызметтері	<b>56.054.526</b>	60.617.311
Желіаралық қосылыс қызметтері	<b>15.847.010</b>	13.987.444
Байланыс арналарын жалға беру	<b>6.933.796</b>	6.773.512
Жабдық және ұтқыр құрылғыларды сату	–	5.553.065
Басқалары	<b>7.272.617</b>	6.237.111
	<b>182.743.603</b>	185.026.554

## ▶ 28. АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ӘМБЕБАП ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУГЕ ӨТЕМАҚЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 31 наурыздағы № 451 қаулысына сәйкес Топ әлеуметтік-маңызды аудандарда байланыс қызметтерін көрсету кезіндегі операторлардың шығындарын өтеуге арналған үкіметтік дотациялар алды. Көрсетілген дотацияларға қатысты шарттар мен шартты міндеттемелер орындалды. 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға алынған субсидиялардың жалпы сомасы 7.010.726 мың теңге (2014 жыл: 6.276.853 мың теңге).

## ▶ 29. ӨЗІНДІК ҚҰН

31 желтоқсанға аяқталған жылдары өзіндік құнға мыналар кірді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Қызметкерлерге арналған шығыстар (32-ескеріпне)	<b>48.553.105</b>	49.185.499
Тозу және амортизация	<b>30.007.843</b>	32.948.111
Желіаралық қосылыс қызметтері	<b>8.555.181</b>	8.173.033
Байланыс арналарын жалға беру	<b>8.212.875</b>	8.057.469
Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары	<b>7.343.005</b>	7.286.831
Материалдар	<b>6.159.307</b>	6.212.704
Контент шығыстары	<b>3.773.756</b>	2.869.111
Электр энергиясы	<b>2.748.050</b>	2.500.132
Байланыс қызметтерін көрсету құқығына төлемдер	<b>2.519.955</b>	1.838.363
Күзет және қауіпсіздік	<b>2.406.021</b>	2.477.649
Жиілік диапазонын пайдалану үшін төлемдер	<b>981.380</b>	896.180
Жабдықты жалға беру	<b>886.844</b>	901.437
Жабдық және ұтқыр құрылғылар	–	4.172.411
Басқалары	<b>5.107.234</b>	6.181.375
	<b>127.254.556</b>	133.700.305

## ▸ 30. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары жалпы және әкімшілік шығыстар мынадай баптармен берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Қызметкерлерге арналған шығыстар (32-ескертпе)	<b>11.136.714</b>	10.783.335
Консультациялық қызметтер	<b>3.819.904</b>	1.080.813
Табыс салығынан басқа салықтар	<b>3.321.472</b>	2.783.811
Сақтандыру	<b>554.940</b>	429.095
Әлеуметтік іс-шаралар	<b>519.419</b>	620.160
Банк комиссиялары	<b>305.178</b>	623.039
Тозу және амортизация	<b>281.273</b>	331.665
Іссапар шығыстары	<b>280.127</b>	354.386
Материалдар	<b>231.734</b>	263.585
Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары	<b>219.218</b>	223.145
Қызметкерлердің біліктілігін арттыру	<b>110.233</b>	239.764
Күзет және қауіпсіздік	<b>84.933</b>	88.854
Жабдықты жалдау	<b>73.136</b>	130.878
Демеушілік	<b>11.130</b>	694.455
Күмәнді берешекке резервті есептеу (13, 15, 16 және 18-ескертпелер)	<b>942.103</b>	597.822
НҚ мен МЕА құнсыздануы (7 және 8-ескертпелер)	-	2.442.170
Басқалары	<b>1.003.329</b>	1.799.107
	<b>22.894.843</b>	23.486.084

## ▸ 31. САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары сату бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Маркетинг және жарнама	<b>1.469.181</b>	1.888.276
Делдалдық комиссиялар	<b>1.338.712</b>	1.672.728
Басқалары	<b>341.488</b>	471.833
	<b>3.149.381</b>	4.032.837

## ▸ 32. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары қызметкерлерге арналған шығыстар мынадай баптармен берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Жалақы	<b>53.535.415</b>	53.978.523
Еңбекке ақы төлеу қорынан салықтар	<b>5.257.075</b>	5.228.217
Қызметкерлерге сыйақы беру шығыстары (23-ескертпе)	<b>897.329</b>	762.094
	<b>59.689.819</b>	59.968.834

31 желтоқсанда аяқталған жылдары қызметкерлерге арналған шығыстарды бөлу мынадай баптар бойынша берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
Өзіндік құн (29-ескертпе)	<b>48.553.105</b>	49.185.499
Жалпы және әкімшілік шығыстар (30-ескертпе)	<b>11.136.714</b>	10.783.335
	<b>59.689.819</b>	59.968.834

### ► 33. (ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР) / ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға қаржыландыру бойынша шығыстар және қаржыландырудан түскен кірістер мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Қаржыландыру бойынша шығыстар</b>		
Кредиттер бойынша пайыздық шығыстар	<b>(3.704.016)</b>	(3.070.233)
Қаржылық жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыс	<b>(1.957.577)</b>	(2.223.737)
Қызметкерлерге берілетін ұзақ мерзімді қарыздарды дисконттау	<b>(777.829)</b>	(1.064.878)
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтерін дисконттау	<b>(111.312)</b>	(177.942)
Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыстар (20-ескертуге)	<b>(95.432)</b>	(96.542)
Дисконттың амортизациясы (активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелер резерві) (24-ескертуге)	<b>(6.970)</b>	(13.129)
	<b>(6.653.136)</b>	(6.646.461)
<b>Қаржыландырудан түскен кірістер</b>		
Қызметкерлерге ұзақ мерзімді қарыздар беру бойынша дисконт амортизациясы	<b>1.069.658</b>	1.063.936
Ұзақ мерзімді берешек бойынша дисконт амортизациясы	<b>1.016.966</b>	1.017.516
Депозиттер бойынша пайыздық кіріс	<b>501.992</b>	365.236
Шығарылған кепілдіктер бойынша пайыздық кіріс (24-ескертуге)	<b>69.395</b>	78.811
Ақша қаражатының қалдықтары бойынша пайыздық кіріс	<b>21.327</b>	46.356
	<b>2.679.338</b>	2.571.855

### ► 34. ВАЛЮТАЛЫҚ БАПТАРДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУДАН ТҮСКЕН ТАЗА КІРІСТЕР / (ШЫҒЫСТАР)

2014 жылғы 11 ақпанда АҚШ долларына және басқа негізгі валюталарға қазақстандық теңгенің айырбас бағамы 20%-ға құнсызданды. Нәтижесінде, 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға Топ валюталық баптарды қайта бағалаудан таза шығысты 6.936.051 мың теңге мөлшерінде таныды.

2015 жылдың 20 тамызында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі «теңгенің еркін айырбас бағамына» өтуі және валюта дәлізін алып тастағаны туралы хабарлады. Нәтижесінде, қазақстандық теңгенің АҚШ доллары мен басқа да басты валюталарға қатысты бағамы шамамен 90% пайызға айтарлықтай құнсызданды. Топ 2015 жылы теңгерімделген валюталық позицияға ие болды, сондықтан 2015 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылы Топ валюталық баптарды қайта бағалаудан 189.482 мың теңге көлемінде таза кірісті таныды.

### ► 35. БАСҚА ДА КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға басқа кірістер мен шығыстар мыналарды қамтыды:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Басқа кірістер</b>		
Жалға беру кірістері	<b>2.748.393</b>	2.415.430
Бөгде тарапқа көрсетілетін қызмет	<b>482.099</b>	421.657
Басқалары	<b>749.243</b>	922.688
	<b>3.979.735</b>	3.759.775
<b>Бақа шығыстар</b>		
Бөгде тарапқа көрсетілетін қызмет	<b>(494.309)</b>	(451.732)
Жалға беру шығыстары	<b>(12.841)</b>	(11.351)
Басқалары	<b>(817.948)</b>	(319.237)
	<b>(1.325.098)</b>	(782.320)

Жалдау кірісі негізінен үшінші тараптардың технологиялық жабдықтарды орнату үшін алаңдарды жалдауынан тұрады.

## 36. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	<b>6.191.443</b>	3.532.023
Өткен жылдардың ағымдағы корпоративтік салығына қатысты түзету	–	902.012
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар	<b>2.423.341</b>	3.535.655
	<b>8.614.784</b>	7.969.690

Топ және оның «Сигнум» ЖШҚ мен «Online.kg» ЖШҚ-дан басқа, еншілес компаниялары Қазақстан Республикасында салық салынуға жатады. «Сигнум» ЖШҚ Ресей Федерациясында салық салынуға жатады. «Online.kg» ЖШҚ Қырғызстанда салық салынуға жатады.

Жоғарыда көрсетілген компанияларды қоспағанда, Топ пен еншілес компаниялар үшін салық мөлшерлемесі 2015 жылғы 31 желтоқсанға және 2014 жылға 31 желтоқсанға 20% құрады.

20% (2014 жыл: 20%) көлеміндегі ресми мөлшерлемені пайдалану арқылы есептелген салық салынғанға дейінгі пайдаға қатысты табыс салығы бойынша шығыстарды 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен салыстыру төменде берілген:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Жалғасатын қызметтен түсетін салық салуға дейінгі пайда	<b>34.971.938</b>	21.503.920
Тоқтатылған қызметтер салық салғанға дейінгі шығын	<b>(2.138.852)</b>	(8.261.574)
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>32.833.086</b>	13.242.346
20% ресми салық мөлшерлемесі бойынша есептелген табыс салығы	<b>6.566.617</b>	2.648.469
Тауарлы-материалдық қорларды есептен шығару	<b>156.216</b>	559.816
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтеріндегі өзгеріс	<b>(143.774)</b>	338.351
Өткен жылдардың ағымдағы корпоративтік салығына қатысты түзету	–	902.012
Құрылысы аяқталмаған объектілердің құнсыздануы	–	254.380
Демеушілік	<b>2.226</b>	138.891
Шегерілмейтін шығыстар	<b>2.042.715</b>	1.676.077
<b>Табыс салығы бойынша барлық шығыс</b>	<b>8.624.000</b>	6.517.996
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыс	<b>8.614.784</b>	7.969.690
Тоқтатылған қызметке жататын табыс салығы (37-ескерпне)	<b>9.216</b>	(1.451.694)
<b>Табыс салығы бойынша барлық шығыс</b>	<b>8.624.000</b>	6.517.996

2015 жылдың 31 желтоқсанына шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомалар және активтер мен міндеттемелер арасындағы мерзімдік айырмашылықтарына есепті күнде қолданыстағы ресми салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салықта мынадай позициялар қамтылды:

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп		Басқа жиынтық залал құрамында	
	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан	2015 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2014 жыл
<b>Кейінге қалдырылған активтер</b>						
Ауыстырылатын салық залалы	<b>2.081.767</b>	2.483.476	<b>(401.709)</b>	1.100.077	–	–
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	<b>1.557.209</b>	1.159.471	<b>(108.599)</b>	(92.184)	<b>506.337</b>	258.963
Ұзақ мерзімді активтер бойынша дисконт	<b>1.163.564</b>	1.367.668	<b>(204.104)</b>	(179.510)	–	–
Есептелген шығыстар	<b>1.105.482</b>	224.588	<b>880.894</b>	63.748	–	–
Қызметкерлердің пайдаланбаған демалыстары бойынша есептелген резерв	<b>392.890</b>	328.301	<b>64.589</b>	(3.434)	–	–
Үмітсіз берешек резерві	<b>371.821</b>	263.665	<b>108.156</b>	(84.979)	–	–
Қарыздар бойынша төлем пайыздары	<b>225.260</b>	198.983	<b>26.277</b>	(13.969)	–	–
Материалдық емес активтер	<b>60.072</b>	76.736	<b>(16.664)</b>	(114.092)	–	–
Кейінге қалдырылған кіріс	<b>55.862</b>	30.418	<b>25.444</b>	24.227	–	–
Басқалары	<b>881.200</b>	929.851	<b>(48.651)</b>	518.640	–	–
Минус: танылмаған салық активтері	<b>(276.694)</b>	(420.468)	<b>143.774</b>	(338.351)	–	–
Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері	<b>(6.113.212)</b>	(4.962.859)	<b>(1.150.353)</b>	188.494	–	–
<b>Кейінге қалдырылған салық активтері</b>	<b>1.505.221</b>	1.679.830	<b>(680.946)</b>	1.068.667	<b>506.337</b>	258.963



## ▶ 36. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп		Басқа жиынтық залал құрамында	
	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан	2015 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2014 жыл
<b>Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері</b>						
Негізгі құралдар	23.689.223	20.824.271	2.864.952	3.417.312	-	-
Материалдық емес активтер	591.329	604.957	(13.628)	(453.178)	-	-
Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері	(6.113.212)	(4.962.859)	(1.150.353)	188.494	-	-
<b>Кейінге қалдырылған салық активтері</b>	<b>18.167.340</b>	16.466.369	<b>1.700.971</b>	3.152.628	-	-
<b>Кейінге қалдырылған салық активтері бойынша (шығыстар)/жеңілдіктер</b>			<b>(2.381.917)</b>	(2.083.961)	<b>506.337</b>	258.963

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілгендері:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Кейінге қалдырылған салық активтері</b>		
- Жалғасатын қызмет	204.814	1.679.830
- Тоқтатылған қызмет (37-ескертпе)	1.300.407	-
Кейінге қалдырылған салық активтері	(18.167.340)	(16.466.369)
<b>Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері</b>	<b>(16.662.119)</b>	(14.786.539)
<b>Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін салыстыру, нетто</b>		
<b>1 қаңтарға сальдо</b>	<b>14.786.539</b>	12.961.541
Есепті кезеңге табыс салығы бойынша шығыстар – мерзімдік шектердің пайда болуы және қалпына келтіру	2.423.341	3.535.655
Басқа жиынтық залалдың құрамындағы танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде	(506.337)	(258.963)
Тоқтатылған қызмет	(41.424)	(1.451.694)
<b>31 желтоқсанға сальдо</b>	<b>(16.662.119)</b>	(14.786.539)

Топ бір салық органы алатын пайда салығына қатысты ағымдағы салық активтері мен ағымдағы салық міндеттемелерін және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеуге заңды құқығы болған жағдайда ғана салық активтері мен міндеттемелері арасында өзара есепке алу жүргізеді.

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта осы актив қарсы қолданылуы мүмкін салық салынатын пайдаға қол жеткізудің айтарлықтай ықтималдығы болатын дәрежеде ғана танылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық залалдары олар пайда болған күннен бастап 10 жылға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін және 2019 жылы аяқтала бастайды. Кейінге қалдырылған салық активтері тиісті салық үнемін іске асыру ықтималдығы жоқ дәрежеде азайтылады.

## ▶ 37. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ

2015 жылдың 3 қарашасында Топ «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) бизнестері базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын қалыптастыру бойынша мәміле жасау туралы Директорлар кеңесінің шешімі туралы жариялады. Мәміле болжалды жағдайлар орындалғаннан кейін, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және тиісті үшінші тұлғалармен келісілгеннен кейін аяқталады.

Аталған мәміле нәтижесінде Топ «АЛТЕЛ» АҚ-дағы қатысу үлесінің 100% алмастыру және бірқатар шарттардың орындауға айырбастау арқылы акционерлік капиталдың 51% және берлескен кәсіпорындағы дауыс беруші акциялардың 49,48% алады. Мәміле 2016 жылдың бірінші тоқсанында аяқталады деп жоспарлануда. Сәйкесінше, «АЛТЕЛ» АҚ шығатын топ ретінде жіктелді. «АЛТЕЛ» АҚ тоқтатылған қызмет ретінде жіктелгеннен кейін «GSM және LTE стандартындағы ұялы байланыс сегменті сегменттер туралы ескертпеде көрсетілмейді.

### 37. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ (жалғасы)

«АЛТЕЛ» АҚ еншілес компаниясы қызметінің нәтижелері төменде көрсетілген:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Кірістер	<b>37.499.637</b>	16.919.877
Өзіндік құны	<b>(31.797.354)</b>	(19.468.629)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>5.702.283</b>	(2.548.752)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	<b>(3.464.783)</b>	(1.847.839)
Сату шығыстары	<b>(3.788.680)</b>	(2.439.021)
<b>Операциялық пайда</b>	<b>(1.551.180)</b>	(6.835.612)
Қаржыландыру шығыстары	<b>(1.442.276)</b>	(668.649)
Қаржыландыру кірістері	<b>226.360</b>	26.750
Басқа кірістер/(шығыстар)	<b>628.244</b>	(784.063)
<b>Тоқтатылған қызметтің салық салуға дейінгі залалы</b>	<b>(2.138.852)</b>	(8.261.574)
Табыс салығы бойынша (шығыстар)/жеңілдік	<b>(9.216)</b>	1.451.694
<b>Бір жылдағы тоқтатылған қызметтің залалы</b>	<b>(2.148.068)</b>	(6.809.880)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатуға арналған деп жіктелген «АЛТЕЛ» АҚ компаниясының активтері мен міндеттерінің негізгі кластары мына кестеде берілген:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Активтер</b>		
Негізгі құралдар (7-ескертпе)	<b>26.932.840</b>	–
Материалдық активтер (8-ескертпе)	<b>3.885.075</b>	–
Кейінге қалдырылған салық активі (36-ескертпе)	<b>1.300.407</b>	–
Тауарлы-материалдық қорлар	<b>2.449.560</b>	–
Сауда дебиторлық берешек	<b>2.722.596</b>	–
Ақша қаражаты мен оның баламалары	<b>8.688.151</b>	–
Басқалары	<b>2.498.571</b>	–
<b>Сатуға арналған деп жіктелген активтер</b>	<b>48.477.200</b>	–
<b>Міндеттемелер</b>		
Қарыздар	<b>(33.836.564)</b>	–
Сауда кредиторлық берешек	<b>(8.673.614)</b>	–
Алынған аванстар	<b>(1.441.043)</b>	–
Басқалары	<b>(4.536.095)</b>	–
<b>Сатуға арналған деп жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер</b>	<b>(48.487.316)</b>	–
<b>Шығатын топпен тікелей байланысты таза міндеттемелер</b>	<b>(10.116)</b>	–

«АЛТЕЛ» АҚ компаниясының таза ақша ағындары:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Операциялық	<b>6.332.276</b>	(670.978)
Инвестициялық	<b>(8.266.897)</b>	(11.787.222)
Қаржылық	<b>9.006.069</b>	13.178.346
<b>Ақша қаражатының таза түсімі</b>	<b>7.071.448</b>	720.146

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
<b>Бір акция шаққандағы залал</b>		
Базалық немесе тоқтатылған қызметтен көбейтілген, теңге	<b>(194,75)</b>	(616,75)

## ► 37. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ (жалғасы)

### Топтың жекелеген қаржылық баптарын тоқтатылған қызметті есептеуді ескерусіз ұсыну

Бұл кестелерде «АЛТЕЛ» АҚ тоқтатылған қызмет деп жіктелмеген деп саналғандағы Топтың 2015 жылғы жекелеген қаржылық баптарының ықтимал мәндері ұсынылған.

2015 жылғы тоқтатылған қызметті ескерусіз кірістер мен шығыстардың жекелеген баптары:

<i>Мың теңгемен</i>	
Кірістер	<b>227.253.966</b>
Өзіндік құн	<b>(159.051.910)</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	<b>(26.359.626)</b>
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы	<b>(35.192.470)</b>
Сату шығыстары	<b>(6.938.061)</b>
Қаржыландыру шығыстары	<b>(8.095.412)</b>
Қаржыландырудан түсетін кірістер	<b>2.905.698</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	<b>(8.624.000)</b>
Бір жылғы пайда	<b>24.209.086</b>
Бас компанияның меншік иелеріне келетін пайдасы	<b>24.388.364</b>
Бақыламайтын қатысу үлестеріне келетін пайда	<b>(179.278)</b>

2015 жылдың 31 желтоқсанына тоқтатылған қызметті есепке алмағандағы жеке баланстық баптар:

<i>Мың теңгемен</i>	
Қысқа мерзімді активтер	<b>85.124.391</b>
Қысқа мерзімді міндеттемелер	<b>47.666.413</b>
Қарыздардың ағымдағы бөлігі	<b>6.325.878</b>
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	<b>58.949.000</b>
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	<b>4.707.462</b>
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	<b>4.435.721</b>
Барлық капитал	<b>292.421.442</b>

2014 жылдың 31 желтоқсанына 951.019 мың теңге сомасындағы сату үшін ұсталатын активтер негізінен LTE стандартындағы жабдықпен берілген және GSM мен LTE стандартындағы ұялы байланыс сегментіне қатысты болды. Телекоммуникация жабдығын, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы «Хуавей-Алматы» ЖШС-мен жасалған шартқа сәйкес 2015 жылы аталған активтердің құны жаңа жабдық үшін төлем есебіне жатқызылды.

## ► 38. АҚШАСЫЗ ОПЕРАЦИЯЛАР

Бұл операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталы:

2015 жылы қаржылық жалдау шарттарына сәйкес Топ 186.964 мың теңге (2014 жыл: 7.545.272 мың теңге) сомасына телекоммуникация жабдығын алды.

2015 жылға Топ алдыңғы жылы сатып алынған негізгі құралдар үшін 9.849.298 мың теңге төледі (2014 жыл: 13.006.996 мың теңге).

9.330.152 мың теңге сомасындағы негізгі құралдар 2015 жылы сатып алынды, бірақ 2015 жылдың 31 желтоқсанына төленген жоқ (2014 жыл: 11.111.364 мың теңге).

## 39. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

«Бас компания бақылайтын кәсіпорындар» санатына бас компания бақылайтын ұйымдар кіреді. Бас компания бақылайтын кәсіпорындарға кіретін компаниялармен операциялар негізінен Топтың «Қазақстан Темір жолы» АҚ, «Қазмұнайгаз ҰК» АҚ, «КЕГОК» АҚ, «Қазпочта» АҚ-лармен операцияларымен берілген. Топ телекоммуникация қызметтерін бас компанияға, бас компания бақылайтын кәсіпорындарға көрсетеді.

Байланысты тараптармен операциялар тараптар арасында келісілген талаптармен жасалды. Сатып алу және сату транзакциялары нарықтық талаптармен жүзеге асырылды. Жыл аяғына өтелмеген қалдықтар қамтамасыз етілмеген, қысқа мерзімді болып табылады, ал есептеулер төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай нысанда жүргізіледі.

2015 жылдың 31 желтоқсанына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздануын көрсеткен жоқ. Мұндай бағалау әрбір қаржы жылы байланысты тараптың қаржы жағдайын және оның қызметі жүзеге асырылатын нарықты тексеру жолымен жүргізіледі.

2015 жылдың 31 желтоқсанына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен сату мен сатып алу және 2015 жылдың 31 желтоқсанына және 2014 жылдың 31 желтоқсанына байланысты тараптармен мәмілелер бойынша сальдо мынадай түрде берілді:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Тауарлар мен қызметтерді сату</b>		
Бас компания	<b>646.134</b>	463.492
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	<b>2.524.809</b>	3.897.595
Мемлекеттік мекемелер	<b>27.262.662</b>	29.807.164
<b>Тауарлар мен қызметтерді сатып алу</b>		
Бас компания бақылайтын кәсіпорын	<b>2.036.093</b>	2.054.751
Мемлекеттік мекемелер	<b>14.226.577</b>	2.886.766
<b>Қаржылық активтерге есептелген сыйақы</b>		
«Альянс Банк» АҚ	–	650
Салымдар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі	–	2,03%
«БТА Банк» АҚ	–	896
Салымдар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі	–	2,35%
<b>Қарыздар бойынша есептелген сыйақы</b>		
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ мемлекеттік бақылауындағы кәсіпорындар	<b>3.318.471</b>	1.775.469
Қарыздар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі	<b>8,08%</b>	8,29%
<i>Мың теңгемен</i>	<b>2015 жыл</b>	2014 жыл
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>		
Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар		
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	<b>2.581</b>	8.093
<b>Қарыздар</b>		
Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар		
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	<b>55.398.052</b>	34.686.421
<b>Сауда және басқа дебиторлық берешек</b>		
Бас компания	<b>154.155</b>	99.895
Бас компания бақылайтын кәсіпорындар	<b>470.265</b>	586.209
Мемлекеттік мекемелер	<b>3.204.354</b>	4.419.402
<b>Кредиторлық берешек</b>		
Бас компания бақылайтын кәсіпорындар	<b>192.228</b>	442.926
Мемлекеттік мекемелер	<b>556.337</b>	468.926
<b>Басқа ұзақ мерзімді активтер</b>		
Басты басқарушы қызметкерлерге ұзақ мерзімді қарыздар	<b>41.696</b>	40.289

## ► 39. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

2015 және 2014 жылдары Топ бас компания бақылайтын кәсіпорындарға байланыс қызметтерін көрсетті, сондай-ақ осы кәсіпорындардан телекоммуникация қызметтерін ұсыну саласында оепарциялық қызметті қолдау үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алды.

2015 жылдың 31 желтоқсанында және 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдары қоса беріліп отырған пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында көрсетілген басты басқару қызметкерлеріне сыйақы берудің жалпы сомасы тиісінше, 1.039.334 мың теңге және 895.312 мың теңге құрады. Негізгі басқарушы қызметкерлерге өтемақы төлеу еңбек келісінде тіркелген жалақыдан, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша сыйақыдан тұрады.

28-ескертпеде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Үкіметі Топқа ауылдық жерлерде әмбебап қызметтерді көрсеткені үшін белгілі өтемақы береді.

21-ескертпеде көрсетілгендей, 2014 жылдың 31 желтоқсанына Топтың 1.581.164 мың теңге сомасындағы қарызы болды және ол бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілгер болды.

## ► 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарының құрамына қарыздар, жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаты мен оның баламалары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек кіреді. Топтың қаржы құралдарымен байланысты негізгі тәуекелдеріне пайыз мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, валюталық және кредиттік тәуекелдер жатады. Сондай-ақ Топ барлық қаржы құралдарымен байланысты нарық тәуекелін және өтімділік тәуекелін мониторингілеуді жүзеге асырады.

### Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеруіне орай қаржы құралы құнының ауытқуымен байланысты тәуекелді білдіреді. 2015 жылдың 31 желтоқсанына Топта өзгермелі пайыз мөлшерлемелері бар кредиттері және қарыздары болған жоқ және нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеруі тәуекеліне ұшырамайды.

### Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарындағы өзгерістер салдарынан өзгеріп отыру тәуекелі.

АҚШ долларымен, еуромен, корей вонасымен берілген елеулі кредиттер мен қарыздардың, жалдау және кредиторлық берешек бойынша міндеттемелердің, ақша қаражаты мен оның баламаларының, дебиторлық берешектің болуына байланысты, Топтың шоғырландырылған балансына мынадай айырбас бағамдарының өзгеруі айтарлықтай ықпал етуі мүмкін: АҚШ доллары/теңге және еуро/теңге.

Төмендегі кестеде салық салғанға дейінгі Топ пайдасының (монетарлық активтері мен міндеттемелері құнындағы өзгерістер есебінен) басқа айнымалылар өзгеріссіз болғанда, өзгерісін негізді түрде болжамдау мүмкін болғанда, АҚШ доллары мен еуроның теңгеге қатысты айырбас бағамдарының сезімталдығы көрсетілген. Көрсетілген факторлар Топтың капиталына әсер етпейді.

Мың теңгемен	2015 жыл		2014 жыл	
	Айырбас бағаманың ұлғаюы/ (азаяуы)	Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері	Айырбас бағаманың ұлғаюы/ (азаяуы)	Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері
АҚШ доллары	60%	1.684.581	+17%	(3.253.155)
	-20%	(561.527)	-17%	3.253.155
Евро	60%	5.372	+18%	827
	-20%	(1.791)	-18%	(827)

## ► 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – клиенттер немесе контрагенттер өз шарт міндеттемелерін орындамауы салдарынан Топтың көтеретін залал тәуекелі. Топ кредиттік тәуекелді Топ қабылдай алатын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерін сақтау мониторингі арқылы басқарады.

Топ танылған кредитке қабілетті тараптармен ғана мәмілелер жасайды. Топ саясаты кредитке сауда жүргізуді жүзеге асырғысы келетін барлық тапсырыс берушілер кредитке қабілеттігін тексеру рәсімінен өтулері тиіс дегенге келіп саяды. Сондай-ақ дебиторлық берешек қалдықтары үздіксіз қадағаланып отырады, нәтижесінде Топтың үмітсіз берешек тәуекелі елеулі болып табылмайды. Ең жоғарғы тәуекел деңгейі 12, 15, 16, 17 және 18-ескертпеде ашылған баланстық құнға тең. Топтың елеулі кредиттік тәуекел концентрациясы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламаларынан, басқа да қаржы активтерінен тұратын Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты кредиттік тәуекелге қатысты Топтың тәуекелі контрагенттің дефолты мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың баланстық құнына тең.

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың қалыпты немесе күтпеген жағдайларда төлем мерзімі келген кезде төлем бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі.

Топ ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, қаражаттың жетіспеу тәуекелін мониторингілеуді жүзеге асырады. Бұл құрал қаржы инвестицияларының және қаржылық активтердің (мысалы, дебиторлық берешек және басқа да қаржылық активтер) өтелу мерзімін, сондай-ақ операциялық қызметтің болжамды ақша ағынын ескереді.

Топтың міндеті – банк кредиттерін және қаржылық жалдау шарттарын пайдалану есебінен үздіксіз қаржыландыру мен қолайлылық арасындағы балансты тепе-теңдікте ұстап тұру. Топтың саясатына сәйкес келесі 12 ай ішінде 30%-дан аспайтын кредиттер мен қарыздар өтелуі тиіс. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қарыз қаражатының баланстық құнын негізге ала отырып, Топтың қарыз қаражатының шамамен 22% бір жыл ішінде өтелуге жатады (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 17%).

Төмендегі кестеде міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлігінде Топтың қаржылық міндеттемелерінің шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы жалпылама ақпарат берілген:

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	Барлығы
<b>2015 жылдың 31 желтоқсанына</b>						
Қарыздар	–	1.344.895	4.494.836	35.458.206	–	41.297.937
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	–	1.538.431	4.041.158	4.847.737	–	10.427.326
Сауда кредиторлық берешек	9.067.081	1.177.818	1.648.570	–	–	11.893.469
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	–	–	511.689	5.761.280	7.201.600	13.474.569
Басқа қаржылық міндеттемелер	–	6.643.512	–	771.119	–	7.414.631
	9.067.081	10.704.656	10.696.253	46.838.342	7.201.600	84.507.932
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына</b>						
Қарыздар	–	4.709.591	5.403.144	54.833.966	17.348.710	82.295.411
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	–	2.672.552	6.649.778	12.192.561	–	21.514.891
Сауда кредиторлық берешек	16.315.811	2.119.432	2.966.530	–	–	21.401.773
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	–	–	742.288	4.892.044	6.115.055	11.749.387
Басқа қаржылық міндеттемелер	–	6.510.018	–	4.759.461	–	11.269.479
	16.315.811	16.011.593	15.761.740	76.678.032	23.463.765	148.230.941



## ► 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

### Ақша ағындарының қозғалысымен байланысты тәуекелдер

Ақша қаражатының қозғалысымен байланысты тәуекел монетарлық қаржы құралына байланысты болашақтағы ақша ағындары құнының өзгеру тәуекелін білдіреді.

Ақша ағындарына қажеттілік мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады және басшылық туындауына орай кез келген міндеттемелерді орындауға қажетті қаражаттың болуын қамтамасыз етеді. Топ басшылығы ақшалай қаржы құралымен байланысты болашақтағы ақша ағындарының ешқандай ықтимал ауытқулары Топтың қызметіне айтарлықтай ықпал етпейді деп есептейді.

### Капиталды басқару

Қызметті қолдау және акционерлік құнды барынша көбейту мақсатында жоғары кредит рейтингі мен жеткілікті капиталдың тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету Топ капиталын басқарудың негізгі мақсаты болып табылады.

Топ өз капиталының құрылымын басқарады және оған экономикалық жағдайдың өзгеруіне орай түзету енгізеді. Капитал құрылымын қолдау немесе оған түзету енгізу үшін Топ жай акциялар иегерлерінің дивидендік төлемдер көлемін қайта қарауы, акционерлерге капиталдарды қайтаруы немесе жаңа акциялар шығаруы мүмкін. 2015 және 2014 жылдары Топ капиталды басқару мақсатына, саясатына немесе үдерістеріне өзгерістер енгізген жоқ.

Топ таза берешектің жалпы капиталға арақатынасын білдіретін берешек коэффициентін пайдалана отырып, капитал мониторингін жүзеге асырады. Топтың саясаты бұл коэффициентті 1,0 шегінде ұстап тұруды көздейді. Топ пайыздық кредиттер және қарыздарды, сауда кредиторлық берешек пен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді таза берешек құрамына қосады. Капитал Топтың акционерлеріне келетін капиталдан тұрады.

Төмендегі кестеде кезеңнің аяғына Топтың берешек коэффициенті берілген:

Мың теңгемен	2015 жылғы 31 желтоқсан	2014 жылғы 31 желтоқсан
Пайыздық кредиттер мен қарыздар	31.438.314	62.188.975
Сауда кредиторлық берешек	11.893.469	21.401.773
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	9.143.183	18.149.319
<b>Таза берешек</b>	<b>52.474.966</b>	101.740.067
<b>Капитал</b>	<b>292.421.442</b>	270.309.348
<b>Берешек коэффициенті</b>	<b>0,18</b>	0,38

### Әділ құн

Әділ құнын анықтау мақсатында Топ жоғарыда көрсетілгендей, активтер немесе міндеттемелердің сипаттамалары мен тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелердің санаттарын және әділ құн иерархиясы деңгейлерін анықтады.

Төмендегі кестеде Топ активтері мен міндеттемелері әділ құнының баға көздері иерархиясы берілген. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы құралдары әділ құнының баға көздері иерархиясы туралы сандық ақпараттың ашылып жазылуы:

Мың теңгемен	Бағалау күні	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			Барлығы
		Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
<b>Әділ құны ашылатын активтер</b>					
Ақша қаражаты мен оның баламалары	31/12/2015 ж.	11.276.891	–	–	11.276.891
Басқа ұзақ мерзімді қаржылық активтер	31/12/2015 ж.	–	–	9.990.795	9.990.795
Басқа қаржылық активтер	31/12/2015 ж.	–	–	33.949.795	33.949.795
Сауда дебиторлық берешек	31/12/2015 ж.	–	–	16.385.102	16.385.102

## ► 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

### Әділ құн (жалғасы)

Мың теңгемен	Бағалау күні	Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы			Барлығы
		Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей)	Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)	
<b>Әділ құны ашылатын міндеттемелер</b>					
Қарыздар	31/12/2015 ж.	–	–	<b>32.495.536</b>	<b>32.495.536</b>
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	31/12/2015 ж.	–	–	<b>9.143.183</b>	<b>9.143.183</b>
Сауда кредиторлық берешек	31/12/2015 ж.	–	–	<b>11.893.469</b>	<b>11.893.469</b>
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	31/12/2015 ж.	–	–	<b>7.786.044</b>	<b>7.786.044</b>

Төменде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған қаржы есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмейтін, Топтың қаржы активтері мен міндеттемелерінің санаттары бойынша баланстық құн мен әділ құнның салыстырмасы берілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құн мәндері көрсетілмеген.

Мың теңгемен	Баланстық құн 2015 жыл	Әділ құн 2015 жыл	Танылмаған шығыс 2015 жыл	Баланстық құн 2014 жыл	Әділ құн 2014 жыл	Танылмаған кіріс 2014 жыл
<b>Қаржылық активтер</b>						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	<b>11.276.891</b>	<b>11.276.891</b>	–	8.729.297	8.729.297	–
Басқа ұзақ мерзімді қаржылық активтер	<b>10.557.028</b>	<b>9.990.795</b>	<b>(566.233)</b>	11.884.667	11.884.667	–
Басқа қаржылық активтер	<b>33.949.795</b>	<b>33.949.795</b>	–	21.362.797	21.362.797	–
Сауда дебиторлық берешек	<b>16.385.102</b>	<b>16.385.102</b>	–	20.764.872	20.764.872	–
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>						
Қарыздар	<b>31.438.314</b>	<b>32.495.536</b>	<b>(1.057.222)</b>	62.188.975	57.893.510	4.295.465
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	<b>9.143.183</b>	<b>9.143.183</b>	–	18.149.319	18.149.319	–
Сауда кредиторлық берешек	<b>11.893.469</b>	<b>11.893.469</b>	–	21.401.773	21.401.773	–
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	<b>7.786.044</b>	<b>7.786.044</b>	–	5.797.354	5.797.354	–
<b>Өткізілмеген әділ құндағы барлық танылмаған өзгеріс</b>			<b>(1.623.455)</b>			4.295.465

### Бағалау әдістемелері және жорамалдар

Төменде осы қаржы есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жорамалдар сипатталған.

#### Әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең активтер

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өтімді немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) болған жағдайда олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл жорамал талап етілетін салымдарға және өтеу мерзімі белгіленбеген жинақтаушы шоттарға қолданылуы мүмкін.

#### Амортизацияланатын құн бойынша есептелетін қаржы міндеттемелері

Алынған қарыздардың әділ құны шарттары, кредит тәуекелі мен өтеу мерзімі ұқсас берешек бойынша қазіргі уақытта қолданыстағы мөлшерлемелер пайдаланыла отырып, алдағы ақшалай қаражат ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

## ► 41. ШАРТ ЖӘНЕ ТАЛАП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

### Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

Топ құрылыс жобаларын орындауға және телекоммуникация жабдығын сатып алуға шарттар жасасады. 2015 жылғы 31 желтоқсанға Топтың көбінесе телекоммуникация жабдығын сатып алу мен және телекоммуникация желісін салу мен байланысты жалпы сомасы 9.144.742 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсанға: 46.635.714 мың теңге) шарт міндеттемелері болды.

## ► 41. ШАРТ ЖӘНЕ ТАЛАП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ (жалғасы)

### Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер – Топ жалгер ретінде

Топ Қазақстанның түрлі облыстарында офистік ғимараттар мен үй-жайларды жалдауға мүліктік шарттар жасады. Офистік ғимараттар мен үй-жайларды жалдау шарттарында орта есеппен 1 жылға жалдау шарттары бар. Сервистік орталықтар мен жабдық орналастыруға арналған үй-жайды жалдаудың бірқатар шарттары 5 жылға жасалған және ұзарту туралы шарты бар. Бұл шарттарды жасау Топқа ешқандай шектеу қоймайды.

Операциялық жалдаудың бұзылмайтын шарттары бойынша төлеуге жататын болашақтағы ең аз жалгерлік төлемдер мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	2015 жыл	2014 жыл
Бір жыл ішінде	118.205	2.304.700
Бір жылдан аса, бірақ 5 жылдан артық емес	–	360.698
	<b>118.205</b>	<b>2.665.398</b>

### Лицензиялық міндеттемелер

Сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге арналған бірқатар лицензиялардың талаптарына сәйкес Топтың өз желісін қамту аймағына қатысты белгілі бір міндеттемелері бар. Топ Қазақстан Республикасының негізгі магистральдар бойымен өтетін аудандарды, шағын қалалар мен қалалық типтегі кенттерді қамти отырып, ұтқыр желінің қамту аймағын кеңейтуге міндетті. Топ басшылығы Топ лицензия талаптарын сақтайды деп есептейді.

### Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырайды және түрлі түсіндірулерге жол береді. Мұнымен бірге, басшылық Халықаралық электр байланысы одағына кіретін бейрезиденттермен Топ жұмыс істейтін және белгілі салықтық босатуды беретін халықаралық шарттар ұлттық салық заңнамасы алдында басымдылыққа ие деп есептейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір қайшылығы жиі кездесетін жағдай. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзудың айыппұлмен мен өсімақысының қолданыстағы тәртібі қаталдықпен ерекшеленді. Айыппұл мөлшері есептелген салық сомасының 50% құрайды, ал өсімақы Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген, 2,5-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде есептелінеді. Осының нәтижесінде айыппұл мен өсімақының сомасы есептелген салық сомасынан бірнеше рет жоғары болуы мүмкін. Салық тексерулері тікелей тексеру жылы алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамти алады. Қазақстандық салық жүйесімен байланысты екіұштылықтың себебінен есептелген салықтың, өсімақы мен айыппұлдың (егер мұндай болса) қорытынды сомасы осы күннің шығыстарына жатқызылған және 2015 жылдың 31 желтоқсанына есептелген шығыстардан асып кетуі мүмкін. Басшылықтың пікірінше, 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелері дұрыс талданып берілген және салық заңнамасымен байланысты Топтың жағдайын сақтап қалу ықтималдығы жоғары болып табылады.

## ► 42. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» ҚР Заңына түзетулер күшіне енді, олар абоненттерге өз нөмірін сақтай отырып, ұялы байланыс операторын өзі таңдау мүмкіндігін береді. Операторды өзгерту үшін абонент басқа оператормен шарт жасап, тарифтік жоспарын таңдайды және жаңа SIM карта алады. Қабылдаушы оператор бұрынғы операторға сұрау салып, 5 сағат ішінде абоненттің нөмірі басқа оператордың желісіне ауыстырылады. MNP қызметі абоненттер үшін тегін.

2016 жылдың қаңтар айында Топ 235.326 мың теңгеге «Нұрсат» АҚ-ға қатысу үлесінің 20% сатып алды.

2016 жылғы 25 ақпан, Топ «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ алынған 3.877.393 мың теңге сомасындағы қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

2016 жылғы 25 ақпан, 2023 жылғы 25 ақпанға дейінгі мерзімге 14.000.000 млн теңгеге дейінгі кредиттік лимитпен «Қазкоммерцбанк» АҚ-дағы кредиттік лимит бойынша «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС пайдасына кепілдік берді.

2016 жылғы 25 ақпан, «АЛТЕЛ» АҚ-ның «Қазақстан Даму Банкі» АҚ кредиттік желісі бойынша 26.991.220 мың теңге қарызы Компанияға аударылды.

2016 жылғы 25 ақпан, Бас компания 26.991.220 мың теңге көлеміндегі кредиттік желісі бойынша Компанияның міндеттемелері бойынша кепілгер ретінде «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-мен кепілдік шартын жасады.

2016 жылғы 25 ақпан, «Сбербанк России» АҚ кредиттік желісі бойынша 3.000.000 мың теңге болатын «АЛТЕЛ» АҚ қарызы Компанияға аударылды.